



Түркия Діни Істер Басқармасы Баспалары: 1137
Мамандандырылған кітаптар: 87

Бас үйлестіруші

Проф. Док. Мехмет Эмин Өзафшар

Бас редактор

Док. Юксел Салман

Үйлестіруші

Йылдырай Каплан

Дизайн - Графика

Эмре Йылдыз

Угур Алтунтоп

Редактор

Айда Улусой

Баспа

Гёкче Офсет

+90 312 395 93 39

АНКАРА • 2015

2015-06-Y-0003-1137

ISBN: 978-975-19-6384-0

Сертификат № 12930

Діни Істер Жоғары Кеңес Шешімі: 06.09.1990/82

© Діни Істер Басқармасы

Діни баспалар бас штабы

Шетел тілі және Диалектілерде Баспалар департаменті

Тел: (0.312) 295 72 72 81

Факс: (0.312) 284 72 88

Эл-пошта: yabancidiller@diyanet.gov.tr

Тарату және Сату бөлімі

Коммерциялық Шаралар Басшылығы

Тел: (0.312) 295 71 53 - 295 71 56

Факс: (0.312) 285 18 54

Эл-пошта: dosim@diyanet.gov.tr

НЕГІЗГІ ДІНИ МАҒЛУМАТТАР

(сенім, ғибадат, ахлақ, сиәр)

Сейфеддин Языжы

Түркия Діни Істер Басқармасы Баспалары
Діни Істер Жоғары Кеңесінің Зейнеткер мүшесі

Аударғандар
Кеңшілік Тышхан
Балғабек Мырзаев
Саясат Көкенай



Түркия Діни Істер Басқармасы Баспалары

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	15
---------------	----

СЕНІМ

БӨЛІМ І - ИСЛАМ ДІНІ және ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ДІН ДЕГЕН НЕ?.....	19
ДІНДЕР АРАСЫНДА ИСЛАМНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	19
ИСЛАМ ДІНІНІҢ МАҚСАТЫ	20
ИСЛАМ ДІНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	20
ИСЛАМ ДІНІНІҢ ӘЛЕМДІК ДІН РЕТИНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	21
СҰРАҚТАР	23

БӨЛІМ ІІ - ИМАН

КӘЛИМА-И ТӘУХИД	25
КӘЛИМА-И ШӘҺАДАТ	25
ИМАН НЕГІЗДЕРІ.....	25
СЕНІМ ТҰРҒЫСЫНАН АДАМДАР.....	27
ИМАННЫҢ АДАМҒА БЕРЕТІН БАҚЫТЫ	28
ИМАН МЕН ҒИБАДАТ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС	28
ИМАННЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ МЕН ҚАБЫЛ БОЛУЫНЫҢ ШАРТТАРЫ	29
СҰРАҚТАР:	30

БӨЛІМ ІІІ - АЛЛАҒА ИМАН

АЛЛАНЫҢ БАР ЖӘНЕ БІР БОЛУЫ	31
АЛЛАНЫҢ СИПАТТАРЫ.....	31
АЛЛАҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК	33
СҰРАҚТАР:	35

БӨЛІМ ІV - ПЕРІШТЕЛЕРГЕ ИМАН

ПЕРІШТЕЛЕРДІҢ БОЛМЫСЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	37
ҮЛКЕН ПЕРІШТЕЛЕРДІҢ ЕСІМДЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	38
ПЕРІШТЕЛЕРГЕ СЕНУДІҢ ПАЙДАЛАРЫ.....	39
СҰРАҚТАР:	40

БӨЛІМ V - КІТАПТАРҒА ИМАН

УАХИ.....	41
УАХИДЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	41
АЛЛАДАН ТҮСКЕН КІТАПТАР МЕН ПАРАҚТАР	42
ҚҰРАН КӘРІМНІҢ ТҮСҮІ.....	43

ҚҰРАН КӨРІМНІҢ ЖАЗЫЛУЫ ЖӘНЕ КІТАП (МҰСХАФ) КҮЙІНЕ КЕЛУІ.....	44
ҚҰРАН КӨРІМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	45
ҚҰРАН КӨРІМ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТІМІЗ	46
ҚҰРАН ОҚУДЫҢ ИГІЛІГІ ЖАЙЫНДА ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ҚАСИЕТТІ СӨЗДЕРІ	46
СҰРАҚТАР	47

БӨЛІМ VI - ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ИМАН

ПАЙҒАМБАРЛЫҚ ЖӘНЕ ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ҚАЖЕТТІЛІК	49
ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ.....	49
ҚҰРАН КӨРІМДЕ АТЫ АТАЛҒАН ПАЙҒАМБАРЛАР	50
ПАЙҒАМБАРЛАР ЖЕТКІЗГЕН ДІНДЕРДЕГІ ОРТАҚ НЕГІЗДЕР	51
МҰҒЖИЗА ЖӘНЕ КЕРЕМЕТ ДЕГЕН НЕ?	51
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ МҰҒЖИЗАЛАРЫ	52
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	53
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ ЖАЙЫНДА АЙТЫЛҒАН СӨЗДЕР.....	54
СҰРАҚТАР	55

БӨЛІМ VII - АҚЫРЕТ КҮНІНЕ ИМАН

АҚЫРЕТ КҮНІНЕ ИМАН ДЕГЕН НЕ?	57
АҚЫРЕТКЕ ИМАННЫҢ ПАЙДАЛАРЫ	58
ӨЛІМ.....	59
ҚАБІР	60
ҚИЯМЕТ	61
СЫЙ, ЖАЗА, ЖӘННАТ және ЖӘННАМ	61
СҰРАҚТАР	63

БӨЛІМ VIII - ТАҒДЫР МЕН ҚАЗАҒА ИМАН

ТАҒДЫР МЕН ҚАЗА ДЕГЕН НЕ?	65
АДАМНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	66
ТАҒДЫР (ҚАДАР) МЕН ҚАЗАҒА СЕНУДІҢ ПАЙДАЛАРЫ	66
РЫЗЫҚ.....	67
АЖАЛ	67
ТӘУЕКЕЛ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ЕТУ	68
ИСЛАМ ДІНІНДЕ ЕҢБЕК ЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ	69
АҒАШ ОТЫРҒЫЗАЙЫҚ	72
СҰРАҚТАР	74

ҒИБАДАТ

БӨЛІМ I - ҒИБАДАТ

ҒИБАДАТ ДЕГЕН НЕ?.....	77
------------------------	----

НЕ ҮШІН ҒИБАДАТ ЕТЕМІЗ?	77
ҒИБАДАТТЫҢ ТҮРЛЕРІ	78
ҒИБАДАТТЫҢ ДӘРЕЖЕЛЕРІ	78
ҒИБАДАТТЫҢ ПАЙДАЛАРЫ	79
СҰРАҚТАР	79

БӨЛІМ II - ИСЛАМ

ИСЛАМ ДЕГЕН НЕ?	81
ИСЛАМНЫҢ ШАРТТАРЫ	81
МҮКӘЛЛӘФ ДЕГЕН КІМ?	82
МҮКӘЛЛӘФҚА БАЙЛАНЫСТЫ ҮКІМДЕР	82
СҰРАҚТАР	84

БӨЛІМ III - ТАЗАЛЫҚ

ТАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ ТАЗАЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ	87
ТАЗАЛЫҚ ТҮРҒЫСЫНАН СУЛАР	88
ДӘРЕТ АЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ	89
ДӘРЕТТИҢ ПАРЫЗДАРЫ	90
ДӘРЕТТИҢ СҮННЕТТЕРІ	90
ДӘРЕТТИҢ ӘДЕПТЕРІ	91
ДӘРЕТ ҚАЛАЙ АЛЫНАДЫ?	91
ДӘРЕТТИҢ МӘКРҮҢТЕРІ	92
ДӘРЕТТИ БҰЗАТЫН ЖАЙТТАР:	92
ДӘРЕТСІЗ ОРЫНДАУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАЙТТАР:	93
МӘСІНІҢ ҮСТІНЕН МӘСІХ ТАРТУ	93
ЖАРАҚАТ ОРАУЫНЫҢ ҮСТІНЕН МӘСІХ ТАРТУ	94
ҒҰСЫЛ	95
ҒҰСЫЛДЫҢ ПАРЫЗДАРЫ	95
ҒҰСЫЛДЫҢ СҮННЕТТЕРІ	96
ҒҰСЫЛ ҚАЛАЙ АЛЫНАДЫ?	96
ҮЗІРЛІ КІСІЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ	97
ӘЙЕЛ АДАМДАРҒА ТӘН ЖАҒДАЙЛАР	97
ТӘЙӘММҮМ	99
ТӘЙӘММҮМНІҢ ПАРЫЗДАРЫ	99
ТӘЙӘММҮМНІҢ СҮННЕТТЕРІ	99
ТӘЙӘММҮМ ҚАЛАЙ АЛЫНАДЫ?	100
ТӘЙӘММҮМДІ БҰЗАТЫН НӘРСЕЛЕР	100
ТӘЙӘММҮМ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА АЛЫНАДЫ	100
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ТАЗА ҰСТАУ (мәтін):	100
СҰРАҚТАР	102

БӨЛІМ IV - НАМАЗ

НАМАЗДЫҢ МАҢЫЗЫ	103
НАМАЗ КІМДЕРГЕ ПАРЫЗ?	104

НАМАЗ УАҚЫТТАРЫ.....	104
НАМАЗ ОҚЫЛМАЙТЫН УАҚЫТТАР.....	105
НАМАЗДЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	106
А) ПАРЫЗ НАМАЗДАР:.....	106
Ә) УӘЖІП НАМАЗДАР.....	107
Б) НӘПІЛ НАМАЗДАР.....	107
НАМАЗДЫҢ ПАРЫЗДАРЫ.....	108
НАМАЗДЫҢ УӘЖІПТЕРІ.....	109
НАМАЗДЫҢ СҮННЕТТЕРІ.....	110
АЗАН.....	111
ҚАМАТ.....	111
НАМАЗДЫ БҰЗАТЫН ЖАЙТТАР.....	113
НАМАЗДЫҢ МӘКРҮҢТЕРІ.....	114
БЕС УАҚЫТ НАМАЗДЫҢ ОҚЫЛУЫ.....	115
ТАҢ НАМАЗЫ.....	115
БЕСІН НАМАЗЫ.....	119
ЕКІНТІ НАМАЗЫ.....	124
АҚШАМ НАМАЗЫ.....	127
ҚҰПТАН НАМАЗЫ.....	129
НАМАЗДАН КЕЙІН НЕЛЕР ОҚЫЛАДЫ?.....	131
СҰРАҚТАР.....	134

БӨЛІМ V - НАМАЗ (II)

СӘҺУ СӘЖДЕСІ.....	137
МЕШІТ ЖӘНЕ ЖАМАҒАТ ӘДЕБІ.....	139
НАМАЗДЫҢ ЖАМАҒАТПЕН ОҚЫЛУЫ.....	141
ЖҰМА КҮНІ ЖӘНЕ ЖҰМА НАМАЗЫ.....	143
ЖҰМА НАМАЗЫ КІМДЕРГЕ ПАРЫЗ?.....	143
ЖҰМА НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ.....	144
АЙТ НАМАЗДАРЫ.....	145
АЙТ НАМАЗДАРЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ.....	145
ТӘШРИҚ ТӘКБІРЛЕРІ.....	147
ТАРАУИХ НАМАЗЫ.....	147
ОТЫРЫП ЖӘНЕ ИШАРАМЕН НАМАЗ ОҚУ.....	150
ЖОЛАУШЫ НАМАЗЫ.....	150
УАҚЫТЫ ӨТІП КЕТКЕН НАМАЗДАРДЫҢ ҚАЗАСЫ.....	151
ТИЛӘУӘТ СӘЖДЕСІ.....	152
ЖАНАЗА НАМАЗЫ.....	153
ЖАНАЗА НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ.....	154
СҰРАҚТАР.....	157

БӨЛІМ VI - ОРАЗА

ОРАЗАНЫҢ МАҢЫЗЫ.....	159
ОРАЗАНЫҢ ПАЙДАЛАРЫ.....	160
ОРАЗА КІМДЕРГЕ ПАРЫЗ?.....	161

СӘРЕСІ МЕН АУЫЗАШАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ	162
ОРАЗАҒА ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ НИЕТ ЕТІЛЕДІ?	163
ОРАЗА ТҮРЛЕРІ	164
РАМАЗАН ОРАЗАСЫН БАСҚА УАҚЫТТА ҰСТАУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙЛАР	164
ФИДИЯ	165
РАМАЗАНДА СЕБЕПСІЗ ОРАЗА ҰСТАМАУДЫҢ ҮКІМІ	165
БҰЗЫЛҒАН ОРАЗАНЫҢ ӘРІ ҚАЗАСЫН, ӘРІ КӘФФАРАТЫН ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖАҒДАЙЛАР	166
ОРАЗАНЫ БҰЗЫП, ТЕК ҚАНА ҚАЗАСЫН ӨТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖАҒДАЙЛАР	166
ОРАЗАНЫ БҰЗБАЙТЫН ЖАЙТТАР:	167
ОРАЗАНЫ ҰСТАҒАН АДАМҒА МӘКРҮҢ ЖАҒДАЙЛАР	167
ОРАЗА ҰСТАҒАН АДАМҒА МӘКРҮҢ ЕМЕС ЖАҒДАЙЛАР	168
СҰРАҚТАР	168

БӨЛІМ VII - ЗЕКЕТ

ЗЕКЕТТІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ПАЙДАЛАРЫ	169
ЗЕКЕТТІ КІМДЕР БЕРЕДІ?	170
НИСАБ	170
ЗЕКЕТ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?	171
ЗЕКЕТ КІМДЕРГЕ БЕРІЛМЕЙДІ?	171
ЗЕКЕТІ БЕРІЛМЕЙТІН ДҮНИЕЛЕР	172
ЗЕКЕТ БЕРІЛУІ ҚАЖЕТ ДҮНИЕЛЕР МЕН ЗЕКЕТ МӨЛШЕРІ	172
ПІТПІР САДАҚАСЫ	173
СҰРАҚТАР	174

БӨЛІМ VIII - ҚАЖЫЛЫҚ

ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАРЫ	175
ҚАЖЫЛЫҚ КІМДЕРГЕ ЖӘНЕ ҚАШАН ПАРЫЗ?	176
ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ПАРЫЗДАРЫ	177
ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ	177
ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ОРЫНДАЛУЫ	178
ҰМРА	180
СҰРАҚТАР	181

БӨЛІМ IX - ҚҰРБАН

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ	183
КІМДЕР ҚҰРБАН ШАЛАДЫ?	183
ҚҰРБАНДЫҚ ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ШАЛЫНАДЫ?	184
ҚҰРБАНДЫҚ МАЛДЫҢ ЕТІ МЕН ТЕРІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР	184
ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАЙТЫН ЖӘНЕ ЖАРАМАЙТЫН МАЛДАР	185
ЕТТЕРІ ЖЕЛПНЕТІН ЖАНУАРЛАР	186
ЕТТЕРІ ЖЕЛПНБЕЙТІН ЖАНУАРЛАР	186

НӘЗІР ҚҰРБАНЫ.....	186
АНТТЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҮКІМІ.....	187
СҰРАҚТАР	188

БӨЛІМ X - МУБАРАК КҮНДЕР МЕН ТҮНДЕР

ЖҰМА КҮНІ.....	189
АЙТ КҮНДЕРІ	189
МӘУЛІТ ТҮНІ.....	190
РӘҒАЙЫП ТҮНІ	191
МИҒРАЖ ТҮНІ.....	192
БӘРААТ ТҮНІ	192
ҚАДІР ТҮНІ.....	192
СҰРАҚТАР	193

АХЛАҚ

БӨЛІМ I - ИСЛАМ және АХЛАҚ (Әдеп)

АХЛАҚ ДЕГЕН НЕ?.....	197
ИСЛАМДАҒЫ АХЛАҚ	198
ІЗГІ АХЛАҚ ИЕСІ БОЛУДА ИМАН МЕН ҒИБАДАТТЫҢ РӨЛІ	198
ЕҢ ТАМАША АХЛАҚ ҮЛГІСІ – ХАЗІРЕТ МҰХАММЕД (С.А.У.)	199
ЖЕКЕ АДАМДАР ҮШІН АХЛАҚТЫҢ МАҢЫЗЫ	200
КӘСІП және АХЛАҚ.....	200
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӨЗГЕРЕ МЕ?	201
ИСЛАМНЫҢ АҚЫЛ МЕН БІЛІМГЕ МӨН БЕРУІ.....	202
СҰРАҚТАР	203

БӨЛІМ II - АХЛАҚИ МІНДЕТТЕРІМІЗ

АХЛАҚИ МІНДЕТТЕРІМІЗ.....	205
ТАМАҚТАНУ КЕЗІНДЕГІ АХЛАҚ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	210
ТІЛДІҢ ТӘРБИЕЛЕНІП, ТҮЗЕТІЛУІ	211
ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІМІЗДІҢ ТӘРБИЕСІ.....	212
СҰРАҚТАР	214

БӨЛІМ III - ОТБАСЫ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ

ИСЛАМДА ОТБАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	215
ЖАНҰЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨЗАРА МІНДЕТТЕРІ.....	216
СҰРАҚТАР	222

БӨЛІМ IV - ОТАН мен ҰЛТ АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫМЫЗ

ОТАН мен ҰЛТҚА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК	223
ДІНІМІЗДІҢ БЕРЕКЕ-БІРЛІККЕ БЕРГЕН МАҢЫЗЫ.....	224
ДІНІМІЗДЕГІ БАУЫРЛАСТЫҚ.....	224

ДІНІМІЗДЕГІ СЫЙЛАСТЫҚ	225
ҰЛТТЫҚ БІРЛІГІМІЗДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МІНДЕТІМІЗ	226
КӨК ТУЫМЫЗ	227
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨН-ҰРАНЫ	228
МЕМЛЕКЕТ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТІМІЗ	229
СҰРАҚТАР	231

БӨЛІМ V - ЖАЛПЫ АДАМЗАТ АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫМЫЗ

АДАМДАР АЛДЫНДАҒЫ АХЛАҚИ МІНДЕТТЕРІМІЗ	233
ЖАН – ЖАНУАРЛАР АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ	236
ИСЛАМҒА САЙ ӨМІР СҮРЕТІН МҰСЫЛМАННЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	238
ИСЛАМ ДІНІНДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН НӘРСЕЛЕР	239
СҰРАҚТАР	244

СИӨР

БӨЛІМ I - ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ және БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ АРАБСТАННЫҢ ЖАҒДАЙЫ	247
ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ТЕГІ (ШЕЖІРЕСІ)	247
ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ	248
ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ	248
СҰРАҚТАР:	251

БӨЛІМ II - ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ЖАСТЫҚ ШАҒЫ мен ҮЙЛЕНУІ

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) САПАРЛАРЫ	253
ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) САУДАМЕН АЙНАЛЫСУЫ	253
ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ХАДИШАМЕН ҮЙЛЕНУІ және БАЛАЛАРЫ	254
ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ҚАҒБАНЫҢ ЖӨНДЕЛУІ КЕЗІНДЕ ТӨРЕЛІК ЖАСАУЫ	254
СҰРАҚТАР	255

БӨЛІМ III - ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ПАЙҒАМБАР БОЛУЫ және ЖАСЫРЫН (ДІНГЕ) ШАҚЫРУ

АЛҒАШҚЫ УАХИДЫҢ КЕЛУІ (М. 610 ЖЫЛ)	257
АРАЛЫҚ УАҚЫТ	258
ИСЛАМҒА ШАҚЫРУДЫҢ БАСТАЛУЫ	259
АЛҒАШҚЫ МҰСЫЛМАНДАР	259
ХАБӘШІСТАНҒА ЖАСАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ХИЖРЕТ (КӨШ)	259
ХАБӘШІСТАН ПАТШАСЫ НӘЖАШИДІҢ МҰСЫЛМАНДАРҒА ЖАСАҒАН ҚАМҚОРЛЫҒЫ	260
СҰРАҚТАР	260

БӨЛІМ IV - ИСЛАМҒА АШЫҚ ШАҚЫРУ

ИСЛАМҒА ШАҚЫРУДЫҢ АШЫҚ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУІ.....	261
МҮШРІКТЕРДІҢ МҰСЫЛМАНДАРҒА КӨРСЕТКЕН ҚЫСЫМЫ.....	262
ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДКЕ (с.а.у.) ЕҢ КӨП ДҰШПАНДЫҚ ЖАСАҒАҢДАР	263
ҚҰРАЙЫШТЫҢ ИСЛАМҒА ДҰШПАН БОЛУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ.....	264
МҮШРІКТЕРДІҢ ӘБУ ТАЛИБКЕ ШАҒЫМДАНУЫ.....	265
ХАЗІРЕТ ХАМЗАНЫҢ МҰСЫЛМАН БОЛУЫ	265
ХАЗІРЕТ ОМАРДЫҢ МҰСЫЛМАН БОЛУЫ	266
СҰРАҚТАР	267

БӨЛІМ V - БОЙКОТ және ҚАЙҒЫЛЫ ЖЫЛДАР

МҮШРІКТЕРДІҢ МҰСЫЛМАНДАРМЕН АРАЛАСТЫҚҚА ТЫЙЫМ САЛУЫ.....	269
ӘБУ ТАЛИБ ПЕН ХАЗІРЕТ ХАДИШАНЫҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫ.....	270
ТАЙФ САПАРЫ.....	270
АҚАБА АНТТАРЫ.....	271
МИҒРАЖ МҰҒЖИЗАСЫ.....	272
НАМАЗ – МИҒРАЖ СЫЙЫ.....	273
СҰРАҚТАР	273

БӨЛІМ VI - ХИЖРЕТ және МӘДИНАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАР

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ МЕККЕДЕН МӘДИНАҒА ХИЖРЕТІ (М.622Ж.).....	275
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ МӘДИНАҒА ЖЕТУІ.....	277
МӘСЖИД-И НӘБӘУИДІҢ САЛЫНУЫ.....	277
АНСАР МЕН МҰҢАЖИРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ БАУЫРЛАСТЫҚ.....	277
ПАЙҒАМБАР МЕКТЕБІ ЖӘНЕ АСХАБ-Ы СУФФА.....	278
СҰРАҚТАР	279

БӨЛІМ VII - ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ (с.а.у.) СОҒЫСТАРЫ

БӘДІР СОҒЫСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ.....	281
БӘДІР СОҒЫСЫ және НӘТИЖЕСІ (h .2-М.624)	282
ҰХҰД СОҒЫСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ	283
ҰХҰД СОҒЫСЫ және НӘТИЖЕСІ (h.3-М.625)	283
ҰХҰД СОҒЫСЫНАН АЛЫНАТЫН САБАҚ	285
ХӘНДӘК СОҒЫСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ.....	285
ХӘНДӘК СОҒЫСЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕСІ (h.5 – М. 626)	286
ХҰДАЙБИЯ КЕЛІССӨЗІ (h.6-М.628)	287
ХҰДАЙБИЯ КЕЛІССӨЗІНІҢ НӘТИЖЕСІ	287
КӨРШІЛЕС ЕЛДЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫНА ЖОЛДАНҒАН ИСЛАМҒА ШАҚЫРУ ХАТТАРЫ.....	288
ХАЙБАРДЫҢ АЛЫНУЫ (h.6-М.628).....	289
ҚАҒБА ЗИЯРАТЫ (Қаза ұмрасы) (h.7-М.629).....	290
СҰРАҚТАР	290

БӨЛІМ VIII - ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ СОҒЫСТАРЫ (II)

МЕККЕНІҢ АЗАТ ЕТІЛУІ (h.8-М.630)	291
ХУНӘЙН СОҒЫСЫ (h.8-М.630)	292
ӘУТАС СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ТАЙФТЫҢ ҚОРШАУҒА АЛЫНУЫ (h. 8-М.630).....	293
ТӘБҮК САПАРЫ (h. 9-М.630).....	294
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ СОҒЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	295
ХАЗІРЕТ ӘБУ БӘКІРДІҢ ҚАЖЫЛЫҚҚА БАС БОЛУЫ (h.9 – М.631)	296
ҚОШТАСУ ҚАЖЫЛЫҒЫ (h.10 – М. 632).....	296
ҚОШТАСУ ҚҰТПАСЫ.....	297
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ НАУҚАСТАНУЫ және ҚАЙТЫС	
БОЛУЫ (h.10 – М.632)	299
ҚАЙТЫС БОЛҒАННАН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР	300
БАЛАЛАРЫ	301
АШАРА–И МҮБӘШШАРА	302
САХАБАЛАРЫ	302
ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) АДАМЗАТҚА ӨНЕГЕ	
БОЛҒАН ЖОҒАРЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ	303
СҰРАҚТАР	305
ДӘРЕТ АЛҒАНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР	307
НАМАЗДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР	309
НАМАЗДА ОҚЫЛАТЫН КЕЙБІР СҮРЕЛЕР.....	313
ДӘРЕТ АЛУДЫҢ СУРЕТТЕРМЕН БЕРІЛУІ.....	319
НАМАЗДЫҢ ОҚЫЛУ ТӘРТІБІНІҢ СУРЕТТЕРМЕН БЕРІЛУІ	324
ДҰҒА	334

АЛҒЫ СӨЗ

Діни тақырыптарда дұрыс әрі жеткілікті мәліметтерді үйрену – әр мұсылманның басты міндеті.

Адам баласының Алла алдындағы алғашқы міндеті – иман ету, одан кейінгісі ғибадаттарды орындау.

Ғибадатпен құнарланған сенім ағашының жемісі – көркем ахлақ (адамгершілік, көркем мінез-құлық). Кәміл мұсылман – ғибадатын орындап, басқа адамдармен жақсы қарым-қатынаста болған кісі.

Бізге ахлақи тұрғыдан үлгі болатын тұлға – сүйікті пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммед (с.а.у.). Сондықтан иман келтіріп ғибадатты орындағаннан кейін ахлақи (адамгершілік, көркем мінез-құлық) міндеттеріміз және пайғамбарымыздың адамзатқа өнеге боларлық адамгершілік пен парасатқа толы өмірі жайлы білу айрықша маңызға ие.

Діни сауат ашу курстарында оқытылып жатқан діни білімге қатысты оқу жоспарын есепке ала отырып дайындаған сенім, ғибадат, ахлақ және пайғамбарымыздың өмірі деген үлкен төрт тараудан тұратын еңбек қарапайым тілде жазылды. Бұған қоса, дәрет алу және намазға байланысты бөлімдерде ер мен әйел адамдардың намаздағы қимылдары бейнелі түрде көрсетіліп, намаз оқуды жаңадан үйренгендерге жеңіл жолдар қарастырылды.

Әр түрлі жастағы мұсылманның кең көлемде пайдалануына ұсынылған еңбек оқырмандардың кәдесіне жарар деген сенімдемін.

Еңбектену бізден, табысқа жеткізу Алладан.

**Сейфеддин Языжы
6 тамыз 1990 жыл
Анкара**

БІРІНШІ ТАРАУ

СЕНІМ (ИМАН)

Тақырыптар

- Дін деген не?
 - Діндер арасындағы Исламның алатын орны
 - Ислам дінінің мақсаты
 - Ислам дінінің ерекшеліктері
 - Ислам дінінің әлемдік дін болуындағы ерекшеліктер
-

ДІН ДЕГЕН НЕ?

Дін – ақыл-есі дұрыс, өз еркімен иман келтірген адамдарды дүние және ақыретте игілік пен бақытқа жеткізетін иләһи (тәңірлік) заң.

Діндер негізінен үшке бөлінеді:**1) Хақ дін**

Алладан пайғамбарлар арқылы ешқандай өзгеріске ұшырамастан және бұзылып, бұрмаланбастан қазірге дейін жеткен дін. Бұл ерекшеліктер мен қасиеттерді өз бойына сіңірген дін – Ислам діні.

2) Мұхарраф діндер

(бұрмаланған діндер). Алладан пайғамбарлар арқылы жеткенмен кейіннен адамдар өзгертіп, негізі бұрмаланған діндер.

3) Батил діндер (жалған).

Адамдар ойдан шығарған діндер. Бұл діндердің пайғамбарлар арқылы келген діндермен ешқандай қатысы жоқ.

ДІНДЕР АРАСЫНДА ИСЛАМНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Жер бетіндегі ең алғашқы адам хазірет Адам (әлейһиссәләм) – алғашқы пайғамбар. Адамзаттың алғашқы діні – хақ дін. Хазірет Адамнан Исаға дейін келген барлық пайғамбарлар адамдарға Алланың бір екендігін баяндаған және қалай ғибадат ету керектігін үйреткен. Бірақ бұл пайғамбарлар жеткізген иман негіздері мен діни қағидалар уақыт өткен сайын бұрмаланып, түпнұсқалары жойылған.

Осыған байланысты Алла соңғы пайғамбар хазірет Мұхаммед (с.а.у.) арқылы бүкіл адамзатқа соңғы әрі ең кемел Ислам дінін жіберген. Қазіргі таңда дүние жүзіндегі шынайы, ақиқат дін – Ислам діні. Жалған діндердің Алла алдында ешқандай құны жоқ. Алла алдында таңдалған әрі қабыл көретін дін– Ислам.

Бұл ақиқат Құран Кәрімде былай баяндалады:

“Алланың құзырындағы дін күмәнсіз Ислам діні”¹

“Кімде-кім Исламнан басқа дін іздесе, әсте қабылданбайды, ол ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады”²

ИСЛАМ ДІНІНІҢ МАҚСАТЫ

Ислам дінінің үкімдері адамдардың бақытын көздейді. Бұл үкімдерді орындап, соған сай амал жасағандар бұл дүниеде де, ақыретте де бақытқа кенеледі.

Ислам дінінің үкімдері үшке бөлінеді:

1) Иман: Адам иман негіздеріне сену арқылы рухани нәр алып, жүрегін кате әрі жалған сенімдерден тазартады.

2) Амал: Амал – адамдардың жасаған іс-әрекеттері. Амалға байланысты үкімдер екіге бөлінеді:

а) Алла алдындағы ғибадат ету міндеті;

ә) Адамдардың өзара қарым-қатынасын реттейтін үкімдер.

3) Ахлақ: (адамгершілік, көркем мінез-құлық). Адамдарға қатысты ой-пікіріміз бен қимыл-әрекетімізді реттеп отыратын үкімдер.

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1) Ислам – ең соңғы дін. Ислам дінінен басқа дін келмейді, үкімдері қиямет күніне дейін жалғасады. Ислам дінін адамдарға жеткізіп, уағыздаған Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) соңғы пайғамбар. Одан кейін пайғамбар келмейді.

1 (Әли Имран сүресі, 19-аят).

2 (Әли Имран сүресі, 85-аят).

2) Ислам – әлемдік дін. Бұрынғы пайғамбарлар жеткізіп, насихаттаған діндер тек қана белгілі бір ұлтқа, халыққа келсе, Ислам діні бүкіл адамзатқа жіберілген.

3) Ислам дінінің үкімдері барлық адамзаттың қажеттіліктерін қамтамасыз ететіндей жан-жақты әрі толық. Сондықтан басқа сенімдерге қажеттілік туындамайды.

4) Ислам діні бұрынғы Алла тарапынан келген пайғамбарларды және киелі кітаптарды толықтырады, мойындайды.

5) Ислам діні бұрынғы пайғамбарлар насихаттаған дін үкімдерінің күшін жойған. Өйткені, олар белгілі бір халыққа әрі белгілі бір уақытқа жіберілген. Ал Ислам діні болса, барлық адамзатқа жіберілген әрі қиямет күніне дейін өзгермей жалғасатын дін.

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ӘЛЕМДІК ДІН РЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ислам дінінің әлемдік дін болуында көптеген ерекшеліктер бар. Олардың кейбірі мыналар:

1. Ислам – бүкіл адамзатқа жіберілген ең соңғы дін

Ислам – бүкіл адамзатқа Алла жіберген әрі қияметке дейін жалғасатын соңғы дін. Сондай-ақ пайғамбарымыз Ислам дінін жер жүзіндегі барлық халыққа жеткізу мақсатымен сол кездегі мемлекеттердің билеушілеріне, басшыларына хат жолдай отырып, оларды Ислам дінін қабылдауға шақырған.

2. Ислам – ақыл-ой мен ғылым діні

Ислам діні ақылға ерекше мән бере отырып, діни құлшылықтарды дұрыс орындау үшін ақылды болуды талап етеді. Білімге үлкен мән берген дініміз әрдайым оқуды, үйренуді бұйырған. Ілім үйренудің әрбір мұсылман үшін парыз екендігін білдірген.

3. Ислам – әрі дүние, әрі ақырет діні

Ислам дінінің көздеген мақсаты – адам баласының бұл дүниеде де, мәңгілік ақыретте де бақытты болуы. Дініміз бұл дүниенің ақырына дейін адамдардың әрдайым бақытты болуын және қоғамның дамуын

қамтамасыз ете отырып, жеке-жеке адамдардың да, қоғамның да қажеттіліктеріне жауап бере алатын талаптар қойып, дүниеде де, ақыретте де бақытқа кенелудің жолдарын көрсеткен.

Бұл жөніндегі ислам қағидасының мазмұны мынадай: *“Еш өлмейтіндей дүние үшін, ертең өлетіндей ақырет үшін еңбек ет”*.

4. Ислам – жеңілдік діні

Ислам дінінде қиыншылық жоқ, жеңілдік бар. Дініміздің бұйрықтары бізді кемелдендіріп, одан да жоғары өмірге даярлауға бағытталған. Ғибадаттарды орындау барысында шамамызға қарай көптеген жеңілдіктер қарастырылған.

Мысалы: жолаушы төрт рәкағат намазын екі рәкағат қылып оқиды. Намазды түрегеп тұрып оқи алмағандар отырып оқиды. Рамазан айында ораза ұстауға шамасы жетпеген науқастар сауыққаннан кейін ұстайды. Сауығудан үміті жоқ науқастар және ораза ұстауға шамасы келмейтін қарт-қариялар ұстай алмаған оразасының орнын кедей-кепшіктерге фидия беру арқылы толтырады. Адамның шамасы мен қажеттіліктері назарға алынып қиын жағдайларда дінімізде бұдан басқа да көптеген жеңілдіктер берілген. Міне, осы себепті Ислам дінінің үкімдері әрдайым және әр жерде орындауға болатын ерекшелікке ие.

5. Ислам дінінде шектен шығу жоқ

Ислам дінінің үкімдері адамның ақылына және жаратылысына сай. Біздің міндетіміз соларды орындау ғана.

Орындалуы талап етілмеген жағдайда дінді берік ұстаймын деп шектен шығуға болмайды. Дүниедегі адал нығметтерден бас тартып, қиналып өмір кешу исламда жоқ.

6. Ислам – бейбітшілік пен сүйіспеншілік діні

Исламның тағы бір мақсаты: адамзатқа деген сүйіспеншілік, адам құқығына құрмет етуді жүрекке орнықтыру арқылы қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтау. Дініміз бұл мақсатта көптеген қағидалар қойған. Бір-бірімізді сыйлау, басқалардың құқығына құрмет көрсету нағыз мұсылман болудың шарты.

СҰРАҚТАР

- 1) Дін деген не?
- 2) Діндер қаншаға бөлінеді?
- 3) Діндер арасында Исламның алатын орны қандай, түсіндіріңіз?
- 4) Ислам дінінің мақсаты не? Ислам дінінің үкімдері қанша?
- 5) Ислам дінінің қандай ерекшеліктері бар?
- 6) Ислам дінінің әлемдік дін болу ерекшеліктері неде?

Тақырыптар:

- Кәлимә тәухид, Кәлимә шәһадат және мағынасы
- Иман негіздері
- Ижмали иман
- Тафсили иман
- Сенім тұрғысынан адамдар
- Иманның адамға беретін бақыты
- Иман мен амал арасындағы байланыс
- Иманның шынайы әрі қабыл болуының шарттары

КӘЛИМА-И ТӘУХИД (иман):

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ

Оқылуы: “Лә иләһә иллаллаһ, Мұхаммәдүр расулуллаһ”.

Мағынасы: “Алладан басқа тәңір жоқ. Мұхаммед (с.а.у.) Алланың елшісі”.

КӘЛИМА-И ШӘҲАДАТ

أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

Оқылуы: “Әшһәду әл ләә иләһә илләлләһ уә әшһәду әннә Мұхаммадан абдуһү уә расулуһү”.

Мағынасы: “Алладан басқа тәңір жоқ екендігіне куәлік етемін, Мұхаммед (с.а.у.) Алланың құлы әрі елшісі екендігіне де куәлік етемін”.

ИМАН НЕГІЗДЕРІ

Сөздік мағынасы жағынан иман – бір нәрсеге сену дегенді білдіреді.

Діни термин ретінде иман – “Пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) Алладан жеткізгендеріне күдіктенбей шын жүректен сену және бұл сенімін тілмен жеткізу”.

Иман екіге бөлінеді:

а) Ижмали иман

б) Тафсили иман

а) Ижмали иман: Аллаға және Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) пайғамбар екендігіне сену.

Дінімізде сенімнің жинақы түйіні болғандықтан мұны “ижмали иман” яғни “жиынтық иман” деп атайды.

Иман негіздері жалпы және түйінді түрде “кәлима-и тәухид” пен “кәлима-и шәһадатта” берілген. Бір адам кәлима-и тәухид немесе кәлима-и шәһадаттың біреуін тілмен жеткізсе, яғни айтса және оған жүрегімен сенсе, Ислам дініне кірген болып саналады. Бірақ мұсылман адам мұнымен шектелмей, иман негіздерін нақты және егжей-тегжейлі үйреніп жеке-жеке сенуі керек.

ә) Тафсили иман: иман негіздеріне жеке-жеке сену “тафсили иман” яғни “егжей-тегжейлі иман” деп аталады.

Егжей-тегжейлі иман негіздерін “Иманның шарттары” деп те атайды.

Иманның шарттары алтау:

1) Аллаға сену

2) Періштелерге сену;

3) Кітаптарға сену;

4) Пайғамбарларға сену;

5) Ақырет күніне сену;

6) Тағдырға: жақсылық пен жамандықтың Алланың жаратуымен болатындығына сену.

Иманның шарттары “Әмәнтуде” жинақталған. Әрбір мұсылман “Әмәнтуді” мағынасымен бірге білуі керек.

“Әмәнту” дегеніміз мынау:

أَمِنْتُ بِاللّٰهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَبِالْقَدَرِ خَيْرِهِ وَشَرِّهِ مِنَ اللّٰهِ تَعَالٰى
وَالْبَعْثِ بَعْدَ الْمَوْتِ حَقٌّ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللّٰهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

Оқылуы: “Әмәнту билләһи уә мәләикәтиһи уә кутубиһи уә русу-
лиһи, уәл йәумил-әхири уә бил-қадәри хайриһи уә шәрриһи миналлаһи
Тағалә уәл-бағсу бағдәл мәути хаққун. Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ,
уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһ”.

Мағынасы: “Мен Аллаға, Алланың періштелеріне, кітаптарына,
пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жаман-
дықтың Алланың жаратуымен болатындығына сендім. Өлгеннен кейін
қайта тірілу хақ. Мен Алладан басқа ешбір тәңір жоқ екендігіне және
Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) Алланың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік
етемін.

СЕНІМ ТҰРҒЫСЫНАН АДАМДАР

Адамдар сенім тұрғысынан үшке бөлінеді:

Мүмин: Алланың бар әрі бір екендігіне, Хазірет Мұхаммедтің
(с.а.у.) пайғамбар екендігіне шын жүректен сенген және бұл сенімін
тілімен жеткізген адамдар “мүмин” деп аталады.

Мұнафық: Алланың барлығы мен бірлігіне, Хазірет Мұхаммедтің
(с.а.у.) пайғамбар екендігіне жүрегімен сенбесе де тілімен сенетіндік-
терін айтатын адамдар “мұнафық” (екі жүзді) деп аталады.

Кәпір: Алланың бар екендігіне және Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.)
пайғамбарлығына жүрегімен сенбейтін, сенбейтіндігін тілімен айта-
тын адамдар “кәпір” деп аталады.

Мүминдер жәннатта (пейіште) шексіз әрі бақытты өмірге қол жеткі-
зеді, ал мұнафықтар мен кәпірлер сенбегендіктерінің жазасын тозақта
тартады.

ИМАННЫҢ АДАМҒА БЕРЕТІН БАҚЫТЫ

Адам – тән мен жаннан тұратын тіршілік иесі. Тәніміз ішіп-жеуді қалай қажет етсе, жанымыз да рухани қоректі солай керек етеді.

Жанның маңызды азығы – берік сенім. Аллаға сенген және сенім артқан адам рухани азықтанып, үлкен күшке ие болады. Өйткені, адам баласы әрдайым Алланың жәрдеміне мұқтаж. Ұлы Жаратушыға мұқтаж болғандықтан оған сеніп, мойынсұну – бақыттың, рахат өмірдің қайнар көзі.

Алла Тағала былай дейді:

“Абайландар, жүректер Алланы еске алумен ғана жай табады”¹

Иман адамды жалғыздықтан, бағдарсыздықтан құтқарады. Иман – рухымыздың азығы, жүрегіміздің нұры. Имансыз адамның рухы қорексіз, жүрегі қараңғылықта болып, сүйеніштен қол үзеді.

Өмірде адам баласы әртүрлі қиындықтарға кездеседі. Сондай кезде шын иманды адамдар үмітсіздікке бой алдырмайды, Аллаға жалбарынып, паналайды. Оған арқа сүйеп, сеніп, сабырмен істің соңын күтеді. Мұндай құдіретті досқа сүйіпеншілікпен және құрметпен берілу адамды бақытқа бөлейді.

Иманнан жұрдайлар үмітсіздікке бой алдырады. Мазасыздықтан арылмайды. Қиыншылықтан, қайғыдан құтылудың жолын ішімдіктен немесе есірткі сияқты заттардан іздейді. Сөйтіп, одан бетер бәлеге ұшырайды. Ақырет бақытынан әрі дүние бақытынан осылай айырылады.

ИМАН МЕН ҒИБАДАТ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Бір мұсылман діннің үкімдерін жоққа шығармайынша және жүрегінде иман тұрғанда құлшылық етпесе де діннен шықпайды, кәпір болмайды, мұсылман күйінде қала береді. Бірақ Алла Тағаланың әмірін орындамағаны үшін күнәһар болып, жазаға лайық болады.

Ғибадаттар (құлшылықтар) иманның қуаттануын (кемелденуін) қамтамасыз етеді. Ақыретте жазадан құтылуымызға және жәннат нығметтеріне қол жеткізуімізге себепші болады. Тек қана иманмен

1 Рағыз сүресі, 28-аят

шектеліп, ғибадаттарды тәрк ету (орындамау) иманның әлсіреуіне, иман нұрының сөнуіне әкеп соғады.

Мұны бір мысалмен түсіндірейік:

Иман – ашық жанып тұрған шам сияқты. Шамның сөніп қалмауы үшін шынымен қалқалау керек. Егер осылай ашық күйінде жанып тұра берсе, аз ғана баяу желден-ақ сөніп қалуы мүмкін. Иман да жүрегімізде жанып тұрған жарық, оның қорғанышы – ғибадат (құлшылық). Намаз, ораза және басқа да ғибадаттарды орындай отырып әрі Алла алдындағы борышымызды (міндеттерімізді) өтейміз, әрі иманымызды қорғаймыз.

Ғибадаттар орындалмаған жағдайда иман ашық күйінде жанып тұрған шам сияқты қорғансыз қалады. Бір күні сөніп қалуы мүмкін. Иманын жоғалту мұсылман үшін ең қымбат саналатын жәннаттың кілтін жоғалту деген сөз. Осы себептен ғибадаттар иманымызды сақтап қалуда және жәннатта шексіз әрі бақытты өмірге қауышуымызда өте маңызды рөл атқарады.

ИМАННЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ МЕН ҚАБЫЛ БОЛУЫНЫҢ ШАРТТАРЫ

Иманның дұрыс әрі қабыл болуының үш шарты бар:

1) Иман үмітсіздік кезінде болмауы керек. Әуелде иман келтірмеген жанның дүниеден өтіп бара жатқан кезде азапты көріп, иман етуінің еш пайдасы жоқ.

2) Мұсылман адам діни үкімдерді жоққа шығаратын сөздер мен іс-әрекеттерді жасамауы керек. Мысалы: Діннің барлық үкімдеріне сеніп, бірақ намазды мойындамайтын болса, ол адам иманнан айрылды деген сөз. Өйткені, дінімізде сену керек нәрселер бір бүтін, оны бөліп-жаруға болмайды. Бұлардың бірін мойындамау – бәрін мойындамаумен бірдей.

3) Діни үкімдердің барлығының жақсы екендігін мойындау керек. Діни үкімдердің кез келген бірін ұнатпау иманның жоғалуына әкеп соғады.

Мұсылман үшін ең қымбат нәрсе – иман. Адам дүниеде рахат өмір мен бақытқа, ақыретте мәңгі, баянды өмірге иман арқылы жете алады.

Тек қана ақтық деміне дейін иманын сақтап, ақыретке сол иманмен (сенімімен) кетуі шарт.

Ал иманын өмірінің ақырына дейін сақтай алмаған, дүниеден имансыз өткен адамға әуелдегі иманының ешқандай пайдасы жоқ. Сондықтан, иманымызды қорғайық, дінімізге зиян келтіретін (кесірі тиетін) сөздер мен іс-әрекеттерден аулақ болуымыз керек. Егер иманымызға нұқсан келтіретін сөздер мен іс-әрекеттер орын алса, сол сәтте-ақ тәубеге келіп, Алладан кешірім сұрауымыз керек.

СҰРАҚТАР:

1) Кәлима-и тәухид пен кәлима-и шәһадатты қатесіз дұрыс оқыңыз және мағынасын түсіндіріңіз.

2) Иман негіздері нешеге бөлінеді?

3) Ижмали иман деген не?

4) Тафсили иман деген не?

5) “Әмәнту” сөйлемін оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

6) Сенім тұрғысынан адамдар қаншаға бөлінеді?

7) Иман адамға қандай бақыт береді? Түсіндіріңіз.

8) Иман мен ғибадат арасындағы байланысты түсіндіріп беріңіз.

9) Иманның дұрыс және қабыл болуының шарттары нелер?

Тақырыптар:

- Алланың бар және бір болуы
 - Алланың сипаттары
 - Аллаға деген сүйіспеншілік
 - Шынайы иманға ие болған қыз (мәтін)
-

АЛЛАНЫҢ БАР ЖӘНЕ БІР БОЛУЫ

Иманның алты шартының біріншісі – Аллаға иман келтіру. Ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған жастың алғашқы міндеті, Алланың бар және бір екендігіне иман келтіру.

Айналамызға көз жіберсек, әр нәрсенің өздігінен болмағандығын аңғарамыз. Шебер жасалған өнер туындысы, оны істеген бір ұстаның бар екендігін білдіреді. Мысалы: ұстап жүрген сағатты жасаған бір шебер, бөлмеміздің қабырғаларын әрлеген өнер туындылары болған көріністерді сызған бір суретші, отырған үйімізді салған бір құрылысшы жоқ па? Әрине, бар.

Олай болса, өте нәзік жүйелі түрде құрылып, таңғаларлық жүйеде істеп тұрған әлемді, тамаша өнер туындысы болған адамды жаратқан бір жаратушы бар. Ол жаратушы, шексіз күш-құдірет иесі – Алла. Мына ұшы-қиырсыз әлем Алланың бар екендігін және әлемде байқалған үйлесімдік пен таңғаларлық жүйе Алланың бір екендігін айғақтайды.

Біздің міндетіміз: бізді жаратып, өмір сыйлаған Аллаға иман келтіріп, шын көңілімізбен бойұсыну. Шынайы иман келтіріп, Хақ жаратушыны тануымыз үшін әуелі сипаттарын үйренуіміз қажет.

АЛЛАНЫҢ СИПАТТАРЫ

Алла тағаланың 14 сипаты бар. Бұлардың алтауы “зати”, сегізі “субути” сипаттар деп аталады.

Зати сипаттар:

- 1) **Ужуд:** Бар болу. Алла бар, жоқ болуы мүмкін емес.
- 2) **Қидәм:** Алланың бар болуының бастауы жоқ. Алла кейіннен пайда болған жаратылыс емес. Еш нәрсе жаратылмай тұрып Алла бар болатын.
- 3) **Бәқа:** Алланың бар болуының соңы жоқ. Әр нәрсе жоқ болып кетсе де Алла бар болып қала береді.
- 4) **Уахданийт:** Алла бір дегенді білдіреді. Алла бір, ұқсасы, серігі жоқ.
- 5) **Мухаләфәтун лил-хауадис:** Кейіннен болғандарға ұқсамау. Алла жаратқандарының ешбіріне ұқсамайды.
- 6) **Қиям бинафсиһи:** Алланың бар болуы өздігінен. Жаратушы ие еш нәрсеге мұқтаж емес, барлық нәрсе Аллаға мұқтаж.

Субути сипаттар:

- 1) **Хаят:** Тірі болу. Алла мәңгілік тірі.
- 2) **Ілім:** Білу. Алла өткенді, келешекті, жасырын мен ашықтың барлығын біледі. Жүректегіні де біледі.
- 3) **Самиғ:** Есту. Алла барлық нәрсені естиді.
- 4) **Басар:** Көру. Алла барлық нәрсені көреді.
- 5) **Ирада:** Қалау. Алла қалайды, қалағанын орындайды.
- 6) **Қүдірет:** Қүдірет иесі. Алла шексіз қүдіретке ие, барлық нәрсеге күші, қуаты жетеді.
- 7) **Кәлам:** Сөйлеу. Алла кәлам иесі, сөзін пайғамбарларына естірткен. Құран – Алланың сөзі.
- 8) **Тәкуин:** Жарату. Алла жаратушы. Әлемдегі барлық нәрсені жаратқан Сол. Жаратылуын қалаған нәрсеге “Бол!” деп бұйыруы жеткілікті, ол сол мезет пайда болады. Бар нәрсені де қалаған кезінде жоқ ете алады.

Мұсылман Аллаға былай сенеді:

Алла бар және біреу. Бар болуының басы не соңы жоқ. Алла жаратылғандардың ешбіріне ұқсамайды. Жаратушының бар болуы өздігінен. Ешбір нәрсеге мұқтаж емес. Бүкіл жаратылыс Аллаға мұқтаж.

- Алла мәңгі тірі. Ол барлық нәрсені біледі, естиді, көреді.
- Алла қалайды, қалағанын орындайды. Оған ешкім араласа алмайды.
- Алла шексіз күш, қуат иесі. Барлық нәрсеге құдіреті жетеді.
- Алла жаратушы. Қалағанын жоқтан жаратады, қалаған кезінде жоқ етеді.

Әлемдегі барлық нәрсе Алланың жаратуымен пайда болған. Жаратқан әр ісінде хикмет бар.

Алланың кәламы хақ, пайғамбарларына сөзін естіртіп, бұйрықтарын жеткізген. Дініміздің киелі кітабы – Құран Кәрім, Алланың сөзі.

Аллаға осылай дұрыс әрі шынайы иман келтірген адам жаратылыстар арасындағы абыройлы орнын иеленіп, шынайы мәртебесіне қол жеткізеді. Бұл сенім адамның жүрегін әртүрлі жаман ой-пікірлерден тазалап, жақсы ойларға және көркем мінез-құлыққа бөлейді.

Адам ешкім көрмейтін жерде болса да әдепсіз қылықтарға бармайды. Өйткені ол Алланың барлық нәрсені көріп, біліп тұрғанына иман келтірген. Аллаға сену – бүкіл игіліктің бастауы.

АЛЛАҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК

Алла Тағала бізге көру үшін көз, есту үшін құлақ, сөйлеу үшін тіл, түрлі шаруалар атқара білу үшін қол, аяқ берді. Сондай-ақ, ақыл-ой, сана-сезіммен қамтамасыз етіп, жаратылғандардың арасынан артық етіп жаратты.

Деніміз сау, бақытты өмір сүруіміз үшін жер жаһанды әртүрлі нығметтермен толтырып, дем алған ауамыздан бастап, күнделікті ішіп жүрген суымызға дейінгі әр түрлі мұқтаждықтарымызды түгел қамтамасыз етті. Аз уақыт дем жетпеген адам өмірімен қоштасады. Әр сәт мұқтаж болған бұл нығметтің қадір-қасиетіне ой жіберетін болсақ, Алла Тағаланың бізге берген игіліктерінің қаншалықты мол екендігіне көз жеткіземіз.

Алла Тағала былай дейді:

“Алланың нығметтерін санайтын болсаңдар, бітіре

алмайсындар”¹

Адам баласы өзіне жақсылық жасағандарды жақсы көреді. Ендеше, бәрінен бұрын Алланы жақсы көруіміз керек. Өйткені, оның бізге жасаған игіліктері сансыз көп. Біз де жаратушымызды сүйіміз керек. Жақсы көру тек сөзбен болмайды. Адам жақсы көргеніне құрмет көрсетіп, жақсы көргенінің разы болмайтын нәрселерінен бойын аулақ ұстайды. Жаратушыға деген сүйіспеншілік, қасиетті есімдерін құрметтеп еске алу, бізге бұйырған құлшылықтарын шын жүрекпен орындау, тыйым салған істерінен аулақ болумен іске асады. Осылай істеу арқылы сүйетіндігімізді шынайы дәлелдесек, Алла Тағала да бізді жақсы көреді, дүниеде берген нығметтерінен бірнеше есе артығын ақыретте береді.

Адам баласы үшін ең үлкен бақыт – Алланың сүйген құлдарының қатарында болу.

Оқу мәтіні:

Шынайы иманға қол жеткізген қыз...

Хазірет Омар халифа кезінде сүт сатушыларға сүтке су қосып сатуына тыйым салып, бұл бұйрығын халыққа хабарлады. Қаланың тәртібін бақылау үшін түнде Мәдина қаласын аралап жүрген кезде шаршап, біраз тынығып алу үшін бір үйдің қабырғасына сүйенді. Сол ақ екен, үйдің ішіндегі анасы мен қызының арасында болған мына әңгімені естіді:

Анасы:

– Қане қызым, тұр да сүтке су қос.

Қызы:

– Халифаның сүтке су қосып сатуға тыйым салғанын білмейсіз бе?

Анасы:

– Иә, білемін.

Қызы:

– Олай болса, халифа тыйым салған істі қалай орындамақпын?!

Анасы:

1 Ибраһим сүресі, 34-аят.

– Тұр да сүтке су қос, Омар сені қайдан көрсін.

Қызы:

– Омар көрмесе де Алла көріп тұрған жоқ па?!

Хазірет Омар бұл әңгімені естігеннен кейін үйіне қайтты. Жақсы тәрбие алған, адамгершілігі жоғары бұл кедей қызға құда түсіп, баласы Асымға үйлендірді.

Міне, Аллаға иманның (сенімнің) адамның әрекеттеріне жағымды әсері...

СҰРАҚТАР:

- 1) Адам баласының алғашқы міндеті қандай?
- 2) Алланың қанша сипаты бар?
- 3) Алланың зати сипаттарын атаңыз.
- 4) Алланың субути сипаттарын атаңыз.
- 5) Мұсылман адам Аллаға қалай иман келтіреді?

Тақырыптар:

- Періштелердің болмысы және олардың ерекшеліктері
 - Үлкен періштелердің есімдері мен міндеттері
 - Періштелерге сенудің пайдалары
-

**ПЕРІШТЕЛЕРДІҢ БОЛМЫСЫ МЕН
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Иман шарттарының екіншісі періштелерге иман келтіру. Періштелер – нұрдан жаратылған тіршілік иелері. Олар ішіп-жемейді, аталық, аналық болып бөлінбейді.

Періштелер – Алланың сүйген жаратылыстары. Алланың бұйрықтарын кемшіліксіз орындап, ешбір күнә жасамайды.

Алла Тағала жаратылыстарды түрлі бейнеде жаратқан. Бұлардың кейбірін біз көре аламыз, ал кейбірін көре алмаймыз. Адам баласы кейбір жаратылыстарды көре алмайды. Өйткені, адам баласының көзі бәрін көре алатындай жағдайда жаратылмаған, көру қабілеті шектелген.

Мысалы: өте кішкентай бір жаратылысты көре алмағанымыз сияқты ауаны, желді, рухымызды және ақыл-ойымызды көре алмаймыз. Электр сымдарынан өтіп жатқан электр қуатын да көре алмаудамыз. Алайда, көре алмаған осы нәрселердің бар екендігін білеміз. Сол секілді періштелер бар болумен қатар көрінбейтін жаратылыстар.

Нұрдан жаратылғандығы үшін біз періштелерді көре алмаймыз. Бірақ періштелердің бар екендігіне иланамыз, өйткені періштелердің бар екендігі Құранда айтылған. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оларды көрген әрі періштелер жайлы мәліметтер берген. Алла Тағаланың және Мұхаммед пайғамбарымыздың бізге айтқандарының бәрі дұрыс әрі хақ. Сондықтан біз періштелердің бар екендігіне нақты түрде иман келтіреміз.

ҮЛКЕН ПЕРІШТЕЛЕРДІҢ ЕСІМДЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Періштелер: жерде, көктерде, айналамызда, кез-келген жерде бола алады. Санын тек Жаратушы ие біледі. Әрқайсысының арқалаған міндеті бар.

Кейбірі үнемі ғибадат етеді, кейбіреулері тіршілік атаулының тәртібі мен жүйесіне жауап береді. Адамның күші жетпейтін үлкен істер атқарады. Адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандықтан қорғайтын, қиналған кездерде мұминдерге жәрдем беру үшін жіберілетін періштелер де бар. Алла Тағала періштелерді жарату арқылы шексіз құдіретін дәлелдейді.

Үлкен періштелер және міндеттері

1) Жәбірейіл: Періштелердің үлкені. Міндеті: Алла пен пайғамбарлар арасында елшілік жасау (елші болу), Алланың кітаптарын пайғамбарларға жеткізу. Кітабымыз Құран Кәрімді Алладан пайғамбарымызға жеткізген – осы Жәбірейіл періште.

2) Микайыл: Табиғаттағы құбылыстарды басқаруға жауапты (жаңбыр жаудыру, жел соғу, егіннің шығуы т.б.).

3) Исрафил: Ақыр заманның болуына, адамдардың өлгеннен кейін қайта тірілуіне жауапты.

4) Әзірейіл: Өмірі аяқталған адамдардың жанын алу міндеттелген.

Осы төрт үлкен періштеден басқа періштелер де бар, олардың кейбірі мыналар:

Кираман кәтибин: Бұл екі періштенің біреуі адамның оң жағында, екіншісі сол жағында болады. Оң жағындағы періште адамның жақсы істерін, ал сол жағындағы періште жаман істерін жазады. Осылай әр адамға тиісті жақсылықтары мен жамандықтары жазылған “Амал дәптері” пайда болады.

Мүңкәр және Нәкір: Бұлар өлгеннен кейін қабірде пенделерден сұрақ-жауап алуға міндетті екі періште.

Ридуан: Жәннаттағы періштелердің басшысы.

Мәлік: Тозақтағы қызмет ететін періштелердің басшысы.

ПЕРІШТЕЛЕРГЕ СЕНУДІҢ ПАЙДАЛАРЫ

Әр уақытта және барлық жерде бізбен бірге болатын, бізден ешқашан ажырамайтын періштелер бар. “Кираман кәтибин” деп аталған бұл періштелердің міндеті – пенденің жасаған жақсылықтары мен жамандықтарын жазу. Демек, адам оңаша болған күннің өзінде жалғыз емес. Оны үнемі бақылап, жасаған істерін жазып отыратын періштелер бар.

Періштелерге иман келтірген мұсылман жасырын жерде “Мені ешкім көрмейді, қалағанымды істеймін” дей алмайды, жамандық жасамайды. Өйткені, қайда болса да періштелердің өзін бақылап, жақсылық пен жамандығын жазып жатқанын біледі. Осы негізде періштелерге деген сеніміміз бізді жаманшылық жасаудан тыяды.

Бұлардан басқа бізді жамандықтардан қорғап, жақсылық жасауға бағыттайтын періштелер де бар. Дүниеде жақсылық пен сұлулықтың үлгісі – періште, ал жамандық пен арсыздықтың үлгісі – шайтан. Періште адамды жақсылыққа, ал шайтан жамандыққа шақырады.

Мысалы, қарны аш, жәрдемге мұқтаж бір кедейге кездескен кезде жанымыз ашып, ішкі ожданымыз: “Кедейге жәрдем ет” деп үн қатады. Бұл періште дауысы. Осы кезде ішімізден басқа бір дауыс: “Жәрдем етсең, ақшаң кеміп қалады, жәрдем етпе” деп сыбырлап, бізді айнытуға тырысады. Бұл сыбыр – шайтанның дауысы.

Мұндай жағдайда біз кедейге жәрдем етуге шақырған дауысқа құлақ салуымыз керек. Өйткені, бұл дауыс – жақсылықты сүйетін, бізді жақсылық жасауға шақыратын достың үні. Мұны тыңдасақ бізге жақсы істер жасатқызады, сауап алуға себепші болады. Шайтанның азғыруына құлақ асудан аулақ болуымыз керек. Өйткені, ол бізді жақсылықтан алыстатып, күнә іс істеуге жетелейді.

Көріп отырғанымыздай, періштелерге иман келтіру – жамандық атаулыдан сақтандырады және мінез-құлқымызды дұрыстайды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

“Шайтан мен періште адамның жүрегіне әр нәрсе салады. Шайтанның ісі – жамандыққа шақыру, ақиқаттан алыстату, ал періштенің ісі – ақиқатқа және жақсылыққа шақыру, жамандықтан құтқару.

Егер кімде-кім жақсылыққа шақырған дауысты естісе, біліп қойсын, ол – періштенің үні. Дереу оған құлақ асып, Аллаға шүкір етсін.

Ал, кімде-кім жамандыққа шақырған дауыс естісе, біліп қойсын, ол – шайтаннан. Одан алыс болсын, Аллаға сыйынсын”¹

СҰРАҚТАР:

- 1) Періштелердің болмысы қандай?
- 2) Періштелерді неге көре алмаймыз?
- 3) Үлкен періштелердің есімдері мен міндеттері қандай?
- 4) Періштелерге иман келтірудің пайдаларын түсіндіріңіз.

1 Тирмизи

Тақырыптар:

- Уахи және түрлері
- Алладан түскен кітаптар мен парақтар
- Құран Кәрімнің түсуі
- Құран Кәрімнің жазылуы мен кітап күйіне келуі
- Құран Кәрімнің ерекшеліктері
- Құран Кәрім алдындағы міндеттеріміз
- Құран оқудың ізгілігі жайында Пайғамбарымыздан өнегелі сөздер (мәтін)

УАХИ

Уахидің сөзбе-сөз мағынасы: Бір нәрсені құпия түрде жылдам білдіру деген сөз. **Уахидің діни терминдік мағынасы:** Алладан тікелей немесе елші арқылы пайғамбарларға жеткен анық хабар.

Алла құлдарынан тандағандарына қалаған нәрселерін білдіруі ерекше тәсілдер арқылы жүзеге асады. Алла әр түрлі уахи арқылы өз сөздерін пайғамбарларға жеткізген.

УАХИДІҢ ТҮРЛЕРІ

Шынайы түс: Алла қалаған мәліметтерін түс арқылы пайғамбарларына жеткізген. Пайғамбарымызға алғашқы уахи осылай басталған, түсінде көргендері айна-қатесіз орындалған.

Аян беру арқылы уахи ету: Алла қалаған нәрселерін ештеңенің көмегінсіз пайғамбарлардың жүрегіне жеткізуі.

Перде артынан айтылатын сөз: Арада ешқандай дәнекерсіз сөйлеушіні көрмей, Алла сөзінің естілуі.

Елші (періште) арқылы болатын уахи: Алланың сөзін бір періште арқылы пайғамбарларға естіртуі.

Алланың сөзін пайғамбарларға жеткізетін періште кейде өз бейнесінде келеді, кейде адам кейпінде келеді, ол жерде болғандар оны көреді, даусын естиді. Кейде періште келіп, пайғамбарға уахиді білдіреді, бірақ өзі көрінбейді.

Құран Кәрім пайғамбарымызға уахидің төртінші түрі, яғни елші (періште) арқылы түскен. Құран Кәрімді Алладан алып пайғамбарымызға жеткізген бұл елші – періштелердің ең үлкені **Жәбірейіл**.

АЛЛАДАН ТҮСКЕН КІТАПТАР МЕН ПАРАҚТАР

Иманның алты шартының үшіншісі – Алланың кітаптарына иман келтіру. Алла адамзатқа пайғамбарлар арқылы кітаптар жеткізген. Бұл кітаптарда Алланың бұйрықтары мен тыйымдары білдірілген, құлдарының жауапкершіліктері баяндалып, дүние мен ақиретте бақытты болудың жолдары көрсетілген.

Мұсылмандар пайғамбарларға түскен кітаптардың бәріне иман келтіреді. Бірақ Құран Кәрімнен басқа кітаптардың кейіннен бұрмаланып, өзгертілгенін де біледі. Сондықтан біз олардың қазіргі бұрмаланған түріне емес, пайғамбарларға жіберілген кезіндегі өзгертілмеген түріне иман етеміз. Ал Құран Кәрім пайғамбарымызға түскен кездегі күйінде асқан ұқыптылықпен сақталып, ешқандай өзгеріске ұшырамаған.

Пайғамбарларға түскен кітаптардың кейбірі – бірнеше беттерден тұратын кішкентай кітапшалар. “Парақтар” деген мағынаны білдіретін бұл кітапшалар “сұхуф” деп аталады.

Ал қалғандары “төрт үлкен кітап” деп аталады.

Парақтар түскен пайғамбарлар:

- 1) 10 парақ – Адамға (aleyһиссәләм);
- 2) 50 парақ – Шитке (aleyһиссәләм);
- 3) 30 парақ – Ыдырысқа (aleyһиссәләм);
- 4) 10 парақ – Ибраһимге (aleyһиссәләм).

Барлығы 100 парақ.

Төрт үлкен кітап:

- 1) Таурат – Мұсаға (aleyһиссәләм);

- 2) Забур – Дәуітке (aleyһиссәләм);
- 3) Інжіл – Исаға (aleyһиссәләм);
- 4) Құран Кәрім – біздің пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) түскен.

ҚҰРАН КӘРІМНІҢ ТҮСУІ

Пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) өзіне пайғамбарлық міндеті жүктелмей тұрған кезде, біраз уақыт Меккеге жақын Хира тауында бір үңгірде оңаша болып, күні-түні Алланың ұлылығы жайлы ойланатын.

610 жылы Рамазан айының Дүйсенбі күні сол Хира тауындағы үңгірде бар болмысымен Аллаға беріліп отырған еді. Осы кезде періштелердің ұлысы – Жәбірейіл Алланың әмірі бойынша пайғамбарымызға келіп **“Оқы”** дейді де бұл әмірді үш рет қайталайды. Пайғамбарымыз: **“Не оқиын?”** деп сұраған кезде Жәбірейіл (aleyһиссәләм) Құран Кәрімнің бес аятын жеткізеді. Алғашқы уахи келіп Құран осылай түсе бастайды.

Алғашқы уахи келген кезде пайғамбарымыз (с.а.у.) қырық жаста еді. Алғаш түскен және Құран Кәрімдегі **“Алақ”** сүресінің басындағы бұл бес аяттың мағынасы мынадай:

- 1) Жаратқан Раббыңның атымен оқы!**
- 2) Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратты.**
- 3) Оқы! Раббың шексіз нығмет иесі.**
- 4) Сондай-ақ, қаламмен (жазуды) үйреткен Сол.**
- 5) Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйретті.**

Құранның түсе бастауымен Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) соңғы пайғамбар екені білдірілді. Құран Кәрім кейде аят-аят, кейде сүрелер болып бөлек-бөлек 23 жылда толығымен түсіп бітті. Аяттар көбінесе бір сұраққа немесе оқиғаға байланысты түсетін. Аяттардың түсуіне себеп болған сұрақтарға немесе оқиғаларды **“Әсбәун-нузул (түсу себебі)”** деп атайды.

Құранның ең соңғы түскен аяты – **“Бақара”** сүресінің 281-аяты. Мағынасы мынадай:

“Аллаға қайта оралатын және ешқандай әділетсіздікке ұшырамастан әркімнің табысы өздеріне кемітілмей толық берілетін күннен қорқындар”.

ҚҰРАН КӘРІМНІҢ ЖАЗЫЛУЫ ЖӘНЕ КІТАП (МҰСХАФ) КҮЙІНЕ КЕЛУІ

Құран аяттары түскен сайын пайғамбарымыз (с.а.у.) уахи жазатын адамдарын шақырып алып, аяттарды қандай сүренің қай жерінде жазылатынын көрсететін. Уахи жазатындар көрсетілгендей айна-қатесіз жазатын. Түскен аяттарды сахабалар оқитын, көбісі жаттап алатын. Құран Кәрім жазылу әрі жатталу арқылы пайғамбарымыз заманында осылай сақталған.

Пайғамбарымыздың көзі тірісінде аяттардың түсуі тоқтамағандықтан, Құран аяттары жазылған парақтар кітап күйіне келтірілмеген еді. Құран уахидің аяқталуымен тамамдалды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайтыс болғаннан кейін, халифа болып сайланған Хазірет Әбу Бәкір белді сахабалармен кеңес құрды. Бұл кеңес бөлек-бөлек Құран парақтарын жинады. Қарилардың жаттаған Құранымен салыстыра отырып, кітап күйіне келтірді. Құран беттерінің жиналып, кітап халіне келтірілуі “мұсхаф” деп аталады.

Құран кітап күйіне келтірілген кезде пайғамбарымыз көрсеткен тәртіп бойынша сүрелер орын-орындарына қойылды. Жинақталып мұсхаф күйіне келтірілген Құран халифа Хазірет Әбу Бәкірдің қолында сақталды.

Кейіннен Исламның кең қанат жаюына байланысты үшінші халифа Хазірет Осман бұл Құранды көбейте отырып, түрлі Ислам елдеріне жіберді.

Құран Кәрім Алладан пайғамбарымызға уахи етілгеніндей, ешқандай өзгеріске ұшырамастан бүгінгі таңға дейін осылай жетті. Қияметке дейін де осы қалпында жалғаса бермек. Қазіргі таңда қолымыздағы Құран пайғамбарымыз кезінде жазылып сақталған, Хазірет Әбу Бәкір кезінде мұсхаф күйіне келтірілген және Хазірет Осман көбейткен Құран болып табылады.

ҚҰРАН КӘРІМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ең соңғы пайғамбар Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) Алладан түскен Құран Кәрім – мұсылмандардың қасиетті әрі киелі кітабы.

Құран Кәрімді Алла тарапынан түскен басқа кітаптардан ерекше-лейтін көптеген ерекшеліктері бар.

Бұл ерекшеліктердің ең бастылары мыналар:

а) Құран Кәрім пайғамбарымызға түскен күйінде ешқандай өзгеріске ұшырамастан бізге дейін жеткен және осылайша қияметке дейін өзгерместен жалғаспақ.

Басқа қасиетті кітаптардың кейбірі түбегейлі жоғалып кеткен, кейбіреулері бұрмалаушылық пен өзгеріске ұшырап, ешқайсысы Алладан түскен күйіндегі таза қалпын сақтай алмаған.

Құран Кәрімді қорғайтынына Алла Тағала мына аяты арқылы кепілдік берген.

“Әлбетте Құранды біз түсірдік, қорғаушысы да әрине бізбіз!...”¹

Шындығында Алла киелі кітабымыз Құран Кәрімді күні бүгінге дейін қорғады, қияметке дейін де жалғаса бермек.

ә) Құран Кәрім бірден кітап күйінде емес, уақыт пен оқиғаларға байланысты аяттар және сүрелер түрінде бөлек-бөлек болып түскен. Бұл жағдай Құранды оңай жаттап, түсінуді қамтамасыз еткен.

б) Құран Кәрім –Алладан келген соңғы кітап. Одан кейін басқа кітап келмейді. Құранның үкімдері қиямет күніне дейін күшін жоймайды, ешқандай өзгермейді. Бұрынғы кітаптар болса белгілі бір уақыт үшін ғана түсірілген.

в) Құран Кәрім – бүкіл адамзатқа жіберілген кітап. Қай ғасырдың болмасын мұқтаждықтары мен қажеттіліктеріне жауап бере алатын ақиқат пен хикмет қамтылған. Ал басқа киелі кітаптар болса белгілі бір ұлттарға жіберілген.

г) Құран Кәрім – пайғамбарымыздың (с.а.у.) ең ұлы әрі мәңгілік мұғжизасы. Сөздерінің ұлылығы, мағынасының тереңдігі әрі ақиқаттары тұрғысынан теңдесі жоқ ұлы мұғжиза.

¹ Хижр сүресі, 9-аят.

ҚҰРАН КӘРІМ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТІМІЗ

1) Әрбір мұсылман Құран Кәрімнің Алла Тағаланың сөзі екенін біліп, оны тәжуид қағидаларына сәйкес қатесіз оқуы қажет.

2) Құран Кәрімді дәрет алғанан кейін ғана қолға алып, оқырда “Әгузу, бисмилләмен” бастауы керек. Құран оқығанда мүмкіндігінше құбыланы бетке алып, ерекше әдептілікпен, құрметтеп, мағынасын түсінуге тырысқан жөн.

3) Құран Кәрім таза жерлерде оқылады. Басқа істермен шұғылданып жатқан, Құранды тыңдамайтын кісілердің жанында немесе лас жерлерде Құран оқылмайды.

4) Біреудің оқып жатқан Құранын құрметпен тыңдау қажет.

5) Құран Кәрім кітабы биік әрі таза орынға қойылуы керек. Оны төмен, лас жерлерге қоюға болмайды.

6) Құран Кәрімнің әмірлерін орындап, тыйым салған істерінен сақтанып, Құранның ахлақ қағидаларына сай әрекет ету қажет.

Оқу мәтіні:

ҚҰРАН ОҚУДЫҢ ИГІЛІГІ ЖАЙЫНДА ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ҚАСИЕТТІ СӨЗДЕРІ

“Сіздердің ең қайырылыларыңыз (жақсыларыңыз) – Құранды үйреніп әрі басқаларға үйреткендеріңіз”;

“Кімде-кім Алланың кітабы Құраннан бір әріп оқыса, оған бір сауап беріледі. Әр сауаптың сыйы ретінде он есе тағы сауап жазылады”;

“Кімде-кім Алланың кітабы Құраннан бір аят тыңдаса, оған еселеп сауап жазылады. Кімде-кім Құраннан бір аят оқыса, қиямет күні өзіне нұр болады”;

“Құран оқыңыздар. Өйткені Ол қиямет күні оқығандарға шапағат етеді”;

“Кімде-кім Құран Кәрімді оқып, онымен амал ететін болса, қиямет күні ата-анасының басына тәж кигізіледі, нұры дүниедегі күн сәулесінен де жарық болады. Енді сіздер Құранмен амал еткендердің сауаптарын өздеріңіз есептеңіздер”.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Әбу Зәрге былай дейді:

“Таңертең үйден шығып Алланың кітабы Құраннан бір аят үйренуің сен үшін жүз рәқағат (нәпіл) намаздан да қайырлы”.

“Кімде-кім Құранды оқып оны жаттаса, халалын халал, харамын харам деп таныса, нәтижеде Алла оған жәннаттан орын беріп, туған-туысқандарынан жәһәннамдық болған он адамға оны шапағатшы етеді”.²

СҰРАҚТАР

- 1) Уахи деген не?
- 2) Уахидің түрлерін түсіндіріңіз.
- 3) Пайғамбарымызға уахидің келу жолын айтып беріңіз.
- 4) Құран Кәрім уахидің қандай түрі арқылы Пайғамбарымызға түскен?
- 5) Алладан келген кітаптар мен парақтар қандай пайғамбарларға жіберілген?
- 6) Құран Кәрім қалай түскен, алғаш түскен аяттар қайсылары?
- 7) Құран Кәрімнің жазылуын айтып беріңіз.
- 8) Мұсхаф деген не?
- 9) Құран Кәрімнің ерекшеліктері қандай?

2 Өт-тәрғиб уәт-тәрһиб 2 том, 342-бет.

- 10) Құран Кәрім алдындағы міндеттеріміз қандай?
- 11) Құран оқудың ізгілігі жайындағы бес хадис жаттап алыңыз.

Тақырыптар:

- Пайғамбарлық және пайғамбарларға қажеттілік
 - Пайғамбарлардың міндеттері мен сипаттары
 - Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлар
 - Пайғамбарлар жеткізген діндердегі ортақ негіздер
 - Мұғжиза және керемет деген не?
 - Пайғамбарымыздың мұғжизалары
 - Пайғамбарымыздың ерекшеліктері
 - Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) соңғы пайғамбар болуы
 - Пайғамбарымыз жайында айтылған сөздер (мәтін)
-

ПАЙҒАМБАРЛЫҚ ЖӘНЕ ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ҚАЖЕТТІЛІК

Иманның алты шартының төртіншісі пайғамбарларға иман келтіру. Пайғамбарлық – Алла мен адамдар арасындағы елшілік міндеті. Алла лайықты деген сүйікті құлдарын пайғамбар етіп таңдайды. Пайғамбарлар адамдарға дұрыс жол көрсетуші ретінде жіберіледі. Адамзат осындай дұрыс жол көрсетушілерге мұқтаж.

Өйткені, адамдар өз ақылымен Жаратушының бар екендігін білсе де, Алланың ұлы сипаттарын түсіне алмайды. Аллаға қалай құлшылық ету керектігін, о дүниені және сол жерде кімдерге сый-сыяпат берілетіндігін, кімдердің жазаға тартылатындығын, дүние мен ақыретте бақытқа қалай қол жеткізу жолын біле алмайды.

Бұл ақиқаттарды адам баласына үйрету, дүние мен ақыретте бақытқа жетудің жолдарын көрсету үшін Алла Тағала пайғамбарлар жіберген.

ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Пайғамбарлар адам баласына Алланы танытып, иман негіздері мен ғибадатты қалай жасау керектігін үйреткен. Діни үкімдер мен әдептілік

қағидаларын түсіндіріп, өздері де айтқандарын орындап, адамзатқа үлгі-өнеге болған.

Пайғамбарлар қандай қиыншылықтарға тап келсе де өз міндеттерін орындап, иман келтірмегендерге пайғамбар екендіктерін дәлелдеу үшін ешкімнің қолынан келмейтін таңғажайып жағдайларды жасап, мұғжизалар көрсеткен. Алланың бұйрықтарын орындағандарды жәннатпен сүйіншілеген, бұйрықтарына бойұсынбағандарды тозақ азабымен жазалайтындығын хабарлаған.

Пайғамбарлар – Алланың адамдар арасынан таңдап алған, барша көркем мінез бен ахлаққа ие болған дара тұлғалар.

Пайғамбарларда болуы шарт сипаттар:

1) Сыдық: Шыншыл дегенді білдіреді. Пайғамбарлар ерекше шыншыл адамдар. Ешқашан жалған сөйлемейді. Болды дегендері болған, болады дегендері уақыты келгенде жүзеге асқан.

2) Аманат: Сенімді дегенді білдіреді. Пайғамбарлар әр қырынан сенімді тұлғалар. Аманатқа ешқашан қиянат жасамайды.

3) Фәтанат: Ақылды әрі парасатты дегенді білдіреді. Пайғамбарлар ақылды, парасатты, ерекше зерек тұлғалар.

4) Исмәт: Күнәдан аулақ болу дегенді білдіреді. Пайғамбарлар жасырын яки ашық түрде күнә істемейді.

5) Тәблиғ: Жеткізу, уағыздау дегенді білдіреді. Пайғамбарлар Алладан алған діни үкімдерді сол қалпында еш өзгертпестен адамдарға жеткізіп, уағыздаған.

ҚҰРАН КӘРІМДЕ АТЫ АТАЛҒАН ПАЙҒАМБАРЛАР

Алғашқы пайғамбар – Хазірет Адам (әлейһиссәләм), соңғы пайғамбар – Мұхаммед (с.а.у.). Бұл екеуінің арасында көптеген пайғамбарлар келген. Құран Кәрімде пайғамбарлардың жиырма бесінің есімі аталады. Бірақ жалпы саны одан да көп. Біз Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлармен қатар саны тек қана Аллаға мәлім басқа пайғамбарларға да ешқандай бөліп-жармай сенеміз.

Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлар мыналар:

Адам, 2. Ыдырыс, 3. Нұх, 4. Һұд, 5. Салих, 6. Лұт, 7. Ибраһим, 8. Исмайыл, 9. Ысқақ, 10. Якуб, 11. Юсуф, 12. Шұғайып, 13. Һарун, 14. Мұса, 15. Дәуіт, 16. Сүлеймен, 17. Әйюб, 18. Зулкифил, 19. Юнус, 20. Ілияс, 21. Әлясағ, 22. Зәкәрия, 23. Яхия, 24. Иса. 25. Мұхаммед (с.а.у.).

ПАЙҒАМБАРЛАР ЖЕТКІЗГЕН ДІНДЕРДЕГІ ОРТАҚ НЕГІЗДЕР

Барлық пайғамбарларға Алла тарапынан келген дін – хақ.

Хақ діндердің ешқандай өзгермейтін негіздері бар. Олар:

- 1) Иман негіздері
- 2) Ғибадаттар
- 3) Ахлаки (этикалық) қағидалар.

Уақыт өте келе адамдардың жағдайы мен қажеттіліктеріне байланысты кейбір діни үкімдер мен ғибадат түрлері өзгерген. Пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) келуімен тәмәмдалып, кемелденген.

МҰҒЖИЗА ЖӘНЕ КЕРЕМЕТ ДЕГЕН НЕ?

Мұғжиза: Пайғамбарлардың пайғамбар екендігін дәлелдеу үшін Алланың жәрдемімен көрсеткен таңғажайып істері. Мұғжизалар – пайғамбарлықтың құжаты. Пайғамбарлық міндетіне сай көрініс береді. Қарапайым адамдар мұндай таңғажайып нәрселерді жасай алмайды, мұғжиза көрсете алмайды, оған күштері жетпейді.

Мұғжиза көрсету – пайғамбарларға тән. Алланың қалауы әрі күдіретімен іске асады.

Барлық пайғамбарлар пайғамбар екендігін дәлелдеу үшін мұғжиза көрсеткен, иман келтірмегендерді осылайша әлсіздіктерін мойындатқан.

Керемет: Алланың жәрдемімен әулиелер көрсететін таңғажайып оқиғалар. Мұндай таңғажайып оқиғалар Алланың әулие құлдары үшін керемет, ал пайғамбарлары үшін мұғжиза деп аталады.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ МҰҒЖИЗАЛАРЫ

Пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) Алла тарапынан пайғамбар ретінде жіберілгенін дәлелдеу мақсатында көптеген мұғжиза көрсеткен.

Олардың кейбірі мыналар:

а) Бір күні екінті намазы жақындап қалған кезде, пайғамбарымыз дәрет алу үшін су таба алмайды. Сахабалары оған аз ғана суы бар бір ыдыс алып келеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ыдыстың ішіндегі суға қолын тигізгенде, саусақтарының арасынан су тамшылай бастайды. Сол жердегі үш жүзге жуық жамағат осы сумен дәрет алғанға дейін таусылмайды.

ә) Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мәдина қаласындағы мешітте құрма ағашының дөңбегіне шығып жамағатқа үгіт-насихат жүргізетін. Мұсылмандардың саны көбейгеннен кейін биіктеу бір жерден насихат жүргізу үшін үш сатылы мінбер жасатқызады. Жұма күні құтпаны сол мінберден оқи бастаған кезде, мешіттің екінші басындағы құрма ағашының дөңбегі пайғамбарымыздан жырақ қалғандықтан ботасынан айырылған түйе сияқты боздағаны естіледі. Мұны көрген пайғамбарымыз мінберден түсіп, дөңбекті құшақтап, сипайды; сол кезде жылағаны сап тыйылады.

б) Пайғамбарымыз хижреттен бір жарым жыл бұрын бір күні түнде “Пырақ” деген атқа мініп, Меккедегі Харам Мешітінен Құдыстағы Ақса Мешітіне жетіп, ол жерден Жәбірейілмен (а.с.) бірге көкке көтерілген. Алланың шақыруымен пайғамбарымыз жасаған мұндай сапар әлемде бұрын-соңды болмаған оқиға және өте қысқа уақыт ішінде жүзеге асқан. Алланың шексіз құдіретінің айғағы болған осы оқиға пайғамбарымыздың **“Исра мен Миғраж”** мұғжизасы деп аталады.

в) Пайғамбарымыздың ұлы әрі мәңгілік мұғжизасы – Құран Кәрім. Рухты шаттыққа бөлеп, оқылуы көңілге тыныштық сыйлап, ұшан-теңіз хикметтерге толы мағыналары, адамзаттың бақыты үшін өшпейтін қағидалары, әр ғасырға нұр шашқан ғылыми ақиқаттары арқылы Құран Кәрім тендесі жоқ мұғжиза.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алла Тағала былай дейді:

“Уа, Мұхаммед! Біз сені барлық адамзатқа сүйіншілеуші әрі ескертуші етіп қана жібердік”¹

“Уа, Мұхаммед! Айт: Ей, адамдар! Шынында мен Алланың бәріңе жіберген пайғамбарымын”²

Мұсылмандар бөліп-жармай пайғамбарлардың барлығына иман келтіреді. Бірақ, пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) басқа пайғамбарлар арасында ерекше орны мен ерекшеліктері бар.

Ең басты ерекшеліктері мыналар:

- 1) Пайғамбарымыз (с.а.у.) – Алланың сүйікті құлы, жаратылғандарының ұлысы және ең ардақтысы;
- 2) Соңғы пайғамбар, одан кейін пайғамбар келмейді;
- 3) Барлық адамзаттың пайғамбары. Одан бұрынғы пайғамбарлар белгілі бір қауымға жіберілген;
- 4) Пайғамбарлығы қиямет күніне дейін болатын бүкіл кезеңдерді қамтиды. Бұрынғы пайғамбарлардың қызметі белгілі кезеңге тән еді;
- 5) Пайғамбарымыз жеткізген Ислам діні қияметке дейін жалғасады.

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) СОҢҒЫ ПАЙҒАМБАР БОЛУЫ

Алла Тағала былай дейді:

“Ол –Алланың елшісі және пайғамбарлардың соңғысы”³

Пайғамбарлардың ұлысы әрі соңғысы біздің пайғамбарымыз – Хазірет Мұхаммед (с.а.у.).

Ол жеткізген Ислам діні – соңғы дін. Алла тарапынан түсірілген Құран Кәрім бүкіл адамзатқа арналған Алланың соңғы кітабы.

1 Сәбә сүресі 28-аят.

2 Ағраф сүресі 158-аят.

3 Ахзаб сүресі 40-аят.

Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) келуімен пайғамбарлық есігі жабылды. Ол әлемдегі барлық ұлттың, барлық халықтың пайғамбары. Бұл ақиқат Құран Кәрімде анық баяндалған.

Бұрынғы пайғамбарлар белгілі бір қауымға жіберілген еді. Олар бір ғана үйдің ішіне жарық шашатын шыраққа ұқсайды. Ал, күллі адамзатқа жіберілген біздің пайғамбарымыз болса, бүкіл әлемге сәулесін төгіп, нұрын шашып тұратын күн сияқты. Күн шыққаннан кейін шырақтарға қажеттілік қалмаған.

Оқу мәтіні:

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ ЖАЙЫНДА АЙТЫЛҒАН СӨЗДЕР

“Адамзат тарихының ұлы тұлғасы Хазірет Мұхаммед”.

Михайл Х.Харт деген американдық ғалым “Адамзат тарихының ең ықпалды 100 адамы” деген тарихи зерттеуінде тарихта және бүгінгі таңда ең көп ықпал еткен ұлы 100 адамның арасында Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) әлемдегі теңдессіз ұлы тұлға екенін жазған.

Американдық ғалым жазған бұл кітап 1978 жылы Қазан айында басылып шықты. Әрі үлкен қолдау тапты. Кітаптың авторы профессор, доктор Михайл Х.Харт еңбегінде Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) ұлы тұлға екендігін былай дәлелдеген:

“Әлемдегі ең ықпалды, ұлы тұлғалардың тізімінің басына Хазірет Мұхаммедті таңдағаным кейбір оқырмандарды таң қалдыруы, кейбіреулердің сұрақ сұрауына да жол ашуы мүмкін. Бірақ Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) тарихта діни және дүниелік тұрғыдан зор табыстарға жеткен бірден-бір тұлға”.

Сүйікті пайғамбарымызға үлкен құрметпен қараған неміс зиялысы Пренс Бисмарк былай дейді:

“Мен сенімен замандас болмағаным үшін қатты өкінемін, уа, Мұхаммед! Адамзат сен сияқты ерекше жанды бір-ақ рет көрді, бұдан кейін енді мүлде көрмейді. Мен сенің айбынды тұлғаның алдында үлкен құрметпен бас иемін”.

Француз философы Алекси Ливазон былай дейді:

“Адамдарға тура жол көрсету үшін Хазірет Мұхаммедке түскен Құран – данышпандыққа толы құнды кітап. Хазірет Мұхаммедтің шынайы пайғамбар екендігі күмәнсіз”.

Атақты Толстой былай дейді:

“Пайғамбар Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) – ұлы реформатор. Адамзатқа өте үлкен қызмет көрсеткен. Үмбетін хақ нұрына қауыштырды. Оған осы құрмет пен атақ жеткілікті. Үмбетін қан төкпестен қорғады, табысқа жеткізді. Оларға алға ілгерілеудің, дамудың жолын ашты. Ол сияқты ұлы адам қандай құрметке болса да лайық”.

СҰРАҚТАР:

- 1) Пайғамбар кім және неге пайғамбарларға мұқтажбыз?
- 2) Пайғамбардың міндеттері қандай?
- 3) Пайғамбардың бойынан табылуы тиіс сипаттарды атаңыз.
- 4) Құран Кәрімде аттары аталған пайғамбарлар мен алғашқы және соңғы пайғамбарды атаңыз.
- 5) Пайғамбарлар шақырған діндердегі ортақ негіздер нелер?
- 6) Мұғжиза мен керемет деген не?
- 7) Пайғамбарымыздың мұғжизаларынан үшеуін айтыңыз.
- 8) Құран Кәрім қандай мұғжиза?
- 9) Пайғамбарымыздың ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
- 10) Пайғамбарымыздың соңғы пайғамбар екендігі жайлы айтып беріңіз.

Тақырыптар:

- Ақырет күніне иман деген не?
 - Ақыретке иманның пайдалары.
 - Өлім, қабір және қиямет.
 - Сый, жаза, жәннат және жәһаннам.
-

АҚЫРЕТ КҮНІНЕ ИМАН ДЕГЕН НЕ?

Иман шарттарының бесіншісі “ақырет күніне иман келтіру”. Адамзаттың және басқа жаратылған тіршілік иелерінің соңы болғаны сияқты, өмір сүріп жатқан әлеміміздің де бір күні соңы келеді. Алланың тағдыр етіп жазған уақыты келгенде Исафил періште “Сур” деп аталатын нәрсені үрлейді, осыдан шығатын қорқынышты дыбыстың әсерінен (Алланың қалағанынан басқа) барлық тіршілік иелері өледі, жер мен жеті қабат көк жүйесі бұзылып әлем жаңа бір бейнеге кіреді.

Қиямет деп аталатын бұл оқиғадан біраз уақыт өткеннен кейін Алланың бұйрығымен Исафил періште екінші рет “сурды” үрлейді. Барлық адамзат қайтадан тіріліп, “Махшар” делінген алаңға жиналады. Бұл жерде барлық адам Алланың құзырына шығарылып, дүниедегі істері үшін есепке тартылады. “Кираман, Кәтибин” деген періштелер тарапынан жақсылық пен жамандықтары жазылған “Амал дәптерлері” пенденің қолына беріледі. Әркім дүниеде не істегенін амал дәптерлерінен көретін болады.

Дүниеде ашық, жасырын істелген барлық күнәлар анықталады. Жақсылықтар мен жамандықтар асқан мұқияттылықпен әділеттік таразысына тартылады. Сонда адам баласы дүниеде істегендерінің қайтарымын көреді.

Адам дүниеде не екен болса, ақыретте соны орады. Алланың әділеттілігі орындалып, әркімге өз ақысы беріледі. Ешкім әділетсіздікке ұшырамайды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деп хабар береді:

“Қиямет күні адам баласы төрт нәрседен сұраққа тартылмайынша Алланың құзырынан кетпейді:

- Өмірін қай жерде өткізгендігі;
- Денсаулығын қайда құртқандығы;
- Дүние мүлкін қайдан тауып, қайда жұмсағандығы;
- Білгенімен қалай амал жасағандығы”¹

Жаңадан тіріліп, шексіздікке дейін жалғасатын уақытты “Ақырет күні” дейді. Ендеше, барлық адамдардың өлгеннен кейін қайтадан тірілуіне одан кейін жалғасатын мәңгілік өмірге иман келтіру, иманның маңызды негіздерінің бірі болып табылады.

АҚЫРЕТКЕ ИМАННЫҢ ПАЙДАЛАРЫ

а) Ақырет күніне сену адамның жауапкершілік сезімін арттырады. Жауапкершілікті сезінген адам іс-әрекеттеріне көңіл аударып мұқият болады.

Ақыретке иман келтіру дегеніміз – өлгеннен кейін қайта тірілуге, дүниеде істеген істеріміз жайында Алланың алдында есеп беретінімізге, жақсылық жасаған адамдардың мол табысқа жететіндігіне, ал жамандық істеген адамдардың жазаланатындығына сену дегенді білдіреді. Мұндай сенім адамды жамандық жасаудан сақтандырып, жақсылыққа, дұрыс жолға жөн сілтеп, парасатты, адамгершілікті дарытады. Осындай иманға ие болған адамдардан құрылған қоғамда ешкім-ешкімге қиянат жасамайды, зиян тигізбейді, барлығы бір-бірінің құқықтарына құрмет көрсетіп, қолынан келгенше жақсылық жасайды. Мұндай әрекеттер адамдар арасында өзара сүйіспеншілік пен сенімді арттырады. Әрбір адамның мінезін түзеп, қоғамда береке-бірлік сақталуында ақыретке иман келтірудің маңызы мен рөлі зор.

ә) Ақыретке иман келтірген адам бұл уақытша дүниеде жүріп мәңгілік өмірге дайындалады. Ұзақ сапарға шығатын адам жететіндей керек-жарақ алып жолға әзірленеді. Керек-жарақ, дайындықсыз жолға шықпайды.

1 Әт-тәрғиб уат-тәрғиб, 1 том, 125-бет

Ал, өлгеннен кейін жалғасатын ақырет сапары дүниедегі сапарлардан әлдеқайда ұзақ әрі маңызды. Сол себепті ақырет үшін азық жинап, әзірленуіміз керек.

Ақырет күніне сенген адам Алланың әмірлерін орындап, тыйым салынған нәрселерден бойын аулақ салу арқылы ақыретке дайындалады. Дайындалып жолға шыққандар тамаша өмірге қол жеткізеді. Алла бұл жайында **“Азық жинаңдар”** деп қай уақытта да дайын болуымызды нұсқаған.

Ақырет үшін дайындық жасамағандар өлген кездерінде шындықты көріп, Алланың әмірлерін орындау үшін дүниеге кері қайтқысы келеді. Бірақ болар іс болғандықтан, бұл тілегі қабыл болмайды. Бұл жағдай Құран Кәрімде былай баяндалады:

“Олардың біріне өлім келе қалса “Раббым! Мені дүниеге қайтара гөр! Бәлкім орындамағандарымды орындап, жақсы істер істермін – дейді.”²

б) Ақырет күніне иман келтіру адамды жұбатып, қайғысын азайтады.

Мысалы, дүниеде қаншама жақсы деген адамдар істеген жақсылықтарының зейнетін көрместен, зұлымдыққа ұшырағандар ақыларын алмастан, қанша залым адамдар жазаларын тартпастан өліп кетеді. Әділетті мен әділетсіздің, жақсылық пен жамандықтың бір-бірінен ажыратылып, әр адамның істегеніне лайықты қарымын алатын күн – ақырет күні.

Ақырет күнінде Алланың әділеті орнайды: Жақсылық жасаған адамдарға істеген жақсылықтарының сыйы, сауабы, жемісі артығымен беріледі. Әділетсіздікке ұшырағандар ақыларын алады. Залымдар да істегендеріне қарай жазасын тартады. Осындай сенім адамды тыныштандырып, жұбатып, қайғы-мұңын азайтады.

ӨЛІМ

Әр адамның өмір сүретін белгілі бір уақыты бар. Бұл уақыт бітісімен адам қайтыс болады. Адам – дене мен жанның бірлесуінен пайда болған тіршілік иесі. Денемізді жандандырып, әрекетке келтіріп оты-

2 Мұминун сүресі 100-аят.

ратын нәрсе – рух. Алланың белгілеген күні келген кезде рух денеден айырылады. Рухтың денеден ажырауын **“өлім”** деп атайды. Өлім – әр адамның тағдырына жазылған. Одан құтылу жоқ.

Бұл ақиқат Құран Кәрімде былай баяндалады:

“Әрбір тірішілік иесі өлімді татады”³

“Қай жерде болсаңдар да, тіпті берік қорғанның ішінде болсаңдар да өлім сендерге жетеді”⁴

Өлім – жоқ болу дегенді білдірмейді. Өткінші дүние өмірінен мәңгі өмірге өту дегенді білдіреді.

Алла алдындағы міндетін атқарғандарға өлім – бұдан да жоғары өмірге қауышу үшін ашылатын есік.

ҚАБІР

Адамның өлімінен қиямет күні қайтадан тірілуіне дейінгі уақыты **“қабір өмірі”** деп аталады. Осы уақыт арлығында болатын орнын **“қабір”** дейді. Адам өлген кезде денесі шіриді, топыраққа сіңіп кетеді, бірақ денеден ажыраған рух өлмейді, адам қабірге қойылған кезде Мүңкәр және Нәкір деген періштелер оны сұраққа тартады. Сұрақтарға дұрыс жауап бергендер үшін қабір тынығу орны, ал жауап бере алмағандар үшін азап мекені болады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) қабірдің жағдайын былайша суреттейді:

“Қабір – не жәннат бақшаларының бір бақшасы, не болмаса жәһаннам (тозақ) шұңқырларының бір шұңқыры”⁵

Қабір – Алла алдындағы өз міндетін орындаған, өзгелерге ізгілік еткен кісілер тынығып, рахат көретін жәннат бақшаларының бірі, ал өз міндетін орындамаған пенделер үшін азап тартатын жәһаннам шұңқыры болмақ.

3 Әли Имран сүресі 185-аят

4 Ниса сүресі 78-аят

5 Кәшфул хафа II том, 90 бет.

ҚИЯМЕТ

Бұдан бұрын айтып өткеніміздей, Алла Тағаланың белгілеген уақыты келген кезде төрт ұлы періштенің бірі Исафил “Сур” деп аталатын аспапты үрлейді. Одан өте үрейлі дауыс шығады, осы дауыстың әсерінен барлық тіршілік иелері өледі және әлемде орасан зор өзгерістер болады.

Бұл оқиға былай болмақ:

Көк жарылып, жер жүзін нұрландырып тұрған Күн түріліп, сәулесін жоғалтады, туған сайын көк жүзіне көрік беріп түнімізді жарықтандыратын Ай тұтылып, Күнмен бірлеседі.

Көкте жарқыраған жарық жұлдыздар сөніп, бұршақ сияқты жауады, жер жүзі күшті жер сілкіністен шайқалып, теңіздер қайнайды. Таулар орнынан төңкеріліп, тозаңдай шашылады. Қысқасы, әлемнің қазіргі жүйесі бұзылып, жер мен көк басқаша түрге енеді.

Бұл ұлы оқиға “Қиямет” деп аталады. Қияметтің қашан болатынын бір Жаратушы ғана біледі.

СЫЙ, ЖАЗА, ЖӘННАТ және ЖӘҢНАМ

Істелген жақсылықтардың қайтарымы – “сый”, ал жамандықтардың қайтарымы – “жаза”.

Адамдар бұл дүниеге сынақ үшін жіберіліп, орындайтын міндеттері білдірілген. Алланың әмірлерін орындаған, тыйым салынған нәрселерден ұзақ болған және басқаларға жақсылық жасаған адамдар бұл сынақтан өтіп, нәтижеде үлкен сыйға кенеледі. Әр адам дүниеде жасағанына қарай ақыретте толық қайтарымын көретін болады.

Алла Тағала былай дейді:

“Қиямет күні әділет таразысын орнатамыз. Ешкім ешқандай әділетсіздікке ұшырамайды”⁶

“Кімде-кім тозаңдай жақсылық жасаса, ол оның сыйын көреді. Кім тозаңдай жамандық жасаған болса, ол да оның жазасын көреді”⁷

6 Өнбия сүресі, 47-аят.

7 Зилзәлә сүресі 7, 8-аяттар.

Жәннат – мұминдерге дайындалған сый-сыяпат мекені.

Жәннатта бұл дүниеде көз көріп, құлақ естімеген және ешбір адамның қиялы жетпес нығметтер бар. Жәннат – адамның көңілі қалап, ұнаған нәрсесін тұрақты таба алатын теңдесі жоқ тамаша мекен. Ол жерде барлық нәрсе адамның көңіліне қарай болады, нені қаласа сол сәтте-ақ қалаған нәрсесі дайын болады.

Жәннатта ауру, қорқыныш, қайғы-мұң жоқ. Ол жерде адам мәңгілік жас болып қалады, қартаймайды. Жәннатағы өмір – мәңгілік, өлім жоқ. Ол жерге кірген адам ол жерден еш уақытта шықпайды. Қалағанын табады, шаттық, қуаныш, бақыт кешіп мәңгі-бақи өмір сүреді.

Құран Кәрімде бұл жайында былай делінген:

“Иман келтіріп, ізгілік еткен жандар – жәннаттық болғандар; олар жәннатта мәңгі тұрақтайды”⁸

“Ол жерде олар үшін не қаласа бәрі бар және артығымен бар”⁹

Алла Тағаланың әмірін орындамаған, өзін харам нәрселерден тыймаған, адамдарға жамандық жасағандар бұл істерінің қайтарымы ретінде жәһаннамда жазаланады.

Жәһаннам – иман келтірмегендер мен иман келтірсе де, күнә іс жасағандардың ақыретте отпен жазаланатын орны. Имансыз өлгендер тозақта мәңгілік қалады.

Иман келтірсе де Алланың әмірлеріне сай әрекет жасамаған діни міндеттерін атқармағандар белгілі бір уақыт жәһаннамда жазаларын тартқаннан кейін шығып, сенімдері бар болғаны үшін жәннатқа кіреді. Кәпірлер мен мұнафықтар мәңгі жәһаннамға тасталады.

Құранда кәпірлер мен мұнафықтардың жағдайы былай білдіріледі:

“Иман келтірмегендер, аяттарымызды өтірік дегендер – жәһаннамдық адамдар. Олар ол жерде мәңгі қалады”¹⁰

“Шындығында, мұнафықтар сөзсіз тозақтың ең астыңғы қабатында болады. Оларды құтқаратын ешбір медеткер таба алмайсың”¹¹

8 Бақара сүресі, 82-аят.

9 Қаф сүресі, 35-аят.

10 Бақара сүресі, 39-аят.

11 (Ниса сүресі, 145-аят).

СҰРАҚТАР:

- 1) Ақырет күні деген не?
- 2) Ақыретке иман келтірудің пайдаларын қысқаша айтып беріңіз
- 3) Өлім деген не?
- 4) Қабірдегі өмір қандай болады?
- 5) Қиямет деген не?
- 6) Сый мен жаза сөздерінің мағынасы түсіндіріңіз.
- 7) Жәннат пен жәһаннам деген не? Олар кімдер үшін әзірленген?

Тақырыптар:

- Тағдыр мен қаза деген не?
 - Адамның жауапкершілігі
 - Тағдыр мен қазаға сенудің пайдалары
 - Рызық және ажал
 - Тәуекел және еңбектену
 - Ислам дінінде еңбек етудің маңызы
 - Ағаш отырғызайық (мәтін).
-

ТАҒДЫР МЕН ҚАЗА ДЕГЕН НЕ?

Иман шарттарының алтыншысы – тағдыр мен қазаға, жақсылық пен жамандықтың Алла Тағаланың жаратуымен болатындығына сену.

Діни термин ретінде “тағдыр” мен “қазаның” мағыналары:

Тағдыр: Әлемде болатын құбылыстардың мезгілін, орнын, ерекшеліктерін және қалай болатынын Алла Тағала ежелден біліп, тағдыр етіп, белгілеп қоюын “тағдыр” дейді.

Қаза: Алланың ежелден тағдыр еткен құбылыстарды мезгілі келгенде осы тағдырда жазылғандай жаратуын “қаза” дейді.

Егер қадарды (тағдырды) бір жоспарға ұқсататын болсақ, “қаза” – жоспарға сәйкес сол нәрсенің жүзеге асырылуы. Әлемде болып жатқан және пайда болатын кез келген нәрсе Алланың білуі, қалауы және жаратуымен болады. Одан басқа жаратушы жоқ.

Тағдыр мен қазаға иман келтіру – жақсылық пен жамандықтың Алла тарапынан белгіленіп, уақыты келісімен орындалатынына сену дегенді білдіреді.

АДАМНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Адамның іс-әрекеті екіге бөлінеді:

Біріншісі, өз қалауынан тыс, Алланың жаратуымен жүзеге асатын істер. Науқастыққа байланысты қолының дірілдеуі, жүрегінің соғуы, бойының қысқа немесе ұзын болуы сияқты. Бұлар тікелей Алланың қалауымен және жаратуымен жүзеге асатындықтан адамдар бұл істерге жауапты емес.

Екіншісі, адамның қалауына байланысты Алланың жаратуымен жүзеге асатын істер. Адамның отырып-тұруы, қолымен және басқа мүшелерімен істеген істері Алланың жаратуымен жүзеге асатындықтан адамдар бұл істеріне жауапты болады.

Әрбір нәрсені белгілеп, жаратушы – Алла. Бірақ, бір істі істеуде не істемеуде Алла адамға қалау, яғни таңдау еркін берген. Адам осы қалауымен жақсылықты таңдап, күш-қуатын соны істеу үшін жұмсайтын болса, Алла жақсылықты жаратады. Егер адам жамандықты таңдап, талпынысын соған бағыттаса, Алла жамандықты жаратады.

Байқағанымыздай, адам не істегісі келсе Алла соны жаратады. “Жақсылық пен жамандық Алладан. Яғни жақсылық пен жамандық Алланың жаратуымен болады” деген сөздің мағынасы осы.

Адамның істеген істеріне жауапты болуының себебі, осы таңдау еркіне ие болуында және күш-қуатын таңдаған ісін істеуге бағыттауында. Сол үшін әркім өз еркімен жасаған істеріне жауапты. Жақсылық жасаған болса сыйын, жамандық істеген болға жазасын көреді.

ТАҒДЫР (ҚАДАР) МЕН ҚАЗАҒА СЕНУДІҢ ПАЙДАЛАРЫ

Тағдырға сенген адам әлемде кез келген нәрсенің Алланың қалауы және жаратуымен болатынын, бірақ адамға таңдау еркі мен жұмыс жасау күші берілгенін біледі. Осындай сенімге ие болған адам өмірде табысқа жету үшін бар күшін салып еңбек етеді, ештеңеден тайынбайды. Өйткені, адам ерік-жігерімен күш-қайратын бір іс жасауға бағыттаса, ол істі Алланың жарататындығына және өзін табысқа жеткізетініне сенеді.

Адам өз қалауымен жасаған нәрселерінен жауап беретінін білгендіктен, өзіне берілген ерікті жақсы істерге бағыттайды. Жазасын тартатын істерден сақтанады. Осылайша тағдырға деген сенім әр адамның жұмыс істеу ынтасын арттырып, адамда жауапкершілік сезімін оятады.

Тағдырға сенетін адам істерінде табысты бола алмаған немесе бір қырсыққа тап келген жағдайларда үмітсіздікке салынбайды, еңсесін түсірмейді. Өйткені, Алланың әр ісінде бір сыр (хикмет) бар екенін, адамның күші шектеулі тіршілік иесі болып жаратылғанын, күші жетпеген істерге жауап бермейтінін біледі және Алланың жазғанына бас иеді. Бұл сенім адамды тыныштандырып, қайғысын азайтады.

Тағдырға деген сенім бізге тіршіліктегі әр нәрсенің бір жоспарға сәйкес, көзделген бір мақсатқа орай жаратылғанын, әр нәрсенің бір себебі бар екенін үйретеді.

Бұл сенім арқылы адам өмірде табысқа жетудің жолдары мен себептерін іздестіре отырып, мойнына жүктеген міндеттерін орындауға тырысады.

РЫЗЫҚ

Тіршілік иелерінің ішіп-жейтін, пайдаланатын нәрселері “рызық” деп аталады. Барлық тіршілік иелеріне рызық беруші – Алла. Құранда Алла Тағала былай дейді:

“Жер жүзіндегі күллі жаратылыстың көрегі тек Аллаға ғана тиесілі”¹

Алла әркімнің рызығын белгілеп, жазып қойған. Бірақ сол рызықты іздеп табу адамның өз қолында. Адамның міндеті – рызығын адал жолдармен табу. Адам рызығын қалай қаласа, Алла соған қарай береді. Несібесін табу жолындағы ерік-жігерін жамандыққа жұмсаған және харам нәрсе жеген адам жазасын тартады.

АЖАЛ

Жоқтан бар етіп, адамға өмір сыйлаған Алла оның қаншалықты өмір сүретінін де жазып қойған. Өмір – адамның туғанынан өлгеніне

¹ Һүд сүресі, 6-аят.

дейін өтетін шектеулі уақыт. Ажал – адамның дәм-тұзы бітіп, дүниедегі өмірінің аяқталған уақыты.

Әр адамның қаншалықты өмір сүретінін, қашан, қай жерде және қалай өлетінін Алла жазып қойған. Өлім себептері қандай болмасын, ажал біреу, еш уақытта өзгермейді. “Ажал” деген белгіленген уақыт келген кезде адам өледі. Ажалдың еш өзгермейтінін Алла Құран Кәрімде баяндаған:

“Ал енді олардың ажалы келгенде, оны бір сәтке кешіктіре де, ілгеріге де ала алмайды”²

Бізге жүктелген міндет – денсаулығымызды сақтап, өмірімізге қауіп төндіретін нәрселерден сақтанып, шектеулі уақытымызды босқа өткізбей, ешқашан өлмейтіндей бұл дүние үшін, ертең өлетіндей ақырет үшін еңбектену.

Адам өмірінің қашан бітетінін, ажалының қашан келетінін біле алмағандықтан, міндеттерін уақытында орындап, келер күнге қалдырмауы керек.

ТӘУЕКЕЛ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ЕТУ

Тәуекел – кез келген іске бар күшімізді салып, қолымыздан келгенше әрекеттеніп, нәтижесін Алладан күту.

Мұны бір мысалмен түсіндірейік.

Егіннен жақсы өнім алғысы келген диқан әуелі егіс алқабын жақсылап жыртып, тұқым себеді, тыңайтқыш беріп, қажет болған кезде суарады. Егінді зиянды жәндіктерден қорғау үшін әр түрлі шаралар жасағаннан кейін ғана Аллаға тапсырып, тәуекел етеді. Өйткені, диқан барлық қолынан келгенін жасады. Енді егіннің өсіп, өнім беруін Алладан күтеді. Нағыз тәуекел, міне осы.

Өйтпесе ешқандай маңдай терін төкпестен бір істің бола қоюын қалау және нәтижесін Алладан күту – тәуекел емес. Бұл мұсылманға жараспайтын қате пікір.

2 Нахыл сүресі, 61-аят).

Түйесін қазыққа байламай, бос қоя беріп “Аллаға тәуекел еттім” деген бір кісіге Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: “Алдымен түйенді байлап, содан кейін ғана тәуекел ет”³.

Бұл сөзден мұсылманның әуелі қолынан келгенін жасап, тек содан кейін ғана Аллаға тәуекел ету керектігін түсінудеміз.

Намаз оқып, ораза ұстау қалайша діни міндет болып табылса, күн көрісін қамтамасыз ету үшін еңбек етіп, ақша табу да ғибадатқа теңсер міндет.

Алла Тағала былай дейді:

“Намаз оқылып болған соң жер жүзіне таралып, Алланың мол рақымынан нәсіптеріңді іздеңдер”⁴.

Пайғамбарымыз да адал табыс табудың парыз екенін айтқан.⁵ Хазірет Омар: “Ешбірің ризық іздеместен “Уа, Алла, маған ризық бер” демесін. Көктен алтынның да, күмістің де жаумайтынын жақсы білесіңдер” деген.⁶

Көріп отырғанымыздай, еңбек ету – дініміздің әмірі, мұсылманның міндеті. Бір істе табысқа жету үшін алдымен қолымыздан келгенін жасаймыз, бар күшімізді салып еңбектенеміз. Содан кейін ғана табысқа жеткізуді Алладан күтеміз.

ИСЛАМ ДІНІНДЕ ЕҢБЕК ЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

Соңғы және қасиетті дін болып табылатын Исламның мақсаты – адамдардың бақыты. Бұл бақыт бір жақты, ауытқымалы бақыт емес.

Ислам діні адамдарға бұл дүниеде және ақырет өмірінде бақытты болудың жолдарын көрсетеді. Дүние мен ақырет бақыты еңбектену арқылы болады. Сондықтан, мұсылман екі дүние үшін де еңбектенуі керек. Дүние үшін еңбектеніп, табыс табу – дініміздің әмірі.

3 Кәшфүл-хафа, 1-том, 144-бет

4 Жұма сүресі, 10-аят

5 Кәшфүл –хафа, 3-том, 46-бет

6 Шарху Айнил-илм, 1-том, 182 бет

Алла Тағала Құран Кәрімде: **“Шын мәнінде адам үшін өз табысынан басқа ештеңе жоқ”**⁷ дей отырып, еңбектенудің маңызын білдірген.

Пайғамбарымыз да: **“Адамның жеген ең қайырлы тамағы – өз еңбегімен тапқаны. Алланың пайғамбары Дәуіт (aleyһиссәләм) те өз еңбегімен күн көретін”** деген.⁸

Дініміз еңбек етуге үлкен мән беріп, адал табыс табу үшін еңбектенуді ғибадат ретінде бағалаған.

Бір күні сахабалар пайғамбарымызбен бірге отырғанда жандарынан күшті, қажырлы, қайратты бір кісінің өтіп бара жатқанын көреді.

Сахабалар:

“Әй, Алланың елшісі! Өттең, бұл кісі Алла жолында еңбектенсе ғой” дейді.

Сонда пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деп жауап берді:

– **“Егер бұл кісі үйінен шиеттей бала-шағасына нан табу үшін шыққан болса, онда Алла жолында. Қарт ата-анасының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін шықса, Алла жолында. Өз нанын табу үшін шыққан болса да Алла жолында. Ал егер сырт көзге көрсету үшін шыққан болса, онда шайтан жолында”**.⁹

Исламның бес шартының екеуі “Зекет” пен “Қажылық”, бай-дәулетті мұсылмандардың орындауы керек ғибадаттар. Ал байлыққа тек еңбектену арқылы ғана қол жеткізуге болады. Еңбектенген адам – абзал адам. Өйткені адам еңбектену арқылы әрі өзіне, әрі отбасына, әрі халқына пайда тигізеді.

Хадисте: **“Адамдардың ең қайырлысы – жұртқа пайда тигізгені”** делінген.¹⁰

Әрбір мұсылман ешқашан өлмейтіндей дүние үшін, ертең өлетіндей ақырет үшін еңбектенуі керек.

7 Нәжім сүресі, 39-аят

8 Риязүс-салихин, 1-том, 569-бет

9 Өт-тәрғиб уәт-тәрһиб”, II-том, 524 бет

10 250 Хадис, 121-бет

Пайғамбарымыз еңбектенуге үнемі шақырып отырған. **“Екі күні бір-біріне тең өткен адам – алданған адам”**¹¹ дей отырып, мұсылмандардың күн сайын алға қарай жылжуын қалаған.

Мәдиналық мұсылмандардың бірі келіп, жәрдем сұрайды. Пайғамбарымыз оған:

Үйінде ештеңе жоқ па? – дейді. Ол :

Бір жағын үстімізге жамылып, бір жағын астымызға төсеп жүрген көрпе мен су ішіп жүрген бір ыдыс қана бар, – дейді.

– Барып, соларды маған алып кел!

Ол үйіне барып әкеп береді. Пайғамбарымыз:

– Бұларды кім сатып алады? – деді.

Мұсылмандардың бірі:

– “Уа, Расулалла, мен оларды бір дирхамға сатып алайын, – дейді. Пайғамбарымыз:

– Одан да көбірек беретін адам бар ма? – деп сұрайды. Басқа біреуі:

– Мен екі дирхамға алайын, – дейді. Пайғамбарымыз бұларды сол адамға сатты. Содан кейін өзіне келген кісіге бұрылып:

– Бұл теңгенің біреуіне отбасың жейтін нәрсе ал, ал екіншісіне балта алып, маған кел, – деп тапсырды. Балта алып келгенде пайғамбарымыз өз қолымен балтасын саптап беріп:

– Қане, енді барып таудан отын әкеліп сат. Он бес күндей сені бұл жерден көрмейтін болайын, – дейді.

Он бес күннен кейін келгенде, байқаса, он дирхам тауып, жартысына тамақ, жартысына киім алған екен. Сол кезде пайғамбарымыз:

– Осылай еңбектенгенің қайыршылық жасаудан жақсырақ. Өйткені қайыршы болу ақырет күнінде жүзіңе қара дақ болып жағылады, – дейді.¹²

Пайғамбарымыз мына тамаша сөздері арқылы бізге дүние мен ақыретте бақытты болудың жолдарын көрсеткен:

11 Кәшфүл-хафа, II-том, 233-бет

12 Өт-тәғһиб уәт-тәһһиб, II-том, 523 бет

“Сендердің араларындағы ең қайырлы адам – бұл дүние үшін ақыретті ұмытпай, ақырет үшін бұл дүниені ұмытпай, екі дүние үшін де еңбектенетін және ешкімге ауыртпалығын артпайтын жан”.¹³

Ендеше, мұсылман әрі дүние, әрі ақырет үшін еңбектеніп, күн сайын алға ілгерілеп отыруы қажет. Дініміздің әмірі де осы.

Оқу мәтіні:

АҒАШ ОТЫРҒЫЗАЙЫҚ

Сүйікті пайғамбарымыз: **“Қиямет қайым басталған кезде кімнің қолында бір құрма ағашы болса, қиямет орнамай тұрып күші жетсе дереу отырғызып үлгерсін”** дейді.¹⁴

“Бір мұсылман бір ағаш отырғызса немесе бір нәрсе ексе және одан бір құс, бір адам немесе жануар жесе, ол адам үшін садақа болып есептеледі”.¹⁵

“Әлдекім ағаш отырғызса, дәптеріне отырғызған ағашының жемісіндей сауап жазылады”¹⁶

Аббаси халифаларынан Һарун Рашид бір қарт кісінің жеміс ағашын отырғызып жатқанын көріп, оған:

– Әкей, өзіңіз қартайыпсыз. Отырғызып жатқан ағаштың жемісін жей алмайсыз, неге бейнеттеніп жатырсыз? – дейді.

Қарт кісі былай деп жауап береді:

– Бізден бұрынғылар отырғызған ағаштың жемісін біз жедік. Енді біз отырғызған ағаштың жемісін кейінгілер жесін.

Бұл жауап Һарун Рашидке ұнап, қартқа бір уыс алтын береді.

– “Көрдің бе, балам, отырғызып жатқан ағаштың жемісін міне, мен де көрдім”, – дейді.

Бұл сөз де Һарун Рашидке ұнайды.

13 Мухтару-л – ахадис

14 250 хадис, 27 бет

15 Тәжриди сарих, аудармасы мен түсініктемесі, VII, 121 б

16 Тәжриди сарих аудармасы және түсініктемесі, VII, 122 б

Ағаштар мен ормандар – елдің байлығы. Жұтқан ауамыздан ішкен суымызға, оқыған кітабымыздан жазған қаламымызға дейін барлық жерде ағашты көреміз. Тіршілік иелерінің өмірі үшін қажетті оттегін ормандар өндіреді, әртүрлі жануарлар мен құстарға пана болады. Орман, топырақтың эрозияға ұшырауына кедергі келтіреді.

Сол себепті жақсы ұрпақ тәрбиелеу сияқты ағаш өсірудің қайырлы іс екендігінде дау жоқ. Ағаш отырғызып, өсіру қаншалықты сауапты болса, ағашты кесіп, орманды қирату да соншалықты күнә іс.

Пайғамбарымыз былай дейді: “Кімде-кім бір жас шыбықты кессе, Алла Тағала сол адамды қиямет күні аяғынан алып жәһаннамға тастайды”.¹⁷

Бұл хадис мұсылмандар үшін маңызды ескерту.

Адам баласы өте бір қажеттілік болмаса, ағашты қалайша кеседі? Ормандардың күлге айналуына және сол жерде тіршілік құратын жәндіктердің отқа орануына қалайша себеп бола алады?

Ағаштар мен орманды аяусыз отағандар, осы істеген жамандықтары үшін қиямет күні жауап береді, лайықты жазасын тартады. Мұсылман ретінде біздің міндетіміз: пайғамбарымыздың әмірлері мен өсиеттерін орындап, ағаш отырғызып, өсіру, ағаштарды баладай мәпелеу, ормандарды көзіміздің қарашығындай қорғау. Ағаш отырғызу құлшылық дәрежесінде өте жақсы іс, сонымен бірге патриоттық міндет. Ағашты жақсы көретін бір отандасымыздың ағаштың сезімдерін қалай баяндағанын көріңіздер.

Міне, дұғаға жайылған адамның алақандары сияқты көкке ұзарған ағаштың мінәжаты:

Қыстың суық түндерінде үйіңді жылытатын, жаздың ыстық күнінде күннен сая болатын менмін.

Үйіңнің төбесі, баспанаңның есігі, үстеліңнің тақтайы менмін.

Қаламың да мен, қағазың да мен, бесіктен мазарға дейін адал досың да мен болам.

Туғанда қуанышыңа, өмірде қызметіңе, өлгенде қайғыңа ортақтасамын.

¹⁷ Фәйзул-қадир, 6-том, 206-б

Мені өрттің алауынан, балтаның жүзінен, ешкінің тісінен қорға.

Өйткені мен отаныңның көркі, жеріңнің байлығы, еліңнің әшекейі, таулардың пердесімін.

Мені сүйсең, бұтақтарымда құстар сайрайды, басымнан жел еседі, көлеңкемде жолаушылар тынығады.

Мені жақпа, сайлар сел болады, таулар жалаңданады. Бұлақтар бітеледі, топырақ құрғайды. Жағатының тезек, ғимаратың кірпіш болады.

Насихатымды тыңда, балтанды ағашқа емес тасқа шап.

Мені жақпа, менің қойнауымдағы жәндіктерге тиме.

Жүрегінді жарып шыққан ең үлкен тілек ағашты сүю болғай.

Осындай сөздермен бізге үндеу жасайтын, мені құтқарыңдар дегендей жалбарған жас ағашқа қалай қол көтеріп, қалай қатыгездік жасауға болады?

СҰРАҚТАР

- 1) Тағдыр (қадар) мен қаза деген не? Түсіндіріңіз.
- 2) Адамның істері қаншаға бөлінеді?
- 3) Адам баласы жасаған істеріне не үшін жауап береді?
- 4) Тағдыр мен қазаға сенудің пайдаларын айтып беріңіз.
- 5) Рызық пен ажал деген не? Түсіндіріңіз.
- 6) Тәуекел және еңбектену дегенді қалай түсінесіз?
- 7) Ислам дініндегі еңбектенудің маңызын айтып беріңіз?

ЕКІНШІ ТАРАУ
ҒИБАДАТ

Тақырыптар:

- Ғибадат деген не, не үшін ғибадат жасаймыз?
 - Ғибадаттың түрлері.
 - Ғибадаттың дәрежелері мен пайдалары.
-

ҒИБАДАТ ДЕГЕН НЕ?

Ғибадат дегеніміз – Аллаға тағзым етіп, құрмет көрсету және Оның бізге берген шексіз нығметтері үшін алғыс білдіру.

НЕ ҮШІН ҒИБАДАТ ЕТЕМІЗ?

Бізді жоқтан жаратқан – Алла Тағала. Алла Тағала денемізге көретін көз, еститін құлақ, сөйлейтін тіл сияқты тамаша мүшелер беріп әсемдеген. Басқа тіршілік иелерінен артық етіп бізге ақыл берді және ең жоғары дәрежеге көтерді. Бұлардан басқа өмір сүре алуымыз үшін керекті тыныс алатын ауадан ішкен суымызға дейін шексіз нығметтер берді.

Сондай-ақ бізді жалғыз тастамады. Пайғамбарлар мен кітаптар жібере отырып, дүние және ақыретте бақытты болудың жолдарын көрсетті. Осы жақсылықтардың қайтарымы ретінде Алла Тағала бізден өзін танып-біліп, өзіне ғибадат етуімізді қалайды. Былай ойлап көрейік: Жақсылығын көп көрген бір үлкен кісіге құрмет көрсетіп, істеген жақсылықтарына алғыс айтамыз. Бізге бір жұмыс тапсырса, оны жан-тәнімізбен істемейміз бе?!

Ендеше, бізді жоқтан бар етіп, сансыз нығметтерге бөлеген Алла Тағала алғыс білдіру, әмір еткен құлшылықтарын қуана-қуана орындауымыз қажет емес пе? Әрине, қажет.

Жаратылысымыздың мақсаты Алланы тану және Оған ғибадат ету. Ғибадаттарымызды орындаған жағдайда, Алла Тағаланың берген нығметтеріне алғысымызды білдіріп әрі Оның сүйіспеншілігіне бөленеміз. Егер біз ғибадаттарымызды орындап, Оның сүйіспеншілігін

тапсақ, Алла бізге дүниедегі нығметтерден де көп нығметті ақыретте беріп, бізді жәннатта шексіз бақытқа кенелтеді.

ҒИБАДАТТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Ғибадаттар үшке бөлінеді:

1) Дене арқылы орындалатын ғибадаттар: намаз оқу, ораза ұстау сияқты. Дене арқылы орындалатын ғибадаттарды әр мұсылман өзі орындауы керек. Бұл ғибадат түріне өкілдік жүрмейді. Бір адам басқа бір адамның орнына намаз оқып, ораза ұстай алмайды.

2) Дүние-мүлік арқылы орындалатын ғибадаттар: зекет беру және құрбан шалу сияқты. Ғибадаттың бұл түрінде өкілдік жасауға болады.

3) Әрі дүние-мүлік, әрі дене арқылы орындалатын ғибадат. Бұл түрге қажылық жатады. Ақшасы болғанымен қажылыққа бара алмайтындай дәрежедегі мүгедек, ауру немесе қарт кісілер өзінің орнына басқа біреуді өкіл ретінде қажылыққа жібере алады.

ҒИБАДАТТЫҢ ДӘРЕЖЕЛЕРІ

Ғибадат үш түрлі оймен жасалады:

1) Ғибадат пен құрметке лайық жалғыз жаратушы болғаны үшін Аллаға құлшылық ету.

Ешқандай пайда күтпей, тек Алланың әмірін орындау мақсатымен жасалған мұндай ғибадат – ғибадаттың ең жоғары дәрежесі болып табылады.

2) Жәннатқа кіруді үміттеніп немесе жәһаннамнан қорқып ғибадат ету.

Мұндай жолмен ғибадат ететін адам Алланың әмірін орындаған болып табылады. Бірақ, адам ғибадатта жеке басының қамы үшін емес, бір ғана Алла разылығы үшін жасауы керек.

3) Дүниедегі өз пайдасы мен сырт көзге көрсету үшін ғибадат ету. Бұл ғибадаттың ең төменгі дәрежесі. Мұны ғибадат деп атаудың өзі артық. Өйткені, Алла үшін жасалмаған ғибадаттың ешқандай құны жоқ.

ҒИБАДАТТЫҢ ПАЙДАЛАРЫ

Денеміз азықты қажет еткені сияқты рухымыз да азықты қажет етеді. Рухтың азығы – иман мен ғибадат. Ғибадат рухымызды өсіреді. Бізді жамандықтан сақтап, мінез-құлқымызды кемелдендіреді әрі ең қымбат байлығымыз – иманымызды қорғайды.

Өмірде адамдардың әр түрлі қиындықтарға тап келіп, үмітсіздікке, қайғы-мұңға, уайымға бататын кездері болады. Сондай жағдайларда адам баласы ғибадат арқылы ішкі дерттен айығады. Өйткені адам ғибадат аясында Аллаға жақындайды. Оның рақымын паналап, рахат бір сезімге бөленеді. Ғибадаттардың тек рухымыз үшін емес, денемізге де әсер ететін көп пайдасы бар.

Намаз оқитын адам дәрет алуы керек. Дәрет алу күніне бірнеше рет тазару деген сөз. Тазалықтың денсаулығымыз үшін қаншалықты пайдалы екенін бәріміз білеміз.

Намаз оқып жатқан кездегі белгілі бір қимыл-қозғалыстардың, ораза кезінде ас қорыту жүйесі мен кейбір мүшелердің тынығуының өзі денсаулық үшін пайдалы екендігі ақиқат. Зекет ғибадатының да әлеуметті қамсыздандыру тұрғысынан қоғамға тигізер көптеген пайдасы бар.

СҰРАҚТАР

- 1) Ғибадат деген не?
- 2) Не үшін ғибадат етеміз?
- 3) Ғибадаттар қаншаға бөлінеді?
- 4) Ғибадаттың дәрежелерін айтып беріңіз.
- 5) Ғибадаттың пайдаларын түсіндіріңіз.



Тақырыптар:

- Ислам деген не?
- Исламның шарттары
- Мүкәлләф және мүкәлләфқа байланысты үкімдер.

ИСЛАМ ДЕГЕН НЕ?

Ислам – пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) Алла тарапынан жеткізіп, баяндаған нәрселерін қабылдау, Алла Тағалаға және пайғамбарға мойынсұна отырып бұларды қабылдағанын көрсету. Қысқасы, Ислам – сенімін іс жүзінде көрсету деген сөз.

ИСЛАМНЫҢ ШАРТТАРЫ**Исламның бес шарты бар:****1) Кәлима-и шәһадат айту.**

Кәлима-и шәһадат: **Әшһәду әнләә иләһа иллаллаһ уа әшһаду әннә Мұхаммәдән абдуһу уа расулуһ**” деу.

Мағынасы: “Мен Алладан басқа тәңір жоқ екендігіне және Хазірет Мұхаммед Алланың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін”.

2) Намаз оқу:

Күнде 5 уақыт намаз оқу.

3) Ораза ұстау:

Әр жыл сайын Рамазан айында ораза ұстау.

4) Зекет беру:

Дініміз бойынша бай болып саналғандарға дүние-мүлкінен, қаражатының белгілі бір мөлшерін жыл сайын кедей-кепшіктерге беру.

5) Қажылық жасау:

Дініміз бойынша жағдайы болғандардың өмірінде бір рет қажылыққа баруы.

МҮКӘЛЛӘФ ДЕГЕН КІМ?

Балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс кісілерді “мүкәлләф” дейді. Яғни, мүкәлләф діннің әмірлерін орындап, тыйым салған нәрселерінен сақтануға міндетті болады. Мүкәлләф болуы үшін адамда екі шарт болуы керек:

- 1) Ақыл-есі дұрыс болу
- 2) Балиғат жасына жету

Ақыл-есі кемістер мен балиғат жасына жетпегендер мүкәлләф (жауапты) болып саналмайды.

Балиғат жасы балалардың дене-бітіміне және климаттың шарттарына қарай өзгеріп отырады. Ер балалар он екі мен он бес, ал қыз балалар тоғыз бен он бес жас арасында бой жетеді. Он бес жасқа толған жасөспірім балиғаттық жастың ерекшеліктері өзінде көрінсе де, көрінбесе де, ер бала болсын, қыз бала болсын, балиғатқа жеткен болып саналып, діннің әмірлері мен тыйым салғандарына сәйкес әрекет етуге жауапты болады.

МҮКӘЛЛАФҚА БАЙЛАНЫСТЫ ҮКІМДЕР

Мүкәлләфқа байланысты үкімдер сегіз:

Олар “Әфғал-и мүкәлләфин (мүкәлләфтың міндеттері)” деп аталады.

1) Парыз:

Дініміз бойынша жасалуы үзілді-кесілді дәлелмен бекітілген амалды “парыз” деп атаймыз. Мысалы: намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, т.б. сияқты.

Парыздың үкімі: Парыз амалын орындаған кісі зор сауапқа ие болады. Себепсіз орындамаған адам о дүниеде қатты азаппен азапталады. Парызға сенбеген адам діннен шығады.

Парыз екіге бөлінеді:

а) Парыз айын: Әр мұкаллафтың орындауы міндетті парыз. Күнде бес уақыт намаз оқу сияқты.

ә) Кифая парыз: Бірнеше кісілердің орындауы нәтижесінде басқалардың мойнынан парыздығы түсетін амал “парыз кифая” деп аталады. Мысалы, жаназа намазын оқу сияқты. Кейбір мұсылмандар өлген кісінің жаназасын оқыса, парыз міндет орындалғандықтан, қалған мұсылмандардың сол марқұмға жаназа оқуы қажет емес.

2) Уәжіп:

Парыз сияқты нақты болмағанымен күшті дәлелмен орындалуы әмір етілген ғибадат “уәжіп” деп аталады. Мысалы, айт намазын оқу, пітір садақасын беру және құрбандық шалу сияқты.

Уәжіптің үкімі: Уәжіп амалдарын орындаған адам үлкен сауапқа ие болады, ал орындамаған кісі немесе орындау мүмкіндігі бола тұра тәрк еткен кісі ақыретте азап шегеді.

3) Сүннет

Парыз бен уәжіптен басқа пайғамбарымыздың ғибадат ниетімен жасаған амалдары “Сүннет” деп аталады.

Сүннет екіге бөлінеді:

а) Бекітілген сүннет (сүннет мұәккәда). Пайғамбарымыздың әрдайым орындаған амалдары. Мысалы: таң намазының сүннеті, бесін, ақшам намаздарының сүннеттері сияқты.

б) Бекітілмеген сүннет (Сүннет ғайри мұәккәда). Пайғамбарымыздың кей кезде орындаған сүннеттері жатады. Мысалы, екінті намазының сүннеті мен құптан намазының алғашқы сүннеті сияқты.

Сүннеттің үкімі: Сүннеттерді орындаған кісі сауап алады. Пайғамбарымыздың шапағатына бөленеді. Сүннетті біле тұра орындамаған кісі айыпталады.

4) Мұстахаб:

Пайғамбарымыздың кейде істеп, кейде істемеген амалдары “мұстахаб” деп аталады. Мысалы: Дұха намазын оқу сияқты.

Мұстахабтың үкімі: Мұстахаб амалдарын орындаған кісі сауап алады, ал орындамаған кісіні айыптауға болмайды.

5) Мұбах:

Бұл амалды орындаушы адам орындағаны үшін сауап та алмайды, орындалмағаны үшін күнәһар да болмайды. Яғни орындап-орындамауы әркімнің өз еркінде болған амалдар. Мысалы: отыру, жүру, ұйықтау сияқты.

Мұбахтың үкімі: Мұбахты орындаған сауап таппайды, орындамаған да күнә істеген болып табылмайды.

6) Харам:

Дініміз бойынша орындауға қатаң түрде тыйым салынған нәрсеге “харам” дейді. Жазықсыз адам өлтіру, ұрлық жасау, ішімдік ішу, құмар ойындар ойнау, доңыз етін жеу, ата-анаға қарсы келу.

Харамның үкімі: Харам амалды орындаған кісі жазаланады және азап тартады. Алладан қорқып харамнан сақтанған жан сауап алады. Харамды мойындамай жоққа шығарған адам діннен шығады.

7) Мәкрүһ:

Дәл харам секілді болмағанымен дінімізде дұрыс саналмайтын нәрселер мәкрүһ деп аталады.

Мәкрүһ екіге бөлінеді:

а) Харамға жақын мәкрүһ: уәжіптерді орындамау сияқты т.б. Мұның үкімі: мұндай мәкрүһті істеуден сақтанған кісі сауап алады. Ал істеген кісі күнәһар болады.

ә) Адалға жақын мәкрүһ: сүннет пен мұстахабтарды орындамау сияқты және т.б. Мұның үкімі: осы сияқты мәкрүһтардан сақтанған адам сауап алады да, ал істеген кісі жаза шекпейді.

8) Мүфсид:

Басталған ғибадаттарды бұзатын әрекеттерді айтамыз. Мәселен, намаз оқып жатқанда сөйлеу, ораза ұстап жүргенде біле тұра, әдейі тамақ ішіп-жеу. Мұндай жағдайда сөйлеу намазды, ішіп-жеу оразаны бұзады.

Мүфсидтің үкімі: Себепсіз, біліп тұрып бастап қойған ғибадатты әдейі бұзудың соңында азапты қажет етеді.

СҰРАҚТАР:

- 1) Ислам деген не?
- 2) Исламның шарттары қанша және қандай?
- 3) Мүкәллаф деген не?
- 4) Балиғатқа жету деген не?
- 5) Мүкәллафқа байланысты үкімдерді айтып беріңіз.



Тақырыптар:

- Тазалық және Исламдағы тазалықтың маңызы
- Тазалық тұрғысынан сулар
- Дәрет алудың маңызы
- Дәреттің парыздары, сүннеттері мен әдебі
- Дәрет қалай алынады?
- Дәреттің мәкрүһтері мен дәретті бұзатын нәрселер
- Дәретсіз жасалмайтын нәрселер
- Мәсінің үстінен мәсіх тарту
- Жарақат орауының үстінен мәсіх тарту
- Ғұсылды қажет ететін жағдайлар және жүніптік жағдайда орындалмайтын істер
- Ғұсылдың парыздары және сүннеттері және алыну тәртібі
- Үзірлі кісілердің жағдайы
- Әйелдерге тән жағдайлар
- Тәйәммүмнің парыздары, сүннеттері және алыну тәртібі
- Қоршаған ортаны таза ұстау (мәтін).

**ТАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ ТАЗАЛЫҚТЫҢ
МАҢЫЗЫ**

Ислам діні – тазалыққа негізделген дін. Мұсылман – таза адам деген сөз. Таза адамды Алла да сүйеді әрі жұрт та жақсы көреді. Раббымыз Құран Кәрімде былай дейді:

“Алла көп тәубе еткендер мен жақсы тазаланғандарды сүйеді.”¹

Алланың сүйікті құлы болу үшін тазалыққа ерекше мән беруіміз керек. Сүйікті пайғамбарымыз: **“Тазалық – иманның жартысы”²** дей отырып, дініміздегі тазалықтың маңызын білдірген.

1 Бақара сүресі, 222-аят

2 Мәшарикул-әнуар, II том, 107 бет

Мұсылман адам намаз оқыған кезде Алланың құзырында тұрады. Алланың құзырына шығу үшін дене, киім және намаз оқитын орынның таза болуы керек. Дініміз ішкі тазалыққа да аса мән берген. Мұсылманның сырты қаншалықты таза болса, жүрегі мен рухы да таза болуы қажет.

ТАЗАЛЫҚ ТҰРҒЫСЫНАН СУЛАР

Сулар екіге бөлінеді:

а) Таза сулар:

Бұлар: жаңбыр суы, қар суы, өзен, көл, теңіз, бұлақ және құдық сулары. Су дегенде ойымызға осылар келеді. Бұл суларға ештеңе араласпаған яғни таза сулар.

ә) Аралас сулар:

Бұлар, гүл суы, жеміс-жидек сулары мен басқа да нәрселер араласқан сулар. Бұл сулармен дәрет, ғұсыл алуға болмайды.

Тазалық тұрғысынан “таза (мұтлақ) сулар” беске бөлінеді:

1) Әрі таза, әрі тазарту мақсатында қолданылуы мәкрұһ емес сулар:

Бұлар: түсі, дәмі, иісі бұзылмаған, негізі өзгермеген және қолданылмаған сулар. Бұл сулармен әр түрлі тазалық жасалынып, дәрет, ғұсыл алынады және тамаққа және ішу үшін де пайдаланылады.

2) Әрі таза, әрі тазарту мақсатында қолданылуы мәкрұһ сулар:

Бұлар мысық, тауық сияқты үй жануарлары мен қаршыға, бүркіт сияқты құстардан қалған сулар. Басқа таза су бола тұрып мұндай сулармен дәрет, ғұсыл алу, ішу немесе тамаққа пайдалану мәкрұһ. Таза су болмаған жағдайда мұндай суларды пайдалану мәкрұһ емес.

3) Өзі таза болғанымен басқа нәрселерді тазалауға жарамайтын сулар:

Бұлар дәрет пен ғұсыл алуда қолданылған сулар. Мұндай сулармен қайтадан дәрет, ғұсыл алынбайды.

4) Таза емес сулар:

Бұлар ішіне лас нәрселер түскен, тоқтау сулар. Иттің, доңыздың және басқа жыртқыш аңдардан қалған сулар да таза емес және ешқандай тазалық үшін қолданылмайды.

5) Күмәнді сулар:

Бұлар есек пен қашырдан қалған сулар. Мұндай сулармен лас нәрселерді жууға болады. Бірақ басқа таза су тұрғанда бұл сумен дәрет, ғұсыл алуға болмайды. Басқа су жоқ болса дәрет, ғұсыл алынады, артынан тәйәммүм алынады. Өйткені, мұндай сулардың тазалығында күмән бар.

ДӘРЕТ АЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Дәрет – белгілі ағзаларды тәртібіне сай жуу және масіх тарту арқылы орындалатын тазалық. Дәрет алудың маңызы мен рухани пайдалары жайында хадистерде былай делінген:

“Бір мұсылман дәрет алған кезде қолдарын жуғанда қолдарымен жасалған күнәлары, бетін жуғанда көздері арқылы жасалған күнәлары, басына масіх тартқан кезде құлақтарымен тыңдап-естіген күнәлары, аяқтарын жуарда аяқтарымен жасалған күнәлары кешіріледі.”³

“Кімде-кім дәретін толығымен алып, артынан: “Әшһәду әнлә иләһә иләлләһу уахдәә лә шәрикәдәһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән әбдуһу уа расулүһ” десе, оған жәннаттың сегіз есігі ашылып, қалаған есігінен кіреді.”⁴

Дәреттің денсаулығымыз үшін көптеген пайдасы бар. Дәрет алған мұсылман қоршаған ортамен үнемі байланысты болып, кірленген мүшелерін жиі-жиі жуып тазартады және ластан, кірден пайда болатын аурулардан осылай өзін қорғайды.

³ Өт-тәрғиб уәт-тәрһиб, I-том, 155 бет.

⁴ Өт-тәрғиб уәт-тәрһиб, I-том, 171 бет

ДӘРЕТТІҢ ПАРЫЗДАРЫ

Дәреттің төрт парызы бар:

- 1) Бетті бір рет жуу;
- 2) Қолдарды шынтақпен қоса бір рет жуу;
- 3) Бастың төрттен біріне мәсіх тарту;
- 4) Аяқтарды тобықпен қоса отырып бір рет жуу.
- 5) Осы парыздардың біреуі кем болса, дәрет дұрыс болмайды.

ДӘРЕТТІҢ СҮННЕТТЕРІ

- 1) Дәрет алуға ниет ету;
- 2) Дәретті “Ағузу - Бисмиллә” деп бастау;
- 3) Әуелі қолдарды білекке дейін жуу;
- 4) Тістерін мисуақ немесе щеткамен жуу, не болмаса саусақтармен ысқылап жуу;
- 5) Дәретті үзбестен алу, яғни бір мүше құрғамастан екіншісін жуу;
- 6) Жуылатын мүшелерді жақсылап ысқылау;
- 7) Ауызға үш рет су алып шаю;
- 8) Ораза ұстамаған кезде сумен ауызды жақсылап шаю;
- 9) Мұрынға үш рет су тартып, үш рет сол қолмен сіңбіру (ораза емес кезде суды жақсылап тарту керек);
- 10) Дәрет алған кезде және мәсіх тартқанда жоғарыдағы ретті сақтау;
- 11) Жуылатын мүшелерді үш реттен жуу;
- 12) Дәрет алғанда жууды оң жақтан бастау;
- 13) Қол мен аяқты жуарда саусақтардан бастау;
- 14) Сақалы қалың адамның сақалдарының арасын саусақтарымен тарауы;
- 15) Саусағындағы жүзікті қозғап жуу;
- 16) Құлаққа мәсіх тарту;

- 17) Мойынға мәсіх тарту;
- 18) Бастың бәріне мәсіх тарту;
- 19) Саусақтардың арасын жуу.

ДӘРЕТТІҢ ӘДЕПТЕРІ

- 1) Намаз уақыты кірмей тұрып дәрет алып, намазға дайындалу;
- 2) Дәрет алу кезінде құбылаға қарау;
- 3) Биіктеу жерге отыру;
- 4) Дәрет алғанда басқалардан жәрдем сұрамау;
- 5) Дәрет алу кезінде мәжбүр болмаса сөйлеспеу;
- 6) Дәрет алуда суды ысырап ететіндей көп пайдаланбау және суды дәрет мүшелеріне жеткіліксіз мөлшерде өте аз пайдаланбау;
- 7) Дәреттен кейін құбылаға қарап Кәлима-и шәһадат айту.

ДӘРЕТ ҚАЛАЙ АЛЫНАДЫ?

Алдымен жең шынтақтан жоғары түріледі, мүмкіндігінше құбыла жаққа қарай бұрылу керек. Бұдан кейін “*Ниет еттім Алла разылығы үшін дәрет алуға*” деп ниет етіліп, “Әғузу билләһи минәш-шәйтанир ражим, Бисмилләһир рахманир рахим” деп айтылады.

Содан кейін рет-ретімен:

Қолдар білекке дейін үш рет жуылады, саусақта жүзік болса, қозғап, астын жуу керек.

Содан соң оң қолмен ауызға үш рет бөлек-бөлек су алып, әр алғанда жақсылап шайқау керек. Содан кейін оң қолмен су алып, мұрынға үш рет су тартылады және сол қолмен сіңбіріп мұрын тазаланады.

Содан соң бет толығымен үш рет жуылады. Содан кейін әуелі оң қол үш рет шынтақпен қоса, содан соң сол қол үш рет шынтақпен қоса жуылады.

Одан кейін қол тағы да сумен шайылып, оң қолдың іші және саусақтармен басқа мәсіх тартылады. Содан кейін тағы да қолға су алынып, қолдың сұқ саусағымен құлақтың іші, бас бармақпен сыртына

мәсіх тартылады. Қолдың қалған үш саусағымен мойынның артқы жағынан мәсіх тартылады.

Содан кейін әуелі оң аяқ, содан кейін сол аяқ тобықтарымен қоса үш рет жуылады. Аяқтарды жуған кезде, оң аяқтың кішкентай бармағынан бастап рет-ретімен сол аяқтың кішкене бармағына қарай жуған жөн. Аяқтарды жуғанда бармақ араларының жақсылап тазаруына мұқият болу керек.

Дәрет біткен кезде құбылаға қарап “Кәлима-и шәһадат” оқылады. Парыздарын, сүннеттерін және әдебін толық орындай отырып, толығымен дұрыс алынған дәрет осылай болады. Дәрет алған кезде оқылатын дұғалар бар (Дәрет дұғалары кітап соңында берілген). Олардың оқылғаны жақсы. Оқылмаса да дәрет толық болып есептеледі (Дәрет алудың бейнелерін кітап соңынан көруіңізге болады).

ДӘРЕТТІҢ МӘКРҮҢТЕРІ

Дәреттің мәкрүһтері мыналар:

- 1) Суды керек мөлшерден тым көп пайдалану;
- 2) Суды қажет болмаған жағдайда мөлшерінен аз пайдалану;
- 3) Суды дәрет алынатын мүшелерге шашып жуу;
- 4) Дәрет алғанда сөйлесу;
- 5) Лас жерде дәрет алу.

Дәрет алатын кісі бұларға сақ болуы тиіс.

ДӘРЕТТІ БҰЗАТЫН ЖАЙТТАР:

Дәрет төмендегіндей жағдайларда бұзылады:

- 1) Дененің қандай да бір жерінен қан, ірің және су шығу;
- 2) Ауыз толтырып құсу;
- 3) Түкірген кезде түкірігінің жартысы немесе көбі қан болу;
- 4) Кіші немесе үлкен дәретке отыру не жел шығару;
- 5) Есінен тану, мас болу;

- 6) Намазда күлу (Намаздан тыс күлу дәретті бұзбайды);
- 7) Ұйықтау.

ДӘРЕТСІЗ ОРЫНДАУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАЙТТАР:

- 1) Намаз оқуға болмайды;
- 2) Құран Кәрімді ұстауға болмайды;
- 3) Тиләуәт сәждесін жасауға болмайды;
- 4) Қағба тауап етілмейді (Қағбаны тауап ету үшін дәрет алу уәжіп).

МӘСІНІҢ ҮСТІНЕН МӘСІХ ТАРТУ

Дәрет алғаннан кейін аяқтарына мәсі киген адам қайта дәрет алған кезде, мәсісін шешпей, үстінен мәсіх тартса жеткілікті. Бұл – дініміздің мұсылмандарға көрсеткен жеңілдігі. Жолаушы еместер бір тәулік (жиырма төрт сағат) ішінде, әр дәрет алған сайын мәсінің үстінен мәсіх тартады. Ал бір тәулік бітіп, дәрет алған кезде, аяқтарын жуу керек. Ал жолаушы адамдар үшін бұл мерзім үш күн, үш түн яғни, 72 сағатқа дейін жарамды болып саналады.

Мәсінің үстінен мәсіх былай тартылады:

Жоғарыда айтылып өткендей дәрет алынып, кезек аяқтарға келгенде, әуелі оң қолын сулап, үш саусақпен (саусақтар ашық түрде) оң аяғының ұшынан бастап, аяқтың мойнына қарай, мойнынан асыңқырап мәсінің үстінен бір рет сипайды. Содан кейін сол қолды сулап, сол аяқ осылай мәсіх етіледі. Мәсінің табанына мәсіх тартылмайды.

Мәсіге мәсіх тарту шарттары:

Мәсінің үстіне мәсіх тартылуының дұрыс болуы үшін мынадай шарттар болуы керек:

- 1) Мәсілер (аяқ жуылып дәрет алынғаннан кейін) киілуі керек.
- 2) Мәсілер аяқтың тобықтарын жауап тұруы керек. Тобықтан қысқа мәсілердің үстіне мәсіх тартуға болмайды.

3) Мәсілер он екі мың қадам және одан да көп жол жүруге жарамды болуы керек.

4) Әрбір мәсiде аяқтың кішкентай бармағымен үш бармақ үлкендігіндей жыртық немесе сөгілген жері болмауы керек.

5) Мәсілер аяқта баусыз тұра алатындай қалың болу керек.

6) Мәсілер сырттағы суды сіңіріп аяққа өткізбеуі керек.

7) Мәсі киетін адамның қызыл асықтан алдына қарай қолдың кішкентай саусағымен ең кемі үш елі үлкендігіндей аяғы болу керек.

Егер аяқтарының алдыңғы жағы кесілген және үш елідей орын болмаған жағдайда, мәсіх тартуға болмайды. Аяқтарын жуу керек. Бір аяғы сондай болып, екінші аяғы сау болса екеуін де жуу керек. Сау аяғына мәсіх тартуға болмайды.

Мәсіхті бұзатын жайттар:

1) Дәретті бұзатын барлық жайттар мәсіхті де бұзады. Қайтадан дәрет алған кезде мәсілер үстіне мәсіх тарту керек.

2) Мәсіні шешу немесе шешіліп қалған жағдайда, адамның дәреті болса, тек қана аяқтарын жуады. Мәсінің біреуі шешіліп қалса, екі аяғын да жуу керек. Мәсіні шешу немесе шешіліп қалған жағдайда, дәреті болмаса дәрет алып, аяқтарын толық жуады.

3) Мәсі кию мерзімі біткенде дәреті болса, онда тек мәсілерді шешіп аяқты жуу жеткілікті. Дәреті жоқ болса қайтадан толық дәрет алады.

ЖАРАҚАТ ОРАУЫНЫҢ ҮСТІНЕН МӘСІХ ТАРТУ

Дененің қандай да болмасын бір жерінде сыныққа немесе жараға байланысты орауыш болса, дәрет және ғұсыл алған кезде орауы шешіліп, асты жуылады. Егер орауышты шешіп, астын жуу, зиянды болса, орауышты шешпесе де болады. Мұндай жағдайда қолды сулап мәсіх тарту қажет.

Жараның үстінде дәрі болып, оның үстінде орауыш болмаса, оны жуу зиян болмаса, үстіне су төгіп жуады. Ал су зиянды болса жумайды, тек мәсіх тартады. Мәсіх тарту да зиянды болса, мәсіх тартпаса да болады.

ҒҰСЫЛ

Құрғақ жер қалдырмастан түгел денені жуу, яғни шомылу “ғұсыл” деп аталады.

Ғұсыл алынуы қажет жағдайлар:

- 1) Жүніптік жағдайында:
 - а) Балиғат шағына толған ер мен әйелдің жыныстық қатынаста болуы;
 - б) Ұйқыда немесе ояу кезінде әйел немесе еркектің жыныстық мүшелерінен белгілі сұйықтықтың шығуы.
- 2) Әр ай белгілі уақыттарда әйелдердегі хайыз күндер біткенде.
- 3) Босанған әйелдің нифастық мерзімі біткенде.

Осы жағдайда болғандардың ғұсыл алуы парыз. Бұлар ғұсыл алмайынша:

- а) Намаз оқи алмайды;
- ә) Құран оқи алмайды;
- б) Қағбаны тауап ете алмайды;
- в) Қажеттілік болмаса мешітке кіре алмайды;
- г) Құранды ұстауға болмайды.

Әйелдер етеккір келгенде және босанғаннан кейінгі нифас кездерінде ораза ұстамайды.

Бұған қоса, ғұсыл алу қажет болмаған жағдайлардан тыс жұма және айт намаздары үшін ғұсыл алу – сүннет.

ҒҰСЫЛДЫҢ ПАРЫЗДАРЫ

Ғұсылдың үш парызы бар:

- 1) Ауызға су алып, тамаққа дейін шаю;
- 2) Мұрынға су алып жуу;
- 3) Барлық денені (иненің жасуындай құрғақ жер қалдырмай) жуу.

ҒҰСЫЛДЫҢ СҮННЕТТЕРІ

Ғұсылдың ең басты сүннеттері мыналар:

- 1) Ғұсылды “Бисмилләмен” бастау;
- 2) Ғұсылға ниет ету;
- 3) Алдымен дененің белгілі жерлерінде бар болса кірді жуып тазалау;
- 4) Әурет жерлерді жуу;
- 5) Ғұсыл алмай тұрып дәрет алу;
- 6) Дәреттен кейін әуелі үш рет басқа, содан кейін үш рет оң иыққа, үш рет сол иыққа су құя отырып жуыну және суды әр құйған кезде дененің барлық жеріне жеткізу;
- 7) Су құйған кезде денені ысқылау.
- 8) Аяқ тұрған жерге су жиылатын болса, дәрет алғанда аяқтың жуылуын ең соңына қалдыру.

ҒҰСЫЛ ҚАЛАЙ АЛЫНАДЫ?

Ғұсыл алатын кісі алдымен “Бисмилләны” айтады және жуынуға ниет етеді. Қолдарын білегіне дейін жуып, содан соң әурет жерлерін тазартады. Содан кейін оң қолымен үш рет су алып, тамағына дейін аузының ішін жақсылап шаяды. Егер ауыз бекіткен болса, тамағына су жібермей шаяды. Содан кейін оң қолымен үш рет мұрынға су алып, сол қолымен сіңбіріп тазалайды.

Содан кейін жоғарыда айтылғандай дәрет алынады. Дәрет біткен кезде, әуелі үш рет басына, содан соң үш рет оң иығына, үш рет сол иығына су құя отырып жуынады. Суды әр құйған сайын денені қол жеткенше ысқалап жуады. Иненің жасуындай құрғақ жер тастамай дененің барлық жерін үш рет жақсылап жуады.

Жуынып жатқан кезде:

Кіндік, құлақтың ішкі жағы, сырғаның тесіктері, тіс аралары, сақал, мұрт және шаштың түптеріне су тиюіне мұқият болу керек. Ғұсылда дұға оқылмайды. Үстінде жамылғы болмаса, құбылаға қарауға және

керексіз жағдайда сөйлесуге болмайды. Парыз бен сүннеттерге сай ғұсыл осылай алынады.

Ғұсыл алатын адам ауыз бен мұрынды жақсылап шайғаннан кейін ағып жатқан суға, теңізге немесе үлкен хауызға (бассейн) шомылып, дененің барлық жеріне су тигізсе, ғұсыл алған болып есептеледі.

ҮЗІРЛІ КІСІЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ

Дәретті бұзатын жағдайлардың бірі, бір намаз уақыты бойы үзілмей жалғасатын болса бұл жағдай “үзір” деп, ал мұндай жағдайдағы кісі “үзірлі кісі” деп аталады.

Бір ауру себепті мұрнының немесе денесінің бір жерінен қан немесе басқа нәрселер (тамшы түрінде зәрдің шығуы, ірің т.б.) ағатын адам намаз уақыты ішінде аққан нәрсе тоқтасымен дәрет алып, намазын оқиды.

Егер аққан нәрсе намаз уақыты бойы тоқтамаса “үзірлі” болып есептеледі.

Мұндай адам намаз уақыты кіргенде, үзір тоқтауын күтпей дәретін алып, намазын оқи береді. Аққан нәрседен басқа дәретті бұзатын себептер болмаса, осы дәретпен осы намаз уақыты ішінде қалағанынша намаз оқи алады (қаза немесе нәпіл намаздары сияқты).

Үзірлі адамның дәреті намаз уақытының шығуымен бұзылады. Үзірлі жағдайдың жалғасуы әр намаз үшін уақыт кіргеннен кейін қайтадан дәрет алуды қажет етеді.

Бұл үзірлі кісілерге дініміздің жасаған жеңілдігі.

ӘЙЕЛ АДАМДАРҒА ТӘН ЖАҒДАЙЛАР

Әйел адамдарға тән жағдайлар үшеу:

1) Етеккір халі:

Қыздар балиғат жасына жеткен кезде, тек соларға ғана тән жағдайлар пайда болады. Етеккір ай сайын белгілі бір күндерде болып, көбінесе елу бес жасқа дейін жалғасады. Ал кейбір әйелдерде ертерек тоқтауы мүмкін.

Етеккір әр әйелге қарай өзгеріп отырады, ең азы үш күн, ең көбі он күн келеді. Бұл күндер ішінде етеккірдің тоқтаусыз келуі міндетті шарт емес. Етеккір кейде тоқтаса да, бұл күндер етеккір күндері болып есептеледі. Етеккір келген кездерде кейбір нәрселердің жасалуы харам болғандықтан, әрбір әйел етеккір күндерін жақсы біліп, мұқият болуы керек.

Әйелдер етеккір кезінде:

- 1) Намаз оқи алмайды;
- 2) Ораза ұстай алмайды;
- 3) Құран оқи алмайды;
- 4) Құран ұстай алмайды;
- 5) Қағбаны тауап ете алмайды;
- 6) Мешітке кіре алмайды;
- 7) Жұбайымен жыныстық қатынаста бола алмайды.

Етеккір мерзімі біткенде ғұсыл алу – парыз. Әйелдер етеккір келген күндердегі намаздарының қазасын оқымайды, бұларды Алла кешірген. Бірақ Рамазан айында ұстай алмаған оразаларының қазасын басқа уақытта ұстайды.

2) Босанғаннан кейінгі жағдай

Босанған әйелдерге тән жағдай “нифас халі” деп аталады. Бұл жағдай босанған күннен бастап, ең көбі қырық күн деп есептеледі. Бұдан аз болуы да мүмкін. Қырық күнге жетпей тыйылса, ғұсыл алып, ғибадаттарын жалғастырады. Қырық күннің толуын күтпейді. Нифас күндерінде нифастың біраз уақыт тоқтап, кейін қайтадан келсе, нифас тоқтаған күндері де нифас күндері болып есептеледі.

Етеккір кезінде жасалуы харам болған нәрселер нифас кезінде де харам болып саналады.

Нифас біткен кезде ғұсыл алу – парыз. Нифас кезінде қазаға қалған намаздардың қазасы оқылмайды, ал оразаның қазасы ұсталады.

3) Истихаза:

Етеккір күні үш күннен аз болып бітсе, бұл етеккір емес, әйелдің үзірі саналады. Он күннен көп келетін етеккір мен қырық күннен көп

созылатын нифас жағдайы және екі қабат кездегі келетін нәрселер де – осындай. Мұндай жағдайды “Истихаза” деп атайды.

Әйелдер мұндай жағдайларда намаздарын оқып, ораза ұстайды. Өйткені, бұлар етеккір немесе нифастық жағдай емес. Мысалы, мұрынның қанауы сияқты үзір жағдайы.

ТӘЙӘММҮМ

Ниет етіп, таза топырақ немесе топырақ жынысты нәрсеге қолдарын ұрып, бетіне және қолдарына мәсіх тарту “тәйәммүм” деп аталады. Дәрет немесе ғұсыл алу үшін су жоқ жағдайда тәйәммүм соғу – дәрет пен ғұсылдың орнын басады.

ТӘЙӘММҮМНІҢ ПАРЫЗДАРЫ

Тәйәммүмнің екі парызы бар:

- 1) Ниет ету;
- 2) Қолдарын таза топыраққа немесе топырақ жынысты нәрсеге ұрып бетіне, сосын тағы да ұрып қолдарына мәсіх тарту.

ТӘЙӘММҮМНІҢ СҮННЕТТЕРІ

- 1) “Бисмиллә” айту;
- 2) Ретті сақтау;
- 3) Үзбей, бірінің артынан бірін орындау;
- 4) Топыраққа ұрған кезде қолдарды әуелі алға созу;
- 5) Содан кейін кері тарту;
- 6) Саусақтардың арасын ашу;
- 7) Қолын жерден көтергенде егер шаң болса, қолдарын бір-біріне қағу.

ТӘЙӘММҰМ ҚАЛАЙ АЛЫНАДЫ?

Жеңдерді шынтақтан жоғары түреді. Ниет етіледі. Саусақтардың арасы ашылып, алақан таза топыраққа не топырақ жынысты нәрсе-ге ұрылады. Егер қол шаң болып қалса, бір-біріне жайлап ұрып, сіл-кіленеді. Содан кейін алақанмен бетке толығымен мәсіх тартылады. Алақан топыраққа ұрылып, сол алақанмен оң қол шынтақты қоса, оң алақанмен сол қол шынтақты қоса мәсіх етіледі.

ТӘЙӘММҰМДІ БҰЗАТЫН НӘРСЕЛЕР

- 1) Дәретті бұзатын нәрселер тәйәммүмді де бұзады.
- 2) Дәрет пен ғұсыл үшін су табылып, бұл суды жарату мүмкін болса, тәйәммүм бұзылады.
- 3) Бір жара не кеселге байланысты су тигізе алмағаны үшін тәй-әммүм етуге мәжбүр болған адамның жарасы не кеселі жазылған кезде тәйәммүм бұзылады.

ТӘЙӘММҰМ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА АЛЫНАДЫ

- 1) Дәрет пен ғұсыл алатындай таза су болмаған жағдайда;
- 2) Су болса да суды жарату мүмкін болмаған жағдайда;
- 3) Дененің бәрі немесе көбісі жаралы болып, су қолдану зиянды болған жағдайларда.

Тәйәммүм – ғибадаттарды орындауымыз үшін пайғамбарымызға және барша мұсылмандарға Алланың жасаған жеңілдігі.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ТАЗА ҰСТАУ (мәтін):

Тазалық дене, киім және үй ішінің тазалығын ғана қамтымайды. Дінімізде тазалықтың аясы өте кең. Сондықтан қоршаған ортаның та-залығына айрықша тоқталып өтуді жөн көрдік. Өйткені айналамыздың тазалығы тек бізге қатысты емес, басқаларға да қатысы бар мәселе. Қоршаған ортаны ластау – елдің мазасын алу және басқаларға зиян келтіру деген сөз. Алайда мұсылман өзгеге зияны тимейтін, ешқандай тіршілік иесіне жәбір-жапа шектірмейтін адам.

Пайғамбарымыз: **“Аулаларыңды таза ұстандар”**⁵ деп бұйырып, үйдің айналасының да таза болуы керек екендігін айтқан.

Қоршаған ортаны ластау жаман іс, мұсылманға жараспайтын оғаш әрекет.

Пайғамбарымыз: **“Лағынетке ұшыраушы болудан сақтаныңдар”** деп ескерткен.

Сахабалар:

“Уа, Расулалла, олар кімдер?” – деп сұрағанда, пайғамбарымыз:

“Адамдар жүретін жолды және көлеңкелеп дем алатын жерлерді ластап, кірлеткендер”, – деген.⁶

Ел жүретін жолды, отырып дем алатын орындарды ластап басқалардың шырқын бұзудың ешқандай Ислам тәрбиесімен байланысы жоқ. Мұсылман кісі жұрттың мазасын алатындай, оларды ренжітетіндей іс-әрекет жасамайды және жасамауы тиіс. Күнде жүретін жолдарымыздың таза болуына абай болып, көпшілік орындарының, саяжай, бау-бақша және демалыс орындарының таза болуына көңіл бөлуіміз қажет.

Пайғамбарымыздың: тоқтау суларға дәрет сындыруды тыюы, мешіттің қабырғасындағы жабысқан түкірікті таспен сүртіп тазалауы, айналаның тазалығына қаншалықты көңіл бөлгендігін көрсетеді.

Пайғамбарымыз жерге түкіруге де рұқсат бермесе, бір мұсылман баласы қалайша қоршаған ортаны ластап адамдардың мазасын алады? Қалайша басқа адамдарға зияны тиетіндей іс-әрекеттерге барады?!

Пайғамбарымыз: **“Пияз және сарымсақ жегендер бізден және мешітімізден аулақ болсын!”** (Бұхари, Бабу бәдил–азан) деген. Негізінде пияз бен сарымсақ адал тағам. Бірақ осыларды жеген кісінің аузының иісі басқалардың жиіркенішін тудырады, сондықтан мешітке барғанымызда пияз бен сарымсақты жемегеніміз дұрыс. Ал егер жеген болсақ, аузымыздың иісі кеткенге дейін басқалардың жанына жақындамағанымыз, олардың шырқын бұзбағанымыз жөн.

Алла Тағала Құран Кәрімде тазалыққа бой ұсынғандарды сүйетіндігін айтады. Ендеше, таза болайық, айналамызды таза ұстайық. Сөйтіп,

5 Тирмизи, Әдеп

6 Риязус-салихин, 3 т. 282 б

Алланың сүйікті құлдарының қатарына қосылайық. Таза болғандарды жұрт та ұнатады. Айналамызды кірлетіп, елдің жиіркенішін емес, тазалыққа абай болып сүйіспеншілігін алайық, ағайын!

СҰРАҚТАР

- 1) Исламдағы тазалықтың маңызын түсіндіріңіз.
- 2) Тазалық тұрғысынан сулар қаншаға бөлінеді?
- 3) Дәреттің маңызын айтып беріңіз.
- 4) Дәреттің парыздарын, сүннеттерін және әдебін түсіндіріңіз.
- 5) Дәрет қалай алынады?
- 6) Дәреттің мәкрүһтері және оны бұзатын нәрселер қандай?
- 7) Дәретсіз адамға не істеуге болмайды?
- 8) Мәсінің үстіне қалай мәсіх тартылады?
- 9) Орауыштың үстіне қандай жағдайларда мәсіх тартылады?
- 10) Ғұсыл дегеніміз не және ғұсыл қандай жағдайларда алынады?
- 11) Жүніп кезінде қандай нәрселерді істеуге болмайды?
- 12) Ғұсылдың парыздары мен сүннеттерін атаңыз.
- 13) Ғұсыл қалай алынады?
- 14) Үзірлі адамдар не істеуі керек?
- 15) Әйелдерге тән жағдайлар қайсылар?
- 16) Тәйәммүм деген не? Тәйәммүмнің парызы мен сүннеттерін айтып беріңіз.
- 17) Тәйәммүм қалай соғылады?
- 18) Тәйәммүм қандай жағдайларда соғылады?

Тақырыптар

- Намаздың маңызы. Намаз кімдерге парыз?
- Намаз уақыттары және намаз оқуға болмайтын уақыттар.
- Намаз түрлері.
- Намаздың парыздары, уәжіптері мен сүннеттері.
- Намазды бұзатын нәрселер және намаздың мәкрүһтері.
- Бес уақыт намаздың оқылуы.
- Таң намазының оқылуы.
- Бесін намазының оқылуы.
- Екінті намазының оқылуы.
- Ақшам намазының оқылуы.
- Құптан намазының оқылуы.
- Үтір намазының оқылуы.
- Намаздан кейін не оқылады?

НАМАЗДЫҢ МАҢЫЗЫ

Исламның бес шартының екіншісі – намаз оқу. Адамдардың алғашқы міндеті – Алланың бар және бір екендігіне, Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) пайғамбарлығына сену. Иманнан кейінгі парыздардың ең маңыздысы – намаз. Бес уақыт намаз, хижреттен бір жарым жыл бұрын Миғраж түнінде парыз болған.

Намаз – рухты тазартатын, жүректі нұrlандырып, адамның Алланың құзырында дәрежесін арттыратын ғибадат. Пайғамбарымыз: **“Намаз – діннің тірегі”**¹ дей келіп, намаздың дініміздегі маңызды ғибадат екенін көрсеткен. Намаз – біздің денеміз бен рухымызды тазартатын нұр. Намаздың арқасында мұсылман адам күнәларынан арылып, жәннатқа кіруге лайық таза құл болады.

Пайғамбарымыз намаз жайында былай дейді:

1 Кәшфүл-хафа, II том, 31-бет

“Сендердің қайсыбіріңнің есігінің алдында бір өзен ағып, сол адам өзенге күніне бес рет жуынса, денесінде кірден із қалар ма?”

Тыңдап отырғандар:

“Ешқандай кір қалмайды, уа, Расулалла”, – деп жауап береді.

Пайғамбарымыз:

“Міне бес уақыт намаз да осыған ұқсайды. Алла намаз арқылы күнәларды тазартады” деді.²

Намаз жүрекке Алладан қорқу сезімін ұялатып, адамды күнә істеуден сақтайды. Бұл ақиқат Құран Кәрімде былай көрсетілген:

“Саған уахи етілген кітапты оқы, намазды дұрыс орында. Шүбәсіз намаз арсыздықтан, жамандықтан тыяды.”³

Намазды дұрыс оқыған адам мейлінше күнә жасамайды, иманы күшейеді. Алланың разылығына ие болады. Алдынан жәннаттың жарық жолы ашылады. Мұсылман намаз оқуға міндетті болғаны сияқты, балаларына да намаз үйретуі керек. Пайғамбарымыз былай дейді: **“Балаларыңа жеті жасқа келгенде намаз оқуды бұйырыңдар.”**⁴

Ата-ана жеті жасқа толған балаларына намаз оқуды үйретсе, балалар ер жеткенде намазға оңай үйренеді.

НАМАЗ КІМДЕРГЕ ПАРЫЗ?

Намаздың парыз болуы үшін үш шарт болуы керек:

- 1) Мұсылман болу
- 2) Балиғат жасына жету
- 3) Саналы болу

НАМАЗ УАҚЫТТАРЫ

Бір күнде бес уақыт намаз бар. Олар: таң, бесін, екінті, ақшам және құптан намаздары. Бұл намаздардың белгілі бір уақыттары бар. Әр намаз өз уақытында оқылуы керек. Уақытынан бұрын намаз оқуға бол-

2 Бұхари”, II том, 475 бет

3 Өнкәбүт сүресі, 45-аят

4 Кәшфүл-хафа, II том, 203-бет

майтыны сияқты, үзірсіз намазды уақытынан кейінге қалдыру да – үлкен күнә. Құран Кәрімде былай делінген:

“Намаз мұминдерге белгілі уақыттарда парыз болды”⁵

Таң намазының уақыты: Таңертең таң ағара бастағаннан бастап, күн шыққанға дейінгі уақыт.

Бесін намазының уақыты: Күн дәл төбемізге келіп, көлеңке шығысқа қарай ұзара бастаған уақыттан бастап – күн дәл төбемізде болған кездегі көлеңке емес, әр нәрсенің көлеңкесі екі есе ұзарғанға дейінгі уақыт.

Екінті намазының уақыты: Бесін намазының уақыты біткеннен бастап күн батқанға дейінгі уақыт.

Ақшам намазының уақыты: Күн батқаннан бастап қызыл шапақ, содан кейін пайда болатын ақ түс жоғалғанға дейінгі уақыт.

Құптан намазының уақыты: Ақшам намазының шығатын уақытынан басталып, таң намазының уақытына дейін жалғасады.

Үтір намазының уақыты: Үтірдің уақыты да дәл Құптан намазының уақыты. Бірақ үтір намазы құптан намазынан кейін оқылады.

Жұма намазының уақыты: Бесін намазының уақыты.

Тарауих намазының уақыты: Құптан намазының уақыты.

Екі Айт намазының уақыты: Айт күндері таңертең күн шыққаннан шамамен 50 минуттай өткеннен басталып (арқан бойы көтерілгеннен) күн дәл төбеге келгенге дейін созылатын уақыт.

НАМАЗ ОҚЫЛМАЙТЫН УАҚЫТТАР

1) Кейбір уақыттарда намаз оқуға болмайды. Мұндай уақыттар үшеу:

- 2) Күн шығып келе жатқанда
- 3) Күн дәл төбеге келгенде (тал түсте)
- 4) Күн батып бара жатқанда

⁵ Ниса сүресі, 103-аят

5) Тек қана егер сол күннің екінті намазының парызы оқылмаған болса, күн батып бара жатқанда оқуға болады.

НАМАЗДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Намаздар негізінен үшке бөлінеді:

- 1) Парыз намаздар;
- 2) Уәжіп намаздар;
- 3) Нәпіл намаздар.

А) ПАРЫЗ НАМАЗДАР:

Бұлар бес уақыт намаз, жұма және жаназа намаздары.

Бес уақыт намаз:

- 1) **ТАҢ НАМАЗЫ:** 4 рәкағат.
2 рәкағат сүннет;
2 рәкағат парыз.
- 2) **БЕСІН НАМАЗЫ:** 10 рәкағат.
4 рәкағат сүннет,
4 рәкағат парыз,
2 рәкағат сүннет.
- 3) **ЕКІНТІ НАМАЗЫ:** 8 рәкағат.
4 рәкағат сүннет,
4 рәкағат парыз.
- 4) **АҚШАМ НАМАЗЫ:** 5 рәкағат.
3 рәкағат парыз,
2 рәкағат сүннет
- 5) **ҚҰПТАН НАМАЗЫ:** 10 рәкағат.
4 рәкағат алғашқы сүннет,
4 рәкағат парыз,
2 рәкағат соңғы сүннет.

Бес уақыт намаздан басқа парыз намаздар:

6) ЖҰМА НАМАЗЫ: 10 рәкағат.

4 рәкағат алдыңғы сүннет,

2 рәкағат парыз,

4 рәкағат соңғы сүннет.

7) ЖАНАЗА НАМАЗЫ: парыз кифая.

Ә) УӘЖІП НАМАЗДАР:

1) ҮТІР НАМАЗЫ: 3 рәкағат.

2) ОРАЗА АЙТ НАМАЗЫ: 2 рәкағат.

3) ҚҰРБАН АЙТ НАМАЗЫ: 2 рәкағат.

Б) НӘПІЛ НАМАЗДАР

Парыз және уәжіп намаздардан басқа намаздарды “нәпіл намаздар” дейді.

Нәпіл намаздар екіге бөлінеді:

1) Парыз намаздарына байланысты оқылатын нәпіл намаздар:

Бұлар парыздардан бұрын немесе кейін оқылатын сүннеттер мен Рамазанда оқылатын Тарауих намаздары.

2) Парыз намаздарына байланысты емес, нәпіл намаздар.

Бұлар мұстахаб және мәндуб намаздар деп те аталады. Бұл намаздар кейбір уақыттарда сауап алу ниетімен оқылады.

Кейбірі мыналар:

а) Сәске (дұха) намазы: Бұл намаздың ең азы – екі рәкағат. Ең көбі он екі рәкағат оқылады. Уақыты – күннің найза бойы көтерілгенінен бастап күн тас төбеге жетуіне жарты сағат қалғанға дейін жалғасады.

ә) Тәһәжжүд намазы: Түн ортасында оқылатын ең азы екі рәкағат, ең көп сегіз рәкағат оқылады.

б) Тахиятул мәсжид намазы: Мешітке барғанда (мәкруһ уақыт болмаған жағдайда) екі рәкағат оқылатын намаз.

НАМАЗДЫҢ ПАРЫЗДАРЫ

Намазда 12 парыз бар. Олардың алтауы намаздың сыртында. Олар “**намаздың шарттары**” деп аталады. Ал алтауы ішінде. Олар “**намаздың рүкіндері**” деп аталады.

Намаз дұрыс болуы үшін он екі парыз толығымен орындалуы керек.

Намаздың шарттары:

1) Хадастан (рухани) тазару – рухани кірдің кетуі үшін дәрет алу, қажет болған жағдайда ғұсыл алу.

2) Нәжістен тазару: Намаз оқитын адамның денесінде, үстіндегі киімінде және намаз оқитын жерінде лас, нәжіс болса, оларды тазарту.

3) Әурет жерін жабу: Намаз оқитын адамның денесіндегі жабылуы керек болған жерлердің жабық болуы.

Әурет ер адамдар үшін: Кіндік пен тізе арасы (тізесі қоса жабылады).

Ал әйел кісілер үшін: Жүзі, білектің төменгі бөлігі және аяқтың қызыл асықтан төменгі бөлігінен басқа жерінің жабылуы.

4) Құбылаға қарау: Намазды құбылаға қарап оқу. Құбыла Мекке қаласында жер жүзінде Аллаға ғибадат ету мақсатымен жасалған алғашқы киелі үй (Қағба). Қағбаны Хазірет Ибраһим мен Исмайыл салған.

5) Уақыт: Намаздарды өз уақыттарында оқу. Уақыт кірмей намаз оқуға болмайды.

6) Ниет: Қандай намазды оқитынын біліп, көңілінен, яғни ішінен еске түсіру. Ниеттің тілмен айтылуы сүннет.

Намаздың рүкіндері:

1) Ифтитах тәкбірі: Намазды бастағанда тәкбір айту.

2) Қиям: Намазда тік тұру деген сөз.

- 3) **Қирағат:** Намазда кемі үш қысқа аят оқу.
- 4) **Рүкуғ:** Намазда қолды тізеге тіреп, иілу.
- 5) **Сәжде:** Руқуғдан кейін аяқтың ұшы, тізе және қолмен бірге маңдайды жерге тигізу (қою).
- 6) **Қағда-и ахир:** Намаз соңында “әттәхиятуді” оқитындай уақыт отыру.

НАМАЗДЫҢ УӘЖІПТЕРІ

- 1) Намазды “Аллаһу әкбар” сөзімен бастау.
- 2) Парыз намаздардың алғашқы екі рәқағатында, ал нәпіл намаздардың әр рәқағатында “Фатиха” сүресін оқу.
- 3) Парыз намаздардың алғашқы екі рәқағатында, үтір және нәпіл намаздарының әр рәқағатында “Фатиха” сүресінен кейін, бір сүре немесе ең кемі үш қысқа аят оқу.
- 4) “Фатиханы” сүреден бұрын оқу.
- 5) Сәждеде маңдаймен қоса мұрынды да жерге тигізу.
- 6) Үш және төрт рәқағатты намаздардың екінші рәқағатында отыру (бұл қағда-и улә – бірінші отырыс деп аталады).
- 7) Намаздағы бірінші отырыс пен соңғы отырыстарда “әттәхиятты” оқу.
- 8) Жамағатпен оқылған таң, жұма, айт, тарауих және үтір намаздарының алғашқы екі рәқағатында имамның “Фатиха” мен қосымша сүрені дауыстап, бесін және екінті намаздарына іштей оқуы.
- 9) Имамға ұйыған жамағаттың “Фатиха” мен қосымша сүрені оқымай, үндемей тұруы.
- 10) Үтір намазында құнұт тәкбірін алып, құнұт дұғасын оқу.
- 11) Айт намаздарындағы қосымша тәкбірлер.
- 12) Тағдил әркан, яғни тік тұрған кезде, рүкуғқа еңкейгенде түп-түзу болу (әйелдер біраз иіле алады). Рүкуғдан тұрғанда тік тұру және екі сәжде арасында толық отыру.

13) Намаздың соңында оңға және солға сәлем беру.

14) Намазда жаңылса, “сәһу сәждесін” жасау.

(Намазда парыз немесе уәжіп амалдардан біреуінің кешіктіріліп жасалуы немесе уәжіптерден бірі ұмытылып кетсе сәһу сәждесін жасау керек. Уәжіпті біле тұра, әдейі орындамаса, намаз қайтадан оқылуы керек).

НАМАЗДЫҢ СҮННЕТТЕРІ

1) Әр намаздың ифтитах тәкбірінде, үтір намазының құныт тәкбірінде және айт намазының қосымша тәкбірлерінде қолды көтеру (ер адамдардың қолдарының бас бармағы құлағына келетіндей көтеруі; әйелдер саусақ ұштары иықтарына келетіндей етіп қолдарын көтереді).

2) Бес уақыт намаз бен жұма намазы үшін азан шақыру және қамат түсіру (әйелдер үшін азан мен қамат сүннет емес).

Азанды тыңдау – мұстахаб. Азанды естіген адам азан айтушының айтқан сөйлемдерін бұлжытпай қайталайды. Тек қана “хайиә әләс-салаат” және “хайиә әләл-фәлах” дегенде “Лә хаулә уә лә қууата иллә билләһил алийл азим” дейді.

Азан біткеннен кейін Пайғамбарымызға салауат айтып, мына дұғаны оқиды:

اَللّٰهُمَّ رَبَّ هَذِهِ الدَّعْوَةِ التَّامَّةِ وَالصَّلَاةِ الْقَائِمَةِ اَنْتَ مُحَمَّدًا الْوَسِيْلَةَ وَالْفَضِيْلَةَ وَابْعَثْهُ
مَقَامًا مَّحْمُوْدًا الَّذِي وَعَدْتَهُ

Оқылуы: “Аллаһумма Раббә һазихид-дағуатиттәәммаһ уассалатил-қааимәти әти Мұхаммәдәнәл-уәсиләтә уәл-фадиләтә, уәбғашу мақаамән-махмудәнәлләзи уааттәһ.”

Мағынасы: Әй, бұл толық шақырудың (азанның) және оқылатын намаздың Раббысы Алла! Мұхаммедке (с.а.у) жәннаттан ең жоғары дәрежені сыйлап, оны сен уәде еткен Махмұд дәрежесіне (ең жоғарғы шапағат деңгейі) жеткізе гөр.

Пайғамбарымыз: “Азаннан кейін кімде-кім бұл дұғаны оқыса, қиямет күнінде ол менің шапағатыма бөленеді” деген.⁶

АЗАН

Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар
Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар

Әшһәду әл ләә иләһә илләллаһ
Әшһәду әл ләә иләһә илләллаһ

Әшһәду әннә Мұхаммәдәр расулуллаһ
Әшһәду әннә Мұхаммәдәр расулуллаһ

Хайиә ғаләс-салаат - Хайиә ғаләс-салаат
Хайиә ғаләл-фәлах-Хайиә ғаләл-фәлах

Әссалату хайрум минән нәум
Әссалату хайрум минән нәум (Бұл бөлім тек қана таң намазына азан шақырғанда айтылады)

Аллаһу әкбәр, Аллаһу әкбәр
Лә иләһә илләллаһ.

ҚАМАТ

Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар
Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар

Әшһәду әл ләә иләһә илләллаһ
Әшһәду әл ләә иләһә илләллаһ

Әшһәду әннә Мұхаммәдәр расулуллаһ
Әшһәду әннә Мұхаммәдәр расулуллаһ

Хайиә ғаләс-салаат - Хайиә ғаләс-салаат
Хайиә ғаләл-фәлах-Хайиә ғаләл-фәлах

⁶ Риязүссалихин”, II том, 371-бет

Қад қаматис-салат

Қад қаматис-салат

Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбәр

Лә иләһә илләллаһ.

3) Субханәкә оқу.

4) Алғашқы рәкағатта Субханәкәдан кейін Әғузу-бисмилләһ, басқа рәкағаттарда Фатихадан бұрын бисмилләні оқу.

5) Субханәкә, әғузу және бисмилләні ішінен оқу.

6) Фатихадан кейін имамның әрі жамағаттың іштей “Әмин”деуі.

7) Ифтитах тәкбірінен басқа намаз ішіндегі барлық тәкбірлер.

8) Рүкуғдан тұрғанда “сәмиаллаһу лиман хамидәһ”, одан кейін “Раббәнә ләкәл - хамд” деу.

9) Рүкуғда үш рет “сүбханә раббиәл-азим” деу және сәжделердің әрқайсысында “сүбханә раббиәл ағла” деу.

10) Намазда тұрғанда аяқтардың арасы төрт елідей ашық болу.

11) Рүкуғда тізелерді қолмен ұстау, ұстаған кезде саусақтардың арасының ашық болуы. (Әйелдер саусақтарын ашпайды және тізелерін ұстамайды, тек қана қолдарын тізелерінің үстіне қояды).

12) Рүкуғда тізелері мен шынтақтарын бүкпей, арқасын бүкірейтпей түзу ұстау. (Әйелдер болса тізелерін бүгіп, арқаларын біраз жоғарыға қарай көтеріп ұстайды).

13) Сәждеге барған кезде жерге әуелі тізелерін, содан кейін қолдарын, содан кейін ғана жүзін тигізеді. Сәждеден тұрғанда әуелі жүзін, сосын қолдарын, содан кейін тізелерінің үстіне қолдарын қойып, көтерілу.

14) Отырыстарда қолдарын санының үстіне тізеге жақын қою.

15) Отырғанда сол аяғын жерге төсеп үстіне отыру және оң жаққа қарай башпайларын құбылаға қарату. (Әйелдер аяқтарын оң жаққа қарай шығарыңқырап жамбастап отырады).

16) Соңғы отырыста “әттәхияту” ден кейін “Аллаһуммә салли” және “Аллаһуммә бәрик” пен бірге дұға оқу (Раббәнә әтина ... дұғасы).

17) Сәлем бергенде басын әуелі оң жаққа, содан кейін сол жаққа бұру.

18) Сәлем бергенде “әс-сәләму алейкум уә рахматтуллаһ” деу.

Намаздың әдептері:

- а) Намазда тік тұрғанда сәжде ететін жерге;
- ә) Рүкуғда аяқтарына;
- б) Отырғанда алдына;
- в) Сәждеде мұрнының ұшына;
- г) Сәлем бергенде иықтарға қарау.

НАМАЗДЫ БҰЗАТЫН ЖАЙТТАР:

- 1) Намазда сөйлесу;
- 2) Бір нәрсе жеу немесе ішу;
- 3) Өзі еститіндей күлу (жанындағылар еститіндей күлсе, дәреті де бұзылады);
- 4) Біреуге сәлем беру немесе сәлемін алу;
- 5) Кеудесін құбыладан басқа жаққа бұру;
- 6) Дүниеге байланысты немесе ауруына байланысты жылау немесе “Ах” деу (Алладан қорқып жыласа намаз бұзылмайды)
- 7) Жөтелгісі келмесе де жөтелу; (өз-өзінен болатын, адамның еркінен тыс жөтел намазды бұзбайды).
- 8) Намазда бір нәрсе жасауға тырысу;
- 9) Бір нәрсені үрлеу;
- 10) Құранды мағынасы бұзылатындай қате оқу;
- 11) Аятты Құранға қарап оқу;
- 12) Намазда дәреті бұзылу;
- 13) Тәйәммүм еткен адам су көрсе немесе мәсіге тартылған мәсіхтің уақыты бітсе;
- 14) Таң намазын оқып жатқанда күннің шығуы;

15) Әйелдер мен еркектердің арасында пердесіз, бір сапта тұрып намаз оқуы;

16) Намазда әурет жерлердің ашылуы және бір рүкін орындалатындай уақыт бойы жабылмай тұруы.

НАМАЗДЫҢ МӘКРҮҢТЕРІ

1) Намазда денесімен немесе киімімен ойнау, саусақтарын шытырлату, саусақтарын айқастыру, қолдарын бүйіріне таяу;

2) Есінеу, керілу;

3) Көздерін жұму, оңға, солға және жоғарыға қарау (қарағанда кеудесі құбыладан басқа жаққа бұрылса, намаз бұзылады);

4) Жеңін түріп, намазға тұру (әйелдер жеңін түріп намаз оқыса, намазы бұзылады);

5) Үзірсіз яғни, себепсіз намазда малдас құру, жартылай отыру, жүрелеп отыру;

6) Адамға қарап немесе жанып жатқан отқа қарап намаз оқу, (шыраққа, электр шамға, балауыз шамға қарап оқу мәкрүһ емес);

7) Бетіндегі терді немесе шанды сүрту, қасыну, сәжде қылатын жердегі тастарды түзету (бұларды мазасын алатындай, кедергі жасайтындай жағдайда ғана жасаса мәкрүһ болмайды);

8) Рүкуғда және сәждеде тәсбихтерді айтпау немесе үштен аз айту;

9) Намаз оқитын адамның алдында, үстінде, сол және оң жағында жаны бар нәрсенің суретінің болуы немесе жаны бар нәрсе суреттерінің үстінде сәжде қылу (көрініс сияқты жансыз нәрселердің суреттері ештеңе етпейді);

10) Намазда бір нәрсеге сүйену;

11) Сәждеде тек қана маңдайын тигізіп, мұрнын тигізбеу;

12) Сәждеге барғанда қолдарын тізелерінен бұрын жерге қою. Сәждеден тұрғанда тізелерін қолдарынан бұрын көтеру (ауруға байланысты жасайтын болса мәкрүһ емес);

13) Жол үстінде, лас жерде, мазар үстінде, лас болған нәрсеге жақын жерде, иесі рұқсат етпеген мекенде намаз оқу;

14) Екінші рәкағатта, бірінші рәкағатта оқыған сүре немесе аяттан ұзын сүре немесе аят оқу;

15) Жатқа білетін сүресі бола тұра, екі рәкағатта да бір сүрені қайталап оқу;

16) Екінші рәкағатта бірінші рәкағаттағы сүреден немесе аяттан бұрынғы сүре немесе аятты оқу; Қысқа сүрелерді оқығанда (бастан-аяк) жоғарыдан төмен қарай оқылады. Мәселен: Бірінші рәкағатта “Фатихадан” кейін “Әләм-тәраны”, екінші рәкағатта “Ли ийләфиді” оқыса дұрыс. Бірақ бірінші рәкағатта “Ли ийләфиді” оқып, екінші рәкағатта “Әләм - тәраны” оқыса мәкрүһ болады.

17) Бірінші рәкағатта бір сүрені оқып, екінші рәкағатта арада бір сүре тастап, келесісін оқу;

Яғни; бірінші рәкағатта “Әләм тәраны” оқыса, екінші рәкағатта “Ли ийләфиді” оқудың орнына, оны аттап “Әра әйтәлләзиді” оқу – мәкрүһ. Бірақ екі немесе одан да көп сүре тастаса мәкрүһ болмайды.

18) Намаз оқығанда сырт киім немесе жейдесін кимей, жамылу;

19) Намазда көзін жұму;

20) Мешітте алдыңғы сапта ашық жер бола тұра артқы жаққа тұру.

БЕС УАҚЫТ НАМАЗДЫҢ ОҚЫЛУЫ

Намаздың толық және діни үкімдерге сай болуы үшін парыздарын, уәжіптерін және сүннеттерін орын-орнымен орындап, намаздарды бұзатын және мәкрүһ нәрселерден сақ болу керек.

ТАҢ НАМАЗЫ

Екі сүннет, екі парыз – барлығы төрт рәкағат. Алдымен сүннет, содан кейін парыз оқылады.

Таң намазының сүннетінің оқылуы:

Бірінші рәкағат:

1) Аяқтардың арасы төрт елі болатындай ашық және башпайлардың ұшы құбыла жаққа қарау керек.

Ниет:

2) “Ниет еттім Алла разылығы үшін бүгінгі таң намазының сүннетін оқуға” деп ниет етіледі.

Ифтитах тәкбірі:

3) “Аллаһу әкбар” деп ифтитах тәкбірі айтылады.

(**Ер адамдар** тәкбір айтқанда, алақандары құбылаға қарайды, саусақтарының арасы шамалы ашық болады. Бас бармақтар, құлақ ұшының деңгейіне келетіндей қолдарын жоғары көтереді).

(**Әйел адамдар** тәкбір айтқанда, алақандары құбылаға қарайды, саусақтарының арасы шамалы ашық болады. Саусақтары көкірек деңгейіне келетіндей қолдарын жоғары көтереді).

Қиям:

4) Тәкбірден кейін қолдарын байлайды. Тік тұрғанда сәжде қылатын жерге қарайды.

(**Ер адамдар** оң қолының алақаны сол қолының үстінде және оң қолының бас бармағы мен кішкентай саусақтары сол қолының білегін қапсырып, қолдарын кіндігінің астына байлайды).

(**Әйел адамдар** оң қолын сол қолының үстіне қойып және қолдарын көкірегінің үстіне байлайды).

Қирағат:

5) Түрегеп тұрғанда рет-ретімен: а) Субханәкә; ә) Әғузу – бисмиллаһ; б) Фатиха сүресі; в) Құраннан бір сүре оқылады.

Рүкуғ:

6) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа еңкейіп, үш рет “сүбханә раббил-азим” делінеді. Рүкуғтан тұрғанда аяқтардың ұшына қарайды.

(**Ер адамдар** рүкуғта саусақтарын ашып, алақанымен тізелерін ұстайды, арқасы түп-түзу болуы керек. Тізелері мен шынтақтарын түзу ұстайды).

(**Әйел адамдар** рүкуғта иықтарын біраз иіп, ер адамдарға қарағанда біраз иіліңкіреп тұрады. Саусақтарын ашпай, қолдарын тізелерінің үстіне қояды әрі тізелерін біраз бүгіп тұрады).

Рүкуғтан тұру:

7) “Сәмиға Аллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғдан тұрады, тік тұрып “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

Сәжде:

8) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге барады. Сәждеге барарда алдымен тізе, қол, содан кейін маңдай және мұрын жерге тиеді. Сәждеде бас екі қолдың арасында және бірдей деңгейде болады. Сәждеде болғанда екі аяқ көтерілмейді, мұрынға қарайды. Үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

(**Ер адамдар** сәждеде шынтақтарын бүйірінен ұзақ және білектерін жерден жоғары ұстайды. Аяқтары башпайлардың үстінде тік ұсталып, башпайдың ұштары құбыла жаққа қарайтындай етіп қойылады).

(**Әйел адамдар** сәждеде қолдарын бүйіріне жабыстырып, аяқтарын башпайлардың үстіне тік ұстап, башпайларының ұштарын құбыла жаққа қарайтындай етіп қояды).

Екі сәжде арасындағы отырыс:

9) “Аллаһу әкбар” деп басын көтеріп тізерлеп отырады. Отырған кезде саусақтарын тізенің деңгейіне келетіндей сандарының үстіне қояды және сәжде орнына қарайды. Бұл кезде “сүбханалла” дейтіндей аз ғана уақыт отырады.

(**Ер адамдар** сол аяғын жерге төсеп, үстіне отырады, оң аяқ башпайлары құбылаға қарайтындай тік ұсталады).

(**Әйел адамдар** аяқтарын жатқызып, оң жаққа қарай созып отырады).

10) “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге жығылады және үш рет “сүбхана раббил -ағлә” дейді.

11) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден екінші рәқағатқа тұрып қолын байлайды. Сәждеден көтерілгенде әуелі бас, содан кейін қолдар, сонан соң қолдарын тізеге қойып тізелерін жерден көтереді.

Ифтитах тәкбірінен бастап осы жерге дейін жасалғандар “бір рәкағат” болып есептеледі.

Екінші рәкағат:

1) Түрегеп тұрғаннан кейін рет – ретімен: а) Бисмиллаһ ә) Фатиха сүресі; б) Құраннан бір сүре оқылады.

2) Бірінші рәкағаттағыдай “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады да үш рет “сүбхана раббил – азим” дейді.

3) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ” деп тұрады, толық тік тұрғаннан кейін “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да үш рет “сүбхана раббил -ағлә” дейді.

5) “Аллаһу әкбәр” деп сәждеден тұрып тізерлеп отырады. “Сүбханаллаһ” дейтіндей уақыт отырады.

6) Содан кейін “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге жығалады да, үш рет “сүбхана раббил -ағлә” дейді.

Намазда соңғы отырыс:

7) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп отырады. Отырған кезде қолдың саусақтарын тізенің деңгейінде келетіндей санның үстіне қояды да, алдына қарайды.

(Ер адамдар сол аяғын жерге төсеп үстіне отырады, оң аяқтың саусақтарын құбылаға қаратып, тік ұстайды) .

(Әйел адамдар аяқтарын жатқызып, оң жаққа қарай созып отырады).

8) Отырған кезде рет-ретімен: а) “Әттәхияту” ә) “Аллаһүммә салли” б) “Аллаһүмма барик” в) “Раббәнә әтинә...” дұғалары оқылады.

Оң жаққа сәлем беру:

9) Әуелі басын оң жаққа бұрып “Әссәләмү алейкүм уәрахмәтуллаһ” дейді. Сәлем берген кезде иығына қарайды.

Сол жаққа сәлем беру:

10) Содан кейін басын сол жаққа бұрып “Әссәләмү алейкүм уә рахмәтуллаһ” дейді. Осылайша екі рәкағат намаз аяқталады.

Таң намазының парызының оқылуы:

Таң намазының парызы да екі рәкағат сүннеті сияқты оқылады. Сүннеттен айырмашылығы парыз үшін ниет етіліп, ер адамдардың қамат айтуында.

Таң намазының парызына былай ниет етеді:

“Ниет еттім Алла разылығы үшін бүгінгі таң намазының парызын оқуға”.

БЕСІН НАМАЗЫ

Бесін намазы алғашқы төртеуі сүннет, төртеуі парыз және екеуі соңғы сүннет болып барлығы он рәкағаттан тұрады.

Бесін намазының сүннетінің оқылуы:

Бірінші рәкағатта:

1) “Ниет еттім Алла разылығы үшін бүгінгі бесін намазының алғашқы сүннетін оқуға” деп ниет етіледі.

2) “Аллаһу әкбар” деп ифтитах тәкбірін айтып, қол байлайды.

3) Түрегеп тұрғанда: А) Сүбханәкә; ә) Әғузу – бисмиллаһ; б) Фатиха сүресі; в) Құраннан бір сүре оқылады.

4) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді

5) “Сәмиға Аллаһу лимән хамидәһ” деп тұрады, толық тік тұрғаннан кейін “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

6) “Аллаһу әкбәр” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

8) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

9) “Аллаһу әкбар” деп екінші рет рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Екінші рәкағат:

1) Түрегеп тұрғанда рет-ретімен: Бисмилләһ, Фатиха және бір сүре оқылады.

2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді

3) “Сәмиға Аллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғтан тұрып, денесін түзеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

5) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп отырады да “Әттәхияту” оқиды (Бұл бірінші отырыс деп аталады).

8) “Аллаһу әкбар” деп үшінші рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Үшінші рәкағат:

1) Рет-ретімен: Бисмилләһ, Фатиха және бір сүре оқылады.

2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барып, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

3) “Сәмиға Аллаһу лимән хамидәһ” деп тік тұрып, “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

5) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп төртінші рәкағат үшін орнынан тұрып, қол байлайды.

Төртінші рәкағат:

1) Түрегеп тұрғанда рет-ретімен: Бисмилләһ, Фатиха және бір сүре оқылады.

2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

3) “Сәмиға Аллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғтан тұрып, денесін тіктеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

5) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп отырады.

8) Отырған кезде рет-ретімен:

а) Әттәхияту,

ә) Аллаһүммә салли,

б) Аллаһүммә бәрик,

в) Раббәнә әтинә ... дұғаларын оқиды.

9) Әуелі басын оң жаққа бұрып “Әссәләмү аләйкүм уә рахматуллаһ” дейді. Содан кейін солға бұрып “Әссәләмү аләйкүм уә рахматуллаһ” дейді.

Бесін намазының парызының оқылуы:

Бірінші рәкағат

1) Қамат айтылады (ерлер үшін).

2) “Ниет еттім Аллаһ разылығы үшін бүгінгі бесін намазының парызын оқуға” деп ниет етіледі.

3) “Аллаһу әкбар” деп ифтитах тәкбірін айтып, қол байлайды.

4) Рет-ретімен: А) Субханәкә; ә) Әғузу – бисмиллаһ; б) Фатиха сүресі; в) бір сүре оқылады

5) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

6) “Сәмиға Аллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғтан тұрып, денесін тіктеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

8) “Аллаһу әкбар” сәждеден басын көтеріп, отырады.

9) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

10) “Аллаһу әкбар” деп екінші рет рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Екінші рәкағат:

1) Тұрғанда рет-ретімен: Бисмилләһ, Фатиха және бір сүре оқылады.

2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

3) “Сәмиға Аллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғтан тұрып, денесін тіктеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

5) “Алләһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

6) Тағы да “Алләһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп отырады.

8) Отырғанда “Әттәхиятуу” оқиды.

9) “Аллаһу әкбар” деп үшінші рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Үшінші рәкағат:

- 1) Тұрғанда Бисмилләһ және Фатиха сүресі ғана оқылады.
- 2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барып, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.
- 3) “Сәмиға Аллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғтан тұрып, денесін түзеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.
- 4) Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 5) “Аллаһу әкбар” деп отырады.
- 6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 7) “Аллаһу әкбар” деп төртінші рәкағат үшін орнынан тұрып, қол байлайды.

Төртінші рәкағат:

- 1) Тұрғанда Бисмилләһ пен Фатиха сүресі ғана оқылады.
- 2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.
- 3) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғдан тұрып, денесін түзеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.
- 4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылып үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 5) “Аллаһу әкбар” деп отырады.
- 6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 7) “Аллаһу әкбар” деп отырады.
- 8) Отырған кезде рет-ретімен: Әттәхияту, Аллаһүммә салли, Аллаһүммә бәрик, Раббәнә әтинә ... дұғаларын оқиды.
- 9) Әуелі басын оң жаққа бұрып “Әссәләмү ғәлейкүм уә рахматуллаһ” дейді. Содан кейін солға бұрып “Әссәләмү ғәлейкүм уә рахматуллаһ ” деп сәлем береді.

Бесін намазының парызы осылай бітеді.

Бұдан кейін “Аллаһүмма әнтәс-сәләмү үә минкәс-сәләмү тәбәрәк-тә иәә зәл-жәләли уәл-икрам” деп, намаздың сәлем дұғасын оқиды. Сосын екі рәкағат сүннет намазымен бесінді аяқтайды.

Бесіннің соңғы сүннетінің оқылуы:

“Ниет еттім Алла разылығы үшін бүгінгі бесін намазының соңғы сүннетін оқуға” деп ниет етіледі.

Ниеттен кейін дәл таң намазының сүннеті сияқты оқылады.

ЕКІНТІ НАМАЗЫ

Екінті намазы төрт рәкағат сүннет, төрт рәкағат парыз – барлығы сегіз рәкағат.

Екінті намазаның сүннетінің оқылуы:

Бірінші рәкағат:

1) “Ниет еттім Алла разылығы үшін екінті намазының сүннетін оқуға” деп ниет етіледі.

2) “Аллаһу әкбар” деп ифтитах тәкбірін айтып, қол байлайды.

3) Түрегеп тұрғанда рет-ретімен. Субханәкә; Әгузу – бисмиллаһ; Фатиха сүресі және бір сүре оқылады.

4) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

5) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ”деп тұрады, толық тік тұрғаннан кейін “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

6) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп отырады.

8) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

9) “Аллаһу әкбар” деп екінші рет рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Екінші рәкағат:

- 1) Тұрғанда рет-ретімен: Бисмилләһ, Фатиха сүресі, бір сүре оқылады.
- 2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.
- 3) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ”деп рүкуғдан тұрып, денесін тіктеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.
- 4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 5) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.
- 6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 7) “Аллаһу әкбар” деп отырады
- 8) Отырғанда рет-ретімен: “Әттәхиятуу, Аллаһуммә салли, Аллаһумма бәрик оқылады.
- 9) “Аллаһу әкбар” деп үшінші рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Үшінші рәкағат:

- 1) Рет-ретімен: Субханәкә, Бисмилләһ, Фатиха сүресі; бір сүре оқылады.
- 2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барып, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.
- 3) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ” деп тік тұрып, “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.
- 4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 5) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.
- 6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 7) “Аллаһу әкбар” деп төртінші рәкағатқа барады.

Төртінші рәкағат:

1) Тұрғанда рет-ретімен: Бисмилләһ, Фатиха сүресі, бір сүре оқылады.

2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

3) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғдан тұрып, денесін түзеп, “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылып үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

5) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

8) Отырған кезде рет-ретімен: Әттәхияту, Аллаһүммә сәлли, Аллаһүммә бәрик, Раббәнә әтинә ... дұғаларын оқиды.

9) Әуелі басын оң жаққа бұрып “Әссәләмү ғәлейкүм уә рахматуллаһ” дейді. Содан кейін солға бұрып “Әссәләмү ғәлейкүм уә рахматуллаһ” дейді.

Бесін намазының төрт рәкағат алғашқы сүннеті мен екінті намазының төрт рәкағат сүннетінің арасындағы айырмашылық:

Бесіннің алғашқы сүннеті, “Муәккәд сүннет”. Бұның екінші рәкағатындағы отырыста тек қана Әттәхияту оқылады және үшінші рәкағатта тұрған кезде Бисмилләһ, Фатиха және қосымша сүре оқылады.

Екінтінің сүннеті “Ғайри мүәккәд сүннет”. Бұның екінші рәкағатындағы отырыста, Әттәхияту, Аллаһүммә сәлли, Аллаһүммә бәрик оқылады, үшінші рәкағатқа тұрған кезде алдымен Сүбханакә оқылып, содан кейін Әғузу-Бисмилламен Фатиха және қосымша сүре оқылады.

Екінті намазының парызының оқылуы:

1) Қамат түсіріледі (ерлер үшін).

2) “Ниет еттім Алла разылығы үшін бүгінгі екінті намазының парызын оқуға” деп ниет етіледі.

3) Екінті намазының парызы тура бесін намазының төрт рәкағаттық парызы сияқты оқылады. Айырмашылық тек ниет етуде ғана.

АҚШАМ НАМАЗЫ

Ақшам намазы үш парыз, екі сүннет барлығы бес рәкағат. Әуелі парызы оқылады.

Ақшам намазының парызының оқылуы:

Бірінші рәкағат:

- 1) Қамат айтылады (ерлер үшін).
- 2) “Ниет еттім Аллаһ разылығы үшін ақшам намазының парызын оқуға” деп ниет етіледі.
- 3) “Аллаһу әкбәр” деп ифтих тәкбірін айтып, қол байлайды.
- 4) Рет-ретімен. Субханәкә, Әғузу – бисмиллаһ, Фатиха сүресі, бір сүре оқылады.
- 5) “Аллаһу әкбәр” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.
- 6) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ”деп тұрады, денесін тіктеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.
- 7) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 8) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.
- 9) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.
- 10) “Аллаһу әкбар” деп екінші рет рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Екінші рәкағат:

- 1) Тұрғанда рет-ретімен: Бисмилләһ, Фатиха сүресі, бір сүре оқылады.
- 2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

3) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғдан тұрып, денесін тіктеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да үш рет “сүбхана раббил- ағлә” дейді.

5) “Алләһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

6) Тағы да “Алләһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп отырады.

8) Отырғанда “Әттәхияту” оқиды.

9) “Аллаһу әкбар” деп үшінші рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Үшінші рәкағат:

1) Тұрғанда Бисмилләһ және Фатиха сүресі ғана оқылады.

2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барып, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

3) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ” деп тік тұрып, “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил- ағлә” дейді.

5) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтереді.

6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп отырады.

8) Отырғанда: Әттәхияту, Аллаһумә салли, Аллаһума бәрик, Раббәнә әтинә ... дұғаларын оқиды.

9) Алдымен басын оң жаққа бұрып “Әссәләмү аләйкүм уә рахматуллаһ” дейді. Содан кейін солға бұрып “Әссәләмү аләйкүм уә рахматуллаһ” деп сәлем береді.

Ақшам намазының сүннетінің оқылуы:

“Ниет еттім Алла разылығы үшін ақшам намазының сүннетін оқуға” деп ниет етіледі. Ақшам намазының сүннеті де дәл таң намазының екі рәкағат сүннеті сияқты оқылады.

ҚҰПТАН НАМАЗЫ

Құптан намазы төрт сүннет, төрт парыз және екі сүннет, барлығы он екі рәкағат.

Құптан намазының алғашқы сүннетінің оқылуы:

“Ниет еттім Алла разылығы үшін құптан намазының сүннетін оқуға” деп ниет етіледі.

Ниеттен кейін дәл екінтінің сүннеті сияқты оқылады. Екеуі де “Бекітілмеген сүннет”. Арасындағы айырмашылық тек қана ниет етуінде.

Құптан намазының парызының оқылуы:

- 1) Қамат айтылады (ерлер үшін).
- 2) “Ниет еттім Алла разылығы үшін құптан намазының парызын оқуға” деп ниет етіледі.

Ниеттен кейін дәл бесін намазының парызы сияқты оқылады.

Құптан намазының соңғы сүннетінің оқылуы:

“Ниет еттім Алла разылығы үшін құптан намазының соңғы сүннетін оқуға” деп ниет етіледі.

Ниеттен кейін таңғы намаздың сүннеті сияқты орындалады.

ҮТІР НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ

Құптан намазынан соң оқылатын үш рәкәғат үтір намазында басқа намаздарға қарағанда айырмашылық бар. Бұл айырмашылық – үшінші рәкәғатта Фатиха мен қосымша сүре оқылғаннан кейін бірден рүкуғқа бармай, “Аллаһу әкбар” деп тәкбір алып (құлақ қағып), қайтадан қол байлап Құныт дұғаларын оқу. Содан кейін рүкуғқа барады.

Бірінші рәкағат:

1) “Ниет еттім Алла разылығы үшін үтір намазын оқуға” деп ниет етіледі.

2) “Аллаһу әкбар” деп ифтитах тәкбірін айтып, қол байлайды.

3) Түрегеп тұрғанда, рет-ретімен Субханәкә, Әғузу – бисмиллаһ, Фатиха сүресі мен бір сүре оқылады.

4) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

5) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ” деп тұрады, толық тік тұрғаннан кейін “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

6) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил- ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтереді.

8) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

9) “Аллаһу әкбар” деп екінші рет рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Екінші рәкағат:

1) Түрегеп тұрғанда, рет-ретімен бисмиллаһ, Фатиха сүресі мен бір сүре оқылады.

2) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді.

3) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғдан тұрып, денесін тіктеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил- ағлә” дейді.

5) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

6) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп отырады.

8) Отырғанда “Әттәхияту” оқиды.

9) “Аллаһу әкбар” деп үшінші рәкағатқа орнынан тұрып, қол байлайды.

Үшінші рәкағат:

1) Түрегеп тұрғанда рет-ретімен: Әғузу – бисмилләһ, Фатиха сүресі және бір сүре оқылады.

2) “Аллаһу әкбар” деп қолдарын жоғары көтеріп, қолын қайта байлайды.

3) Құныт дұғалары оқылады. Құныт дұғаларын білмейтін болса, олардың орнына: **“Раббәнә әтинә фиддүнийә хасәнәтән уа фил-ахирети хасәнәтән уақина азәбән нәәр”** оқылады.

4) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа барады, үш рет “сүбхана раббил-азим” дейді

5) “Сәмиғаллаһу лимән хамидәһ”деп рүкуғдан тұрып, денесін түзеп “Раббәнә ләкәл хамд” дейді.

6) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады да, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

7) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден басын көтеріп, отырады.

8) Тағы да “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

9) “Аллаһу әкбар” деп отырады.

10) Отырғанда рет-ретімен: Әттәхияту, Аллаһуммә салли, Аллаһуммә бәрик, Раббәнә әтинә ... дұғаларын оқиды.

11) Әуелі басын оң жаққа бұрып “Әссәләмү аләйкүм уә рахматуллаһ” дейді. Содан кейін солға бұрып “Әссәләмү аләйкүм уә рахматуллаһ” дейді.

НАМАЗДАН КЕЙІН НЕЛЕР ОҚЫЛАДЫ?

Парыз намаздарында сәлем берілгеннен кейін:

اللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلَامُ وَمِنْكَ السَّلَامُ تَبَارَكْتَ يَا ذَا الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ

"Аллаһумма әнтәс-сәләму уә мин кәс-сәләму тәбәрактә иәә зәл-жәләли уәл-икраам" дейді.

Парыздан кейін сүннет намазы болмаса (таңғы және екінті намаздары сияқты):

اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ

"Аллаһумма салли алә Мұхаммәд уә алә әли Мұхаммәд" деп пайғамбарымызға салауат және сәлем айтылады. Парыздан кейін сүннет намазы болса (бесін, ақшам және құптан намаздары сияқты) Салауат пен сәлем сүннеттен кейін оқылады.

Салауат пен сәлемнен кейін:

سُبْحَانَ اللَّهِ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَ اللَّهُ أَكْبَرُ وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ
الْعَلِيِّ الْعَظِيمِ

"Субханаллаһи уәл-хамду лилләһи уәләә иләһә иллаллаһу уаллаһу әкбар, уәлә хаулә уәлә қууатә иллә билләһил алийл - азиим" дейді.

Содан кейін Өғузу бисмилләмен **"Аятул Курси"** оқылады.

اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا تَأْخُذُهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ لَهُ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ وَلَا يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ

Оқылуы: Аллаһу ләә иләһә иллә һуу Әл-хаййул-қаййуум. Ләә тахузуһу синәту уә ләә нәуум. Ләһуу мәә фиссәмәәуәәти уә мәә фил-ард мән зәл-ләзии йәшфағу ғиндаһу иллә биизниһ йәғламу мәә бәйнә әй-дийһим уә мәә халфаһум уә ләә юхиитуунә бишәйим мин ғилмиһи иллә бимә шәә. Уасиа курсийиу-һус-сәмәәуәәти уәл-ард уәлә йә-удуһу хифзуһумәә, уә һууәл-алийиул-азиим.

Мағынасы: Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеріп тұрушы, қалғымайды да, ұйықтамайды. Көктегі және жердегі нәрселер Аллаға тән. Оның құзырында өзінің рұқсатынсыз кім ша-

пағат етеді? Олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі. Олар (кұлдар) Алланың қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның күрсісі (білімі) көк мен жерді қамтиды. Оған ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Ол – өте ұлы, аса зор.

Содан кейін рет-ретімен:

- 33-рет سُبْحَانَ اللَّهِ “Субханаллаһ”
 33-рет الْحَمْدُ لِلَّهِ “Әлхәмдү лилләһ”
 33-рет اللَّهُ أَكْبَرُ “Аллаһу әкбар” айтылады.

Бұлардан кейін:

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

“Лә иләһә иллаллаһу уахдәһу лә шәрикә ләһ, ләһүлмүлкү уә ләһүл-хамду. Уәһһүә әлә кулли шәй-ин қадир” деп қолдарын кеуде тұсына көтеріп дұға етеді.

Пайғамбарымыз жасаған дұғалардың мағынасы:

“Әлемдердің Раббы - Аллаға шүкір. Пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) оған еріп мойынсұнғандар мен сахабаларына салауат пен сәлем!”.

Уа, Алла! Бізді көтере алмайтын қиындықтардан, дүние мен ақырет істеріміздегі таршылықтардан, қайғы-мұңға кезіктіретін тағдырдан, дұшпандарды қуантатын қасіреттен бір Өзің ғана сақтай гөр!

Уа, Алла! Күнәларымызды кешіріп, бізді есіркей гөр. Бізге разы болып, ғибадаттарымызды қабылдай гөр. Жәннаттан орын беріп, жәһәннамның отынан сақтай гөр. Дүние мен ақыреттегі барлық істерімізді түзете гөр. Өзіңді еске алып, бір Өзіңе шүкір етіп, жақсы ғибадат жасау үшін бізге жәрдем бере гөр!...

Уа, Алла! Барлық ісіміздің нәтижесін жақсы қыла гөр. Бізді дүниенің қайғы мұңынан, ақыреттің азабынан қорғай гөр.

Уа, Алла! Рақымыңды жаудырып, кешіре гөр. Барлық күнәлардан ұзақ болып, жақсылыққа ғана жетуді, жәннатқа кіріп, жәһәннамнан құтылуды өзіңнен сұраймыз.

Уа, Алла! Ешқандай күнәмізді қалдырмай кешіре гөр, ешқандай қайғы-мұңымызды қалдырмай қуанта гөр. Бізге барлық борыштарымызды, парыздарымызды өтейтіндей күш-қуат бере гөр. Дүние мен ақыретте Өзің разы болатын барлық қажеттіліктерді бере гөр. Уа, мейірімділердің мейірімдісі!

Уа, Алла! Бізге дүние мен ақыретте жақсылық бере гөр, бізге рақым көрсетіп, кешіре гөр, жәһәннамның азабынан сақтай гөр, ей, мейірімділердің мейірімдісі!

Уа, Раббымыз! Мені, анамды, әкемді және барлық мүминдерді есеп беретін күні рақымыңа бөлей гөр, ей, мейірімділердің ең мейірімдісі!

Барлық пайғамбарларға сәлем және әлемдердің жалғыз Раббы болған Аллаға – мадақ!

Дұғаны:

سُبْحَانَ رَبِّكَ رَبِّ الْعِزَّةِ عَمَّا يَصِفُونَ وَسَلَامٌ عَلَى الْمُرْسَلِينَ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ

“Субханә раббикә раббил иззәти аммә йәсыйфуун. Уә сәләмүн аләл мүрсәлиин. Уәлхамду лилләһи раббил аләминин” аятымен бітіріп, бетін сипайды.

СҰРАҚТАР:

- 1) Намаздың маңызын түсіндіріп беріңіз.
- 2) Намаз кімдерге парыз?
- 3) Намаз уақыттарын және намаз оқуға болмайтын уақыттарды айтыңыз.
- 4) Намаздың қанша түрі бар?
- 5) Намаздың парыздары қанша? Намаздың сыртқы парыздарын айтыңыз.
- 6) Намаздың ішкі парыздарын айтып беріңіз.
- 7) Намаздың уәжіптері мен сүннеттері нелер?
- 8) Намазды бұзатын нәрселер нелер?
- 9) Намазда мәкрүһ саналатын нәрселер нелер?

10) Төрт рәкағат парыз бен төрт рәкағат сүннеттің орындалуының арасында қандай айырмашылық бар?

11) Бекітілген сүннет пен бекітілмеген сүннеттің оқылуының арасында қандай айырмашылық бар?

12) Үтір намазында басқа намаздардан ерекше қандай дұға бар?

13) Намаздан кейін не оқылады?

Тақырыптар:

- Сәһу сәждесі
 - Жамағатпен намаз оқудың артықшылығы
 - Мешіт пен жамағат әдебі, намаздың жамағатпен оқылуы
 - Жұма күні мен жұма намазы, жұма намазының оқылуы
 - Айт намаздары
 - Тәшриқ тәкбірлері
 - Тарауих намазы
 - Отырып және ишарамен намаз оқу
 - Жолаушы намазы
 - Уақыты өтіп кеткен намаздардың қазалары
 - Тиләуәт сәждесі
 - Жаназа намазы.
-

СӘҺУ СӘЖДЕСІ

Қандай жағдайларда сәһу сәждесі жасалады?

Намаз ішінде:

- а) Парыздардың бірін ұмытып кешіктіру;
- ә) Уәжіптердің бірін ұмытып кешіктіру немесе ұмытып жасамау.

Бұл кемшілікті жою үшін намаздың соңында сәһу сәждесін жасау – уәжіп.

Парыздардың бірі ұмытылған жағдайда намаз аяқталса немесе біле тұра жасалмаған жағдайда намаз сахих (дұрыс) болмайтындықтан сәһу сәждесін жасаумен толықпайды, намазды қайтадан оқу керек. Уәжіптердің бірін біле тұра жасалмаса, сәһу сәждесін жасау қажет емес. Ондайда намазды қайтадан оқу керек.

Сәһу сәждесі қашан және қалай жасалады?

Егер біреу намазда парыздардың немесе уәжіптердің бірін ұмытып кешіктіріп, не болмаса уәжіптердің бірін орындамаса, намаздың соңғы отырысында тек “Әттәхийәту” оқып, оң жаққа сәлем бергеннен кейін:

“Аллаһу әкбар” деп сәждеге барады. Бұл жерде үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді. Содан соң “Аллаһу әкбар” деп басын көтеріп отырады. Қайтадан “Аллаһу әкбар” деп екінші реті сәждеге барып, үш рет “сүбхана раббил-ағлә” дейді де “Аллаһу әкбар” деп отырады.

Бұл отырыста “Әттәхияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрик” және “Раббәнә әтинә” дұғаларын оқып, әуелі оңға, содан кейін солға сәлем береді. Бұны “сәһу сәждесі” дейді.

ЖАМАҒАТПЕН НАМАЗ ОҚУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Дініміз жамағатпен намаз оқуға үлкен мән берген. Жамағатпен намаз оқыған мұсылмандар бір-бірімен етене араласып, білмейтіндер білетіндерден сұрап, жақсы әдеттерді үйренеді, уақыт өте жаман әдеттерінен де бас тартады.

Үнемі жамағатпен оқылатын намаздар мұсылмандар арасында өзара сүйіспеншілік, бауырмалдық және бір-біріне сүйеу болу сезімдерін тудырады. Періштелер сияқты Алланың құзырында сап түзеп намаз оқитын мұминдер жалғыз өзі намаз оқығандарға қарағанда көп сауап алады.

Бұл жайында пайғамбарымыз былай дейді:

“Жамағатпен оқыған намаздың сауабы жалғыз оқылған намаздың сауабынан жиырма жеті есе артық”.

“Құптан намазын жамағатпен оқыған адам түн ортасына дейін намаз оқығандай болады. Таңғы намазды жамағатпен оқыған адам түні бойы намаз оқығандай болады”.

“Егер кімде-кім үйінде жақсылап тазаланып, Алланың парыздарының бірін өтеу үшін мешітке барса, әр аттаған қадамының бірі күнәларын тазалап, екіншісі дәрежесін өсіреді”¹ Парыз намаздарын жалғыз оқуға да болады. Бірақ жамағатпен оқу

1 Әт-тәрғиб уәт-тәрһиб, I том, 260 бет

– бекітілген сүннет. Мешітке үнемі барып жүретін адамның рухани табысы мол, халық бірлігін қамтамасыз етуде рөлі үлкен.

Сүннет пен нәпіл намаздар жамағатпен оқылмайды. Бірақ тарауих намазы сүннет болғанымен әрі жалғыз, әрі жамағатпен де оқуға болады. Уәжіп болып табылатын үтір намазы тек қана Рамазан айында жамағатпен оқылады. Жұма және айт намаздары тек жамағатпен оқылады, жалғыз оқылмайды.

МЕШІТ ЖӘНЕ ЖАМАҒАТ ӘДЕБІ

Мешіттер – мұсылмандардың Аллаға ғибадат ететін мекені. Жер жүзіндегі құрметті мекен болып табылатын мешіттер “Алланың үйі” деп аталады. Мешітке ғибадат үшін баратын мұмин Алланың зияратшысы және қонағы. Үй иесі үйіне келген қонақтарына қошемет көрсететіні сияқты мешітке барып жүретін мұсылмандарға да Алла үлкен сый-сияпат береді.

Пайғамбарымыз бұл жайында былай дейді: **“Үйінен жақсылап дәрет алып, мешітке баратын адам, Алланың зияратшысы. Зиярат еткен адамға Алла үлкен марапат көрсетеді”**²

Мешіттерге құрмет көрсету – әр мұсылманның борышы әрі міндеті. Бұл міндеттер қысқаша айтқанда мыналар:

- 1) Мешітке дәрет алып, таза және дұрыс киіммен бару;
- 2) Мешітке оң аяқпен кіріп, кіріп бара жатқанда пайғамбарымызға салауат айту;
- 3) Мешіттен шығарда сол аяқпен шығу;
- 4) Аяғы және шұлықтары кір болса, мешіттегі жайнамаздарды, кілемдерді баспау;
- 5) Себепсіз аяқтарын созып отырмау, айқайламау, шуламау, дүниелік нәрселер жайында сөйлеспеу, мұндай құрметсіздіктерден сақтанған дұрыс;
- 6) Пияз, сарымсақ жеп, аузының иісімен мешітке кіріп, жамағатқа жағымсыз әсер етіп, кекіру, жанындағыларды жиіркендіретіндей әрекеттерден аулақ болу.

2 Өт-тәрғиб уәт-тәрһиб, I том, 214 бет

Мешітте Құран оқылып, уағыз жүргізіліп жатса, мұқият, құрметпен тыңдау керек. Мешітке кеш келгендер бос жерге отыру, алдыңғы саптарға өтем деп жамағаттың мазасын алмау қажет.

Мешіт жайлы мәліметтер:

Мешіттер – мұсылман қоғамының ажырамас бір бөлігі. Ислам әлемінің символы. Мұсылмандар тарих бойы мешіт салуға үлкен мән берген, тіпті қазіргі таңда озық сәулетшілер шығып, әлемде теңдесі жоқ сәулетті мешіттер салдырған.

Мешіт – мұсылмандардың жиналып ғибадат ететін мекені.

Намазхана – намаз оқылатын мекен деген сөз. Намазханаларда көбінесе бес уақыт намаздар оқылады, ал жұма және айт намаздары үлкен және орталық мешіттерде оқылады. Кейбір үлкен мешіттер мәсжид деп аталады. Мысалы: Мәсжид-и Нәбәуи, яғни пайғамбар мешіті сияқты.

Мешіт бөліктері:

Михраб – мешіттерде құбылаға қараған және имамның намаз оқытқан кезде тұратын бөлімі.

Мінбер – имамның жұма немесе айт құтпаларын оқитын биіктеу баспалдақты орын.

Мінбе – мешітте уағыз жүргізілгенде отыратын биіктеу жер.

Мұнара – мешітте азан айту үшін жасалатын биік құрылыстар.

Шарафа – мұнараларда шеңбер түрінде қоршап тұратын біраз шығыңқы орналасқан азан айтылатын жер. Бұл жерге мұнаралардың ішіндегі баспалдақпен шығады. Мұнараларда көбіне бір шарафа болады, сондай-ақ бірнеше шарафалы мұнаралар да бар.

Аләм – Мұнараның үстіне орналастырылған туған ай түріндегі мұнара белгісі.

НАМАЗДЫҢ ЖАМАҒАТПЕН ОҚЫЛУЫ

Намаздың бірінші рәкағатында имамға қосылғандардың жағдайы:

Имамның артында жамағатпен намаз оқитын адам оқылатын намазға және имамға ұйыуға ниет етеді. Мысал ретінде түскі намаздың парызының қалай оқылатынын көрейік.

1) Былай ниет етіледі: “Ниет еттім Алла ризалығы үшін бесін намазының парызын оқуға, ұйыдым осы имамға”.

2) Жамағатпен оқылатын барлық намаздарда намаз оқыған адам ниетінің соңында “ұйыдым осы имамға” деп айтуы керек.

3) Имам тәкбір алысымен жамағат та тәкбір алып, қолын байлайды да іштей “Субханәкәһі” оқып үндемей тұрады. Жамағат осыдан басқа рәкағаттардың ешқайсысында іштей ештеңе оқымайды. Тек имам “Фатиханы” бітірген кезде іштей “Әмин” дейді.

4) Рүкуғқа барғанда жамағат үш рет “сүбханә раббил-азим” дейді. Имам “Сәмиғаллаһу лимән хамидаһ” деп түрегелгенде жамағат та толық тік тұрып, “Раббанә ләкәл хамд” дейді. Сәжделерде үш реттен “сүбхана раббил-ағлә” дейді.

5) Отырыстарда имаммен бірге жамағат та “Әттаһияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрікті оқып имаммен бірге сәлем береді.

Имамның артында тұрып жамағатпен намаз оқыған адам тәкбір алған кезде, рүкуғқа барғанда, тұрғанда, сәждеге барғанда, одан тұрғанда және сәлем берген кезде имамнан озбайды.

Бір рәкағаттың рүкуғында, яғни имам рүкуғдан әлі тұрмай тұрғанда ниет етіп тәкбір алған және рүкуғда имамға ұйып үлгерген адам сол рәкағатқа үлгерген болып есептеледі.

Екінші рәкағатта имамға қосылғандардың жағдайы:

Бірінші рәкағаттың рүкуғына үлгере алмаған адам үлгерген жерінен бастап ниет етіп, тәкбір алып, имамға ұйады. Имаммен бірге намазды жалғастырады. Соңғы отырыста “әттәһиятуді” оқып, имамның сәлем беруін күтеді. Имам оң жаққа сәлем берісімен үлгере алмаған рәкағатты оқу үшін сәлем бермей, “Аллаһу әкбар” деп орнынан тұрып, “Суб-

ханәкә”, “Әузу-бисмилләһ”, “Фатиха” мен бір сүре оқиды. Содан кейін рүкуғ пен сәжделерді орындап отырады. “Әттәхияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрик” және “Раббәнә әтинә” дұғаларын оқиды. Әуелі оң жаққа, содан кейін сол жаққа сәлем береді.

Үшінші рәкағатта имамға қосылғандардың жағдайы:

Төрт рәкағатты намаздың үшінші рәкағатында имамға ұйыған адам соңғы отырыста “Әттәхиятуді” оқып, имамның сәлем беруін күтеді. Имам оң жаққа сәлем берісімен сәлем бермей “Аллаһу әкбар” деп орнынан тұрады да, үлгере алмаған екі рәкағатын оқиды:

“Субханәкә”, “Әузу-бисмилләһ”, “Фатиха” мен бірге бір сүре оқып, рүкуғ мен сәжделерді жасағаннан кейін “Аллаһу әкбар” деп орнынан тұрады. “Әузу-бисмилләһ”, “Фатиха” мен бір сүре оқып, тағы да рүкуғ және сәжделерді орындаған соң отырады. “Әттәхияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрик” және “Раббәнә әтинә” дұғаларын оқып, әуелі оң жаққа, содан соң сол жаққа сәлем береді.

Үш рәкағатты ақшам және үтір намаздарының үшінші рәкағатында имамға ұйыған адам, имаммен бірге сол рәкағатты оқиды. “Әттәхиятуді” оқып, имамның сәлем беруін күтеді. Имам оң жаққа сәлем берісімен, өзі сәлем бермей “Аллаһу әкбар” деп орнынан тұрады. “Субханәкә”, “Әузу-бисмилләһ”, “Фатиха” мен бір сүре оқып, рүкуғ мен сәжделерді жасағаннан кейін отырады. Мұнда тек қана “Әттәхиятуді” оқиды, түрегеліп “Бисмилләһ” пен “Фатиха” және бір сүре оқылған соң рүкуғ және сәждені орындап отырады. “Әттәхияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрик” және “Раббәнә әтинә” дұғаларын оқып, әуелі оң жаққа, содан соң сол жаққа сәлем беріп, намазын бітіреді.

Төрт рәкағаттық намаздың төртінші рәкағатында имамға ұйыған адам:

Жоғарыдағыдай имаммен бірге сол рәкағатты оқып, соңғы отырыста “Әттәхиятуді” оқып, күтеді. Имам оң жаққа сәлем бергеннен кейін, сәлем берместен “Аллаһу әкбар” деп орнынан тұрады. Тұрғанда “Әузу-бисмилләһ”, “Фатиха” мен бір сүре оқиды. Содан соң, рүкуғ, сәжделерді орындап, отырады. Тек қана “Әттәхиятуді” оқып, түрегеледі де “Әузу-бисмилләһ”, “Фатиха” мен бір сүре оқып, рүкуғ мен сәжделерді ретімен орындайды. Содан соң отырмай, орнынан тұрып “Бисмилләһ” пен “Фатиханы” оқып алып (мұнда қосымша сүре оқылмайды) рүкуғ

пен сәжделерді жасап, отырады. “Әттәхияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрик” және “Раббәнә әтинә” дұғаларын оқып, әуелі оң жаққа, содан соң сол жаққа сәлем беріп, намазын бітіреді.

Соңғы рәкағаттың рүкуғынан тұрғаннан кейін имамға қосылған адам имам оң жаққа сәлем берісімен “Аллаһу әкбар” деп орнынан тұрып, өзі бастан-аяқ барлық рәкағаттарды оқып шығады.

ЖҰМА КҮНІ ЖӘНЕ ЖҰМА НАМАЗЫ

Жұма – мұсылмандар үшін қасиетті күн. Сондықтан мұсылмандар бұл күнді қуанышпен қарсы алып, жуынып, тазаланып, жаңа киімдерін киіп мешітке баруы керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

“Егер кімде-кім дәрет алып, жұмаға келіп, үндемей құтпа тындаса, үш күн артығымен сол жұмадан келесі жұмаға дейінгі күнәлары кешіріледі”³

Жұма намазы: төрт сүннет, екі парыз және төрті соңғы сүннет болып барлығы он рәкағат. Жұма күндері бесін намазының уақытында оқылады және ол күні бесін оқылмайды. Жұма намазының парызы жамағатпен оқылады, жеке оқылмайды.

ЖҰМА НАМАЗЫ КІМДЕРГЕ ПАРЫЗ?

Жұма намазының парыз болуы үшін мұсылман, ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жетуі керек. Бұлардан басқа алты шарт тағы бар.

Жұма намазының парыз болуының шарттары:

- 1) Ер адам болу (әйелдерге парыз емес);
- 2) Басы бос, яғни азат кісі болу;
- 3) Жолаушы болмау;
- 4) Дені сау болу;
- 5) Соқыр болмау;
- 6) Өз аяғымен бара алатындай болу.

³ Риязус-салихин”, II том, 440 бет

Бұл шарттарға сәйкес келмеген адамға жұма намазы парыз емес. Бірақ мұндай адам мешітке барып жұма намазын оқитын болса, сол күнгі бесін намаздың орнына есептеледі.

Жұма намазы дұрыс (сахих) болу үшін алты шарттың орындалуы қажет.

Жұма намазының дұрыс болуының шарттары:

- 1) Жұма намазының бесін мезгілінде оқылуы;
- 2) Парыздан бұрын құтпаның оқылуы;
- 3) Жұма оқылатын мекеннің жұрттың барлығына есігі ашық болуы;
- 4) Имамнан басқа кем дегенде үш ер адам жамағат болуы;
- 5) Жұма намазын оқытатын адам мемлекет тағайындаған немесе рұқсат берген адам болуы;
- 6) Жұма оқылатын жердің қаланың ішінде немесе соған дәрежесі тең келетіндей жерде болуы.

ЖҰМА НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ

Жұма күні түсте азан оқылған соң әуелі төрт рәкағат алғашқы сүннет оқылады. Былайша ниет етіледі: “Ниет еттім Алла разылығы үшін жұма намазының алғашқы сүннетін оқуға”.

Жұманың алғашқы сүннетінің оқылуы бесін намазының төрт рәкағат сүннеті сияқты. Сүннет оқылған соң мешіттің ішінде тағы да азан айтылады. Содан кейін имам мінберге шығып, құтпа оқиды. Құтпа біткеннен кейін қамат айтылып, жұманың екі рәкағат парызы жамағатпен оқылады. Имамның артында тұрған жамағат былайша ниет етеді: “Ниет еттім Алла разылығы үшін жұма намазының парызын оқуға, ұйыдым осы имамға”.

Парыздан кейін жұманың төрт рәкағат сүннеті оқылады. Мұның да оқылуы жұманың алғашқы сүннеті сияқты. Ниеті былай айтылады: “Ниет еттім Алла разылығы үшін жұманың сүннетін оқуға”.

Жұма намазы осылайша бітеді.

АЙТ НАМАЗДАРЫ

Айт – қуанышты күн деген сөз. Жамағатпен оқылатын айт намаздары мұсылмандар арасында бірлік пен ынтымақтың тамаша көрсеткіші. Айт – мұсылмандарды етене жақындастырып, өзара реніш, араздықтырын жойып, бауырласу сезімдерін күшейтететін маңызды күндер. Мейрамдар – Алланың мұмин құлдарына берген сыйы.

Мұсылмандардың жылда екі діни мейрамы бар:

- 1) Ораза айты.
- 2) Құрбан айты.

Жұма намазы кімдерге парыз болып есептелсе, сол адамдарға айт намаздарын оқу – уәжіп. Айт намазы екі рәқағат болып, жамағатпен оқылады. Айт намаздарында азан шақыру және қамат айту жоқ. Айт намазының құтпасы сүннет және ол намаздан соң оқылады. Ал жұма құтпасы парыз және екі рәқағат парыздан бұрын оқылады.

Басқа намаздардан айырмашылығы – айт намаздарының бірінші рәқағатында үш, екінші рәқағатында үш реттен алты тәкбір алынады. Бұл тәкбірлер “Зәуәид тәкбірлер (артық тәкбірлер)” деп аталады.

АЙТ НАМАЗДАРЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ

Ораза айт намазы:

Бірінші рәқағат:

1) Жамағат түзу сап түзеп, имамның артында тұрып “Ниет еттім Алла ризалығы үшін ораза айт намазын оқуға, ұйыдым осы имамға” деп ниет етіледі.

2) Имам “Аллаһу әкбәр” деп қолдарын жоғары көтергенде жамағат та имамнан кейін “Аллаһу әкбәр” деп қолдарын жоғары көтеріп, содан кейін қолдарын байлайды.

3) Имам да, жамағат та іштерінен “сүбханәкә”-ні оқиды. Содан кейін үш рет тәкбір алады. Тәкбірлер былайша алынады:

Бірінші тәкбір: Имам дауыстап, ал жамағат оның артынша іштерінен “Аллаһу әкбәр” деп (ифтитах тәкбіріндегідей) қолдарын жоғары

көтеріп, содан кейін төмен түсіреді. Бұл жерде қысқа бір уақыт аялдайды.

Екінші тәкбір: Екінші рет “Аллаһу әкбәр” деп қолдарын жоғары көтеріп, тағы да төмен түсіреді де, бірінші тәкбірдегідей қысқа уақыт тұрады.

Үшінші тәкбір: Тағы да “Алалһу әкбәр” деп қолдарын жоғары көтергеннен кейін түсіріп жібермей, байлайды.

4) Содан кейін имам ішінен “Әғузу Бисмилләһ”, дауыстап “Фатиха” мен бір сүре оқиды. (Жамағат ештеңе оқымай имамды тыңдайды).

5) Рүкуғ пен сәжделерді орындап екінші рәкағатқа тұрып, қолдарын байлайды.

Екінші рәкағат:

6) Имама ішінен “Бисмилләһ”, дауыстап “Фатиха” мен бір сүре оқиды. Сүре бітісімен имам дауыстап, ал жамағат іштерінен (бірінші рәкағаттағыдай) үш рет тағы тәкбір алады, үшінші тәкбірден кейін қолдарын байламай, төртінші тәкбір алып, рүкуғқа барады, содан кейін сәжделерді орындап, отырады.

7) Отырғанда имам мен жамағат ““Әттәхияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрик” және “Раббәнә әтинә” дұғаларын оқып, әуелі оң жаққа, содан кейін сол жаққа сәлем беріп, намазын бітіреді. Намаздан соң құтпа оқылады.

Құрбан айт намазы:

8) “Ниет еттім Алла разылығы үшін құрбан айт намазын оқуға, ұйыдым осы имамға” деп ниет етіледі.

9) Имам “Аллаһу әкбар” деп ифтитах тәкбірін алғаннан кейін жамағат та “Аллаһу әкбар” деп қолдарын жоғары көтеріп, содан кейін қолдарын байлайды.

Ниеттен кейінгісі дәл ораза айт намазы сияқты орындалады. Намаздан кейін құтпа оқылады.

ТӘШРИҚ ТӘКБІРЛЕРІ

Құрбан айттан бір күн бұрын “Арапа” күнінің таңғы намазынан бастап айттың төртінші күнінің екінті намазына дейінгі уақытта парыз намаздарының артынан сәлемнен кейін бір рет:

Оқылуы: **“Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, Лә иләһә иллаллаһу уәллаһу әкбар. Аллаһу әкбар уә лилләһи хамд”** деп тәкбір айту уәжіп. Бұны “Тәшриқ тәкбірі” дейді.

Бұл тәкбір жамағатпен және жеке намаз оқығандарға, жолаушыға, жолаушы еместерге, ер-әйелдерге уәжіп.

Тәшриқ күндерінде қазаға қалған намаздардың қазасы тәшриқ күндерінде өтелетін болса, “тәшриқ тәкбірін” айту керек. Тәшриқ күндері біткеннен кейін қазасы оқылса, тәкбір айтылмайды.

Айт күндеріндегі міндеттеріміз:

Айт күні таңертең ерте тұру, жуыну, тіс тазалау, әдемі киіну және исі су сеуіп, мешітке бару, кездескен адамдарға құрмет көрсету, кедейлерге көмек көрсете отырып қуанышқа кенелту, дін бауырларымызды айтымен құттықтау, үлкендердің үйіне барып сәлем беру, марқұмдардың атынан садақа беру, қайтыс болғандардың рухына Құран оқу, дұға оқу, реніш, араздықтарды ұмытып, араздарды татуластыру, балаларға сыйлықтар беріп қуанту – басты міндеттеріміз.

ТАРАУИХ НАМАЗЫ

Тарауих намазы жиырма рәкағат. Ерлер мен әйелдерге сүннет мүәккәдә, яғни, бекітілген сүннет. Ол Рамазан айында оқылады. Ауру немесе жолаушы болып, ораза ұстай алмаған адамдардың да Тарауих намазын оқуы – сүннет. Тарауих намазын мешітте жамағатпен оқыған сүннет әрі сауабы мол. Үйде де жалғыз немесе жамағатпен оқуға болады. Бірақ мешітте оқыған артық. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

“Артықшылығына сене отырып, сауабын үміт ете отырып, Алла разылығы үшін Рамазан айында түнде ғибадат ететін (Тарауих намазын оқитын) адамның өткен күнәлары кешіріледі.”⁴

4 Риязус-салихин”, II том, 467 бет

Тарауих намазының оқылуы:

Тарауих намазы құптан намазынан кейін оқылады. Одан бұрын оқылмайды. Үтір намазы Рамазан айында Тарауихтан кейін оқылады. Тарауихтан бұрын да оқуға болады.

Жиырма рәкағат Тарауих намазын екі рәкағаттан да, төрт рәкағаттан да оқуға болады. Екеуінде де намаз жиырма рәкағатпен тәмәмдалады.

Екі рәкағатта бір сәлем беріліп оқылатын Тарауихтың жамағатпен оқылуы:

Құптан намазының парызы мен соңғы сүннетінен кейін Тарауих намазы басталады.

Намазды оқытатын имам: “Ниет еттім Алла разылығы үшін маған ұйығандарға имам болып, Тарауих намазын оқуға” деп ниет етіп, ифтитах тәкбірін алып, қолдарын байлайды.

Имамға ұйыған жамағат: “Ниет еттім Алла разылығы үшін Тарауих намазын оқуға, ұйыдым осы имамға” деп ниет етіп, имам тәкбір алысымен “Аллаһу әкбар” деп тәкбір алып, қолдарын байлайды.

Содан соң имам мен жамағат іштерінен “Субханәкәні” оқиды. Ол біткеннен кейін имам ішінен “Әғузу, бисмилләһ”, дауыстап “Фатиха” мен бір сүре оқып, жамағатпен бірге рүкуғ және сәжделерді орындап, отырады.

Отырғанда Имам және жамағат “Әттәхияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрик” және “Раббәнә әтинә” дұғаларын оқып, сәлем береді. Осылайша екі рәкағат бітеді.

Орнынан тұрып, жоғарыда айтып өткеніміздей, екі рәкағаттан намазын жалғастыра береді. 10 рет екі рәкағаттан оқыса, жиырма рәкағат Тарауих намазы бітеді. Содан кейін үш рәкағат Үтір намазы жамағатпен оқылады.

Екі рәкағат Тарауихтың жеке оқылуы:

“Ниет еттім Алла разылығы үшін Тарауих намазын оқуға” деп ниет етіп, таңғы намаздың екі рәкағат сүннеті сияқты оқылады.

Жиырма рәкағат біткенше екі рәкағаттан оқылады, тарауих бітісімен Үтір намазы оқылады.

Төрт рәкағатта бір сәлем беріліп оқылатын Тарауихтың жамағатпен оқылуы:

Имам мен жамағат жоғарыда айтып өткеніміздей ниет ете отырып, ифтитах тәкбірін алады да, қолдарын байлайды. Имам мен жамағат іштерінен “Субханәкәні” оқығаннан кейін имам ішінен “Әғузу, бисмилләһ”, дауыстап “Фатиха” мен бір сүре оқып, жамағатпен бірге рүкуғ және сәжделерді орындап, екінші рәкағатқа тұрады.

Тұрғанда имам ішінен “Бисмилләһты”, дауыстап Фатиха мен бір сүрені оқып рүкуғ сәжделерді жасап, отырады. Екінші рәкағаттың соңында отырыста имам мен жамағат “Әттәһияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрик” дұғаларын оқып, үшінші рәкағатқа тұрады.

Үшінші рәкағатта имам да, жамағат та іштерінен “Субханәкәні” оқиды. Кейін имам ішінен “Әғузу, бисмилләһ”, дауыстап “Фатиха” мен бір сүре оқиды. Содан кейін рүкуғ пен сәжделерді орындап, төртінші рәкағатқа тұрады.

Имам ішінен “Бисмилләһты”, дауыстап Фатиха мен бір сүрені оқып, рүкуғ сәжделерді жасап, отырады.

Отырғанда имам мен жамағат “Әттәһияту”, “Аллаһуммә салли”, “Аллаһуммә бәрик” және “Раббәнә әтинә” дұғаларын оқығаннан кейін сәлем береді. Осылайша Тарауих намазының алғашқы төрт рәкағаты аяқталады.

Осыдан кейін тұрып дәл жоғарыдағыдай төрт-төрт рәкағаттан оқыла береді. Бес рет төрт рәкағаттан оқығанда жиырма рәкағат Тарауих намазы оқылады.

Содан кейін тағы да жамағатпен Үтір намазы оқылады.

Төрт рәкағаттық Тарауихтың жеке оқылуы:

“Ниет еттім Алла разылығы үшін Тарауих намазын оқуға” деп ниет етіліп, екінті намазының сүннеті сияқты оқылады, айырмашылық ниетінде. Осылай төрт рәкағаттан оқылып, жиырма рәкағат бітеді, соңынан Үтір намазы оқылады.

ОТЫРЫП ЖӘНЕ ИШАРАМЕН НАМАЗ ОҚУ

Ислам дінінде қиыншылық жоқ. Ғибадаттар адамның әліне және күшіне қарай атқарылады. Намазды тұрып оқи алмағандар, отырып оқиды.

Мұндай жағдайда намаздың түрегеп тұрып орындалатын қимылдары отырып жасалынады. Содан кейін иіліп рүкуғ жасайды. Рүкуғдан басын көтеріп, сәждеге жығылады. Осылай намазын жалғастыра береді.

Егер мандайын жерге қойып сәжде етуге күші жетпесе, басымен ишара етеді. Бұл “**ым-ишарамен оқылатын намаз**” деп аталады. Рүкуғ пен сәждені басымен ишарат етіп орындайды. Мұндай жағдайдағы адам рүкуғда басын аз ғана еңкейтеді, ал сәждеде одан да төменірек еңкейтеді. Егер сәждеде рүкуғдан қарағанда төменірек иілмесе намазы сахих (дұрыс) болмайды.

Науқас отыра алмайтындай жағдайда болса, жатқан күйі бас ишарасымен намаз оқиды. Басымен де ишара етіп намаз оқуға шамасы жетпейтіндер намазын сауыққаннан кейін оқуға болады.

ЖОЛАУШЫ НАМАЗЫ

Қалыпты орташа жүріспен 18 сағаттық (шамамен 90 шақырым) бір жерге бару үшін үйінен, ауылынан шыққан адам жолаушы болып есептеледі.

Жолаушы адам баратын жеріне дейін жолаушы болғаны сияқты, барған жерінде 15 күннен аз уақыт қаламын деп жолға шықса, бірақ 15 күн немесе одан да көп қалса жолаушы болып есептеледі. Ал 15 күн немесе одан да көп қаламын деген оймен жолға шықса, жолаушы болып есептелмейді.

Дініміз жолаушыларға жеңілдіктер жасаған:

Жолаушы төрт рәқағат парыз намаздарын екі рәқағат етіп оқиды. Таң намазының екі рәқағат парызы, ақшам намазының үш рәқағат парызы мен үтір намазын толық орындайды. Ал егер уақыты ыңғайлы, жеткілікті болса, сүннеттерін қысқартпай толық оқиды.

Жолаушы адам жолаушы емес имамға ұйыған жағдайда, имаммен бірге төрт рәқағат парызды толық оқиды. Жолаушы адам жолаушы

емес адамға имам болса, имам екінші рәқағаттың аяғында сәлем береді, ал жолаушы емес жамағат өздері төрт рәқағаттарын бітіреді. Жолаушы сапар кезінде қаза болған төрт рәқағат намазын сапардан кейін де екі рәқағат қылып қаза етіп оқиды. Жолаушы дәрет алып киген мәсінің үстіне үш күн, үш түн мәсіх тарта береді.

Жолаушы Рамазан айында қаласа ораза ұстайды, қаласа кейінге қалдырып, еліне келгеннен кейін ұстайды. Ораза ұстау еш қиыншылық тудырмаса, жолда да ораза ұстағаны жақсы. Жолаушы Жұма және Айт намаздарын оқымаса да болады. Бірақ оқыса, намазы дұрыс болып есептеледі. Жұма намазын оқи алмаса, Бесін намазын оқиды.

Міне, бұлар жол жүрудің қиыншылықтарын ескере отырып, дініміздің жолаушыларға көрсеткен жеңілдіктері.

УАҚЫТЫ ӨТІП КЕТКЕН НАМАЗДАРДЫҢ ҚАЗАСЫ

Намазды уақытында оқу “әда”, уақыты шыққанан кейін оқу “қаза” деп аталады. Намазды біле тұра, себепсіз уақытынан кейінге қалдыру күнә. Қазасын оқумен орны толуы мүмкін. Бірақ уақытынан кейінге қалдырғаны үшін Алладан кешірім сұрау керек.

Бес уақыт намаздың парыздары мен үтір намазының қазалары оқылады. Уақыты шығып кеткеннен кейін сүннет намаздарының қазасы оқылмайды. Тек қана Таң намазы қалып қойса, парызымен бірге сүннетін де Күн әбден шығып болғаннан бастап, дәл төбеге келгене дейін қаза етіп оқиды. Қаза намазын оқу үшін арнайы уақыт жоқ. Бірақ үш мәкрұһ уақытта, яғни күн шығып келе жатқанда, күн тас төбеде тұрғанда, күн батып бара жатқанда оқылмайды.

Уақыты өткен намаздардың қазасын оқығанда қай күннің қай уақыт намазы екендігін білмесе: “Ниет еттім Алла разылығы үшін қазаға қалған алғашқы таң намазының парызын оқуға” деп ниет етіледі. Басқа намаздар мен Үтір намазының қазасы үшін де алғашқы бесін, алғашқы екінті, алғашқы ақшам, алғашқы құптан, алғашқы үтір намазын оқуға деп ниет етеді немесе ең соңғы таң, соңғы бесін, соңғы екінті, соңғы ақшам, соңғы құптан және соңғы үтір деп ниет етеді.

ТИЛӘУӘТ СӘЖДЕСІ

Тиләуәт сәждесі – Аллаға құрмет. Құран Кәрімнің 14 сүресінде сәжде аяты бар. Олардың бірін оқыған немесе естіген адамға сәжде ету уәжіп.

Сәжде аяты намазда оқылса, “Тиләуәт сәждесін” намазда жасау керек. Сәжде аятынан соң Құран оқу жалғасатын болса, сәжде аятын оқысымен тиләуәт сәждесін дереу орындап, қайта тұрып намазды жалғастыру керек. Егер сәжде аятынан кейін Құран оқуды жалғастырмайтын болса, бір, екі, ең көп дегенде үш аят оқып рүкуғ, сәждеге жығылады, осы сәждемен тиләуәт сәждесі орындалған болады, арнайы тиләуәт сәждесін жасау қажет емес.

Намазда оқылған сәжде аятын намазда емес адам естісе, сәжде етуі керек. Ал егер намазда тұрған адам намазда емес адамның оқыған сәжде аятын естісе, оған да намаздан кейін тиләуәт сәждесін жасау керек болады.

Намазда сәжде аятын оқыған адам намазда тиләуәт сәждесін жасау керек. Намаз біткеннен кейін жасалмайды. Имам намазда сәжде аятын оқыса, өзі де оған ұйып тұрған жамағат та сәжде жасайды. Тиләуәт сәждесі намаз оқуы міндет болғандарға уәжіп. Етеккір халіндегі, жаңа босанған әйелдерге уәжіп емес.

Намаздан тыс тиләуәт сәждесінің жасалуы:

Дәретті алып, құбылаға қарайды. Тиләуәт сәждесіне ниет етіп, қолдарын көтерместен “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады. Сәждеде үш рет “сүбхана раббил-ағла” дегеннен кейін “Аллаһу әкбар” деп орнынан тұрады. Тұрғанда: “Ғуфранәкә Раббәнә уә иләйкәл масиир” деп айту мұстахап. Сәжде бір рет жасалады. Сәждеден кейін сәлем берілмейді.

Құран Кәрімде сәжде аяты кездесетін он төрт сүре бар:

- | | |
|----------------------------|-------------------------------|
| 1) Ағраф сүресі (206 -аят) | 8) Нәміл сүресі (25- аят) |
| 2) Рағьд сүресі (15- аят) | 9) Сәжде сүресі (15- аят) |
| 3) Нахыл сүресі (48- аят) | 10) Сад сүресі (24- аят) |
| 4) Исра сүресі (107- аят) | 11) Фүссилат сүресі (37- аят) |

- | | |
|----------------------------|------------------------------|
| 5) Мәриям сүресі (58- аят) | 12) Нәжім сүресі (62- аят) |
| 6) Хаж сүресі (18- аят) | 13) Иншиқак сүресі (21- аят) |
| 7) Фұрқан сүресі (60- аят) | 14) Алақ сүресі (19- аят) |

ЖАНАЗА НАМАЗЫ

Жаназа намазы – парыз кифая. Қайтқан адамға дұға жасалынады. Мұсылман бауырының кемшіліктері мен күнәларының Алладан кешірілуін сұрайды. Оны соңғы ақтық сапарға шығарып салады.

Кімге жаназа намазы оқылады:

Өлген адамның жаназа намазын оқу үшін алты шарт болу керек. Олар мыналар:

- 1) Өлген адамның мұсылман болуы;
- 2) Таза болуы (яғни жуынып, таза кебінге оралуы);
- 3) Жамағаттың алдында болуы;
- 4) Өлген адамның барлық денесі немесе денесінің жартысынан көбісі, я болмаса басы мен бірге денесінің жартысы болуы керек;
- 5) Жаназа намазын оқитын адамның үзірі (себебі) болмаса тұрып оқуы;
- 6) Жаназаның жерде болуы, иықта немесе малдың үстінде болмауы керек.

Жаназа намазы парыз кифая болғандықтан, кейбір мұсылмандар оқыса, басқаларға міндет емес. Жаназа намазын жамағатпен оқу шарт емес. Тек қана бір ер адам немесе әйел адам жаназа намазын оқыса, парыз орындалған болып есептеледі. Басқа намаздарды бұзатын нәрселер жаназа намазын да бұзады. Намаз оқылуы мәкрүһ болып есептелетін, үш уақытан басқа уақыттарда жаназа намазын оқуға болады.

Жаназа намазының рүкіндері төрт тәкбір мен қиям (тік тұру). Сәлем беру уәжіп. Жаназа намазында рүкуғ, сәжде жоқ.

Жаназа намазының сүннеттері:

- 1) Намазды өткізетін имам марқұмның кеудесінің тұсында тұруы.

- 2) Бірінші тәкбірден кейін “Субханәкәні” оқу.
- 3) Екінші тәкбірден кейін “Аллаһуммә салли” және “Аллаһуммә бәрик” оқу.
- 4) Үшінші тәкбірден кейін дұға оқу.

ЖАНАЗА НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ

Марқұм жуылып, кебінделіп намаз оқылатын жерге “Мусаллаға” қойылады. Жаназа жамағаттың алдында болады. Намазды өткізетін имам өлген адамның кеуде тұсында тұрады. Ал жамағат құбылаға қарап, имамның артында сапқа тұрады. Жамағаттың үш сап болып тұруы мұстахаб.

Ниет еткен кезде марқұмның ер немесе әйел кісі, ер бала немесе қыз бала екені айтылып өтеді.

Намазды өтейтін имам: “Ниет еттім Алла разылығы үшін дайын тұрған жаназа намазын оқуға және (марқұм ер кісі болса) осы ер кісі үшін дұға етуге” деп ниет етіледі.

Марқұм әйел болса, “Осы әйел кісі үшін дұға етуге”,

марқұм ер бала болса, “Осы бала үшін дұға етуге”,

марқұм қыз бала болса, “Осы қыз бала үшін дұға етуге” деп айтылады.

Имamnың артындағы жамағат: “Ниет еттім Алла разылығы үшін мына марқұмның жаназа намазын оқуға, мынау ер кісі (немесе әйел кісі, ер бала, қыз бала) үшін дұға етуге, ұйыдым имамға” деп ниет етеді.

Жамағаттың ішіндегі біреу өлген адамның ер ме, әйел ме екендігін білмесе былайша ниет етеді: “Ниет еттім Алла разылығы үшін имам өткізгелі жатқан жаназа намазына, марқұмға дұға үшін ұйыдым осы имамға”.

Ниет еткеннен кейін имам дауыстап, оның артынан жамағат іштерінен “Аллаһу әкбар” деп бірінші тәкбірді алып, басқа намаздағыдай құлақ қағып, қол байлаған соң “Субханәкәні” оқиды. Басқа намаздарда оқылмайтын субханәкәдағы “уә жәллә сәнәук” сөзі де оқылады.

“Субханәкә” оқылғаннан кейін қол көтерілмей имам дауыстап, ал жамағат іштерінен “Аллаһу әкбар” деп екінші тәкбірді алады. Имам да, жамағат та іштерінен “Аллаһумма Салли және Аллаһумма бәрікті” оқиды.

Содан кейін қол көтерілмей тағы да “Аллаһу әкбар” деп үшінші тәкбірді алады да, жаназа дұғасын оқиды. Жаназа дұғасын білмейтін адам Құныт дұғасын оқыса болады. Құныт дұғасын да білмейтін адам “Раббанә әтинә фиддүнийә хасанәтән уә фил ахирати хасанәтән уә қина азабән нәэр” аятын оқиды.

Содан кейін қол көтермей тағы да “Аллаһу әкбар” деп төртінші тәкбірді алып, ештеңе оқымастан әуелі оң жаққа басын бұрып: “Әс-сәләму аләйкум уа рахматуллаһ” дейді, содан кейін сол жаққа бұрып “Әссәләму аләйкум уә рахматуллаһ” деп Жаназа намазын бітіреді.

Жаназа намазының үшінші тәкбірінен кейін оқылатын дұғалар:

Әр жаназа үшін мына дұға оқылады:

اَللّٰهُمَّ اغْفِرْ لِحَيَّتِنَا وَمَيِّتِنَا وَشَاهِدِنَا وَغَايِبِنَا وَذَكَرْنَا وَاُنْثَانَ وَصَغِيرِنَا وَكَبِيرِنَا
اَللّٰهُمَّ مَنْ اَحْيَيْتُهُ مِنَّا فَآخِئْهُ عَلٰى الْاِسْلَامِ وَمَنْ تَوَفَّيْتُهُ مِنَّا فَتَوَقَّهْ عَلٰى الْاِيْمَانِ

Оқылуы: “Аллаһумма әғфир ли хайинәә уа мәййтинәә уа шәәһинәә уә ғайбинәә уә зәкәринәә уә унсәәнә уә сағиринәә уә кәбиринәә”

Аллаһумма мән ахйәйтәһу миннәә фә әхйиһи аләл исләм. Уа мән тәуәффәйтәһу миннә фә тәуәффәһу аләл имәән.

Мағынасы: Уа, Раббым! Тірімізді, өлімізді, осы жердегі қатысушыларды, бұл жерге жете алмағандарды, ерлерімізді, әйелдерімізді, кішімізді, үлкенімізді кешіре гөр.

Уа, Раббым! Бізден кейінгі жаңа ұрпақтарды мұсылман қылып жарат! Біздің ішімізден ажалы келіп өлетіндерді иманды қыл.

Осыдан кейін жаназаға байланысты дұғалардың бірі оқылады:

1) Жаназа ер кісі болса мына дұға оқылады:

وَحُصِّ هَذَا الْمَيِّتَةَ بِالرَّوْحِ وَالرَّاحَةِ وَالرَّحْمَةِ وَالْمَغْفِرَةِ وَالرِّضْوَانِ اللَّهُمَّ إِنْ كَانَ مُحْسِنًا
فَرِّدْ فِي إِحْسَانِهِ وَإِنْ كَانَ مُسِيئًا فَتَجَاوَزْ عَنْهُ وَلَقِّهِ الْأَمْنَ وَالْبُشْرَى وَالْكَرَامَةَ وَالزُّلْفَى
بِرَحْمَتِكَ يَا أَرْحَمَ الرَّاحِمِينَ

Оқылуы: “Уа хусса һәзал мәйитәтә бирраухи уар-раахати уәр-рахмати уәл мәғфирати уәр-ридуән. Аллаһуммә ин кәнә мұхсинән фәзид фи ихсаниһи уә ин кәнә мусиән фәтә-жәуәз анһу уә лаққиһил әмнә уәл бушра уәл кәрамәтә уәз зүлфә бирахмәтикә йә әрхамәр раахимиин”.

Мағынасы: Раббым! Бұл өлген кісіге таза ауада мәңгі рахат, шексіз мейіріммен күнәларын кешіріп, жәннатта да өмір бер.

Уа, Алла! Бұл адам жақсылық жасаған болса, оның сыйын артығымен бер. Егер жамандық жасаған болса, кешірім ет. Күнәларын кешіре гөр. Бұл марқұмды мейірім шапағатыңа бөлеп, ақырет күнінде үлкен мәртебеге жеткіз. Уа, мейірімділердің мейірімдісі Алла!

2) Жаназа әйел адам болса мына дұға оқылады:

وَحُصِّ هَذِهِ الْمَيِّتَةَ بِالرَّوْحِ وَالرَّاحَةِ وَالْمَغْفِرَةِ وَالرِّضْوَانِ اللَّهُمَّ إِنْ كَانَتْ مُحْسِنَةً فَرِّدْ
فِي إِحْسَانِهَا وَإِنْ كَانَتْ مُسِيئَةً فَتَجَاوَزْ عَنْهَا وَلَقِّهَا الْأَمْنَ وَالْبُشْرَى وَالْكَرَامَةَ وَ
الزُّلْفَى بِرَحْمَتِكَ يَا أَرْحَمَ الرَّاحِمِينَ

Оқылуы: “Уа хусса һәзиһил мәйитәтә бир раухи уар-рахати уәл мағфирати уәр-ридуән. Аллаһуммә ин кәнәт мұхсинәтән фәзид фи ихсаниһә, уә ин кәнәт мусиәтән фәтә жәуәз анһә уә ләққиһәл әмнә уәл бушра уәл кәрамәтә уәззүлфә бирахмәтикә йә әрхамәр раахимиин”.

Мағынасы: Раббым! Бұл кісіге таза ауада мәңгі рахат, шексіз мейірім мен күнәларын кешіріп жәннаттан жай бер.

Уа, Алла! Бұл марқұм жақсылық жасаған болса, сыйын артығымен бер. Ал егер жамандық жасаған болса, кешірім ет. Күнәларын кешіре гөр. Бұл адамды мейірім шапағатыңа бөлеп, ақырет күнінде жоғары мәртебеге жеткіз. Уа, мейірімділердің мейірімдісі Алла!

3) Жаназа ер бала болса, мына дұға оқылады:

اللَّهُمَّ اجْعَلْهُ لَنَا فَرَطًا وَاجْعَلْهُ لَنَا أَجْرًا وَذُخْرًا وَجْعَلْهُ لَنَا شَافِعًا وَمُشَفَّعًا

Оқылуы: “Аллаһуммәж-алһу ләнә фәратан уәж алһу ләнә әжрән уә зүхрән уәж алһу ләнә шафиан уә мүшәффиған”.

Мағынасы: Алла! Мына баланы жәннатта бізді қарсы алушы ете гөр!

Уа, Алла! Бұл баланы біз үшін шапағатшы қылып, шапағатын қабыл ала гөр.

4) Жаназа қыз бала болса, мына дұға оқылады:

اللَّهُمَّ اجْعَلْهَا لَنَا فَرَطًا وَاجْعَلْهَا لَنَا أَجْرًا وَذُخْرًا وَجْعَلْهَا لَنَا شَافِعَةً وَمُشَفَّعَةً

Оқылуы: “Аллаһуммәж-алһә ләнә фәратан уәж алһә ләнә әжрән уә зүхрән уәж алһәләнә шафигатан уә мүшәффәгатән”.

Мағынасы: Алла! Бұл баланы жәннатта бізді қарсы алушы ете гөр!

Уа, Алла! Бұл баланы біз үшін шапағатшы қылып, шапағатын қабыл ала гөр.

Жаназа дұғаларын білмейтіндер мына аятты дұға ниетімен оқыса болады.

رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ

Оқылуы: “Раббәнә атинә фиддуния хасәнәтән уә фил ахирати хасәнәтән уә қина азәбән нәәр”.

Мағынасы: “Уа, Раббым! Бізге бұл дүниеде игілік бер, ақыретте де игілік бер, бізді тозақ отынан сақтай гөр”.

СҰРАҚТАР:

- 1) Сәһу сәждесі деген не және ол қандай жағдайларда жасалады?
- 2) Жамағатпен намаз оқудың артықшылықтарын айтып беріңіз.
- 3) Мешітте нелерге көңіл бөлуіміз керек?
- 4) Мешіт бөліктерін айтыңыз.

- 5) Имамға ұйыған адам жамағатпен намазды қалай оқиды?
- 6) Жұма намазы кімдерге парыз?
- 7) Жұма намазы қанша рәкағат?
- 8) Айт намазы кімдерге уәжіп?
- 9) Айт намазының басқа намаздардан айырмашылығы не?
- 10) Тәшриқ тәкбірлерін айтып беріңіз?
- 11) Айт күндеріндегі міндеттеріміз нелер?
- 12) Тарауих намазының артықшылығын айтып беріңіз.
- 13) Тарауих намазы қалай оқылады?
- 14) Отырып және ым-ишарамен қалай намаз оқылады?
- 15) Жолаушы деген кім? Олар намазын қалай оқиды?
- 16) “Әда” және “қаза” деген не? Уақыты өткен намаздардың қазасы қалай оқылады?
- 17) Тиләуәт сәждесі деген не, қалай жасалады?
- 18) Кімдердің жаназа намазы оқылады?
- 19) Жаназа намазына қалай ниет етіледі және Жаназа намазы қалай оқылады?

Тақырыптар:

- Оразаның маңызы және оның пайдалары
- Ораза кімдерге парыз?
- Сәресі және ауызашардың артықшылығы, ауызашар дұғасы
- Оразаға қашан және қалай ниет етіледі?
- Оразаның түрлері.
- Рамазан айында ұстай алмаған оразаны басқа уақытта ұстауға рұқсат еткен жағдайлар, фидия мәселесі.
- Рамазан айында себепсіз ораза ұстамаудың үкімі.
- Оразаны бұзатын әрі қазасын, әрі кәффаратын қажет ететін жағдайлар.
- Оразаны бұзатын, тек қана қазасын керек ететін жағдайлар
- Оразаны бұзбайтын жағдайлар.
- Ораза ұстаған адамға мәкрүһ жағдайлар.
- Ораза ұстаған адамға мәкрүһ емес жағдайлар.

ОРАЗАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Исламның бес шартының үшіншісі – Рамазан айында ораза ұстау. Ораза ұстау, хижреттің екінші жылында парыз болды.

Ораза – ниет етіп таң ағара бастағаннан кешке күн батқанша тамақ жемеу, ішпеу және ерлі-зайыптылардың жыныстық қатынаста болмауы дегенді білдіреді.

Рамазан айы кей жылдары 29 күн, ал кейбір жылдары 30 күн болады. Рамазан айы 29 күн болған кезде де ораза толық болып есептеледі. Өйткені парыз болғаны сол айда толығымен ораза ұстау. Өйткені, пайғамбарымыз тоғыз мәрте Рамазан оразасын тұтқан. Бұл рамазандардың төртеуі 29, ал бесеуі 30 күн болған.

Рамазан – мұсылмандар үшін қасиетті және берекелі ай. Ислам таңы осы айда атып, дүниені жарығына бөлеген, ұлы кітабымыз Құран Кәрім осы айда түсе бастаған. Мың айдан да қадірлі болып есепте-

летін Қадір түні де осы айдың ішінде. Ішкі дүниемізді жаман ойлардан және сыртқы дүниемізді жаман әрекеттерден тазартатын ораза осы айда ұсталады.

Алла былай дейді: **“Әй, иман келтіргендер! Ораза сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей Аллаға қарсы келуден сақ болатын шығарсындар деп санаулы күндерде сендерге де парыз етілді.”**¹

Ораза – бізді дүниеде жамандықтардан сақтайтын, ақыретте жәһаннамнан қорғайтын және күнәларымыздың кешірілуіне себепші болатын маңызды ғибадат. Пайғамбарымыз былай дейді: **“Кімде-кім сене отырып, сауабын Алладан күтіп, Рамазан оразасын тұтса, өткен күнәлары кешіріледі”**²

ОРАЗАНЫҢ ПАЙДАЛАРЫ

а) Ораза мінез-құлығымызды түзейді:

Ораза үнемі Алланы есімізге салып тұрады, жауапкершілік сезімін арттырады. Жүрегімізді жаман сезім мен ойлардан тазартып, басқаларға жамандық жасаудан сақтайды. Ораза бізге жақсы мінез-құлық қалыптастырып, тіпті періште сияқты халге жеткізеді. Ораза көзді харамға қараудан, тілді жалған және жаман сөздерді айтудан, құлақты харам нәрселерді тыңдаудан, асқазанды харам нәрселер жеуден, қол мен аяқты жаман іске барудан қорғайды.

Оразаның парыз болуының хикметі – мұсылманның Алла алдындағы ғибадат міндеттерін орындау және жамандықтардан сақтану.

ә) Ораза адамның мейірімін және жәрдемдесу сезімін күшейтеді:

Өмірінде аштықтың не екенін білмеген ауқатты адам кедейлер көрген аштық пен қиыншылықты жеткілікті түсіне алмайды. Бірақ ол адам ораза ұстаса, аштықтың не екенін түсініп, кедейлердің қиыншылықтарын әлдеқайда жақсы сезініп, оларға деген мейірім-шапағат сезімдері

1 Бақара сүресі, 183-аят

2 Риазус-салихин, II том, 489 бет

оянады. Нәтижесінде кедейлерге қол ұшын беріп, қиыншылықтарын бөліседі.

б) Ораза адамдарға нығметтердің қадірін білуді үйретеді:

Адам қолында бар нығметтердің қадірін қолынан шығып кеткенде ғана біледі. Бірақ болар іс болған соң оның еш пайдасы тимейді. Ораза ұстау арқылы адам нығметтердің қадірін жақсы түсінетін болады. Бұл сезім адамға қолындағы дәулет, нығметтердің қадірін біліп, оны берген Аллаға көбірек шүкіршілік етуді үйретеді.

в) Ораза ұстау адамның денсаулығын жақсартады:

Бұл жайында пайғамбарымыз былай дейді: **“Ораза ұстандар, дендерің сау болады.”**³

Жылдың он екі айында ас қорытудан шаршап, бөгіп қалған денедегі асқорыту мүшелері оразаның арқасында демалады. Рамазаннан кейін жақсы жұмыс істейді. Ғалымдар оразаның денсаулық тұрғысынан организмге пайдалы екенін анықтаған.

Нобель сыйлығының иегері Француз ғалымы, доктор Алексей Корель ораза жайында былай дейді:

“Ораза кезінде денеде жинақталып қалған қоректік заттар іске қосылады. Содан кейін олардың орнына жаңалары келеді. Осылайша денеде жаңару іске асады. Ораза денсаулық тұрғысынан өте пайдалы”.

г) Ораза адамды сабырлы болуға үйретеді:

Ораза ұстау арқылы белгілі бір уақыт өзін ішіп-жеуден бас тартуға үйреткен адам өмірінде кездесетін ауыртпалықтар мен қиыншылықтарға сабырлық жасайды. Қайғы-қасіретке де төтеп бере алады. Керек болса дұшпанмен шайқасудан тайынбай, сол жолда кездесетін қиыншылықтарға төзе біледі.

ОРАЗА КІМДЕРГЕ ПАРЫЗ?

Оразаның парыз болуының шарттары мыналар:

- 1) Мұсылман болу;

³ Кәшфул- хафа”, II том 33-бет

- 2) Ақыл-есі дұрыс болу;
- 3) Балиғатқа жеткен болу.

Балиғат жасына жеткен ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылман ер-әйелге Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Бұл Алла Тағаланың әмірі. Жас балаларға ораза ұстау парыз емес. Бірақ зиян келтірмейтіндей түрде балаларды бірте-бірте оразаға үйреткен абзал.

Әйелдер етеккір кезінде және нифастағы (босанған) әйел осы күндері біткенше ораза ұстамайды, намаз оқымайды. Бұл жағдайлар біткеннен кейін ұстай алмаған оразаның қарызын ұстайды. Яғни, қанша күн ұстамаса, сонша күн қазасын ұстайды. Бірақ намаздардың қазасын оқымайды.

СӘРЕСІ МЕН АУЫЗАШАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Сәресіге тұрып, тамақ жеу – мұстахаб. Пайғамбарымыз (с.а.у.): **“Сәресінде тамақ жеңдер, өйткені сәресі тамағында береке бар”** деген.⁴ Сәресі ораза ұстауға күш береді. Дұғалар қабыл болатын уақыттардың бірі – сәресі уақыты. Сәресіге тұрған адам тілектерін айтып, дұға етіп, Алла Тағаладан күнәларының кешірілуін сұрауы керек.

Оразасын ұстап, ауызашар уақытына жеткен адам үлкен бақытқа және қуанышқа кенеледі. Қиямет күні ұстаған оразасының сыйын алу үшін Алланың алдына барған кезде одан да үлкен қуанышқа қол жеткізеді.

Осыған байланысты пайғамбарымыз (с.а.у.): **“Ораза ұстаған адам үшін екі қуаныш бар: бірі – ауыз ашқан кез, екіншісі – Аллаға қауышқан кез”** дейді.⁵ Бұған қоса, пайғамбарымыз (с.а.у.) ауызашар уақытындағы дұғалардың кері қайтарылмайтынын, Алла тарапынан қабыл болатынын айтқан.

Ауызашар дұғасы:

Ауызашар уақытында мына дұғаны оқу сүннет:

4 Риазус-салихин, II том, 495 бет

5 Әт-тәрғиб уәт-тәрһиб, II-том, 81-бет.

“Аллаһуммә ләкә сүмтү уә бикә әмәнту уә аләйкә тәуәккәлтү уә ала ризқикә әфтартү уә саумәл-ғәди мин шәһри рамазанә нәуәйтү фағфирли мә қаддамтү уә мә аххәртү”.

Мағынасы: “Уа, Алла! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым. Өзіңе сеніп, тәуекел еттім, берген рызығыңмен оразамды аштым. Рамазан айының ертеңгі оразасына да ниет еттім. Енді менің өткен және келешектегі күнәларымды кеше гөр!”

ОРАЗАҒА ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ НИЕТ ЕТІЛЕДІ?

Оразаның толық болуы үшін ниет ету шарт. Ниетсіз ораза қабыл етілмейді. Рамазан оразасында кешкі уақыттан бастап күн арқан бойы көтерілген уақытқа дейін ниет етуге болады.

Негізінде оразаға сәресіден кейін ниет етіледі. Бірақ сәресіде ояна алмай, тамақтана алмай уақыты біткенде оянған адам күн шығып кетсе, күн арқан бойы көтерілгенге дейін сол күннің оразасына ниет етсе болады. Тек таң атқаннан (сәресінің уақыты басталғаннан) кейін оразаны бұзатындай нәрсе жасамауы керек.

Сәресіге тұрғысы келмеген адам ертеңгі күннің оразасына ниет етсе, түнде тұрса, қайтадан ниет етпесе де болады. Ал бірақ сәресіге тұрып, оразаға ниет етуді ұмытып кетіп, таңертеңгісін есіне түскен адам да күн арқан бойы көтерілгенше ниет етсе болады. Осылай кеш ниет еткендердің оразаларында ешқандай кемшілік жоқ. Күн арқан бойы көтерілгеннен кейін оразаға ниет етуге болмайды. Рамазан айында ұстамаған оразаның басқа күндері қазасын ұстағанда, ниеттің түнде жасалуы шарт. Кәффәрат оразалары да осылай болады. Бұл оразаларға сәресіден кейін ниет ету дұрыс емес.

Ниет негізінде жүрекпен жасалады. Яғни түнде, ертең ораза ұстайтыны жайында ойлаған адам ниет еткен болып есептеледі. Ораза ұстау ниетімен сәресіге тұрған адамның бұл ойы да ниет болып есептеледі. Оразаға жүрекпен ниет ету жеткілікті. Бірақ жүрегімен қоса тілмен жеткізсе, одан да жақсы. Сондықтан ораза ұстайтын адам әрі жүрегімен, әрі тілімен ниет етіп: “Ниет еттім Рамазанның ертеңгі оразасын ұстауға” деп айтуы абзал.

ОРАЗА ТҮРЛЕРІ

Оразаның алты түрі бар:

1. Парыз оразалар: Рамазан айында ораза ұстау, рамазанда ұсталмаған оразаның басқа күндерде қазасын ұстау және кәффарат оразалары – парыз.

2. Уәжіп оразалар: Бір нәрсеге аталған (нәзір) оразалар мен бұзылған нәпіл оразалардың қазасын ұстау – уәжіп.

3. Сүннет оразалар: Мұхаррам айының тоғызыншы және оныншы немесе он бірінші күндері ораза ұстау – сүннет.

4. Мұстахаб оразалар: Қамари айлардың (ай күнтізбесі бойынша) он үш, он төрт, он бесінші күндері аптаның дүйсенбі және бейсенбі күндері және Рамазаннан кейін Шәууәл айында алты күн ораза ұстау – мұстахаб.

5. Мәкрүһ болып есептелетін оразалар: Әр Мұхаррам айының тек қана оныншы күні, тек қана жұма немесе сенбі күн ораза ұстау – мәкрүһ.

6. Ораза ұстау харам болып есептелетін күндер: Рамазан айтының бірінші күні мен Құрбан айтының төрт күнінде ораза ұстау – харам. Өйткені айт күндері Алланың құлдарына деген сыйы. Алланың сый-сияпатынан бас тартпаған жөн.

РАМАЗАН ОРАЗАСЫН БАСҚА УАҚЫТТА ҰСТАУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙЛАР

Рамазан айында себепсіз ораза ұстамау әрі күнә, әрі жазасы ауыр. Бірақ кімде-кім төмендегідей жағдайларда болса, Рамазан оразасын ұстамаса болады немесе бастаған оразасын бұза алады.

1) Науқастық: Ауру адам ораза ұстаған жағдайда ауруының ұзақ созылып кетуінен қорықса, ораза ұстамай-ақ қоюына болады. Денсаулығы жақсарғаннан кейін ұстамаған оразаларының қазасын ұстайды.

2) Сапарда жүру. Рамазан айында ең аз дегенде 90 км қашықтыққа сапарға шыққан адам ораза ұстамаса болады. Сапар аяқталысымен оразаларының қазасын ұстайды. Ораза ұстау қиындық туғызбаса, жолаушының ораза ұстағаны жақсы.

3) Қауіп төнген жағдайда: Өлтірілу немесе денесіне зиян келтіру қаупі туындаған кісі оразасын бұза алады. Бұзған оразасын кейін ұстайды.

4) Аяғы ауыр және бала емізген жағдайда: Аяғы ауыр немесе бала емізетін әйел кісі ораза ұстаған жағдайда өзіне және балаға зиян келуінен қорықса, ораза ұстамаса болады. Осы жағдайлар аяқталғаннан кейін ұстай алмаған күндерінің қазасын өтейді.

5) Қатты аштық пен шөл қысқанда: Ораза ұстаған адам аштық немесе шөл себебінен ақыл-есінен айырылып қалудан немесе денсаулығына зақым келуінен қорықса, оразасын бұзуына болады. Кейін қазасын ұстайды.

6) Қарттық және әлсіздік: Денесі күннен күнге шөгіп қуаты қайтқан, оразаға шыдай алмайтындай әбден қартайған адам ораза ұстамаса болады. Мұндай адамдар кейін де оразасының қазаларын ұстай алмайтындықтан әр күннің оразасының орнына фидия береді.

ФИДИЯ

Ораза ұстауға күші жетпейтін, қуаты кеміп әбден қартайған адамдар мен сауығу үміті жоқ науқастар Рамазан айының әр күні үшін фидия береді. Фидияның құны пітірге ұқсас. Бұл фидияны Рамазан айының басында, ортасында, аяғында беруге болады.

Қаласа фидияның бәрін бір кедейге жинап береді немесе бірнеше жағдайы төмен жандарға берсе болады. Мұндай жағдайдағы адамдар фидия беруге дәрмені жетпесе Алладан кешірім сұрайды, ораза ұстауға әлі жетпейтін қариялар мен үмітсіз аурулар келешекте ораза ұстай алатындай денсаулығы жақсарса, ұстай алмаған оразаларының қазасын өтеулері керек. Күш-қуаты жететін кісінің алдындағы берген фидияларының үкімі болмайды, нәпіл садақа сияқты болып қалады.

РАМАЗАНДА СЕБЕПСІЗ ОРАЗА ҰСТАМАУДЫҢ ҮКІМІ

Рамазан айында ораза ұстау – Алла Тағаланың әмірі. Мұсылмандар бұл әмірге мойынсұнуы керек. Егер бір мұсылман себепсіз Рамазан айында оразаға ниет қылмай, тамақ ішсе, ұстамаған күндерінің ора-

заларының қазасын ұстайды, кәффарат шарт емес. Өйткені кәффарат – ораза ұстамаудың емес, бастаған оразаны бұзудың жазасы.

Рамазан айында себепсіз ораза ұстамаған адам күнә істеген болады. Әрі Алла алдындағы жауапкершілігін орындамағаны. Сондықтан тәубе етіп, Алладан кешірім сұрап, көп кешіктірмей қазасын ұстауы шарт.

БҰЗЫЛҒАН ОРАЗАНЫҢ ӘРІ ҚАЗАСЫН, ӘРІ КӘФФАРАТЫН ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖАҒДАЙЛАР

Ораза ұстағанын біле тұра:

- 1) Жеп-ішу (Қоректік зат немесе дәрі болсын)
- 2) Жыныстық қатынаста болу;
- 3) Шылым шегу.

Қаза: Бұзылған оразаның орнына күніне күн ораза ұстау.

Кәффарат: Бұзылған оразаның бір күніне, екі ай немесе алпыс күн қатарынан ораза ұстау.

Рамазан айында ниет етіп оразаға бастаған біреу ешқандай себепсіз біле тұра ішіп-жесе, жыныстық қатынаста болса, оразасы бұзылады. Бұзылған оразаның күніне күн қаза ету керек, әрі біле тұра себепсіз оразасын бұзғаны үшін кәффарат оразасын ұстау қажет.

Рамазан айында басталған бір оразаны біле тұра бұзса, дүниедегі жазасы –кәффарат. Яғни 60 күн қатарынан ораза ұстау. Қандай да себептен кәффарат оразасын үзсе немесе толық ұстамаса қайтадан басынан бастап 60 күн қатарынан ораза ұстауы қажет. Әйелдер кәффарат оразасын ұстап жүрген кезде етеккір көрсе, ол күндерді ұстамайды, тазаланғаннан кейін үзбей жалғастырып 60 күнге толтырады.

ОРАЗАНЫ БҰЗЫП, ТЕК ҚАНА ҚАЗАСЫН ӨТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖАҒДАЙЛАР

- 1) Әдетте желінбейтін нәрсені және дәрі ретінде қолданылмайтын нәрселерді жеп, жұту (топырақ, қағаз, мақта сияқты);
- 2) Мұрынға дәрі құю;
- 3) Құлақтың ішіне дәрі тамызу;

4) Дәрет кезінде аузына және мұрынға су алғанда байқамай тамағына су кетіп қалу;

5) Аузына салған түрлі-түсті жіптің бояуы шығып, түкірікпен араласуы, оны жұтып қою;

6) Қиын жағдайда оразасын бұзу;

7) Ұйықтап жатқанда басқа біреу аузына су құйып жіберу;

8) Өз қалауымен аузын толтырып құсу;

9) Әлі күн батпай тұрып, батты деп ойлап аузын ашу;

10) Сәресінің уақыты бітсе де, әлі уақыт бар деп жеу.

ОРАЗАНЫ БҰЗБАЙТЫН ЖАЙТТАР:

1) Ораза ұстағанын ұмытып, жеп-ішу (ұмытып кетіп жеп немесе ішіп қойған адам ораза екені есіне түссе, аузын шайып, оразасын жалғастырады. Ораза екені есіне түскеннен кейін тамағынан бір нәрсе өтсе, оразасы бұзылады).

2) Құлағына су кетіп қалу;

3) Көзіне дәрі тамызу;

4) Түнде жуыну қажет болғанымен таңертеңгісін жуыну;

5) Еріксіз құсса;

6) Ұйықтап жатқанда жыныс жолдарынан сұйықтық бөлінсе;

7) Қан алдыру;

8) Еріксіз тамағына тозаң, түтін кіру;

9) Аузындағы түкірікті жұту.

ОРАЗАНЫ ҰСТАҒАН АДАМҒА МӘКРҮҢ ЖАҒДАЙЛАР

1) Бір нәрсені жұтпай дәмін татып көру (егер күйеуі тамақтың тұзына байланысты мазасын алып дау тудырса, ол кезде әйел жұтып қоймай тамақтың дәмін көрсе болады).

2) Түкірігін аузына жинап жұту (Егер аузындағы жиналған түкірігін сыртқа шығарғаннан кейін жұтса, оразасы бұзылады).

3) Өзін әлсірететіндей дәрежеде қан алдыру, ауыр жұмыстар жасау.

ОРАЗА ҰСТАҒАН АДАМҒА МӘКРҮҢ ЕМЕС ЖАҒДАЙЛАР

1) Раушан гүлі сияқты хош иістерді иіскеу;

2) Тісті щеткамен тазалау;

3) Ауызды шаю;

4) Мұрынға су тарту;

5) Жуыну.

СҰРАҚТАР

1) Ораза деген не?

2) Оразаның пайдаларын айтып беріңіз.

3) Ораза кімдерге парыз?

4) Ауыз ашар дұғасын жаттап алыңыз.

5) Оразаға қашан және қалай ниет етіледі?

6) Оразаның неше түрі бар?

7) Рамазан оразасын басқа уақытта ұстауға себеп болатын жағдайлар қандай?

8) Фидия дегеніміз не, кімдер фидия беруі керек?

9) Қаза және кәффарат дегеніміз не?

10) Оразаны бұзып, әрі қаза, әрі кәффарат керек болатын жағдайлар қандай?

11) Оразаны бұзып, тек қана қаза керек болатын жағдайлар қандай?

12) Оразаны бұзбайтын нәрселер нелер?

13) Ораза ұстаған адамға мәкрүһ болатын және мәкрүһ болмайтын нәрселер?

Тақырыптар:

- Зекеттің маңызы мен пайдалары
- Зекетті кімдер береді?
- Нисаб
- Зекет кімдерге беріледі?
- Зекеті берілмейтін мүліктер
- Зекеті берілетін мүліктер
- Пітір садақасы

ЗЕКЕТТІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ПАЙДАЛАРЫ

Исламның бес шартының төртіншісі – зекет беру. Хижреттің екінші жылы оразадан бұрын парыз болған. Дүние-мүлік арқылы іске асатын ғибадат.

Зекет – діннің белгілеген мөлшері бойынша бай, ауқатты болып саналатын мұсылмандардың әр жылы дүние-мүлкі мен ақшасының 40/1 (қырықтан бірін) кедей мұсылмандарға беруі. Зекет Құран Кәрімде намазбен бірге отыз жеті жерде кездеседі. Зекетке осыншалықты көп тоқталуы – оның Ислам дінінде үлкен мәнге ие екенін білдіреді.

Зекет – жүректі сараңдықтан, дүние-мүлікті рухани кірден тазартатын, бай, ауқатты адамдардың шапағат, мейірім сезімдерін оятатын ғибадат. Зекеттің аясында кедейлердің көкейлеріндегі көре алмаушылық және қызғаныш сезімі жойылады. Өздеріне жәрдем ететін ауқатты адамдарға деген сүйіспеншілік және құрмет сезімдері пайда бола отырып, халық арасында бірлік, бауырмалдық сезімдер үстемдік етеді.

Ислам діні қоғамның ауруын емдеп, мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін көптеген принциптерге негізделген. Алланың әмірі ретінде зекет, әлеуметтік көмек көрсету жүйесі. Зекет дүние-мүліктің көбейіп, берекеттің артуына үлес қосады. Зекеті берілген дүние-мүлікті, байлықты текке шығын болу мен түрлі зиянкестіктерден Алла сақтай-

ды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): “Дүние-мүліктеріңді зекет берумен қорғандар” деп бұйырады.¹

Зекет – мұсылмандығымыздың шынайылығының көрсеткіші. Зекетін берген адам Аллаға шынайы берілген құл екендігін көрсетеді әрі өзіне бұл байлықты берген Раббысына шүкір етеді. Зекетін берген бай, ауқатты адам кедейлерге жәрдем беріп, жарлы-жақыбайларды қуантып елдің ықыласына бөленеді.

ЗЕКЕТТІ КІМДЕР БЕРЕДІ?

Төмендегі шарттарға сай келген адамдар зекет беруге міндетті:

- 1) Мұсылман болу;
- 2) Ақыл-есі дұрыс болу;
- 3) Балиғатқа жеткен болу;
- 4) Азат кісі болу.
- 5) Діни тұрғыдан ауқатты (яғни негізгі қажеттіліктері мен борыштарынан басқа “нисаб” мөлшеріндегі дүние-мүлкі немесе ақшасы) болу;
 - 6) Зекет берілуі керек дүние-мүлік пен ақша;
 - а) Нисаб мөлшерінде (яғни 80.18г. алтынның құнындай) болу;
 - ә) Бұл байлық бір қамари жыл (ай жылы, яғни 354 күн) иесінің қолында болу;
 - б) Қолындағы мал-мүлік, заттай немесе бағалай өсу күйінде болу қажет.

НИСАБ

Нисаб – дініміз тағайындаған байлық мөлшері. Қарызынан және негізгі қажеттіліктерінен басқа белгіленген осы мөлшер немесе одан да көп дүние-мүлік пен ақшасы бар адам дінімізде бай болып есептеледі.

Пітір садақа беру не құрбандық шалу үшін де ең аз дегенде нисаб мөлшерінде дүние-мүлкі мен ақшасы болу керек. Бірақ бұл жерде дү-

1 Әт-тәрғиб уәт-тәрһиб, I-том, 520-бет

ние-мүлік және ақшаның, қолында ең кемі бір жыл тұруы және қажеттіліктен артық болуы шарт емес.

ЗЕКЕТ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Зекет мына адамдарға беріледі:

1) Мұқтаждар: діни мөлшер бойынша бай болып саналмайтын, нисаб мөлшерінде дүние-мүлкі жоқ адамдар.

2) Кедейлер: Ештеңесі жоқ адамдар.

3) Борыштылар: Қарызынан тыс дүние-мүлкі нисаб мөлшеріне жетпейтін адамдар.

4) Жолаушы: Өз елінде дүние-мүлкі болса да жолда ақшасыз қалған, қолында ештеңесі жоқ адамдар (бұл адамдарға үйлеріне жете алатындай мөлшерде зекет беруге болады).

5) Алла жолындағылар: Бұлар – жиһад немесе қажылық үшін жолға шығып ақшасыз қалғандар мен барлық жұмысын тастап ғылым жолына түскендер.

Зекет берген кезде мына ретті сақтау керек:

Алдымен бауырлары, бауырының балалары, немере ағасы, әпкесі, нағашы ағасы мен әпкесі, содан кейін басқа туған-туысқандар мен көршілер, олардан кейін көшесінде және ауылында, еліндегі кедей-кепшіктер. Зекеттен алған ақшаларын күнә жолына жұмсап, ысырап ететін адамдарға емес, шын мәніндегі қажеттіліктері үшін жұмсайтын кедейлерге берген жөн.

ЗЕКЕТ КІМДЕРГЕ БЕРІЛМЕЙДІ?

1) Әке-шеше, ата-әжелерге;

2) Ұлына, немерелеріне, қызына, қызының балаларына және шөберелеріне;

3) Бай адамдарға;

4) Мұсылман еместерге;

5) Ерлі-зайыптылар бір-біріне.

ЗЕКЕТІ БЕРІЛМЕЙТІН ДҮНИЕЛЕР

Өзінің және қарамағындағы адамдарының қажеттілігі болған нәрселерден зекет берілмейді. Бұлар **“негізгі қажеттіліктер”** деп аталады. Мұндай заттарға негізінен мыналар жатады.

Отырған үйлері, үй мүліктері, киімдері, мініс-көліктері, сауда-саттыққа арналмаған кітаптар, өнер адамдарының қолданатын құрал-саймандары, жейтін тағамдары, алтын-күмістен басқа сауда-саттық мақсатымен алынбаған інжу-маржан, алмас және гауһар тас сияқты әшекей асыл бұйымдар.

ЗЕКЕТ БЕРІЛУІ ҚАЖЕТ ДҮНИЕЛЕР МЕН ЗЕКЕТ МӨЛШЕРІ

Зекет болып берілуі керек нәрселердің нисабы мен олардың мөлшері мынадай:

1) **Алтын:** ең кем дегенде 80.18г. немесе одан да көп болса, соның 40/1 бөлігі.

2) **Күміс:** ең кем дегенде 561г. немесе одан да көп болса, соның 40/1 бөлігі.

3) **Ақша:** ең кем дегенде нисаб мөлшерінде немесе одан да көп ақшаның 40/1 бөлігі. (ақшаның нисабы ең аз дегенде 80.18г. алтынның құнындай ақша болуы керек).

4) **Сауда-саттық тауарлары:** ең аз нисаб мөлшеріндегі ақшаның құны немесе одан да көп сауда-саттық тауарларының 40/1 бөлігі.

5) **Қой мен ешкі:** қырық қой немесе ешкіден, бір қой немесе бір ешкі.

6) **Сиыр немесе қодас:** отыз сиыр немесе қодастан бір жасар тайынша.

7) **Түйе:** бес түйеге бір қой немесе ешкі.

Малдың саны артқан сайын зекет мөлшері (көлемі) де өзгеріп отырады. Жерден алынатын өнімдердің берілетін зекеті мүлдем басқаша.

Жоғарыда аталған заттардан берілетін зекет сол заттардың өзі немесе солардың құнындай ақша ретінде берілсе болады.

Зекет қабыл болуы үшін ниет маңызды. Өйткені зекеттің шынайы көңілден болуының шарты – ниет. Бай-дәулетті мұсылман кедейлерге зекет бергенде шын көңілден ниет етуі керек, ал тілімен айтуы шарт емес.

ПІТІР САДАҚАСЫ

Қарызынан және негізгі қажеттіліктерінен басқа ең аз нисаб мөлшеріндей дүниесі немесе соның құнындай ақшасы бар мұсылман пітір садақасын беруі –уәжіп. Бұны қысқаша “пітір” дейді. Пітір садақасы уәжіп болу үшін зекеттегідей дүние-мүлкінің ең аз дегенде бір жыл қолында болуы және өсу күйінде болуы шарт емес.

Пітір – Рамазан айында кедейлерге берілетін садақа. Айт намазынан бұрын берілгені абзал. Кейбір қиын жағдайлар себебінен Айт күні немесе одан кейін де берсе болады. Діни тұрғыдан алғанда бай-дәулетті мұсылман өзінің, әрі ер жетпеген балаларының пітір садақасын беруі уәжіп.

Пітір мынандай тағамдардан төмендегідей мөлшерде беріледі:

- 1) бидай – 1460 г.
- 2) арпа – 2920 г.
- 3) мейіз – 2920 г.
- 4) құрма – 2920 г.

Бұл заттардың өзін немесе құнын ақшалай да берсе болады. Қайсысы кедей үшін пайдалы болса, солай берген жөн. Бір пітір бір ғана кедейге беріледі. Екіге бөлуге болмайды. Бір кедейге бір пітірден артық пітір беруге болады. Пітір садақасына ниет етіп беріледі. Бірақ мұның пітір екенін кедейге айтпаған жөн. Ішінен ниет етсе, жеткілікті.

Зекет қандай кедей адамдарға берілсе, пітір де сондай кедейлерге беріледі. Белгілі бір себептермен Рамазанда ораза ұстай алмаған адамдар да нисаб мөлшеріндегі тауар немесе ақшалары болса, пітір беруге тиісті.

Бай-дәулетті мұсылмандар пітір беру арқылы кедейлерді қуанышқа бөлейді. Сонда әрі борышын өтеп әрі сауап алады. Пітір беру оразаның

қабыл болуына, өлімнің азабынан және қабір азабынан құтылуына себепші болады.

СҰРАҚТАР:

- 1) Зекеттің пайдаларын қысқаша айтып беріңіз.
- 2) Зекет беру кімдерге парыз?
- 3) Зекет кімдерге беріледі?
- 4) Кімдерге зекет берілмейді?
- 5) Қандай заттардан зекет берілмейді?
- 6) Зекет қандай заттардан және қаншалықты беріледі?
- 7) Нисаб деген не?
- 8) Пітір садақасы деген не?

Тақырыптар:

- Қажылықтың маңызы мен пайдалары
 - Қажылық кімдерге және қашан парыз?
 - Қажылықтың түрлері
 - Ихрам, тәлбия, тауап, сағи және уақфа
 - Қажылықтың орындалуы
 - Ұмра.
-

ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАРЫ

Исламның бес шартының бесіншісі – қажылық. Қажылық белгілі уақытта, белгілі мекендерді арнайы түрде зиярат ету.

Хижреттің тоғызыншы жылында парыз болған. Қажылық әрі дүние-мүлік, әрі дене арқылы жүзеге асатын ғибадат. Белгілі шарттарға сай әр мұсылманға өмірінде бір рет қажылыққа бару парыз. Алланың басқа әмірлеріндегідей қажылықтың да хикметі мен пайдалары бар.

Әр түрлі елдерден қасиетті жерге келетін тілдері мен түстері әртүрлі мұсылмандардың бір ғана мақсатпен жиналуы және бірге Аллаға бет бұруы, Ислам бауырмалдығы мен достығын нығайтады. Мұсылмандардың бір-бірімен танысуы бір-бірінің қиындықтары мен дерттеріне шара тауып, бір-біріне жәрдемдесуін қамтамасыз етеді.

Бай болсын, кедей болсын бүкіл мұсылмандар ихрам киіп, бірдей киімді болуы адамдарға теңдікті түсіндіріп, махшар күнін еске салады. Қажылық сапары адамның білімі мен көрегенділігін арттырады, қиыншылықтарға төтеп беруді үйретеді. Шыдам мен төзімге тәрбиелейді. Дүние-мүлікке қызықпай кедейлерге деген мейірім және қамқорлық сезімдерін дамытады.

Пайғамбарымыз туып-өскен, Ислам діні жер-жаһанға тарала бастаған қасиетті жерлерді көру – мұминдердің жан-дүниесін толқытады, діни сезімдері артады, киелі жерлерде адам өзін Аллаға жақын сезінеді. Ал оның жасаған ғибадаттарына еселеп сауап жазылады. Алла разылығы үшін қажылық міндетін атқарған және адамдарға жа-

маншылық жасаудан сақтанған адамдардың (кісі ақысынан басқа) көптеген күнәлары кешіріледі. Бұл жөнінде пайғамбарымыз былай дейді:

“Кімде-кім Алла үшін қажылық жасап, жаман сөз бен әрекеттерден аулақ болса, анасынан туғанда қандай күнәсіз болса, сондай болып күнәларынан арылып қайтады.”¹

ҚАЖЫЛЫҚ КІМДЕРГЕ ЖӘНЕ ҚАШАН ПАРЫЗ?

Төмендегі шарттарға сай кісілерге қажылық парыз:

- 1) Ақыл-есі дұрыс болу;
- 2) Балиғатқа жеткен болу;
- 3) Мұсылман болу;
- 4) Бас бостандығы болу;

5) Қажылықтың парыз екендігін білу (бұл шарт мұсылман емес елдерде мұсылмандықты қабылдағандар үшін. Ислам мемлекеттеріндегі мұсылмандардың қажылықтың парыз екенін білмеулері олар үшін үзір, сылтау болып есептелмейді).

6) Керекті қажеттіліктерінен басқа қажылыққа барып-келгенше өзінің қарамағындағы отбасы мүшелерінің күн көрінісіне жетерлік қаражатының болуы.

7) Қажылыққа жеткізетін өз жағдайына сай көлік және жол шығындарын өтейтіндей ақшасы болу.

- 8) Қажылық міндетін өтейтін уақытқа үлгеру.

Аталған жоғарыдағы шарттардан басқа қажылық міндетін орындау үшін мына шарттардың да болуы керек. Бұлар қажылықты атқарудың шарттары деп аталады.

Қажылықты атқарудың шарттары:

1) Тән жағынан сау болу: (зағип, әлсіз, қажылық сапарына төзе алмайтындай ауру немесе қарт болмау).

2) Қажылыққа баруына кедергі жоқтығы (мысалы, түрмеде болу сияқты).

1 Риазүс-салихин. II-том., 521-бет

3) Жол қауіпсіздігі.

4) Әйелдің қасында күйеуі немесе неке жүрмейтін бір махрамы болу. (Шафиғи мәзһабында: қасында күйеуі немесе некесі жүрмейтін бір махрамы болмаған әйел, сенімді екі немесе одан да көп әйелдермен бірге парыз қажылығын орындайды).

5) Күйеуі өлген немесе ажырасып кеткен әйелдердің ғиддәт күндері мерзімінің толуы.

Бұл шарттарға ие болған адам алдындағы алғашқы қажылық маусымында қажылыққа баруы парыз болып табылады.

ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ПАРЫЗДАРЫ

Қажылықтың парызы, бірі шарт, екеуі рүкін болып табылады.

- 1) Ихрамға кіру (қажылықтың негізгі шарты);
- 2) Арафатта уақфа жасау (тұру);
- 3) Зиярат тауабы.

ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Орындалуы тұрғысынан қажылықтың үш түрі бар:

1) Ифрад қажылығы – Ұмрасыз жасалатын қажылық. Қажылық жасамақ болған адам ихрамға кірерде тек қана қажылыққа ниет етіп, қажылық міндеттерін атқарады. Ифрад қажылығын жасағандарға құрбандық шалу уәжіп емес.

2) Тәмәттуғ қажылығы – Ұмра мен қажылықты бөлек-бөлек ихрамға кіре отырып жасау. Қажылық жасамақ болған адам ұмра үшін ихрамға кіріп, ұмра міндеттерін өтейді, осыдан кейін ихрамнан шығады. Уақыты келгенде қайтадан ихрамға кіріп, қажылық міндеттерін атқарады. Тәмәттуғ қажылығында құрбандық шалу уәжіп.

3) Қыран қажылығы – Ұмра мен қажылықты бір ихрамда жасау. Қажылық жасамақ болған адам ихрамға кірерде әрі ұмра әрі қажылық үшін ниет етеді. Алдымен ұмраны орындайды, бірақ ихрамнан шықпайды. Содан кейін қажылықты өтейді. Қыран қажылығында да құрбан шалу уәжіп.

Қажылыққа барғысы келген кісі осы үш түрлі қажылықтан қалағанын орындайды. Әдіс-тәсіліне, қағидаларына сәйкес жасалған қай қажылықты орындаса да міндетін өтеген болып табылады.

Ихрам, тәлбия, тауап, сағи және уақфа

Ихрам – Қажылық немесе ұмра жасайтын адам басқа уақыттарда адал болып есептелетін іс-әрекеттерді белгілі бір уақыт өзіне харам етуі. Қажылық пен ұмраға ниет етіп, тәлбия айту арқылы ихрамға кірген болып есептеледі.

Тәлбия – ихрамға кіргеннен кейін дауыстап: “**Ләббәйк, Аллаһүммә ләббәйк, ләббәйкә лә шәрикә ләкә ләббәйк, иннәлхамдә уән-ниғмәтә ләкә уәл-мүлк, лә шәрикә ләк**” дейді. Әйелдер тәлбиәні дауыстамай айтады.

Тауап – Қағбаны шарты бойынша жеті рет айналу.

Сағи – Қағбаға жақын орналасқан Сафа және Мәруа төбелерінің арасында жүру. Бұл екі арадағы бару-келулер Сафадан Мәруаға төрт, Мәруадан Сафаға үш рет болып жеті рет жүріледі.

Уақфа – Қажылыққа Арафат және Мүздалифа деген жерлерде белгілі бір уақытта тұру. Арафат уақфасы – парыз, Мүздалифа уақфасы – уәжіп.

ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Қажылыққа барғысы келген адам бұл қасиетті парызды өтеу үшін адал жолмен, адал табыс табу керек. Жолға шықпай тұрып қарыздарын өтейді, біреудің онда ақысы бар болса, соларды береді. Күнәларының кешірілуі үшін тәубе етіп, Алладан кешірім сұрайды. Қаза болған ғибадаттары болса, мүмкін болғанша өтейді. Жолға шығар алдында үйінде екі рәкағат намаз оқиды. Отбасы мүшелері, достары, жолдастары мен жақындарының онда ақысы болса, соларын өтеп, олармен қоштасып, жолға шығады. Жолда және қажылық кезінде басқаларды ренжітетіндей, көңілін қалдыратындай сөз айтып, іс-әрекет жасамауы керек.

Ихрамға кіретін орын – “Миқат” шекарасына кірмей тұрып тырнағын алып, денесін тазартады, мүмкіндік болса ғұсыл алады, болмаса дәрет алады. Ер адамдар үстіндегі барлық киімдерін шешіп “Изар” және “Рида” деп аталатын екі бөлек шүберекпен оранады. Ихрамға кір-

ген кезде аяқтары мен басы ашық болады. Әйелдер ихрамға кіргенде киімдерін шешпейді.

Содан кейін “Микат” шекарасында “Ихрамның сүннеті” ниетімен екі рәкағат намаз оқып, қажылыққа ниет етіп тәлбия айтады. Ихрамға осылай кіреді. Ихрамға кірген соң ихрамға кірген адамдарға тыйым салынған харам істерден аулақ болуы керек.

Меккеге барғаннан кейін ғұсыл немесе дәрет алады. Содан кейін Қағбаның айналасында қудум тауабын жасайды. Артынша екі рәкағат тауап намазын оқып, Сафа мен Мәруа арасында сағи жасайды. Қажылыққа ниет еткен адам осыдан кейін сол ихрамға кірген күйі Меккеде болады. Ол жерде мүмкіндігінше намаздарын Харам-Шәрифте оқып, мүмкіндік туған жағдайда нәпіл тауап жасаудың сауабы көп.

Тәруия күні, яғни Арафадан бір күн бұрын Арафатқа шығады. Арафа күні күн батқанша Арафатта болады. Уақыттарын ғибадат, дұға етумен өткізеді. Бұл жерде түскі және екінті намаздарын жамағатпен бесін уақытында біріктіріп оқиды. Бұл – “Жәмиғ тақдим” деп аталады. Түстен кейін уақфа жасалады. Күн батқаннан кейін ақшам намазын оқымастан “Мүздалифаға” барады.

Мүздалифада ақшам және құптан намаздарын жамағатпен құптан уақытында оқиды. Бұл “Жәмиғ тахир” деп аталады. Түнді Мүздалифада өткізіп, шайтандарға тас лақтыру үшін тастарды осы жерде жинайды.

Айт күні таң намазы ерте оқылып, одан кейін “Мүздалифа уақфасы” жасалады. Қажылар күн шыққаннан кейін Минаға қарай жылжиды.

Айттың бірінші күні Минада ретімен:

а) Ақаба жәмрасына жеті тас лақтырады.

ә) Шаш алынып, ихрамнан шығады. (Ифрад қажылығын жасайтындарға құрбандық шалу уәжіп болмағандықтан, олар Ақаба жәмрасына тас лақтырғаннан кейін шашын алып, ихрамнан шығады. Тәмәттуғ немесе Қыран қажылығын жасайтындар Ақаба жәмрасына тас атып, құрбан шалғаннан кейін, шаштарын алып, ихрамнан шығады).

б) Уақыты және мүмкіндігі болса, сол күні Меккеге барып, парыз болып есептелетін зиярат тауабы жасалады.

Айттың екінші күні рет-ретімен: Кішкентай, орта және Ақаба жәмрасына жеті тастан атылады. Айттың бірінші күні зиярат тауабын жасай алмағандар екінші күні жасайды.

Айттың үшінші күні: тағы да кішкентай, орта және Ақаба жәрмасына жеті тастан атылады. Сол күні Минадан Меккеге қайтып оралып, қоштасу тауабы жасалып, қажылық міндеті тәмам болады.

Жоғарыда түсіндіргеніміз ифрат қажылығы. Тәмәттуғ пен Қыран қажылықтарының орындалуларында өзгешеліктер бар.

Тәмәттуғ қажылығы: Тәмәттуғ қажылығын орындамақ болған адам “Миқат” шекарасында ұмра үшін ихрамға кіреді. Меккеге келісімен ретіне қарай ұмра жасағаннан кейін шашын алып, ихрамнан шығады. Тәруия күніне дейін (яғни Арафа күнінен бір күн бұрын) Меккеде ихрамсыз күтеді. Тәруия күні Меккеде қажылық үшін қайтадан ихрамға кіреді және жоғарыда айтылып өткендей қажылық міндеттерін орындайды.

Бірақ ифрад қажылығынан ерекшелігі:

1) Айттың бірінші күні Ақаба жәмрасына тас лақтырғаннан кейін құрбандық шалады, содан кейін шашын алып, ихрамнан шығады.

2) Зиярат тауабынан кейін қажылық сағиын жасайды.

Қыран қажылығы. Қыран қажылығын жасайтын адам миқат шекарасында қажылық және ұмра үшін бірден ниет етіп, ихрамға кіреді. Меккеге барғаннан кейін әуелі ұмра жасайды. Содан кейін қажылық тауабын, артынан қажылық сағиын жасайды. Бірақ ихрамнан шықпайды. Ихрамда болған күйі күтіп, тәруия күні Арафатқа шығып, жоғарыда айтылғандай қажылық міндетін орындайды. Қыран қажылығының ифрад қажылығынан айырмашылығы айттың бірінші күні Ақаба жәмрасына тас лақтырғаннан кейін құрбандық шалып, шаш алып ихрамнан шығады.

ҰМРА

Ұмра – белгілі бір уақытқа қарамастан қағидаларына сай ихрамға кіргеннен кейін тауап етіп, сағи жасау және шаш алудан тұрады. Ұмра жасау – сүннет. Ұмраның арнайы уақыты жоқ. Арафа және одан кейінгі құрбан мерекесі күндерінен тұратын бес күннен басқа жылдың кез-келген уақытында ұмра жасауға болады.

Ұмраның орындалуы:

Ұмраға барғысы келген адам “Миқат” шекарасына кірмей тұрып қажетті тазалықты жасағаннан кейін ұмраға ниет етіп, тәлбия айтып, ихрамға кіреді. Меккеге барғаннан кейін ретімен “Тауап намазын” оқиды. Содан кейін Сафа мен Мәруа арасында ұмра сағиын жасайды. Сағиды бітіргеннен кейін шаш алдырып, ихрамнан шығады. Ұмра осылай тәмам болады.

СҰРАҚТАР

- 1) Қажылық деген не?
- 2) Қажылықтың пайдаларын қысқаша айтып беріңіз.
- 3) Қажылық кімдерге парыз?
- 4) Қажылықтың қанша түрі бар?
- 5) Құрбандық шалу қай қажылық түрінде уәжіп емес?
- 6) Ихрам, тәлбия, тауап, сағи және уақфа деген не?
- 7) Ұмра деген не?



Тақырыптар:

- Құрбандық шалудың маңызы. Кімдер құрбандық шалады?
 - Құрбандық қашан және қалай шалынады?
 - Құрбанның еті және терісіне байланысты мәселелер
 - Құрбандыққа шалынуға жарайтын және жарамайтын малдар
 - Еті желінетін және желінбейтін жануарлар
 - Нәзір құрбаны
 - Анттың түрлері және оның үкімі
-

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Құрбан – ғибадат ниетімен белгілі бір уақытта құрбандық малын шалу дегенді білдіреді.

Құрбандық шалу дүние-мүлік арқылы жасалатын ғибадат және уәжіп. Хижреттің екінші жылында бұйырылған. Құрбан – Алла жолында жасалған жанпидалық және Жаратқанның берген нығметтеріне алғысымызды білдіру.

Бай-дәулетті адамдар шалатын құрбан еттерінен кедейлерге беру мұсылмандар арасында сүйіспеншілік пен бауырмашылық сезімдерді нығайтады. Бай-дәулетті адамдармен қоса кедейлер де қуанышқа бөленеді. Құрбан арқылы келетін қуаныш қоғамның ынтымағы мен бірлігіне үлес қосады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): **“Кімде-кім дүние-мүлкі мол бола тұра құрбан шалмаса, мешітімізге жақындамасын”¹** дей отырып құрбан шалудың байлар үшін маңызды міндет екенін көрсеткен.

КІМДЕР ҚҰРБАН ШАЛАДЫ?

Төмендегі шарттарға сай адамдардың құрбандық шалуы уәжіп:

- 1) Мұсылман болу;

1 Өт-тәрғиб уәт-тарғиб, II-том, 155-бет

- 2) Ақыл-есі дұрыс болу;
- 3) Балиғатқа жеткен болу;
- 4) Бас бостандығы болу;
- 5) Жолаушы болмау;

6) Нисаб мөлшерінде дүние-мүлкі және ақшасы болу (Құрбан нисабында дүние-мүлік пен ақшаның зекеттегідей бір жыл қолында болуы шарт емес).

ҚҰРБАНДЫҚ ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ШАЛЫНАДЫ?

Құрбандық шалудың уақыты – Құрбан айт мерекесінің бірінші, екінші және үшінші күні. Үшінші күні күн батқан соң құрбандық шалуға болмайды.

Құрбандықты шалуға алып бара жатқанда малға жақсы қарап, итеріп, ұрып-соқпау керек. Малды қинамау үшін пышағын өткірлеп, жақсылап қайрап, құрбан шалушы адам қолынан келсе өзі бауыздайды, болмаса біреуге бауыздатқызады.

Құрбандық шалынатын мал сол жағымен және құбылаға қаратылып жатқызылады. Бауыздайтын адамның өзі “Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар” деп малдың иегі астынан өңеші, кеңірдегі және күре тамырларын кесе отырып бауыздайды. Малдың жаны шықпастан басын кесіп алу және терісін іру – мәкрұһ. Құрбандық шалып жатқанда біле тұра “Бисмиллаһ” айтылмаса, ол малдың етін жеуге болмайды.

ҚҰРБАНДЫҚ МАЛДЫҢ ЕТІ МЕН ТЕРІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Құрбандық шалған адам құрбанның етінен өзі жей алатыны сияқты, басқаларға да беруге болады.

Құрбан етін үшке бөліп: бір бөлігін құрбандық шалмаған кедейлерге, екінші бөлігін туған-туысқандар мен достарына, қалған бөлігін өзі отбасы мүшелеріне алып қалады. Құрбан етін түгелдей беруге болады, дін оған рұқсат береді. Құрбан терісінен жайнамаз немесе үйде қолда-

нылатын бір нәрсе жасау дұрыс. Бір кедейге я қайырымдылық мекемелерінің біріне берсе де болады.

ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАЙТЫН ЖӘНЕ ЖАРАМАЙТЫН МАЛДАР

Малдан қой, ешкі, сиыр, қодас және түйе құрбандыққа шалынады. Бұлардың қой мен ешкі бір жасқа, сиыр мен қодас екі жасқа, түйе бес жасқа толуы керек. Бірақ қой алты айдан асқанымен сүйегі ірі болса, оны да құрбан етіп шалуға болады. Ал ешкі ондай емес, міндетті түрде бір жасқа толуы тиіс.

Қой мен ешкі бір кісі үшін шалынады. Сиыр, қодас және түйені бірден жеті адамға дейін ортақтасып құрбандық шалуға болады. Бұл жануарлардың мүйізсіз болуы, мүйізінің біраз сынық болуы, терісінің көбі түсіп қалуы және ақсақ болуы құрбандық шалуға кедергі емес.

Мына кемшіліктерден бірі кездессе, ол мал құрбандыққа жарамсыз:

- 1) Бір немесе екі көзі соқыр болуы;
- 2) Мүйіздерінің біреуі немесе екеуінің де түбінен сынық болуы;
- 3) Құлағының немесе құйрығының жартыдан көбісінің жоқ болуы;
- 4) Аяғын баса алмайтындай ақсақ болуы;
- 5) Туғаннан құлақтары-құйрығы болмауы;
- 6) Тістерінің көбі түсіп, қарнын тойдыра алмайтын болуы;
- 7) Ауру болуы;
- 8) Сүйектерінің ішінде жілік майы жоқ, арық болуы;
- 9) Желіндерінің ұштары жоқ болуы;
- 10) Қой мен ешкі емшектерінің бірі, сиыр тектестердің екі емшегі бірдей құрып қалуы.

Бұған қоса, қораз, тауық сияқты үй жануарлары мен еті желінетін жабайы жануарлар құрбандыққа жарамайды.

ЕТТЕРІ ЖЕЛІНЕТІН ЖАНУАРЛАР

Қой, ешкі, сиыр, қодас, түйе, жылқы, тауық, қаз, үйрек, жираф, түйеқұс, көгершін, шілік, тауыс, қарлығаш, байғыз, қоян, тырна, торғай және сауысқан сияқты жануарлар шариғат жолымен бауыздалса, еттері желінеді. Бұлардан басқа суда өмір сүретін әртүрлі балықтар да адал.

ЕТТЕРІ ЖЕЛІНБЕЙТІН ЖАНУАРЛАР

Азу тістерімен қауып аулап, бөлшектеп жейтін және өзін қорғайтын жануарлардың еттері желінбейді. Қасқыр, аю, арыстан, қабылан, тиін, маймыл, шошқа, мысық, ит, піл, кесіртке, түлкі т.б. сияқты.

Есек және қашырдың еті желінбейді. Тырнақтарымен аң аулайтын, өлексе және лас нәрселерді жейтін құстардың еттері де желінбейді: бүркіт, қаракұс, ләйлек, құзғын, қырғи, жарқанат және қарға, т.б. сияқты.

Жаратылысынан жиіркенішті тышқан, шаян, жылан, кесіртке, құрбақа, қосмекенді тасбақа, кірпі, ұлу, жауын құрты, құрттар, шыбындар, қоңыздар, жәндіктер, ара және көбелектер желінбейді.

Балық бейнесінде емес теңіз жануарлары мен шаян, медуза, устрица және омар да желінбейді.

НӘЗІР ҚҰРБАНЫ

Нәзір – бір адамның жасауға міндетті емес нәрсені өзіне уәжіп қылуы.

Нәзір екіге бөлінеді:

- 1) Ештеңеге байланысы жоқ нәзір.

Бір адам “Алла разылығы үшін бір құрбандық шаламын” деп айтса, құрбандық шалу оған уәжіп болады және нәзірін қалаған уақытында орындайды.

- 2) Бір нәрсенің болуына немесе болмауына байланысты шалынатын нәзір құрбаны.

Мысалы: “Ауруым жазылып кетсе, Алла разылығы үшін бір құрбандық шаламын” деп айтқан адам ауруы жазылған кезде құрбандық шалуы – уәжіп. Айтқан ісі іске аспай тұрып құрбандық шалуы дұрыс емес.

Нәзір тек қана құрбан ретінде шалынатын жануарлар болады: тауық, қораз сияқты жануарлар нәзір құрбаны болмайды.

Нәзір құрбанының етінен атаған адамның өзі, жұбайы, әкесі, шешесі, ата, әже, балалары мен немерелері жей алмайды, нисаб мөлшерінде дүние-мүлкі және ақшасы бар бай, дәулетті болып есептелетін адамдар да жей алмайды. Нәзір құрбаны түгелдей кедейлерге таратылуы керек.

Өлген адам үшін құрбандық шалудың үкімі:

Өлген адам үшін құрбандық шалғысы келген адам мұны құрбан айт күндері шалуы керек. Мұндай құрбан етінен құрбандық шалған адамның өзі басқалары да жесе болады.

Егер құрбандық шалуды қайтыс болған адам өсиет етсе, бұл құрбанның етін мұрагерлері жей алмайды, бәрін түгелдей кедейлерге таратып беру керек.

АНТТЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҮКІМІ

Ант – сөздің құдіретін арттыру мақсатымен Алланың атын қосып айту.

Ант үш түрлі болады:

1) Лағу анты: Қателесіп айтылып қалған ант. Ақшасы бола тұра, жоқ деп ойлап қалып, байқамай “*Уаллаһи, ақшам жоқ*” деп ант ету. Мұндай антқа кәффарат бермесе де болады.

2) Ғамус анты: Біле тұра өтірік ант беру. Көрмеген нәрсені “*Уаллаһи, көрдім*”, қарызын өтемесе де “*Уаллаһи, өтедім*” деп біле тұра өтірік ант ету. Бұлайша өтірік ант ету – үлкен күнә. Күнәсі кешірілуі үшін тәубе етіп, Алла Тағаладан кешірім сұрауы керек.

3) Мунақид анты: Болашақта бір нәрсе жасап немесе жасамайтынына байланысты ант ету. “Уаллаһи, ертең қарызымды өтеймін”, “Уаллаһи, пәленшемен сөйлеспеймін” деп ант ету. Егер

сөзінде тұрса, кәффарат керек емес. Ал егер сөзінде тұрмаса, жаза ретінде кәффарат беруі керек.

Анттың кәффараты:

Болашақта бір нәрсені жасап немесе жасамайтынына байланысты ант етіп, оны бұзған адам кәффарат ретінде он кедейді киіндіреді немесе он кедейге пітір садақасы мөлшерінде ақша береді. Мұны жасауға күші жетпегендер үш күн қатарынан кәффарат оразасын ұстайды.

СҰРАҚТАР

- 1) Құрбандық шалу кімдерге уәжіп?
- 2) Құрбан қашан шалынады?
- 3) Құрбан еті мен терісін не істеу керек?
- 4) Құрбандыққа шалуға болатын және болмайтын жануарлар қайсылары?
- 5) Нәзір құрбаны деген не, қашан шалынады, нәзір құрбандарының еті мен терісін не істеу керек?
- 6) Еті желінетін және желінбейтін жануарларды атап беріңіз.
- 7) Ант дегеніміз не және қанша түрі бар?
- 8) Анттың кәффаратын түсіндіріп беріңіз.

Тақырыптар:

- Жұма және Айт күндері
 - Мәуліт түні
 - Рәғайып және Миғраж түні
 - Бәраат және Қадір түні.
-

ЖҰМА КҮНІ

Жұма күні – мұсылмандар үшін мереке. Жұма намазы жамағатпен оқылады. Сол себепті мұсылмандар бір жерге жинала отырып, бір-бірімен жақын танысу мүмкіндігіне ие болады. Әр апта мұсылмандардың осылайша бас қосуы араларындағы достықты, ынтымақтастықты нығайтады, бірлікке ұйытқы болады.

Жұма – маңызды оқиғалар іске асқан, өте қайырлы, берекелі күн. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

“Күндердің ең қайырлысы – жұма күні. Адам (алейһиссәләм) осы күні жаратылған, осы күні жәннатқа жіберілген және осы күні жәннаттан шығарылған.”¹

“Жұма күнінде бір сағат бар. Бір мұмин сол сағатта Алладан бір нәрсе тілесе, Алла оның тілегін қабыл етеді”²

АЙТ КҮНДЕРІ**Жылда екі діни мейрам бар:**

- 1) Рамазан айт;
- 2) Құрбан айт.

Айт – қуаныш күні деген сөз. Рамазан айында ораза ұстай отырып, Алланың әмірін орындаған, Құрбан айт мерекесінде құрбандық

1 Риазус-салихин, II том, 439-бет

2 Риазус-салихин, II том, 444-бет

шала отырып, Алла жолында жанпидалық көрсеткен, айт намаздарын топ-тобымен оқыған мұсылмандар міндеттерін атқарып, парыздарын орындағаны үшін шексіз қуанышқа, шаттыққа және бақытқа бөленеді.

Рамазанда зекет пен пітір арқылы ал Құрбан айтта құрбандықпен кедейлерге қол ұшы беріледі. Осылайша бай-кедей арасында шын мәніндегі сүйіспеншілік пен құрмет пайда болады.

Айтта ата-ана, ата-әжелер, үлкендерге құрмет көрсетіліп, өкпелескендер татуласады, туысқандар арасында өзара сыйластық сезімдері арта түседі. Мерекенің арқасында мерекемен бірге келетін шаттық мұсылмандардың шаршағанын ұмыттырады, қайғы-мұңдарын сейілтеді.

Мерекелерде мұминдер бірін-бірі айтымен құттықтайды, алыста тұратындарға сәлем жолдайды. Қабірлердің басына барып өлгендер үшін дұға оқылады. Құран оқылып, садақа беріліп, рухтарына Құран бағышталады.

Айттар – Алланың мұсылман құлдары үшін тағайындаған сый-сияпат күндері. Бұл күндерді Алланың разылығына сай іс-әрекеттермен өткізуіміз керек.

МӘУЛІТ ТҮНІ

Адамзатты қараңғылықтан құтқару үшін жіберілген соңғы пайғамбар – біздің пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) 571 жылы Рәбиул-әууәл айының 12-түні туған. Бұл қасиетті түн “*Мәуліт түні*” деп аталады.

Ол дүниеге келген шақта жер-жаһанды надандық, зұлымдық пен арсыздық жайлап, Аллаға деген сенім ұмытылып, адамзат қорқыныш пен қараңғы түнекке қамалып, өмір сүре алмайтындай дәрежеге түскен еді.

Пайғамбарымыздың дүниеге келуімен дүние нұрға бөленіп, халықтың жүрегіне Аллаға деген сенім ұялады. Теңдік, әділет және бауырмалдық пайда болды. Аллаға сенген халықтар шын мәнінде қуанышқа кенеледі. Пайғамбар туған түн – адамзаттың қараңғылықтан құтылуы үшін өте қайырлы әрі берекелі бастама болды.

Бұл түн мұсылмандар арасында ғасырлардан бері үлкен белсенділікпен тойланып келеді. Танымал түрік ғалымы С. Челеби жазған

“Уәсиләтун-Нәжат” деп аталатын Мәуліт кітабы – оның туған кезін, ерекшеліктерін және мұғжизаларын тамаша тілмен суреттеген құнды еңбек.

Пайғамбарымыздың туған күнінде айтылатын мәуліт жырларын құрметпен тыңдау, оның қасиетіне, рухына салауат айту – халқымыздың пайғамбарға деген шексіз сүйіспеншілігі мен терең құрметінің көрсеткіші.

Бұған қоса, оның парасатқа толы өмірін оқып-үйрену, одан үлгі алу – басты міндетіміз. Тек сол кезде ғана оның сүйіспеншілігіне қол жеткіземіз.

РӘҒАЙЫП ТҮНІ

Рухани жағынан алғанда Рәжәб, Шағбан, Рамазан айлары басқа айларға қарағанда бір төбе жоғары, берекелі айлар болып табылады. Рәжәб айы келгенде Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деп дұға ететін:

“Уа, Алла! Рәжәб пен Шағбан айларын бізге мүбәрак қылып, аман-есен Рамазан айына жеткізе гөр.”³

Рәжәб айының алғашқы жұма түні “Рәғайып түні” деп аталады. Бұл түн – Алла Тағаланың мейірімі түскен, кешіретін және дұғаларды қабыл ететін түн. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

“Бес түн бар. Ол түндердегі оқылған дұғалар кері қайтарылмайды, (яғни қабыл болады). Олар:

- Рәжәптің алғашқы жұма түні**
- Шағбанның он бесінші түні;**
- Жұма түні;**
- Рамазан айтының түні;**
- Құрбан айтының түні”⁴**

3 Жамиғ әс-сағир, V-том, 131-бет

4 Жамиғус-сағир, V-том, 454-бет

МИҒРАЖ ТҮНІ

Алланың шақыруы бойынша пайғамбарымыз (с.а.у.) бір күні түнде Меккедегі Харам мешітінен Құдыстағы Ақса мешітіне сапар шегіп, ол жерден Жәбірейілмен бірге көкке көтеріліп, “Сидрәтүл-мүнтәха” деп аталатын жерге дейін көтеріледі. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл жерден ары қарай барып, арада ешқандай дәнекерсіз және құпия түрде Алламен кездескен.

Бұл қасиетті сапардың Меккеден Құдысқа дейінгі бөлігі Исра, Құдыстан басталатын қалған бөлігі Миғраж деп аталады. Пайғамбарымыз бес уақыт намазды үмбетіне Миғраж тартуы ретінде әкелген.

Миғраж оқиғасы – пайғамбарымыздың ең үлкен мұғжизаларының бірі. Хижреттен бір жарым жыл бұрын Рәжәб айының 27-түнінде болған.

БӘРААТ ТҮНІ

Шағбан айының 15-түні “Бараат түні” деп аталады. Қарыздан, күнә мен жазадан құтылу деген мағынаны білдіретін Бәраат – күнәлардан құтылу (тазару) кеші.

Бұл түн – Алланың өзінен кешірім сұраған мұминдерді кешіріп, күнәдан арылу түні. Бұл түні ұйықтамай Алла Тағаладан кешірім сұрауымызды қалаған пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

“Шағбан айының он бесінші түні болғанда тек қана ғибадатпен өткізіндер, ал күндіз ораза ұстандар. Өйткені, Алла Тағала сол түні күн шыққанға дейін әлемге мейірімін төге тұрып, былай дейді:

- Кешіруімді қалайтын адам бар ма, кешейін?
- Рызық талап етушілер бар ма, берейін?
- Дертке шалдыққандар бар ма, шипа берейін?
- Тағы кім не тілесе тілесін, берейін!”

Ендеше, Раббымыздың сүйінші хабарына құлақ асып, берілген мүмкіндіктерден пайдаланып қалуымыз керек.

ҚАДІР ТҮНІ

Рамазан айының 27-түні “Қадір түні” деп аталады. Адамдарға дүниеде және ақыретте бақытты болудың жолын көрсететін дініміздің киелі кітабы – Құран Кәрім пайғамбарымызға Рамазан айында Қадір түнінде түсе бастаған. Қадір түнінде Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) пайғамбарлық міндет жүктеліп, Ислам таңы осы түні атқан. Міне, осын-

дай маңызды оқиғалар Қадір түнін нұрға бөлеп, қасиетін арттырған. Қадір түнінің мың айдан да қайырлы екендігі Құран Кәрімде ашық айтылған. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл түннің артықшылығы жайында былай деген:

“Кімде-кім артықшылығына иланып, сыйын Алладан күтіп, Қадір түнін ғибадатпен өткізсе, өткен күнәлары кешіріледі.”⁵

Қадір түні – мұминдерге Алла Тағала берген шексіз мейірімділік белгісі мен үлкен ілтипаты. Бұл түнде Алла разылығы үшін намаз оқып, Құран оқып, дұға етіп, дұрыстап өткізуіміз керек⁶

Хазірет Айша бір күні пайғамбарымыздан:

“Уа, Расулаллаһ! Қадір түнінде қайтіп дұға етейін?” – деп сұрады.

Сонда мынандай жауап естіді:

“Былай де: “Раббым, сен өте кешірімдісің, кешіргенді жақсы көресің, мені де кешіре гөр.”⁷

Пайғамбарымыз (с.а.у.) үйреткен бұл дұғаны біз де Қадір түнінде қайталайық.

Қасиетті түндерді намаз оқу, Құран оқу, пайғамбарымызға салауат айту, күнәларымызға кешірім тілеу, дүние және ақыретке байланысты тілектерімізбен дұға қылып, қолымыздан келгенше қайырымдылық іс-шаралар өткізіп, кедейлерді қуанту сияқты ізгі істермен өткізуіміз керек.

СҰРАҚТАР

- 1) Жұма күннің артықшылығын айтып беріңіз.
- 2) Бір жылда қанша діни мереке бар, мерекелердің қандай маңызы бар?
- 3) Мәуліт түні жайында айтып беріңіз.
- 4) Рәғайып түні деген не?
- 5) Миғраж түнінің маңызы жөнінде айтып беріңіз.
- 6) Бәраат түні қашан және оның артықшылығы неде?
- 7) Қадір түнінің артықшылығы туралы айтып беріңіз.
- 8) Қасиетті түндерде не істеуіміз керек?

5 Өт-тәрғиб уәт-тәрһиб, II-том, 119-бет

6 Риазүс-салихин, II-том, 464-бет

7 Риазүс-салихин, II-том, 467-бет



ҮШІНШІ ТАРАУ

АХЛАҚ
(әдеп)



Тақырыптар:

- Ахлақ (әдеп) деген не?
 - Исламдағы ахлақ
 - Изгі ахлақ иесі болуда сенім мен ғибадаттың рөлі
 - Ең тамаша ахлақ үлгісі – Хазірет Мұхаммед (с.а.у.)
 - Жеке адамдар үшін ахлақтың маңызы
 - Кәсіп және ахлақ
 - Мінез-құлық өзгере ме?
 - Исламның ақыл мен білімге мән беруі
-

АХЛАҚ ДЕГЕН НЕ?

Ахлақ – адамның жан-дүниесінде қалыптасқан әдеттер. Бұл әдеттер көбіне іс-әрекетімізден көрініс береді.

Жан-дүниемізде қалыптасқан әдеттер екіге бөлінеді:

- 1) Жақсы әдеттер
- 2) Жаман әдеттер

Дене мүшелеріміздің іс-әрекеті жан-дүниемізбен тікелей байланысты. Болмысымызда жақсы әдеттер орын алса, қылықтарымыз жақсарады, бұлар **көркем ахлақ** деп аталады. Ал егер болмысымызда жаман әдеттер орныкса, қылықтарымыз да жаман болады. Оны жаман әдет немесе **жаман ахлақ** деп атайды. Іс-әрекеттеріміздің жақсы, парасатты болуы үшін жан-дүниемізді жаман мінез-құлықтардан тазарта отырып, өзімізді жақсы мінез-құлықтарға баулуымыз керек.

Топыраққа еккен тұқымға қарай өнім аламыз. Бидай тұқымынан бидай өсіп шығатыны сияқты, арпаның дәнінен де арпа өсіп шығады. Демек, топыраққа қандай дән ексең, соған қарай өнім өсіп шығады. Осы сияқты жан-дүниеміздің түкпіріне жақсы мінез-құлықтардың тұқымын сепсек, бұл тұқым да дене ағзаларымызда жақсы іс-әрекеттерді

іске асырады. Ал, егер жаман мінез-құлықтардың тұқымын сепсек, дене мүшелерімізді жаман іс-әрекеттерге итермелейді.

ИСЛАМДАҒЫ АХЛАҚ

Ислам дінінде ахлақтың маңызы үлкен. Исламның мақсаты – адамдарды игі ахлақ иесі қылып тәрбиелеп, кемелдендіру. Ислам – көркем мінез деген сөз. Пайғамбарымыз (с.а.у) былай деген:

“Мен адамгершілік мінезді толықтырып, кемелдендіру үшін жіберілдім.”¹ Мұсылманға берілетін баға оның парасаттылығымен өлшенеді. Пайғамбарымыз:

“Сіздердің маған ең сүйкімділерің және қиямет күнінде маған ең жақындарыңыз – ахлағы көркем болғандарыңыз.”² дейді.

Пайғамбарымыздан:

“Алла жанында ең сүйікті құлдар кімдер болады?” деп сұрады.

Сонда:

“Ең көркем ахлаққа ие болғандары”, – деп жауап береді. Ғибадаттар қалай дініміздің әмірі болса, ахлақи міндеттерді орындау да дініміздің әмірі. Исламдағы ғибадаттардың негізгі мақсаты – адамдарды жаманшылықтан тыйып, ізгі ахлақты болуға тәрбиелеу.

ІЗГІ АХЛАҚ ИЕСІ БОЛУДА ИМАН МЕН ҒИБАДАТТЫҢ РӨЛІ

Шынайы иман еткен адам барлық іс-әрекеттерін Алланың көріп, періштелердің жазып отыратынына сенеді. Дүниеде істеген әрбір қылығына қиямет күні жауап беретінін біледі. Жақсылық жасағандардың сый көретініне, ал жаманшылық жасағандардың жазасын тартатынына иланады.

Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

1 Кәшф әл-хафа, I-том, 211-бет

2 Риязүс-салихин, II-том, 54-бет

Кімде-кім титтей жақсылық жасаса, оның сыйын алады, ал кімде-кім титтей жамандық жасаса, оның жазасын тартады.”³

Шынайы иман адамды жаманшылықтан алыстатады, жақсылық жасауға итермелейді. Жан дүниесі иман мен жауапкершілік сезімдерінен алыс болған адамдар тек бас пайдасы үшін жақсылық жасайды. Олар қолынан келгенше жамандық жасауға тырысып бағады.

Ал, жүрегі иманға толы мұсылман барлық іс-әрекетіне көңіл аударып, мұқияттылық танытады. Ешкімге жамандық істемейді. Қолынан келгенше жақсылық жасауға тырысады. Ғибадаттар жүрегіміздегі иманды арттырады, парасатты болуымызды қамтамасыз етеді.

Бес уақыт намаз бізге үнемі Алланы еске салып, әртүрлі нашар іс-әрекеттерден тияды. Ораза болса, мейірімділік сезімдерін оятып, қолымызды харам нәрселерден, тілімізді жалған, өтіріктерден сақтайды. Зекет, сараңдықтан құтқарып, басқаларға жақсылық жасап, жәрдем беру сезімдерін тудырып, қоғамға пайдалы адам болуға шақырады.

Осылай ғибадаттармен азықтанған иман, дене мүшелерімізде парасаттылық жемістерін беріп, шынайы адамгершілік құндылықтарын сіңіреді. Парасатсыз адамдар болса – гүл ашпайтын, бүршік жармайтын жеміссіз ағаш іспеттес.

ЕҢ ТАМАША АХЛАҚ ҮЛГІСІ – ХАЗІРЕТ МҰХАММЕД (С.А.У.)

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) – Алланың тәрбиесінде болған, көркем ахлаққа ие пайғамбар. Ол мінез-құлқын Құраннан алып, барша игіліктерді бойына сіңірген. Хазірет Айшадан пайғамбарымыздың адамгершілігі, мінез-құлқы жайында сұрағанда, былай деп жауап берген:

“Оның мінез-құлқы – Құран”⁴

Пайғамбарымыз ахлақи міндеттерді үйреткен әрі өзі іс жүзінде көрсетіп үлгі болған. Ол ешқашан туралықтан, шындықтан, жақсылықтан бір сәт ажырамаған, тамаша мінезімен, іс-әрекеттерімен басқаларға үлгі еді. Алла Құранда: **“Алланың расулының бойында сіздер үлгі алатындай тамаша өнеге бар”⁵** дей отырып, пайғамбарымыздың

3 Зілзәлә сүресі, 7/8 аяттар

4 Шәрх әш-шифа, Алиул-Қари, I-том, 222-бет

5 Ахзаб сүресі, 21-аят

өмірінен үлгі алуға шақырған. Біздің міндетіміз – пайғамбарымыздың парасаттылық пен адамгершілікке толы өмірін біліп, үйреніп, оны өзімізге үлгі тұту.

ЖЕКЕ АДАМДАР ҮШІН АХЛАҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Білетініміздей, қоғам – отбасынан басталады. Отбасы – жеке адамдардан тұрады. Олай болса, бір ұлттың күшті болуы, береке-бірлік ішінде өмір сүруі жанұяның берік болуына байланысты. Отбасының береке-бірлігі отбасындағы жеке адамдардың парасатты іс-әрекеттеріне байланысты.

Сондықтан қоғамды құрайтын жеке адамдардың парасатты болғаны үлкен мәнге ие. Шіріген тақтайлардан берік кеме жасалмайтыны сияқты парасатсыз, жауапкершілік сезімдерінен жұрдай болған адамдардан күшті-қуатты қоғам құрылмайды.

КӘСІП және АХЛАҚ

Еңбек ету – дініміздің әмірі. Кез-келген мұсылман күн көру әрі ешкімге мұқтаж болмай өмір сүру үшін еңбектенуі қажет. Адамдардың еңбек ететін салалары, табыс табу жолдары әр түрлі. Еңбектеніп, табыс табуда мынаған мән беру керек: Табысымызды адал жолмен тауып, нәсібімізге харам араластырмау.

Пайғамбарымыз (с.а.у.):

“Адамның дүние-мүлкін қалай тауып, оны қайда жұмсағаны қиямет күнінде сұралатынын.”⁶ айтқан. Ал табысын харам жолдармен тапқандарға былай деген:

“Бір мұсылманды алдаған, оған зиян тигізген және айла жасаған адам – бізден емес”⁷

Еңбегін адал жолдармен тапқандарға мына сүйінішті хабарды жеткізеді:

6 Әт-тәрғиб уәт-тәрғиб, I-том, 125-бет

7 250 хадис, 159-бет

“Саудада шындықтан, туралықтан бір сәт айырылмаған адам қиямет күні пайғамбарлардың жанынан орын алып, солармен бірге болады.”⁸

Адалдық – мұсылман үшін маңызды ахлақи қағида. Мұсылманға, қызмет бабында шындықтан алыстамау, адамдарды алдамау, алаяқтық жасамау, көлеңкелі кәсіптің барлық түрінен аулақ болу, тек қана адал, таза жолдармен табыс табу жарасады.

Өндірушінің міндеті – жақсы және сапалы өнім өндіру. Жұмысшы мен қызметкердің міндеті – өздеріне берілген істерді кемшіліксіз орындау. Жұмысшы адам “мені ешкім көріп тұрған жоқ” деп міндетіне немқұрайлықпен қараса, адалдықтан айырылып, арам ақша тапқан болады. Бұған дініміз тыйым салған. Басқаның ақысын жеу – міндетін, қызметін дұрыс атқармауды білдіреді. Бұндай әрекет жасағандардың еңбектері босқа кетеді. Бұдан мемлекет зиян шегеді әрі адамдардың бір-біріне деген сенімі азаяды.

Жүрегі таза парасатты адам қызметін дұрыс атқарады, ешкімді алдамайды, алаяқтық жасамайды. Мойнына алған міндетін адал атқарып, өзіне әрі айналасындағыларға пайдасын тигізеді.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӨЗГЕРЕ МЕ?

Бала дүниеге пәк болып келеді. Ата-ана жақсы тәрбие берсе, парасатты, адамгершілігі мол болып өседі. Ал егер жақсы тәрбие көрмей, жаман мінез-құлықтарға бой алдырса, онда одан адамгершілік күтуге болмайды.

Денеміздегі ауруды дәрімен емдесек, ал бойымыздағы жаман қылықтарды адамгершілік пен көркем мінез үйрену арқылы кетіреміз.

Пайғамбарымыз: **“Мінез-құлықтарыңды дұрыстандар”** дей отырып, жаман мінез-құлықтың түзелетінін айтқан.

Жұқпалы ауруы бар науқаспен бірге жүрген адам дәл сондай кеселге ұшырауы мүмкін. Мінез-құлқы нашарлармен жолдас болған адамдар да уақыт өте келе жаман мінезге түсіп кетеді. Сол себепті ізгі ахлақ иесі болып, өзінің жақсы мінез-құлқын сақтау үшін, ізгі ахлақты

⁸ 250 хадис”, 62-бет

үйренуімен қатар білімді, жақсы мінезді адамдармен араласуы керек, ал әдепсіз адамдарға жуымаған жөн.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) жақсы адамдармен жолдас болуды әтір сулар сатылатын дүкенде отырғанға ұқсатады. Дүкеннің қожайыны оған ештеңе ұсынбаса да ол жердің хош иісінен әсерленеді. Жаман адамдармен жолдас болуды темірші ұстаханасына ұқсатады. Ол жерде отырған кісіге оттың бір ұшқыны шашырайды, я болмаса иісі мазасын алады (Жамиғус-сағир).

Міне, осы сияқты жақсы адамдармен жолдас болғандарға жақсылардың әдептілігі әсер етеді. Ал жаман мінезді адамдармен достасқандарға олардың жаман қылықтары әсер етіп, уақыт өте ол адамның да мінез-құлқы бұзылып, жаман жаққа өзгереді.

Біздің міндетіміз жора-жолдас таңдағанда абай болу, жақсы әрі білімділермен дос болу, олардан жақсы өнеге алу, жаман адамдардан аулақ болу. Бірақ оларды сол нашар әдеттерінен арылту мақсатында олармен араласып, адамгершілікке, парасаттылыққа тарту қажет.

ИСЛАМНЫҢ АҚЫЛ МЕН БІЛІМГЕ МӘН БЕРУІ

Ақыл – Алланың адам баласына берген үлкен сыйы. Адам жақсы мен жаманды ақылмен ажыратады. Ақыл – адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін үлкен қасиет.

Дінімізде жауапты (мүкәлләф) болу үшін ақыл-есі дұрыс болуы шарт. Иман мен ғибадатта алғы шарт – ақыл. Ақыл-есі дұрыс еместерге діни әмірлердің жүктелмейтіндігінің өзі-ақ ақылдың Ислам дініндегі маңыздылығын көрсетеді. Бірақ ақылдың шынайы құндылығы адамға пайдалы болуы, оны дұрыс жұмыс істетуге байланысты. Ақылға жүгінбегендер Құран Кәрімде айыпталады. Ақыл – маңызды білім құралдарының бірі.

Ислам ақылмен қатар білімге де үлкен мән береді. Ислам – үнемі оқып, білім алып, үйренуді әмір еткен. Құран Кәрімнің алғашқы аятының “Оқы!” деген бұйрықпен басталуы бізге білімнің аса маңызды екенін көрсетеді. Білім және ғалымдардың орнын Алла Тағала былай баяндайды:

“(Әй, пайғамбарым!) Сен айт: Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?”⁹ Пайғамбарымыз да білім үйренудің мұсылмандар үшін өте маңызды парыз екенін көрсете отырып, былай дейді:

“Ілім үйрену – ер-әйел барлық мұсылманға парыз.”¹⁰

Осыған сәйкес аталарымыз білімге аса мән беріп, ғалымдарға құрметпен қараған.

Бір патша Мысырдан қайтқан бетінде атақты дін ғалымы Ибн Кә-малмен бірге балшықты жерден өтіп бара жатады. Осы мезет Ибн Кә-малдың атының аяғынан шашыраған балшық патшаның киімін ластап, ғалым бұған қатты қысылады.

Ұстазының ыңғайсызданғанын көрген патша:

“Қысылманыз ұстаз! Ғалымның атының аяғынан шашыраған балшық – біз үшін әшекей. Осы былғанған шапаным балшығымен сақталып, өлгенде табытымның үстіне қойылсын” – деп өсиет айтып, ғалымға деген құрметін білдірген.

СҰРАҚТАР

- 1) Мінез-құлық (ахлақ) деген не?
- 2) Исламда ахлақтың орны жөнінде айтып беріңіз.
- 3) Иман мен ғибадаттың көркем мінез-құлықты болудағы рөлін түсіндіріңіз.
- 4) Пайғамбарымыздың ахлағы қандай еді?
- 5) Жеке адам үшін ахлақтың маңызы қандай?
- 6) Ахлақтың қызмет бабындағы әсерін айтыңыз.
- 7) Мінез-құлық өзгере ме? Түсіндіріп беріңіз.
- 8) Исламның ақыл мен білімге қаншалықты көңіл бөлгені туралы айтыңыз.

⁹ Зумар сүресі, 9-аят

¹⁰ Мишкатул мәсабих, 1-том, 233-бет

Тақырыптар

- Ислам дініндегі ахлақи міндеттер
 - Алла, пайғамбар және Құран алдындағы міндеттеріміз
 - Жеке басымызға байланысты міндеттеріміз
 - Тәніміз алдындағы міндеттеріміз
 - Рухымыз алдындағы міндеттеріміз
 - Тамақ жеу кезіндегі ахлақ қағидалары
 - Тілдің тәрбиеленіп, түзетілуі
 - Дене мүшелеріміздің тәрбиесі
 - Оқу мәтіні
-

АХЛАҚИ МІНДЕТТЕРІМІЗ**Ислам дінінде ахлақи міндеттер бесеу:**

- 1) Алла, пайғамбар және Құран алдындағы міндеттеріміз
- 2) Жеке басымызға байланысты міндеттеріміз
- 3) Отбасы алдындағы міндеттеріміз
- 4) Отан және ұлтымыз алдындағы міндеттеріміз
- 5) Барлық адамдар алдындағы міндеттеріміз

**1 – АЛЛА, ПАЙҒАМБАР ЖӘНЕ ҚҰРАН
АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ****А- Алла алдындағы міндеттеріміз:**

Бізді жоқтан бар етіп, тамаша дене мүшелерін берген, жер бетіндегі барлық нәрсені біз үшін жаратқан – Алла. Адамға берілген бұл артықшылықтар мен ерекшеліктер басқа ешқандай тіршілік иелеріне берілмеген. Сондықтан осы жақсылықтарға шүкірлік ретінде орындауымыз қажетті міндеттер бар.

Бұл міндеттер мыналар:

- а) Алланың бар және бір екендігіне сену;
- ә) Ғибадаттарымызды орындау;
- б) Алла әмірлеріне бағынып, тыйым салған істерден бойды аулақ ұстау;
- в) Аллаға деген сүйіспеншілікті басқадан жоғары ұстау;
- г) Алланың атын құрметпен еске алу;
- д) Берген нығметтеріне шүкіршілік ету.

Ә – Пайғамбар алдындағы міндеттеріміз:

Алла Ислам дінін адамдарға жеткізу міндетін Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) жүктеген. Пайғамбарымыз адамзаттың игілігі үшін көп еңбек сіңірді. Осы жолда көптеген қиыншылықтарға ұшырады. Соңында Ислам нұры жер жүзін жарыққа бөледі. Адамдар бақытқа кенелудің жолдарын үйренді. Сондықтан:

- а) Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) соңғы әрі ұлық пайғамбар екендігіне иман келтіру;
- ә) Расулды жақсы көріп, аты аталғанда салауат айту;
- б) Ол көрсеткен жолмен жүру;
- в) Расулдың жақсы қасиеттерін үлгі тұту. Бұлар пайғамбарымыз алдындағы міндеттеріміз.

Б – Құран алдындағы міндеттеріміз:

- а) Құран Кәрімнің пайғамбарымыз арқылы Алла жіберген соңғы кітап екеніне сену;
- ә) Құранды қағидаларына сай мәнерлеп оқу;
- б) Мағынасын түсінуге тырысу;
- в) Құран оқығанда және тыңдағанда құрмет көрсету;
- г) Құранның бұйрықтарын орындап, тыйымдарынан сақтану.

2 – ЖЕКЕ БАСЫМЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ

Адам – дене мен рухтан (жаннан) құралған тіршілік иесі. Жеке басымыз алдындағы міндеттерді екіге бөліп қарастыруға болады.

- 1) Тәніміз алдындағы міндеттеріміз.
- 2) Рухымыз (жанымыз) алдындағы міндетіміз

А – Тәніміз алдындағы міндеттеріміз:

а) Дұрыс тамақтану: Тамақтанғанда мұқият болып, дұрыс тамақтану керек. Өйткені тәніміздің саламатты әрі мықты болуы осыған байланысты. Құран Кәрімде былай делінген:

“Әй, адамдар, жер жүзіндегі таза әрі адал рызықтарды жеңдер.”¹

Пайғамбарымыз (с.а.у.): **“Күшті, қуатты мұмин әлжуаз мұминнен қайырлы және Алла алдында сүйкімді.”²** дей отырып, мұсылманның қуатты, күшті болуы керектігін айтқан.

ә) Денсаулығымызды қорғау: Тәнімізді аурулардан қорғай отырып, қажетті шараларын орындау міндет. Сондықтан қандай да бір ауруға шалдыққанда емделу керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл жөнінде былай дейді:

“Әй, Алланың құлдары! Емделіңдер. Өйткені, Алла әр дерттің емін қоса жаратқан.”³

Ислам діні тәнімізге зиянды болып табылатын ішімдіктер мен есірткілерді қолдануға тыйым салып, денсаулығымызға қауіпті әртүрлі нәрселерден сақтануды бұйырған.

Алланың адам баласына берген үлкен нығметтерінің бірі – денсаулық. Адам өмір бойы осы нығметті қорғауға жауапты. Денсаулығы дұрыс болмаған адам жақсы өмір сүре алмайды, құлшылық та атқара алмайды. Сондықтан халқымыз: “Денсаулық – зор байлық” деген.

Денсаулығымыз мықты кезінде қадірін біліп, ауру-сырқаудың алдын алған жөн. Өйткені, адамдар көбінесе нығметтің қолда барда қадірін біле бермейді. Пайғамбарымыз бұл турасында былай дейді:

1 Бақара сүресі, 168-аят

2 Машарикүл-ануар”, II том, 112 бет

3 Жамиғ әс-сағир

“Екі нығмет бар, адамдардың көбі бұл турасында алданған. (яғни бұлардың қадірін білмейді.) Бірі денсаулық, екіншісі бос уақыт”⁴

Әрі дүние, әрі ақырет бақытына қол жеткізуіміз денсаулығымызға байланысты. Сол себепті, дініміз денсаулық мәселесіне көңіл бөліп, аурулардың алдын алуды талап етеді. Науқастанған жағдайда емделуді әмір етеді.

Дұрыс тамақтанып, тазалыққа баса назар аударып, денеміздің қуатты болуына атсалысуымыз керек. Пайғамбарымыздың: “Күшті мүмин әлсіз мүминнен қайырлы әрі Аллаға сүйкімдірек” деген сөзін ұмытпаған жөн.

Қатты шаршаудан, ұйқысыздық, ішімдік ішу, ауасы ластанған жерде болу, санитарлық талапқа сай емес тамақ жеу, су ішу сияқты денсаулығымызға зиянды нәрселерден сақтанып, жұқпалы аурулар таралған жерлерден аулақ тұру керек. Қажет болған жағдайда мамандардың кеңесін тыңдап әсіресе балалардың екпесін уақытында жасатуымыз қажет.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): **“Арыстаннан қашқандай алапес ауруынан қашыңыз”** дей отырып жұқпалы ауруға шалдыққан адамдардан ұзақ болуды әмір еткен⁵

Екінші бір хадисінде: **“Бір жақта оба ауруы бар деп естісеңдер, ол жаққа бармаңдар”** деп бұйырған және де жұқпалы ауруларға қарсы мұқият болуды ескерткен⁶

Пайғамбарымыздың: **“Алла Тағала қандай ауру жаратса, оның емін де қоса жаратқан, емделіндер”** деген сөзі де бар. Қандай да бір ауруға душар болған жағдайда, барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып емделу де дініміздің әмірі екендігін көрсетеді.

Пайғамбарымыз өзі де емделген және емделу мақсатында сол заманға сай кейбір нәрселердің еміне жүгінуге кеңес берген.

Ислам діні емделуге көңіл бөлгендіктен мұсылмандар арасынан көптеген медицина ғалымдары шыққан. Ибн Сина және Әбу Бәкір

4 Жамиғус-сағир, “Нун” тармағы

5 Бұхари, “Тыб”

6 Кәшфул хафа, 1-т., 104-бет

Рази сияқты ғалымдардың медицина жайында жазған кітаптары Европада ғасырлар бойы оқытылып келеді.

Емделу тәуекелге қарсы емес. Керісінше нағыз тәуекел – ауырған адамның қолдан келген әртүрлі емделу шарасын орындағаннан кейін Алладан шипа тілеу. Әйтпесе, еш емделмей “Аллаға тәуекел” деу дұрыс емес, ол исламдағы тәуекел ұғымын қате түсіну. Бұл тұқым септестен егін сұрағанға ұқсайды. Сондықтан бұндай түсініктің тәуекелмен байланысы жоқ.

Дүниеде әр нәрсе бір себепке байланған. Алдымен себептерді орындап сосын нәтижесін күтеміз. Дәріні тауып қолдану – себепті орындау, ал науқастан айығу – осының нәтижесі. Уақыты келгенде егінге тұқым себу – себеп, егін орып, астық алу соның нәтижесі.

б) Тазалық сақтау: Тәніміз алдындағы міндеттеріміздің бірі – тазалық. Мұсылманның тәні, киімі және қоршаған ортасы, айналасы таза болу керек. Тазалық – денсаулық кепілі. Пайғамбарымыз:

“Тазалық – иманның жартысы”⁷ деп, дініміздегі тазалықтың рөлін қадап айтқан.

Өзі тіс тазалығына да аса мән берген, бізге тісімізді тазалауға кеңес бере отырып, былай деген:

“Сендерге не болған, тістерің сарғайып, менің қасыма келесіңдер? Мисуак қолданыңдар”⁸

2 – Рухымыз алдындағы міндеттеріміз:

- а) Рухымызды негізсіз, жалған сенімдерден тазарту;
- ә) Дұрыс әрі берік сенім орнықтыру;
- б) Дұрыс әрі пайдалы біліммен қаруландыру;
- в) Жаман ойлар мен жағымсыз мінез-құлықтардан тазарту;
- г) Жақсы ойлар мен тамаша мінез-құлықтарға баулу;

⁷ (Мәшәрикүл-әнұар, II-том, 107-бет)

⁸ (Бәйһақи риуаяты, Мисуак: Сауда Арабстанда өсетін “Әрақ” ағашының бұтақтарынан жасалған тіс щеткасы. Бүгіндері жасалған тіс щеткасы “мисуак” орнында. Мақсат тістерді таза ұстау).

Рухымызды мына жаман мінез-құлықтардан тазартуымыз керек:

Дұшпандық, ашу, басқаларды қызғану, өтірік айту, сөзінде тұрмау, екі жүзділік, ұятсыздық, құрметсіздік, тәрбиесіздік, мейірімсіздік, қорқақтық, жалқаулық, сараңдық, менмендік, зұлымдық, әділетсіздік, аманатқа қиянат жасау, сабырсыздық, дөрекілік, жүрегі қатты болу т.б.

Жанымызға мынадай тамаша мінез-құлықтарды серік ету керек:

Достық, мейірімділік, шыншылдық, батылдық, еңбекқорлық, сабырлылық, ұят, үлкендерге құрмет, адамдарды жақсы көру, сөзінде тұру, нәзіктік, жұмсақ мінезді болу, әділеттілік, әдептілік, тәрбиелілік, кешірімшіл болу, кішіпейілділік, ашуын жеңу, тіліне ие болу, адамдарға және тіршілік иелеріне жанашырлық таныту.

ТАМАҚТАНУ КЕЗІНДЕГІ АХЛАҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

- 1) Жейтін, ішетін нәрселердің адал болуы;
- 2) Тамақтан бұрын және кейін қол жуу;
- 3) Тамақты бастағанда **“бисмилләһ”**, біткенде **“әлхамдулилләһ”** деу;
- 4) Тамақты өз алдынан және оң қолымен жеу;
- 5) Тамақты аузына шақтап алып, оны жақсылап шайнағаннан кейін жұту;
- 6) Аузында тамақ барда сөйлемей;
- 7) Аузындағыны жұтпайынша, басқасын аузына салмау;
- 8) Суыту үшін тамақты үрлемей;
- 9) Су ішкенде ыдыстың ішіне үрлемей;
- 10) Жиіркендіретін сөздер айтпау және орынсыз әрекеттер жасамау;
- 11) Тамақты ысырап қылмау, табағына жей алатындай ғана тамақ салу, салған тамағын тауысу;
- 12) Көпшілік тамақтанып отырғанда, барлығы тамағын бітірмейінше дастарханнан тұрмау;

13) Тамаққа әуелі үлкендердің бастауы;

14) Көшеде тамақ жемеу.

ТІЛДІҢ ТӘРБИЕЛЕНІП, ТҮЗЕТІЛУІ

Жеке басымыз алдындағы міндеттеріміздің бірі – тілімізді тәрбиелеу. Аузымыздан өтетін асқа абай болғанымыздай, аузымыздан шығатын сөздерге де абай болуымыз керек. Ислам діні бізге әңгімелесудің, сөз сөйлеудің әдебін үйретеді.

Сөйлесу кезіндегі ахлақ қағидалары мыналар:

- 1) Айтатын сөзінің соңын ойлап, соған қарай сөйлеу;
- 2) Дүние және ақырет үшін пайдасы жоқ сөздерді айтпау;
- 3) Сөзімен ешкімді ренжітпеу, әңгімелесіп отырғанда басқалардың сөзін бөлмеу;
- 4) Адамдармен дәрежесі мен мәртебесіне қарай сөйлесу;
- 5) Біреуді мақтағанда асыра мақтамау;
- 6) Үлкендердің жанында дауысын көтеріп сөйлемей;
- 7) Мылжың сөздер айтпау;
- 8) Сөйлескен кезде ернін шошайтпау, тым білгішсінбеу, басқалардың сөзінен мін іздемеу;
- 9) Тілін жаман сөздерге үйретпеу, өтірік ант ішпеу, өзгелерді жамандайтын сөздер айтпау;
- 10) Біреулерді келемеждемеу, біреуге жаман ат тақтау;
- 11) Айтылмайтын сырларды әшкере етпеу.
- 12) “Құтылу жолы бар ма?” деп сұрағанға пайғамбарымыз: **“Тіліңе не бол!”** деп жауап берген екен⁹. Сахабаларының бірі: **“Қорқуға тиісті ең қауіпті нәрсе не?”** деп сұрағанда, сүйікті пайғамбарымыз тілін қолымен ұстап: **“Міне, мынау”**¹⁰ деп жауап берген.

⁹ Риязүс-салихин”, III том, 107-бет

¹⁰ Риязүс-салихин”, III том, 106-бет

Тағы бір хадисінде былай деген: **“Аллаға және ақырет күніне иман келтірген адам не жақсы сөз айтсын, не болмаса үндемесін”**¹¹

Демек, көріп отырғанымыздай, тілге ие болу, айтар сөзімізге абай болу – өте маңызды ахлақ қағидасы.

ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІМІЗДІҢ ТӘРБИЕСІ

Тілімізден кейін, басқа дене мүшелерімізді тәрбиелей отырып іс-әрекеттерімізді түзету, дене мүшелерімізді адамгершілік қағидаларына сәйкес қолдану – жеке басымыздағы міндеттердің бірі. Бұл міндеттер қысқаша мыналар:

- 1) Қол-аяқты харамнан, басқаларға зиян тигізетін әрекеттерден сақтау;
- 2) Өзінікі емес нәрсеге жаман көзбен қарамау, басқалардың мінін іздемеу, сұқтанып қарап өзгелердің мазасын алмау;
- 3) Құлағымен өтірік, ғайбат, дүние мен ақырет үшін пайдасыз сөздерді тыңдамау.
- 4) Біреудің мал-жаны мен намысына тимеу.

Оқу мәтіні:

Дініміз еңбек етіп, адал табыс табуды әмір етіп, тапқан-таянғанымызды ысырап етуге және пайдасыз жерге жұмсауға тыйым салған.

Құран Кәрімде былай бұйырылады:

“Жеңдер, ішіндер бірақ ысырап етпендер. Өйткені, Алла ысырап етушілерді сүймейді”¹²

Ысыраптың харам екендігі айқын түрде білдіретін осы аяттың соңындағы “Өйткені, Алла ысырап етушілерді сүймейді” деуі мұсылмандар үшін маңызды ескерту. Әлбетте, ешбір мұсылман Алланың сүймеген адамы болуды қаламайды.

Дініміз сараңдықтан да аулақ болуды, әрқашан өмірде орта және ақылға қонымды жолды ұстануды әмір етеді.

11 Риазүс-салихин”, III том, 103-бет

12 Ағраф сүресі, 31-аят

Құран Кәрім Алланың мейіріміне лайық болған жақсы құлдың өмірде осы жолда жүргендер екендігін былайша баяндайды:

“Олар (дүние) жұмсағанда ысырап та етпейді, сараңдық та жасамайды, екеуінің арасында орта жолды ұстайды.”¹³

Қарап отырсақ, дініміз бізге табысты қалай табуды үйреткені сияқты, қалай жұмсауды да үйреткен. Біздің міндетіміз – Раббымыздың әмірлеріне, пайғамбарымыздың өсиеттеріне құлақ асып, соған сай, артық кетпей және тепе-теңдікті ұстай отырып өмірімізді реттеу.

Тапқан-таянғанын қалай болса солай шашатын, шығысы мен кірісін есептемей, тапқанынан көп жұмсайтын адам, өмірінде қалаған дәрежесіне жете алмайды және ондай жанұяда береке болмайды. Мал-мүлкімізді, ақшамызды өз қажеттіліктеріміз бен қоғамның пайдасы үшін жұмсауымыз қажет.

Бір жанұядағы жағдай осындай болғаны сияқты ұлт ішінде де дәл солай. Ысырап – ұлттың өсіп-өркендеуіне кері әсерін тигізеді, жеке адамдар мен қоғамды құлдырауға әкеп соқтырады және де еңбектің босқа кетуіне себеп болады.

Еліміздегі негізгі қорек болып табылатын нанның қаншалықты ысырап болып жатқанын ойласақ ойлантарлық жайт. Негізінен қоқысқа лақтырылып жатқан тек нан емес. Ойлансақ, диқанның маңдай тері, оны нан қылғанға дейінгі істегендердің еңбегі және саптып алушының ақшасы да ысырап болып жатыр.

Пайғамбарымыз нанды қастерлеуді өсиет еткен. Егер нанды лақтырсақ, сол өсиетті орындамаған боламыз әрі нанды қастерлемеген боламыз. Табаққа жей алатынынан артық тамақ құйып артығын төгу, қажеттен тыс электр жарығын жағу, шүмектен артық судың ағуы да ысырап. Ешкімнің осыларды мөлшерден тыс қолданып ысырап етуге қақысы жоқ.

Уақытты бос өткізу де ысырап. Өзінен тұрмысы жағынан жоғарғыларға еліктеп, қарапайым киімдерін тастап қымбатын алу, әр күн ауысатын моданы қуамын деп қарызға бату да ысырап. Бұлар дініміздің орташа өмір сүру үшін қойған принциптеріне кезегар, әлеуметтік теңдікті жоятын және экономиканы құлдырататын іс-әрекеттер болып табылады.

¹³ (Фурқан сүресі, 67-аят).

Дамыған елдер – тынбай еңбек ететін және тапқан табысын орынды жұмсайтын, ысыраптан қашатын елдер болып саналады.

Мүмкіншіліктерімізді, уақытымызды, табысымызды, жер асты және жер үсті байлықтарымызды орынды пайдалануымыз, ие болған нығметтердің қадірін білуіміз, ысыраптан, қалай болса солай пайдаланудан сақ болуымыз қажет. Осылай жасасақ, ұлт болып, дамыған елдердің қатарына қосыла аламыз.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): “Орнымен жұмсаған кедей болмайды”¹⁴ дей отырып, біздің өмірімізге қажет маңызды бір қағида қойып кеткен. Ысыраптың зияны тек қана дүниеде емес екендігін ұмытпағанымыз жөн.

Өмірін және мал-мүлкін дұрыс қолданбағандар қиямет күні осылардың есебін береді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай бұйырады: “Қиямет күні адам төрт нәрседен сұраққа тартылмай Алланың алдынан кетпейді:

- 1) Өмірін қайда өткізгендігі;
- 2) Денесін қай жерде қолданғандығы;
- 3) Мал-мүлкін қалай тауып, қайда жұмсағандығы;
- 4) Білімімен қандай амал жасағандығы.”¹⁵

СҰРАҚТАР!

- 1) Ахлақи міндеттеріміз қанша?
- 2) Алла, пайғамбар және Құран алдындағы міндеттеріміз қандай?
- 3) Жеке басымызды кемелдендіру міндетіміз қандай?
- 4) Тәніміз алдындағы міндеттеріміз қандай?
- 5) Рухымыз алдындағы міндеттеріміз қандай?
- 6) Жақсы және жаман мінез-құлықтарымыз қандай?
- 7) Тамақ үстіндегі қағидаларымыз қандай?
- 8) Сөйлескен кездегі адамгершілік қағидалары қандай?
- 9) Дене мүшелеріміздің қылығын қалай түзеуіміз керек?

14 Кәшфүл хафа, 2-том, 189-б

15 Әт-тәрғиб уәт-тәрһиб, 1-том, 125 б

ОТБАСЫ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ

Тақырыптар:

- Исламда отбасының маңыздылығы
- Жанұя мүшелерінің өзара міндеттері
- Ерлі-зайыптылардың бір-бірі алдындағы міндеттері
- Ата-ананың балалары алдындағы міндеттері
- Балалардың ата-ана алдындағы міндеттері
- Анасына қарсы келген азаматтың соңғы демінде иманын жоғалтып алу қатеріне ұшырауы
- Бауырлардың өзара міндеттері
- Жақындарымыз бен туған-туыстарымыздың алдындағы міндеттеріміз
- Көршілеріміздің алдындағы міндеттеріміз
- Мұсылман көршісінің жайын осылай ойлау керек (мәтін)

ИСЛАМДА ОТБАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ата-ана және балалардан тұратын кішкене адамдар қауымы "отбасы" деп аталады. Отбасының бірлесуінен ұлт пайда болады. Ұлт үшін отбасының маңызы зор. Өйткені, ұлттың кемелденуі жанұяның біртұтастығына байланысты. Отбасы бақытты және шаттыққа толы болса, ұлт та күшті әрі қуатты болмақ.

Жанұя ұлтты құрайтын және оның рухани дәстүрлерін үйрететін мектеп секілді. Ұлы Жаратушымыз, Отанымыз және ұлтымыз алдындағы міндеттеріміз алдымен осы жанұяда үйретіледі. Балалар жанұяда үлкендердің іс-әрекеттерін қайталап, рухына орнықтырып, әдетке айналдырады. Осылайша, баланың адамгершілік табиғаты мен тұлғасы қалыптасады.

Адамдардың әрекеттерін фотоаппарат сияқты қабылдайтын баланың таза рухында жақсы нәрселер орнығуы үшін жанұя мүшелері әрдайым жақсы әрекеттер жасауы керек. Сол себептен жанұя мүшелерінің бір-бірі алдындағы адамгершілік міндеттері мен жауапкер-

шіліктерін орындауының маңызы зор. Жанұяның бақыты мен ұлттың болашағы осыған байланысты.

ЖАНҰЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨЗАРА МІНДЕТТЕРІ

Жанұяның негізі – ерлі-зайыптылар. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

“Естерінде болсын, сендердің әйелдерінде және әйелдеріңнің де сендерде хақы бар”¹

А – Ерлі-зайыптылардың бір-бірінің алдындағы міндеттері:

1) Ең алдымен ерлі-зайыптылар арасында өзара сүйіспеншілік болу керек.

2) Отағасы жанұясының тамағын, киімін және басқа да қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін еңбектенуі, адал табыс табуы керек.

3) Отағасы жанұясының діни және адамгершілік міндеттерін орындауына ұйытқы болып, кемшіліктерін толықтырып отыруы керек.

4) Ер адам әйеліне нәзік, жұмсақ болуы, дөрекілікпен ренжітпеуі керек.

Бұл жайында пайғамбарымыз былай дейді:

“Мүминдердің ішінде иманы кәміл дәрежеде болғандар – мінез-құлқы көркем болғандар. Сендердің араларындағы ең жақсы адам – әйелдеріне жақсы қарағандарың”²

Әйел күйеуіне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарауы, үй шаруасында, бала тәрбиесінде жұбайына көмектесуі керек.

1) Әйел үнемшіл болып, жұбайының тапқанын ысырап етпей, үйге ие болуы керек.

2) Әйел үйін, жанұясын ойлап, ар-ұятын қорғауы керек.

Пайғамбарымыз былай дейді:

1 Риязүс-салихин, I-том, 318-бет

2 Риязүс-салихин, I-том, 320-бет

“Әйел бес уақыт намазын оқып, Рамазан оразасын ұстап, арын сақтап, күйеуіне бағынса, оған қалаған есігіңнен жәннатқа кір деп айтылады”³

“Бір әйел күйеуі өзінен разы болған күйде өлсе, жәннатқа кіреді”.

Ә – Ата-ананың балалары алдындағы міндеттері:

Жанұяның көркі мен бақыты, шаттығының көзі болып табылатын бала – ата-анаға Жаратушының берген аманаты. Ата-ана бала тәрбиесіне Алла алдында және халық алдында жауапты. Ата-ананың балалары алдындағы басты міндеттері мыналар:

1) Балаларын дені сау етіп өсіру, оның тән мен жан сұлулығын қорғау;

2) Балаларына арам нәрселерді жегізбеу.

Пайғамбарымыз: **“Алла жолында жұмсалған қаржылардың ең сауаптысы – жанұя мүшелеріне жұмсалғаны”⁴** деген.

“Бір адамның өз қамқорлығындағы жандарға селқос қарауы оның күнәһар болуына жеткілікті”⁵ деп ескерту де жасаған.

3) Баласына жақсы ат қою;

4) Баласын жақсы тәрбиелеп, оған ахлақ тұрғысынан үлгі болу;

Пайғамбарымыз: **“Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі”** дей отырып, бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін атап көрсеткен.

5) Баласына намаз оқытуы, басқа да діни және ахлақи міндеттерін үйрету;

6) Баласын оқытып, күнін көре алатындай мамандық иесі етіп тәрбиелеу;

Хазірет Әли былай деген: *“Балаларыңды өз заманына сай тәрбиелеңдер, өйткені олардың уақытында сендер болмайсыңдар”.*

7) Балаларды жақсы көріп, оларға әр кез көңіл бөлу, өйткені олар қарнының тоқ болуымен қатар сүйіспеншілікті де қажет етеді.

3 250 хадис, 186 бет

4 Риазус - салихин, I- том, 329-бет

5 Риазус - салихин, I- том, 331-бет

8) Балаларды жақсы көргенде, оларды бөліп-жармау, тең және әділетті болу;

9) Үйленетін шаққа келгенде балаларын үйлендіру.

Б – Балалардың ата-ана алдындағы міндеттері:

1) Ата-анаға жақсылық жасау;

2) Күн көрісі қиын болса оларға көмектесу;

3) Ата-ананың ешқашан сөзбен не қылығымен ренжітпеу, тіпті “түһ” демеу;

4) Ата-анаға жылы шыраймен қарап, жылы сөйлеу. Олардың жүздеріне ашулы немесе қабақ түйіп қарамау;

5) Шақырғанда лезде жетіп бару;

6) Алланың бұйрықтарына қарсы болмайынша, ата-ана әміріне мойынсұну және орындау;

7) Кез-келген істе олардың ризалығын алу;

8) Олардың қасында дауыс көтеріп сөйлемей;

9) Ата-ананың қартайған шақтарында жандарында болып қолғабыс жасау, шын көңілмен орындап ризашылығын алу;

10) Жолда кетіп бара жатқанда алдын кеспеу;

11) Олардың рұқсатынсыз еш жерге бармау;

12) Өмірден озғанда оларды құрметтеп еске алып, дұға қылу, артынан қайырлы істер жасау, өсиеттерін орындау, тірісінде араласқан кісілеріне жақсылық жасау, марқұмдарға жаман ат келтірмеу.

Ата-ана ақылары жайында пайғамбарымыз былай дейді:

“Алланың жақсы көретін амалы – уақытында оқылған намаз бен ата-анаға жақсылық жасау.”⁶

“Қиямет күнінде Алла жүздеріне қарамайтын кісілердің бірі – ата-анасына қарсы келген кісі.”⁷

“Алла барлық күнәлардан қалағанының жазасын қиямет күніне қалдырады. Бірақ ата-анаға көрсетілген қарсылықтың жазасын өлместен бұрын тартқызады”.

6 Риазус-салихин, I-том, 347-бет

7 Әт-тарғиб уәт-тәрһиб, III-том, 327-бет

Оқу мәтіні:**Анасына қарсы келген азаматтың соңғы демінде иманын айырылып қалу қатеріне ұшырауы...**

Абдулла ибн Әбу Әуфа былай деп әңгімелейді:

Пайғамбарымыздың қасында отырғанымызда, оған бір кісі келіп:

– Уа, Расулалла, өлім халінде жатқан бір жас жігіт бар, оған “Лә иләһә иллаллаһ” десек те, бір түрлі қайталап айта алмайды, – деді. Пайғамбарымыз:

– Намаз оқитын ба еді? – деп сұрады. *Келген кісі:*

– *Иә, оқитын, – деді. Осыдан кейін орнынан тұрды. Бізде онымен бірге орнымыздан тұрдық. Пайғамбарымыз жаңағы жігітке барды да оған:*

– Лә иләһә иллаллаһдеп айт, – деді. *Жігіт:*

– *Айта алмаймын.*

– Неге айта алмайсың? – деп сұрады.

– Анасына қарсы келетін, – деді біреу. *Пайғамбарымыз:*

– Анасы тірі ме? – деп сұрады. *Сол жердегілер:*

– *Иә, тірі, – деп бас шұлғысты. Пайғамбарымыз:*

– Шақырандар, – дегеннен кейін қасындағылар барып анасын шақырып келеді. *Пайғамбарымыз одан:*

– Бұл аурып жатқан жігіт сіздің балаңыз ба? – деп сұрады.

Анасы:

– *Иә, менің ұлым, – деді. Пайғамбарымыз одан:*

– Қараңыз. Мына жерге от жағып, ұлыңызды сол отқа тастаймыз. Егер кешірсеңіз, ұлыңызды отқа жақпаймыз. Ал егер кешірмесеңіз, онда ұлыңызды отқа жағамыз десе, не істер едіңіз? Шапағат қылар ма едіңіз? – деп сұрады:

– *Иә, шапағат етер едім, – деді анасы. Сонда пайғамбарымыз:*

– Олай болса, өзіңізге қарсылық көрсеткен бұл ұлды жәһаннам отынан құтқару үшін ақыңызды адалдап, оған риза екендігіңізге Алланы және мені куә қылыңыз, – деді. *Анасы:*

– *Уа, Раббым, сені және пайғамбарыңды куә етемін. Ұлыма риза мын, ақымды кешірдім, – деді. Осыдан кейін пайғамбарымыз:*

– Мен арқылы бұл жасты жәһаннам отынан құтқарған Аллаға шүкір, – деді.

В-Бауырлардың өзара міндеттері:

1) Бауырлар арасында шынайы сүйіспеншілік пен бірлік болуы керек;

2) Бауырлар – бірін-бірі толықтырып тұратын бір бүтіннің жекелеген бөлшектері сияқты. Ешқандай нәрсе осы бірлікті бұзбауы, бауырларды бір-бірінен алыстатпауы керек.

3) Мирас, мұра, дүние-мүлік сияқты нәрселер, материалдық дүниелер бауырлардың арасын ашып, шырқын бұзбау керек;

4) Ағалары інілері үшін ата-ана тәрізді. Кішілері үлкендеріне ізет көрсетіп, оларға қарсы келуден, ренжітетін, көңілін қалдыратын сөздерден және жаман іс-әрекеттерден аулақ болуы керек. Үлкендер кішілерін қорғап, сүйіспеншілік пен мейірімділік танытуы қажет.

5) Бауырлар бір-біріне жақсылық жасап, бір-бірінің қамын өз қамындай ойлауы тиіс.

Г- Туған-туысқандарымыздың алдындағы міндеттеріміз:

Туған-туысқандарымызды жанұямыздың бір бөлігі деп қарауымыз керек, олардың алдында біздің адамгершілік міндеттеріміз бар:

1) Туған-туысқандарымызды жақсы көріп, оларға құрмет көрсету;

2) Қажет болғанда қол ұшын беру;

3) Оларды ұмытпау, үнемі барып, көңіл күйлерін сұрастырып, сыйлық беріп тұру;

4) Алыста болғандарға хабарласып, жағдайларын сұрап, жанұя байланысын нығайту;

Немере әпке-аға, нағашы аға-әпкелер ата-ана сияқты. Оларды ата-анамыз сияқты жақсы көріп, сыйлауымыз керек.

Пайғамбарымыз:

“Туысқандармен байланысты үзген адам жәннатқа кіре алмайды”⁸ дей отырып, жақын-туысқандармен араласудың маңызды екенін білдірген.

Сахаба Абдулла ибн Әби Әуфа былай дейді:

Біз пайғамбарымыздың жанында отыр едік. Бір уақытта:

8 Риазус-салихин, I-том, 370-бет

“Жақын-туыстарымен байланысын үзгендер бүгін бізбен бірге отырмасын”, – деді. Сол кезде нағашы әпкесімен ренжіскен жас жігіт орнынан тұрып, нағашы әпкесіне барды да онымен татуласты. Содан кейін мәжілісімізге қайтып келді. Сол кезде пайғамбарымыз:

“Туысқанымен байланысын үзген адамдары бар қоғамға мейірім шапағат жаумайды”, – деді.

Ғ – Көршілер алдындағы міндеттеріміз:

Жанұя мен туысқандардан кейін жақын адамдар – көршілер. Үнемі араласып, көбіне бірге тұратын көршілермен арамыз жақсы болу керек. Бұл – дініміздің әмірі.

Алла Құран Кәрімде көршілерге жақсылық жасауды бұйырған. Пайғамбарымыз да:

“Аллаға және ақырет күніне иман келтірген адам көршісіне жақсылық жасасын.”⁹

“Аллаға және ақырет күніне иман келтірген адам көршісіне жамандық жасамасын, жәбір көрсетпесін”¹⁰ деген.

Пайғамбарымыз бір хадисінде көршісіне зорлық-зомбылық жасағандардың шынайы мұмин емес екендігін және олардың жәннатқа кіре алмайтынын айтқан.

Көршілеріміз алдындағы басты міндеттеріміз мыналар:

а) Көрші ақысына құрметпен қарау, оларды сөзімізбен, іс-әрекетімізбен ренжітпеу;

ә) Жылы шырай танытып, жылы сөйлеу, қуаныш пен қайғыларына ортақ болу;

б) Басына іс түскенде, қиындықтарға ұшырағанда қол ұшын беріп, өзара сый-құрмет көрсету, сыйласу;

в) Шулап, қатты айқайлап, мазасын алмау;

г) Ауырса, барып қал сұрау, өлгендерінің жаназасына қатысып, көңіл айту;

Қорыта келгенде, өзімізге тілеген жақсылықты оларға да тілеп, өзіміз қаламайтындай нәрселерді оларға жасамауымыз қажет.

9 Риазус-салихин, I-том, 343-бет

10 Риазус-салихин, I-том, 342-бет

Көршіміз мұсылман болмаса да, олармен арамыз жақсы болып, жәбір көрсетпеу – басты міндетіміз.

Дініміздің әмірі – осы. Бұл әмірге мойынсұнған мұсылмандар, тарих бойы мұсылман емес көршілермен де араласып, жақсы тұрған.

Хазірет Омардың ұлы Абдулла бір күні қызметшісіне қой сойдырып, еттің бір бөлігін көршілеріне беруді және алдымен мұсылман емес көршілерден бастауын үш қайтара тапсырған¹¹

Оқу мәтіні:

Мұсылман көршісінің жайын осылай ойлайды ...

Бірде патша тағамдардың сапасы мен бағасын білу үшін киімін өзгертіп, базарға шығады. Бір дүкенге кіріп сатушыға, сәлем бергеннен кейін:

– Маған жарты келі май, жарты келі бал және жарты келі ірімшік беріңіз, – дейді. Сатушы жарты келі май өлшеп, ақшасын есептеп болғаннан кейін:

– Аға, сұрағандарыңыздың қалғанын көршімнен алыңыз. Өйткені оның заттары жақсырақ, көршім әлі ештеңе сатпады, – деді. Патша екінші дүкенге кіріп, ол жерден жарты келі бал алып жатқанда, сатушы оған:

– Аллаға шүкір, аға, мен бүгін саудамды бастадым, балаларымның нәпақасын таптым, ал көршім ештеңе сатқан жоқ, – дейді. Сол кезде патша:

– Бұл халық осындай тамаша адамгершілігімен дүние жүзін өзіне қаратады. Халықтың осы таза кісілік қасиетін бұзған адамдарға Алланың қаһары жаусын, – дейді.

Сұрақтар:

- 1) Ислам дініндегі отбасының маңызын түсіндіріңіз.
- 2) Ер мен әйелдің бір-біріне деген міндеттері қандай?
- 3) Ата-ананың балаларына деген міндеттері қандай?
- 4) Балалардың ата-анасына деген міндеттері қандай?
- 5) Бауырлардың бір-біріне деген міндеттері қандай?
- 6) Туған-туысқандарға міндеттеріміз қандай?
- 7) Көршілерімізге деген міндеттеріміз қандай?

11 Алииул-Қари, Шәрху Айнул-илм, I том, 291-бет

ОТАН мен ҰЛТ АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫМЫЗ

Тақырыптар:

- Отан мен ұлтқа деген сүйіспеншілік
 - Дініміздің береке-бірлікке берген маңызы
 - Дініміздегі бауырластық
 - Дініміздегі сыйластық
 - Ұлттық бірлігімізді қамтамасыз етудегі міндетіміз
 - Туға деген құрмет
 - Қазақстан әнұраны.
 - Үлкендерімізді құрметпен еске алу
 - Мемлекет алдындағы міндетіміз
 - Қоғам мүлкі қалай қорғалады?
-

ОТАНҒА мен ҰЛТҚА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК

Туып өскен, шекаралары белгіленген қасиетті мекен “Отан” деп аталады. Қалалар, аудандар және мешіттеріміз біздің жеріміз. Әрі өнеркәсіптеріміз, мектептеріміз, қысқасы, бізге қатыстының барлығы осы отанда.

Аталарымыз әлемдегі тамаша және берекелі топырақты отан қылып таңдаған және бізге аманат етіп қалдырған. Бұл аманатты қорғау – дініміздің әмірі, бәріміздің борышымыз.

Аталарымыз берекелі отанымыздың жерін жауға бастырмау үшін ерлікпен күресіп, бұл жолда жандарын пидә еткен. Әр қарыс топырағына шейіттердің қаны сіңген отанымыздың қадірін білуіміз керек.

Ол үшін отанды сүйіп, қажет болғанда отанымызды жаудан қорғау үшін шайқасып, осы жолда жанымызды пидә ету – қасиетті борышымыз. Отанға деген сүйіспеншілік тек қана оны қорғау емес, әрі өлкеніміздің аяғынан тік тұрып, дамып кетуі үшін де тер төгу.

Отанын сүйген адам жер жырттып, егін егеді, жол жасап, ормандарын қорғайды, көкке көтерілген мешіт мұнараларымен қоса зауыт-фабрикалардың мұржаларын да көтереді. Әрі рухани, әрі материалдық

жағынан кемелденуді бірдей жүзеге асырады. Отанын сүйген адам ұлтына қызмет етуді өзіне қасиетті борыш деп біледі.

Пайғамбарымыз (с.а.у.):

“Адамдардың ең жақсысы – жұртқа пайда тигізгені” деген.

Дініміздегі отанға деген сүйіспеншілікті мына сөйлемдермен қорытындылауға болады: **“Отанды сүю – иманнан”**.

ДІНІМІЗДІҢ БЕРЕКЕ-БІРЛІККЕ БЕРГЕН МАҢЫЗЫ

Тарихта мұсылмандардың қол жеткізген табыстары береке-бірліктің арқасында болған. Мұсылмандардың басына түскен ауыртпалықтардың, қиыншылықтардың көпшілігі бірліктің бұзылуы, мұсылмандардың бөлінуінен туындаған.

Алла Құран Кәрімде бізді бірлікке шақыра отырып, былай дейді: **“Барлықтарың Алланың жібiнен мықтап ұстандар, бөлінбeндер.”**¹

Пайғамбарымыз да:

“Мүминдер – кірпіштерден қаланған бір ғимарат сияқты” дей отырып, дініміздегі береке-біріліктің маңызын білдірген.

Бірлік – қуаттың, күштің көзі, ал бөліну – бәленің көзі. Біздің міндетіміз, мұсылмандар арасындағы бірлікті сақтау, жікшілдікке жол бермеу.

Пайғамбарымыз мұсылмандардың бірлігін бұзғысы келетіндер жайында былай дейді:

“Бөлінушілікке жол ашқандар – бізден емес”.

Осы өсиетке құлақ асып, бөлінушілікке жол ашатын істерден бойымызды аулақ ұстауымыз керек.

ДІНІМІЗДЕГІ БАУЫРЛАСТЫҚ

Құран Кәрімде былай делінеді: **“Мүминдер бір-біріне бауыр, ендеше, ренжіскен бауырлардың арасын татуластырындар. Алладан қорқындар, ол сендерге мейірімді.”**²

1 Әли-Имран сүресі, 103-аят

2 Хужурат сүресі, 10-аят

Бұл аяттан исламның бауырластық діні екені айқын көрінеді. Бауырмалдық сезімі мұсылмандардың бір-бірін жақсы көру арқылы жүзеге асып, күшейеді. Бұл жайында пайғамбарымыз: **“Иман келтірмейінше жәннатқа кіре алмайсыңдар, ал бір-біріңді жақсы көрмейінше иман еткен болып есептелмейсіңдер”**³ деген.

Шынайы мұсылман болу үшін бір-бірімізді сүюіміз керек. Жер жүзінде өмір сүру үшін ұлттық тұтастығымыз бен бүтіндігімізді сақтауымыз қажет. Мұның шарты, мұсылмандар арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынастар мен бауырмалдық сезімдерінің берік болуы. Құранның әмірі, пайғамбарымыздың өсиеті де – осы. Мұсылманның міндеті – дініміздің бауырластық жөніндегі әміріне сай әрекет етуі.

ДІНІМІЗДЕГІ СЫЙЛАСТЫҚ

Адамдар бірлесіп өмір сүретіндіктен бір-бірімен тату-тәтті, түсіністікте, бір-бірінің құқықтарына құрметпен қараулары керек.

Біз үшін адамгершіліктің өнегесі болған пайғамбарымыз адамдарды жақсы көрген, олармен сыпайы, жұмсақ мәміле жасасқан.

Әнәс ибн Мәлік: **“Он жыл пайғамбарымызға қызмет еттім, маған бір рет те кейіген жоқ”**⁴ дейді.

Ұхұд шайқасы кезінде дұшпандар пайғамбарымызға оқ-тас жаудырған, оның тісін сындырған, бетін жарақаттаған. Сөйте тұра пайғамбарымыз оларға жаман сөз айтпаған. Адамдарға деген шексіз жанашырлықтың үлгісін көрсете отырып, былай деген: **“Уа Алла! Ұлтымды кешіре гөр, олар не істеп жүргендерін білмейді”**⁵

Алла Тағала Құран Кәрімде шынайы мүминдерді: **“Ашуын жеңіп, өзгенің кемшіліктерін кешіре білгендер”** деп мадақтай отырып, адамдарға кешірімшіл болып, оларға ілтипатпен қарауға үйретеді.

Ойлары мен сенімдері бізден өзгеше кісілерге де ізетпен, құрметпен қарап, оларды да жақсы көруіміз керек. Мұсылмандар тек қана өз дін бауырларымен емес, тарихта басқа діннен болғандармен де аралары жақсы болған.

3 Риязус-салихин, II-том, 228-бет

4 Риязус-салихин, II-том, 50-бет

5 Мәжмауз-зауаид, VI том, 117-бет

Пайғамбарымыз мұсылмандардың бір-біріне қалай әрекет ету керектігін мына сөздермен көрсетіп берген: **“Мүмин – жуас, басқаларымен тату-тәтті өмір сүретін адам. Басқалар да онымен тату-тәтті өмір сүреді. Басқамен тату өмір сүре алмайтын, басқалары да онымен жараса алмайтын адамнан қайыр жоқ”**.

Ұлт болып, бірге өмір сүрудің шарты бір-бірімізді жақсы көру. Жақсы көру, кешірімшіл болу, жасалған жамандықтарға әдейі көз жұмып қарау, үндемей көне беру деген сөз емес. Мұнда да жұмсақ тілмен жамандықтарды түзету – басты міндетіміз.

ҰЛТТЫҚ БІРЛІГІМІЗДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МІНДЕТІМІЗ

Байтақ даламызда көк **жалаудың** көлеңкесі астында мәңгі өмір сүруіміз бірлігімізге байланысты. Мұны жүзеге асыру үшін:

а) Мұсылман ретінде бір-біріміздің дін тұрғысынан бауыр екендігімізді біліп, алауыз болғандарды татуластырып, олардың арасын жақындастыруымыз керек.

ә) Өзімізге ұнайтын нәрсені оларға да тілеп, өзімізге ұнамайтын нәрсені басқаларға да істемеуіміз керек.

б) Қиындыққа ұшырап, басына іс түскен діні бір бауырларымыздың қайғысына ортақтасып, қолымыздан келгенше жәрдем етуіміз керек.

Алла Тағала былай дейді: **“Жақсылықта және жамандықтан қорғануда бір-біріңе жәрдем етіңдер.”**⁶

в) Ұлтық бірлігімізді бұзып, бір-бірімізге айдап салуға тырысатындарға абай болып, ондайлардың сөзіне ермеуіміз керек.

Алла бұл жайында мұсылмандарға мынадай кеңес береді:

“Әй, иман келтіргендер! Егер жолынан тайған пасық адам сендерге бір хабар әкелсе, әуелі анық-қанығына жетіндер, әйтпесе білмей, абайсызда бір елге кесірлерің тиіп кетеді де кейін істегендеріңе өкінесіңдер”⁷

6 Мәйдә сүресі, 2-аят

7 Хұжурат сүресі, 6-аят

г) Ұлттық бірлігімізді қамтамасыз етуде маңызы зор болып есептелетін діни сенімдерімізді бұзып, отанымыз бен халқымызға арамдық, дұшпандық ойлаған, бөлініп кетуімізді көксеген іріткі салушылардың алдап-арбағанына сеніп қалмай, дін жөніндегі білмегендерімізді нағыз білетіндерден сұрап отыруымыз керек.

ғ) Отанға және ұлтқа деген сүйіспеншіліктің иманнан екенін біліп, мұсылмандар арасындағы бауырмалдықтың шырқын бұзбай, оны нығайтуға тырысуымыз керек.

ТУҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ

Ту – бір ұлттың қадір-қасиеті, мақтанышы, еркіндік пен бостандық белгісі.

Пайғамбарымыз заманындағы соғыстарда ислам әскерлерінің туы болған және де оған аса мән берілген. Хайбар соғысы кезінде үлкен ерлік көрсеткен Хазірет Әлиге туды пайғамбарымыз өз қолымен тапсырған.

Мұсылмандар мен Византиялықтар арасында 629 жылы болған Му'та соғысында ислам әскерінің қолбасшысы Хазірет Зәйд еді. Пайғамбарымыз ислам әскерін Мәдинадан шығарып салып тұрып, туды өз қолымен әскер қолбасшысы Зәйдке тапсырып, **“Егер шейіт болып кетсең, туды Жағфар алады”** деген. Соғыста Зәйд шейіт болып, туды пайғамбарымыз айтқандай Хазірет Жағфар алған. Соғыстың қызған тұсында туды ұстап жүрген Жағфардың оң қолы жараланып, кесілгеннен кейін, сол қолына алып, сол қолында ұстап, шейіт болғанша туды жерге түсірмеген. Көк аспанның реңіндей көк байрағымыз – халқымыздың бостандығының белгісі. Ту бір жапырақ мата ғана емес, халқымыздың намысы, мақтанышы, рухани байлығы, қадір-қасиеті. Туды сүю – халқымызды сүю. Туға құрмет көрсету – ұлтымыздың абыройына құрмет көрсету.

КӨК ТУЫМЫЗ

Ту – мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын білдіретін басты рәміздерінің бірі. Ту ежелден елдің халқын біріктіру және оны белгілі бір мемлекеттік құрылымға сәйкестендіру міндетін атқарып келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік туы ресми түрде 1992 жылы қабылданды. Оның авторы – белгілі суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында тік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘН-ҰРАНЫ

ҚР Президентінің 2006 жылғы 7 қаңтарында Конституциялық заң күші бар Жарлығымен мемлекеттік рәміз – Әнұранның мәтіні мен оны ресми пайдаланудың рет жөні бекітілді. Сөзін жазғандар: **Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.** Музыкасын жазған **Шәмші Қалдаяқов.**

*Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің — Қазақстаным!
Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досыңдай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің — Қазақстаным!*

МЕМЛЕКЕТ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТІМІЗ

Жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтарды билеп тұрған ұжымды “мемлекет” деп атаймыз.

Жанымызды, дүние-мүлкімізді, дінімізді, намыс пен қадір-қасиетімізді ішкі және сыртқы дұшпандардан қорғайтын ол мемлекет. Мемлекет болмаса адам өз-өзін дұшпандардан қорғай алмайды, рахат өмір сүре алмайды. Күшті әлсізді езіп-жаншиды. Ондай кезде жанымызға, дүние-мүлкімізге, малымызға, дінімізге, намысымызға қатер төнеді. Мемлекетсіз ұлт жоқ болып кетеді, не болмаса дұшпандардың құлдығына түседі.

Мемлекеттің басты міндеттері

а) Отанымызды, ұлтымызды жаудан қорғап, жан мен мал қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

ә) Білім-тәрбие, денсаулық, жол, су, байланыс сияқты салаларда халықтың мұқтаждықтарын қамтамасыз ету;

б) Өлкенің өркендеуі және азаматтардың бақытты өмір сүруі үшін қажетті шараларды жүзеге асыру;

Мемлекет мұны жүзеге асыру үшін мемлекет алдындағы міндеттерін халықтың өтеуі керек. Халық мемлекет алдындағы міндеттерін қаншалықты жақсы өтесе, мемлекет те халыққа соншалықты жақсы қызмет етеді.

Мемлекет алдындағы басты міндеттеріміз мыналар:

1) Салық төлеу:

Жоғарыда айтып өткеніміздей, мемлекет халыққа көрсетілген қызметтерін азаматтардың төлейтін салықтарының арқасында жүзеге асырады. Біреу салығын төлемесе немесе алаяқтық жасап кеміткен жағдайда басқа біреудің толық төлеген салықтарының арқасында жасалған қызметтерден пайдаланса, әділетсіздік жасалған болып есептеледі. Жасалған іске үлес қоспай, одан түскен пайдаға ортақ болу – әділетсіздік.

Үлесі болмаған, құқығы болмаған нәрсені алу – мемлекеттің нанын халқының ақысын жеп, ұрлағанмен тең. Аллаға сенетін және ұлтын, халқын сүйетін мұсылман ешқашан бұлай істемейді. Миллиондаған

адамның ақысын жеген адамға Алланың алдында есеп беру оңай емес, жауапкершілігі ауыр. Сондықтан да “Мемлекеттің мүлкі теңіз, жемеген адам доңыз” деген қате түсініктен аулақ болуымыз керек. Мемлекеттің өркендеуі, жанымыздың, малымыздың, намысымыз бен қадір-қасиетіміздің аман-есен болуы, мемлекетіміздің күшті, халқымыздың бақытты болуы үшін салықтарымызды уақытында және толық төлеп отыруымыз керек.

2) Заңдарға құрмет көрсету, халықтың бейбіт өмір сүріп, аман-есен болуы үшін қағидалар мен ережелерге мойынсұну.

Алла Құран Кәрімде былай дейді:

“Әй, иман келтіргендер, Аллаға мойынсұнындар, пайғамбарға және өз араларындағы әмірші, билеушілерге мойынсұнындар.”⁸

Пайғамбарымыз:

“Әміршіге (билеуші, басшыға) бойұсынған, маған бойұсынғаны болып табылады, оған қарсы келгені маған қарсы келгені болып табылады” деп, басқарушыларға бойұсынуға аса мән берген.

3) Әскер қатарында борышын өтеу:

Мемлекет алдындағы маңызды міндеттеріміздің бірі – мемлекет алдындағы әскери борышымызды өтеу. Әскери борыш әрі діни, әрі ұлттық парыз: ішкі және сыртқы жаулардан Отанымызды қорғау. Пайғамбарымыз әскерде күзетте тұрудың артықшылығы жайында былай дейді:

“Бір тәулік шекара күзету күндіз ораза ұстап, түнді ғибадатпен өткізген бір айдан да артық. Күзет кезінде өлсе, жасаған ісінің сауабы мен рызығы (шейіттер сияқты) мәңгі жалғасады және қабір азабынан құтылады.”¹⁰

“Екі көз бар, оған жәһаннам оты тимейді. Біреу – Алладан қорқып жылаған көз, екіншісі – Алла разылығы үшін шекара күзетіп ұйықтамаған көз.”¹¹

8 Ниса сүресі, 59-аят

9 Риазус-салихин, 2/87

10 Риазус-салихин, 2-том, 533-бет

11 Риазус-салихин, 2-том, 544-бет

Оқу мәтіні:**Қоғам мүлкі осылай қорғалады...**

Халифа болып тұрған кезінде Хазірет Әли бір күні түнде іс қарап отырады. Осы кезде біреу жеке шаруасымен оның алдына кіріп, шаруасын айта бастайды. Хазірет Әли шапшаң орнынан тұрып, сол жерде жанып тұрған май шамды өшіріп басқа шам жағады. Бұдан ештеңе түсінбеген қонақ:

– Май шамды неге ауыстырдыңыз? – деп сұрайды. Хазірет Әли оған былай деп жауап береді.

– Сөндірген май шам мемлекеттікі. Сенімен жеке шаруа жайында сөйлесу үшін мемлекеттің мүлкін қолдануға құқығым жоқ. Сондықтан оны сөндірдім, өз ақшама алған май шамды жақтым.

Міне, көріп отырғанымыздай, бұрынғы кемеңгер жандар мемлекет мүлкін осылай қорғаған.

Хайбар қамалы алынған күні сахабалар келіп:

– Пәленше шейіт болды, түгенше шейіт болды, – дейді. Бір адамның жанынан өтіп бара жатқанда:

– Мына кісі де шейіт, – дейді. Сол кезде пайғамбарымыз:

Жоқ, мен оны қоғам мүлкінен ұрлаған сырт киімімен немесе күртесіне оранған күйде жәһаннамда көрдім”¹² – дейді.

Көріп отырғанымыздай, мемлекеттің мүлкін ұрлаған жан шейіт болғанымен жәһаннамнан құтыла алмаған.

СҰРАҚТАР:

- 1) Отанға және ұлтқа сүйіспеншіліктің маңызын айтып беріңіз.
- 2) Дініміздің береке-бірлікке берген маңызы жайында айтып беріңіз.
- 3) Дініміздің бауырластыққа берген маңызы қандай?
- 4) Дініміздегі сыйластық туралы не білесіз?

¹² Риазус-салихин, I том, 264-бет

5) Ұлттық бірлік пен бүтіндікті қамтамасыз ету үшін қандай міндеттеріміз бар?

6) Туға және әнұранға деген сүйіспеншіліктің маңызын айтып беріңіз.

7) Мемлекет алдындағы міндеттеріміз қандай?

ЖАЛПЫ АДАМЗАТ АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫМЫЗ

Тақырыптар:

- Адамзат алдындағы ахлақи міндеттеріміз
 - Жан- жануарлар алдындағы міндеттеріміз
 - Көзге жас алдыратын өнеге
 - Исламға сай өмір сүрген мұсылманның ерекшеліктері
 - Ислам дінінде тыйым салынған жайттар
 - Адамзатты алаңдатқан үлкен қауіп – ішімдік пен есірткі.
-

АДАМДАР АЛДЫНДАҒЫ АХЛАҚИ МІНДЕТТЕРІМІЗ

1) Ешкімге зиян тигізбеу:

Адамдардың бас-бостандығына, дүние-мүлкіне, ар-намысына қол сұғу дінімізде – харам. Бұлар адамдардың қол сұғуға болмайтын жеке басының құқығы. Мұсылман басқаларының құқығына құрмет көрсетіп, жұртқа зиянды іс-әрекеттерден аулақ болуға міндетті. Нағыз мұсылман болудың шарттарының бірі де осы. Пайғамбарымыз былай деген:

“Өзге мұсылмандар қолы мен тілінен жәбір көрмеген адам нағыз мұсылман.”¹

2) Басқаларға жәрдем ету:

Жұртқа жылы сөйлеп, жылы шырай таныту, кедейлерге жәрдем ету, ешкімі жоқтарға қамқорлық көрсету, құлағанды сүйеп, адасқандарға жол көрсету – дініміздің әмірі, көркем мінез-құлықтың көрінісі.

3) Үлкендерге құрмет, кішіге ізетті болу:

Ата-анамызға, үлкен-кіші бауырларымызға, ұстаздарымыз бен өзімізден үлкендерге құрмет көрсету, өзімізден кішілерге ізетті болу, адамгершілік қағидасы, парасаттылықтың белгісі. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

1 Риязус-салихин, III-том, 148-бет

“Үлкендерге құрмет көрсетіп, кішіге ізеттілік танытпаған адам – бізден емес”.

4) Сәлемдесу:

Мұсылмандар бір-бірімен кесдескенде қол алысып амандасады. Сәлем беру, берген сәлемді алу – парыз. Әуелі кіші үлкенге, жүріп бара жатқан отырғанға сәлем береді. Сәлемдесу мұсылмандар арасында сүйіспеншілік пен достық сезімдерін нығайтады.

5) Ренжіспеу:

Екі мұсылманның бір-бірімен ренжісіп жүргенін көрген жан оларды татуластыруы керек.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): **“Бір мұсылманның мұсылман бауырына үш күннен артық өкпелеуі халал емес”²** деген. Ұзақ уақыт өкпе, кек сақтаған адам үлкен бір күнә жасайтынын ескерткен:

“Бір кісі мұсылман бауырына бір жыл бойы өкпелесе, оның қанын төккендей күнә істеген болып табылады.”³

6) Ренжіскендерді татуластыру:

Екі мұсылманның бір-біріне ренжіп жүргенін көрген жан олардың арасын жарастыруға, татуластыруға міндетті. Бұл жайында Құран Кәрімде былай делінген:

“Мүминдер тек қана бауыр. Олай болса, бауырының арасын татуластырындар.”⁴

Пайғамбарымыз (с.а.у.) да: **“Садақаның ең жақсысы – араздасқандарды татуластыру”** деп, араздасқандардың арасын жарастырудың қайырлы іс екенін көрсетеді.

7) Достарға қонаққа бару:

Мұсылмандар сәті келгенде жақындарына, үлкен сыйлы кісілер мен достарына қонаққа баруы керек.

Қонаққа барғанда мынаған көңіл бөлу керек:

а) Қонаққа баруға ыңғайлы уақытты таңдау;

2 Риязус-салихин, III- том, 168-бет

3 Риязус-салихин, III- том, 170-бет

4 Хужурат сүресі, 10- аят

- ә) Қонаққа бару жалықтыратындай жиі-жиі болмау;
- б) Қонаққа баратын кезде алдын-ала хабар беру;
- в) Киімі таза, дұрыс болу;
- г) Рұқсат алмастан біреудің үйіне немесе бөлмесіне кірмеу.

8) Қонақ күту:

Қонақ күту – дініміз бойынша ізгі істердің бірі. Қонақжайлылық ұлттық салт- дәстүрімізде маңызды орын алады.

Қонақ алдындағы міндетіміз:

- а) Қонақты жылы шыраймен, жайдары жүзбен қарсы алу;
- ә) Барынша жақсы күту;
- б) Қонақтың көзінше қызметшісіне немесе баласына зекіп-ұрыспау, қабағын түймеу;
- в) Қонақты шығарып салу.

9) Шақырған жерге бару:

Бір мұсылман егер ыңғайсыз жағдай болмаса, дін бауырларының шақыруына баруы керек. Бұл үрдіс мұсылмандар арасындағы сүйіспеншілікті арттырады. Пайғамбарымыз бұл жайында былай деген:

“Дін бауырларың тойға немесе қонаққа шақырса, барыңдар.”⁵

Пайғамбарымыз бай болсын, кедей болсын, бөліп-жармай, тіпті қызметшісі шақырса да баратын.

10) Үлкендердің қолын алу:

Мұсылмандар құрметтерінің көрсеткіші ретінде ғалымдар мен үлкендердің қолын алады.

11) Жұрттан кемшілік іздемеу:

Бір мұсылман басқа бір мұсылман бауырының жеке өмірін тексеруге құқылы емес. Көрген кемшіліктерін басқаларға жаймайды, дін бауырын басқаларға жамандамайды. Көрген кемшіліктерін, жаңылыс әрекетін ренжітпей айтып, жақсы сөйлей отырып түзетуге тырысуы керек.

5 Жәмиғус-сағир

12) Жаманшылық жасағандарды кешіру:

Парасатты адам өзіне жасалған жамандықтарды кешіреді. Тек кешірумен шектелмей, жамандық көрсе де жақсылық жасайды. Бұл тамаша қасиет.

Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– **Үш тамаша мінез кімде болса, Алла Тағала сол адамды мейіріммен жәннатқа кіргізеді, – дейді.**

- Ол қандай мінез? – деп сұрағанда:
- **Өзіңе бермегенге сен бер,**
- **Өзіңе келмегенге сен бар,**
- **Қиянат жасағанды кешір, –** деп жауап береді.

13) Науқастардың қал-жағдайын сұрау, оларға бару:

Мұсылман ауруға шалдыққан дін бауырына барып қал-жағдайын сұрап, жазылып кетуі үшін дұға етуі керек. Олардың ауруын асқындыратын сөздер айтып, дөрекі әрекеттер жасамауы керек.

14) Жаназаға қатысу:

Қайтыс болған діні бір бауырларының жаназасына қатысу, оны қабірге дейін апарысу, дін бауыры үшін Алладан мейірім тілеп дұға ету – мұсылмандарда бұл дүниеден ақиретке көшкен дін бауырларына көрсетуі тиіс міндеттер.

15) Дін бауырларына жақсылық тілеу:

Мұсылман дін бауырластарына жақсы нәрсе ойлап, өзі үшін қалаған жақсылықты оларға да тілеп, өзіне ұнамайтын жамандықты басқаларға да лайық көрмеген дұрыс:

Парасатты, нағыз мұсылман болудың өлшемі міне – осы.

ЖАН – ЖАНУАРЛАР АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ

Дініміз жан- жануарларға да жақсы қарауды бұйырған. Жануарларды қинамай, оларға жақсы қарау – адами міндет.

Бір мысықты аямаған әйел жайында пайғамбарымыз былай деп әңгімелейді:

– Бір әйел бір мысықты қамап қойып, оған тамақ, су бермеген. Өз тамағын өзі тауып жесін деп сыртқа да шығармаған. Бейшара мысық біраз уақыттан кейін қамалған жерінде аштан өліп қалады. Әйел сол үшін азапқа ұшырап жәһаннамға кірді⁶

Ал бір итке мейірімділік көрсеткен адам жайында пайғамбарымыз былай деп әңгімелейді:

“Бір күні бір адам жолда келе жатанда қатты шөлдейді. Ақыр соңында бір құдыққа кезігіп, оған түсіп, су ішеді. Сөйтіп жолда шөлден тілі салақтап, дымқыл топырақты жалап жатқан итті көріп, “Бұл ит те тура мен сияқты шөлдеп жатыр екен” деп, дереу құдыққа түсіп, ыдысы болмағандықтан мәсісімен су ішкізеді. Осындай жақсылық жасағаны үшін Алла Тағала оған разы болып, күнеларын кешіреді”.

Сахабалар:

“Уа, Расулалла, жан-жануарларға жақсылық жасау да сауап па?” – деп сұрайды. Пайғамбарымыз:

“Әр жаны бар тіршілік иелерінде біз үшін сауап бар”⁷ – деп жауап береді.

Оқу мәтіні:

Көзге жас алдыратын көрініс...

Мұсылмандар мен Византиялықтар арасында болған Ярмүк соғысына қатысқан Хұзайфа әл-Әдауи былай деп әңгімелейді.

“Соғыс бітісімен немере ағамның баласын тауып алайын деп іздедім. Сөйтсем, ол ауыр жарақаттанып қалған екен. Біраз су берейін деп ұмтыла бергенім сол еді, енді ішкізейін деп жатқанымда қасымыздан екінші бір жаралының ыңырсыған даусы естілді. Немере ағамның баласы суды ішпей қойды, ”әуелі ыңырсып жатқан жаралыға апар” деп ымдады. Суымды алып, әлгі ыңырсып жатқан жаралының жанына бардым. Ол Астың ұлы Хишам екен. Оған да енді суды бе-

6 “Риязус-салихин”, II том 174 бет

7 “Риязус-салихин”, I том 161 бет.

рейін деп жатқанда, басқа бір жаралының ыңырсыған даусы естілді. Хишам да суды ішпей қойды, "Анау жаралыға апаршы" деді.

Мен суды алып жаралының қасына бардым. Сол кезде ол жан тәсілім етті. Үлгермедім. Хишамның қасына оралдым, ол да қайтыс болыпты. Енді не болса да немере ағамның ұлына берейін деп жүгіріп барғанымда оның да жан тәсілім еткенін көрдім. Сөйтіп ешбіріне су бере алмадым".

Не деген асқақ сезім, не деген асыл қасиет! Тіпті соңғы демінде де шөлден өлгелі жатып діндес бауырын өзінен артық көрген нағыз адамгершілік!

ИСЛАМҒА САЙ ӨМІР СҮРЕТІН МҰСЫЛМАННЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жақсы мұсылман:

- 1) Иман негіздеріне кәміл сеніп, бұл сенімін тілімен жеткізеді;
- 2) Гибадаттарын Алла Тағала әмір еткендей және пайғамбарымыз көрсеткендей жасайды;
- 3) Дініміз тыйым салған ішімдік, құмар ойындар, ұрлық және алдау-арбау сияқты жаман әдеттерден бойын аулақ ұстайды;
- 4) Өтірік айтпайды, өтірік куәлік етпейді, өтірік ант етпей, ешкімді жамандамайды;
- 5) Қолымен де, тілімен де ешкімді ренжітпейді;
- 6) Берген сөзінде тұрады, аманатқа қиянат жасамайды;
- 7) Мойнына алған міндеттерін тамаша түрде орындауға тырысады;
- 8) Адамдарды бір-біріне айдап салатын сөз және іс-әрекеттен бойын аулақ ұстап, ренжіскендерді татуластырады;
- 9) Екіжүзділіктен аулақ болып, сөзі мен ісі тура, шыншыл, адал болады;
- 10) Жақсы мінезді, парасатты жандарды дос тұтады, жаман адамдармен дос болмайды;
- 11) Ата-анасын құрметтеп, оларды ренжітпейді;

- 12) Кішілерге қамқор болып, үлкенге құрмет көрсетеді;
- 13) Көршілерін ренжітпей, қолынан келгенше жақсылық жасайды;
- 14) Біреуге әділетсіздік жасаса кешірім өтінеді, ақысы өткеннің ақысын қайтарады, Алладан кешірім сұрайды;
- 15) Өзіне жамандық жасағандарды кешіреді;
- 16) Осы дүние үшін (адал жұмыстарда) мәңгі жасайтындай, ал ақиқат үшін ертең өліп кететіндей жұмыс істейді;
- 17) Барлық адамның игілігі үшін еңбектенеді. Әсіресе, кедейлерге ешкімі жоқ әлсіздерге жәрдемдеседі;
- 18) Алла жолында Отан және ұлт үшін қажет болған жағдайда қолынан келгенше, тіпті жанын пайда етуге дайын тұрады;
- 19) Ешкімді мазақ етпейді, өзінен төменгілерді кемітпейді, кем көрмейді, барлық адаммен тату-тәтті өмір сүріп, кішіпейіл болады;
- 20) Барлық мұсылмандарды бауырым деп санайды;
- 21) Қиындықтарға ұшырағанда үмітсіздікке салынбайды, сабырлы болады.

ИСЛАМ ДІНІНДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН НӘРСЕЛЕР

Дінімізде тыйым салынған нәрселер “харам” деп аталады.

Алланың әмірлерінің бізге хикметі мен пайдалары болғаны сияқты тыйым салған нәрселердің біз үшін дүниеде де, ақиретте де зияны бар. Алла Тағала бізге мейірбандылықпен зиянды нәрселерге тыйым салған, олардан бойымызды аулақ ұстауымызды қалаған. Харам нәрселерді жасағандар Аллаға мойынсұнбай, оның әміріне құрмет көрсетпеген болып есептеледі. Әрі бұл әрекеттерінің жазасын тартады.

Харамдардың зиянынан құтылып, жазасын тартпас үшін дініміздегі тыйым салынған жайттарды біліп, олардан аулақ болуымыздың маңызы зор.

Тыйым салынған (харам) жайттар:

- 1) Алланың бір болғандығына қарсы, оған серік қосу;

- 2) Ата-анаға бағынбай, қарсы келу;
- 3) Жазықсыз адам өлтіру;
- 4) Бөтеннің малына және арына қол сұғып, зина жасау;
- 5) Адамды мас қылатын әр түрлі спиртті ішімдіктер, апиын, есірткі, героин т.б. сияқты заттарды тұтыну;
- 6) Құмар ойнау, өсімқорлық жасау;
- 7) Ұрлық, алаяқтық жасау, саудада алдау;
- 8) Өлген жануар, шошқа еті мен етін жеуге болмайтын адал емес жануарлар етін жеу;
- 9) Өтірік айту, өтірік ант ішу, басқаларды жамандау, жала жабу, жалған куәлік ету, басқаларды мазақтау, өсек тарату, сөзінде тұрмау;
- 10) Көре алмау (басқалардың жақсылықтарын қызғану) өкпе арту, ұзақ уақыт ренжу;
- 11) Әскерлік борышын өтеуден қашу, Отанға қиянат жасау;
- 12) Адамдардың арасына іріткі салу, ажырату, сөз тасып адамдарды бір – біріне айдап салу;
- 13) Екіжүзді болу, өзін жоғары санап басқаларды менсінбеу;
- 14) Жақсы білмеген нәрсесі туралы төрелік ету;
- 15) Қиянатшылдармен жолдас болу;
- 16) Сиқыр жасау, сиқыршылардың сөзіне сену;
- 17) Малың, ақшасың ысырап ету немесе мүлдем сараң болу;
- 18) Басқалардың үйіне баса көктеп кіру;
- 19) Ғибадаттары мен жасаған жақсылықтарын Алла үшін емес, көз бояушылық үшін жасау;
- 20) Басқалардың кемшіліктерін іздеу;
- 21) Әділетсіздік пен жамандыққа көмектесу;
- 22) Өзіне тапсырылған аманатқа қиянат жасау.

Оқу мәтіні:**Адамзатты алаңдатқан үлкен қауіп – ішімдік пен есірткі**

Дініміз адамның денсаулығына қатты мән береді. Сонымен қатар, дене және рухымыздың саулығына зиянды нәрселердің ішілуін, қолданылуын және қандай да бір жолмен болсын денемізге кіруін харам қылып қатаң түрде тыйым салады.

Осылай бола тұра, есірткі қолдану көбейіп, осы уды қолданушылардың саны күннен күнге артуы бізді ойландырады. Ислам діні тыйым салған алкогольді ішімдіктер мен мас қылатын, адамды есінен айыратын барлық заттардың қаншалықты зиянды екендігін пайғамбарымыз: **“Барлық жамандықтардың атасы болған ішімдіктерден сақтанындар”⁸** және **“Ішімдіктен сақтанындар, өйткені ол барлық жамандықтардың кілті”⁹** деп айқын түрде ескерткен.

Шындығында да алкогольді ішімдіктер және есірткі заттар адам денесінің басқару орталығы болып саналатын миға кері әсерін тигізіп, ақыл және ойлау сезімдерін тоқтатады. Сонымен қатар, адам кейде өз-өзін тани алмайтындай масқара жағдайға, ал кейде аянышты жағдайларға тап болады. Денемізді зақымдап, әр түрлі ауруларға жол ашады. Адамның өз денесін өз қолымен біле тұра зақымдауы, әсіресе ойы басқа тіршілік иелерінен ерекшелендіретін ойлау жүйесін жұмыс істемейтіндей жағдайға түсіруі қандай аянышты. Ішімдік, жақын дос болып үстелге отырғандарды бір-біріне қару қолданып кейбіреуін қабірге, енді бірін ауруханаға жібереді. Көптеген жол апаттарына себеп болатын және осының нәтижесінде қаншама адамдарды күтпеген жерден ажал құштыратын осы алкогольді ішімдіктер емес пе?

Алла Тағала: **“Ендеше, осылардан қашсандар құтылуға қол жеткізесіндер”¹⁰** деп бұйыра отырып, ішімдікке және құмарға тыйым салып, мәңгілік бақытқа қол жеткізу осылардан аулақ жүрген жағдайда ғана болатындығын баяндаған. Пайғамбарымыз да: **“Мас қылатын әр түрлі ішімдік харам”¹¹** **“Көбі мас қылатын ішімдіктің азы да**

8 Кәшфул- хафа, I том, 382-бет

9 Жамиус-сағир

10 “Мәидә” сүресі, 90-аят

11 Бұхари, Әшрибә

харам¹² хадистерімен мұсылмандардың бұл нашар әдеттен құтылуын қалаған.¹³

Әсіресе, адам баласының ойлау қабілетін, жүйкесін және денесіне зиянын тигізетін, соңы өлім құштыратын есірткілер жайында тереңірек тоқталып өткен жөн. Ислам діні қолданылуына, алынып-сатылуына тыйым салған осы бір улы зат жайында әрбір адамды, әсіресе жастарды хабардар ету қажет. Жастарымыз есірткі сатушылардың және жаман достардың тұзағына түсіп қалмау үшін әрбір адам өзіне тиісті міндетін дұрыс атқаруы қажет.

“Бір жолға ештеңе етпес” деген оймен есірткі қолданған адамның қайтып одан құтылуы қиынға соғады. Өйткені бұл удың дәмін тату деген сөз. Удың дәмін бір-ақ рет татуға болады. Екінші рет болмайды. Себебі біріншісінде өлтіреді. Есірткі де сол сияқты тәжірибе жасауға келмейді. Есірткі қолданған адам кейін қайтуы мүмкін емес қауіпті жолға түседі. Осы жолдың соңы аянышты өліммен аяқталады.

Ендеше, балаларымызға ие болайық. Олардың кімдермен дос болғандығын, кімдермен жүргендерін және қайда жүргендерін қадағалап отырайық. Өмір бойы өкінішке душар ететін осы бір пәлекеттен балаларымызды қорғайық.

“Менің балам оған бармайды” деп ойламайық. Балаларыңыз жақсы болуы мүмкін, оларға сенуге де болады. Бірақ біреулердің тұзағына түсіп қалуы бек мүмкін. Бауыр еті балаларымыздың осындай жаман топтардың және құрылған тұзақтардан аулақ жүруін қалай қамтамасыз ете аламыз? Осыған мұқият болғанымыз жөн.

Жастарымызды улап және ұйықтатып өз мақсаттарын жүзеге асыруға тырысатын, сол жастарымыз арқылы ұлтымыздың болашағына қауіп төндіретін жасырын әрі қорқынышты тұзақтардың алдын алу өте маңызды.

Жастарымызды улап, мәңгүрт ұрпақпен жарқын болашамызға көлеңке түсіргісі келетін дұшпан ойындарынан халықтың көзі ашық болып жастарды қорғай білген жөн.

12 Жамиус-сағир

13 Кәшфул- хафа, I том, 382-бет

Егер тезірек алдын алмасақ халқымыз, әсіресе жастар жаман істердің құрбаны болып кетуі мүмкін. Әлі өрши қоймаған осы тұзақтардың алдын алған жөн.

Есірткі қолдану – біле тұра шыңыраудан секіру, соған біле тұра бару деген сөз. Есірткінің тұзағына бір түскен адам одан қайтіп құтылуы өте қиын, тіпті мүмкін емес.

Біз жарқын болашақтың жастар қолында екеніне сенеміз. Олар өздеріндегі сеніммен, жігермен бұндай тұзақтарға түспейді деп үміт етеміз.

Бірақ аз да болса осы тұзаққа ілінгендерді көрген кезде жүрегіміз ауырады. Сол себепті, есірткі қаупіне қарсы ұлт болып, ел болып абай болғанымыз жөн екендігін қайталап айтамыз.

Алдын алудың ең жақсысы, бұл қорқынышты тұзаққа жақындамау, бұл қатігез жыртқыштың тырнағына ілінбеу. Осы пәледен құтылудың жалғыз амал – оны қолданбау. Осыны ұмытпайық

Ел болашағы жастарға мынаны айтамыз:

Қадірлі жастар!

Өздерінді ойлаңдар,

Болашақтарыңды ойлаңдар,

Алдарыңда жарқын болашақ бар.

Өмірлеріңнің көктемінде өздеріңе обал қылмаңдар,

Сендерден ештеңесін аямайтын жанұяларыңды ойлаңдар,

Сендерден үлкен қызмет күтіп отырған елді ойлаңдар,

Өлгеннен кейінгі мәңгілік өмірді ойлаңдар,

Дүние мен ақыретте өкінбейтіндей болыңдар.

Сендерге сенім артып отырған халықты ренжітпеңдер.

Осы ескертулерге құлақ түрейік,

Және бәріміз бір ауыздан “Өлім тұзағы – есірткіге жол жоқ” деп қарсы тұрайық.

СҰРАҚТАР:

- 1) Адамдар алдындағы міндеттерімізді жеке-жеке айтып беріңіз.
- 2) Қонақтар алдындағы міндеттеріміз қандай?
- 3) Достарды зиярат еткенде неге көңіл бөлуіміз керек?
- 4) Жан-жануарларға мейірімді болудың маңызын айтып беріңіз.
- 5) Исламға сай өмір сүретін мұсылманның ерекшеліктері қандай?
- 6) Исламда тыйым салынған (харам) жайттарды айтып беріңіз.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

СИӘР

(ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ӨМІРІ)



ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ және БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Тақырыптар:

- Исламға дейінгі Арабстанның жағдайы
- Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) тегі (шежіресі).
- Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) дүниеге келуі.
- Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) балалық шағы.

ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ АРАБСТАННЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Исламға дейін арабтар надандықтан көз ашпай өмір сүріп жатты. Оқу- жазу білетін сауаттылар жоқ дерлік дәрежеде аз еді. Адам құқықтарына құрмет көрсетілмейтін. Күштілер әлсіздерді езіп-жаншыған заман еді. Көптеген құқықтардан мақұрым болған әйелдер зат сияқты саудаланатын. Қыз балаларын тірідей көму әдетке айналған еді. Мұндай жиркенішті әдеттерге ешкім қой демейтін.

Бір Аллаға деген сенім ұмытылып, адамдар өз қолдарынан жасап алған пұттарға табынатын. Қағбаның ішінде 360-тан астам пұт бар еді. Негізінде Қағба Хазірет Ибраһим мен ұлы Исмайыл тарапынан Аллаға ғибадат ету үшін салынған болатын. Ішімдік, құмар ойын және әр түрлі адамгершілікке жат қылықтар белең алып, ар-ұят мүлдем ұмыт болған еді. (Өлемнің басқа жерлерінде өмір сүріп жатқан халықтардың да жағдайлары мәз емес болатын.)

Қараңғылықтың бұғауында қалған бұл жан түршігерлік жағдайдан құтқаратын, адамдарға бұл дүниеде және ақыретте бақытты болудың жолдарын көрсететін соңғы пайғамбардың келуіне мұқтаждық бар еді.

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у) ТЕГІ (ШЕЖІРЕСІ)

Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) әкесі – Абдуллаһ, Абдуллаһтың әкесі Құрайыш тайпасының Хашым әулетінің және Меккенің соңғы қатардағы адамдарының бірі – Әбдімүтәліп. Анасы Құрайыш тайпасының Зухра әулетінен Уәһабтың қызы – Әмина.

Әкесі жағынын да, шешесі жағынан да текті, беделді отбасынан шыққан Хазірет Мұхаммедтің ата тегі Хазірет Ибраһимге барып тіреледі.

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ

Пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) 571 жылы Көкек айының 20-сына сәйкес келетін Рабиул-әууәл айының 12 Дүйсенбі таңында Меккеде дүниеге келді.

Ол дүниеге келген түні таңертең әлем нұрға бөленді. Әкесі Абдуллаһ оның дүниеге келуінен 2 айдай бұрын қайтыс болғандықтан, жалғыз ұлын көре алмады.

Хазірет Әмина осылайша нұр сияқты бір баланы дүниеге әкелісімен атасы Әбдімүттәліп үлкен ас беріп, той жасап, сүйікті немересіне Мұхаммед деп ат қойды.

“Немереңе қандай ат қойдың?” – деп сұрағандарға, “Мұхаммед деп қойдым”, – дейді.

Олар:

“Аталарыңның арасында мұндай ат жоқ еді, бұндай есім қоюыңның мәнісі не?” – деп сұрайды. Сонда Әбдімүттәліп:

“Көкте Алланың, жерде халықтың мақтанышы болсын деген үмітпен қойдым”, – деп жауап береді.

Пайғамбарымыз дүниеге келген күні жер бетінде бұрын-соңды болмаған таңғажайып оқиғалар орын алды. Сол күні түнде Иранда патша (Кисра) сарайының 14 бағанасы құлады. Сауа көлі тартылып, құрғап, мың жылдан бері жанып тұрған мәжусилер (отқа табынушылар) табынып келген оттар аяқ астынан сөнді. Бұл оқиғалар келешекте Иран сұлтандығының жойылып, Византия империясының шөгетінінін және пұтқа табынушылардың жойылатындығының белгісі еді. Шындығында да, айна-қатесіз осылай болды.

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Меккенің алдыңғы қатарлы адамдарының бір әдеті бар еді. Жаңа туған балаларын Мекке төңірегіндегі тайпалардағы сүт-аналарға беріп бақтыратын. Өйткені, Меккенің ауасы балаларға қолайсыз болатын.

Пайғамбарымызды Хазірет Әмина үш күн, Суәйба деген әйел екі күн емізеді. Содан кейін Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) Сағд тайпасынан Халима деген сүт-анаға беріледі. Халима оны өз баласынан артық жақсы көріп, тіпті соққан желден қорғаштайтын. Халиманың кішкене қызы Шейма да Мұхаммедті (с.а.у.) өте жақсы көретін, үнемі бірге ойнайтын. Бұл жетім бала олардың отбасына бақыт әкелді. Халиманың күйеуі бір күні былай дейді:

“Халима, бұл бала бізге бақыт әкелді. Ол үйіміздің табалдырығын аттаған күннен бері сиырларымыздың сүті молайды, сүтінің майы көбейді. Үйімізге берекет әкелді. Қолымыз ұзарды. Мен бұл баланың бойынан ерекше, басқа бір нәрсе сеземін”.

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) осы шаңырақта бес жыл тұрғаннан кейін оны Меккедегі өз үйіне әкеледі.

Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) анасы Әминаның Мәдинада туыстары бар болатын. Әрі оларды көру үшін, әрі ұлын әкесінің мазарына апарып қайту мақсатымен Әмина баласымен бірге Мәдинаға барады. Мәдинада бір ай болады. Пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһтың мазарын зиярат етеді. Хазірет Әмина баласы және қасындағы қызметшісі Үммү Әймәнмен бірге Меккеге қайту үшін жолға шығады. Кешқұрым Әбуа ауылына жетіп, сол жерде түнейді.

Хазірет Әмина осы жерде сырқаттанады. Қасына алып отырған жалғыз ұлын мейірлене сүйіп, бауырына басып, арқасынан сипайды. Өлетінін және ұлынан айырылатынын сезген ана енді ешқашан көре алмайтынын сезіп, ұлына былай дейді:

“Кез-келген жаңа нәрсе ескіріп, кез-келген нәрсе түбінде жоқ болады. Мен де өлемін. Бірақ қам жемеймін. Өйткені артыма жүрегі таза ұрпақ қалдырып бара жатырмын. Әлемге қайырлы адам тастап бара жатырмын”.

Осы сөздерден соң Әмина көзін жұмады. Сол кезде Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) алты жасында еді. Үммү Әйман баланы алып Меккеге оралады.

Әке-шешесінен жетім қалған Мұхаммедті (с.а.у.) атасы Әбдімүттәліп өз тәрбиесіне алады. Пайғамбарымыз екі жылдай атасының қолында болды. Әбдімүттәліп өлер алдында немересін Әбу Талибке тапсырып, оған жақсы қарауды өсиет етеді. Пайғамбарымыз сол кезде

сегіз жасқа толған еді. Әбу Талиб пен зайыбы Фатима балаға жақсы қарады. Оны өз балаларындай жақсы көрді.

Оқу мәтіні:

ҚАҒБАНЫ АЛЛАНЫҢ САҚТАП ҚАЛУЫ

Қағба – жер бетінде салынған алғашқы ғибадатхана. Оны Алланың әмірімен Хазірет Ибраһим мен Исмайыл салған. Исламға дейін Қағбаға пұттар орналастырылған. Сөйтіп о бастағы мақсатынан ауытқып кеткен. Пайғамбарымыздың 630 жылы Меккені азат етуімен Қағба пұттардан толық тазартылды.

Исламға дейін Мекке арабтардың сауда орталығы болғандықтан, көптеген адамдар жыл сайын Қағбаны көріп кету үшін Меккеге келетін.

Хабәшістан мемлекетіне қарайтын (Эфиопия) Йемен өңірінің әкімі Әбраһа Қағбаға жыл сайын ағылған жұртты өз өңіріне тарту үшін Сана қаласынан үлкен табынатын орын салғызады. Бірақ халықты Қағбадан айыра алмайды. Сондықтан Әбраһа Қағбаны қиратуға бел буады. Пілдермен жасақтанған әскерімен Меккеге бет алады. Әскердің алдында үлкен бір піл жүргізеді.

Бұл әскерге қарсы тұратын меккеліктердің қауқары жоқ еді. Әбраһаның адамдары арабтардың мал-мүлкін тартып алып, Әбраһаға әкеліп жатты. Тартып алған малдың арасында пайғамбарымыздың атасы Әбдімүттәліптің да жүз түйесі бар еді. Мекке халқынан бір топ адам өтініш жасап Әбраһаға барады. Топтың ішінде Әбдімүттәліп түйелерін қайтаруын сұрайды. Сол кезде Әбраһа:

“Мен Қағбаны жыға көрме” деп жалбарынуға келген шығар десем, сен түйелеріңді жоқтап келіп тұр екенсің ғой”, – дейді мысқылдап.

Әбдімүттәліп Әбраһаға былай деп жауап береді:

“Мен түйелердің ғана иесімін, түйелерімді қайтарып бер. Ал Қағбаның өз иесі бар, оны өз иесі қорғайды”.

Әбраһа Әбдімүттәліпке түйелерін қайтарып береді. Содан кейін Қағбаны жығу үшін соған қарай бет алады. Ең алдында келе жатқан піл, бір қызығы, Қағбаға жақындағанда алға баспай қояды. Кері

тартса жүреді, бірақ ілгері жүрмейді. Сарбаздар қанша тырысса да пілді Қазбаға қарай жүргізе алмайды.

Дәл сол кезде күтпеген жағдай болады. Топ-топ болып келген құстар көк жүзін жауып кетеді. Олар аузындағы және аяқтарындағы тастарды пілдердің үстіне жаудырады. Тас тиген әскерлердің үсті-бастары тесіліп, аз уақыттың ішінде қырылады. Қазба сөйтіп аман қалады. Әбраһаның өзі әрең құтылып, еліне қайтып оралады, бірақ көп ұзамай сол жерде өледі. Әбдімүттәліп айтқандай, Қазбаны өз иесі Алла осылай қорғаған еді. Қазбаны қиратуға Алла рұқсат бермеді. Өйткені жуық арада Алланың сүйікті құлы Хазірет Мұхаммед (с.а.у) дүниеге келетін еді. 571 жылы болған осы оқиғадан 50 күннен кейін пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) дүниеге келеді.

СҰРАҚТАР:

- 1) Исламға дейінгі Арабстанның жағдайы қандай еді?
- 2) Хазірет Мұхаммедтің ата-анасының аты кім?
- 3) Хазірет Мұхаммед қайда және қашан дүниеге келді, сүт анасы кім?
- 4) Хазірет Мұхаммед дүниеге келген түнде жер бетінде қандай оқиғалар болды, бұлар нені меңзейтін еді?
- 5) Хазірет Мұхаммедке бұл есімді кім және қандай мақсатпен қойған?
- 6) Хазірет Мұхаммедтің ата-анасы қашан өмірден озды?
- 7) Хазірет Мұхаммед анасы қайтыс болғаннан кейін кімдердің қолында өсті?

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ЖАСТЫҚ ШАҒЫ мен ҮЙЛЕНУІ

Тақырыптар:

- Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) сапарлары
 - Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) саудамен айналысуы
 - Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) Хазірет Хадишамен үйленуі және балалары
 - Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) Қағбаның жөнделуі кезінде төрешілік жасауы
-

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) САПАРЛАРЫ

Пайғамбарымыздың әкесінің ағасы Әбу Талиб саудамен айналысатын. Бір сапарында Хазірет Мұхаммедті өзімен бірге ала кетеді. Шам қаласына жақын жердегі Бұсра ауылына соғады. Сол жерде Бахира деген бір топпен кездеседі.

Бахира Тәуратта және Інжілде аты мен қасиеттері жазылған соңғы пайғамбардың белгілерін осы кішкентай баланың бойынан көреді. Осыдан кейін Әбу Талибқа “Дереу баланы Меккеге алып кет, өйткені иудейлер балаға жамандық жасауы мүмкін” дейді. Әбу Талиб Бахираның айтқанын орындап, Шамға бармай, сауда-саттығын сол жерде бітіріп, қайтып кетеді.

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) 17 жасқа келгенде де немере ағасы Зубәйрмен бірге Йеменге барып келген.

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) САУДАМЕН АЙНАЛЫСУЫ

Құрайыштың алдыңғы қатарлы байларынан Хадиша деген бір же-сір әйел кейбір адамдарға ақшасын беріп ортақтасып сауда жасайтын. Хадиша Хазірет Мұхаммедке ақша беріп, оны сауда керуенімен Сирияға жіберді.

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) сауда-саттықпен айналысып жүрген кезінде-ақ еңбекқорлықпен әділетті, турашыл, адал, адамгершілік қасиеттерімен табысқа жетеді. Сол себептен үнемі көп пайда түсіріп отырады. Хадиша Хазірет Мұхаммедпен бірлесіп ортақ сауда жасағанына өте риза болады.

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ХАДИШАМЕН ҮЙЛЕНУІ және БАЛАЛАРЫ

Шам қаласынан оралғаннан кейін, пайғамбарымыз Құрайыш тайпасының ақсүйек, бай әйелі Хадишаға үйленеді, Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) сол кезде жиырма бес жаста, ал Хадиша қырықта еді. Осылайша бақытты бір отбасының шаңырағы көтеріледі.

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) үшеуі ұл, төртеуі қыз, барлығы жеті балалы болады. Бұлардың алтауы Хадишадан, біреуі Мәриядан өмірге келеді. Ұлдарының аттары: Қасым, Абдуллаһ және Ибраһим. Ал қыздарының аттары: Зәйнәп, Рукия, Үммүгүлсім және Фатима. Ұлдары Қасым мен Абдуллаһ әлі пайғамбарлық келмей тұрып Мекке қаласында жастай шетінеген. Ибраһим деген ұлы хижреттен кейін Мәдина қаласында туылды. Ол да кішкентай кезінде қайтыс болды. Қыздарының барлығы өсіп, тұрмыс құрады. Пайғамбарымыздың ұрпағы Хазірет Әлиге тұрмысқа шыққан Фатимадан тарайды.

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ҚАҒБАНЫҢ ЖӨНДЕЛУІ КЕЗІНДЕ ТӨРЕЛІК ЖАСАУЫ

Селден үйдің кей жерлері бүлінгендіктен, Қағбаны жаңалап жасау ісі қолға алынады. Дуалдары қаланып биіктетіліп, “Хажәрүл әсуад” деп аталатын қиығатты қара тасты орнына қояр кезде, әрбір тайпа осы абыройға ие болу үшін бір-бірімен бәсекелесіп, ортақ келісімге келе алмайды. Тіпті, соның салдарынан жанжал шығады. Ақыры шынайы сенімді әрі әділдігімен танылған Хазірет Мұхаммедті қазы етуге, оның берген үкіміне разы болуға келісті.

Хазірет Мұхаммед “Хажәрүл әсуадты” ортаға төселген жайманың үстіне қойып, әр рудың ақсақалдарынан бір кісіге соның шетінен ұстатты. Осылайша жоғарыдағы қойылатын орнына апарылғаннан кейін өзі мүбәрак қолымен орнына қойды. Сөйтіп, әр ру бұл қасиетті

жұмысты атқаруға қатысқан болып, бәрі де бұл билікке разы болды. Өйткені мұндай шешім ешкімнің ойында жоқ-ты. Сонымен үлкен бір жанжалдың алды алынды. Осы оқиға болған кезде Хазірет Мұхаммед 35 жаста еді.

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарлығынан бұрын да өте адал әрі сенімді кісі еді. Бұл ерекшеліктерді себепті халық оны “Мұхаммедүл-әмин”, яғни “Сенімді Мұхаммед” деп атаған. Жұрттың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген таза да үлгілі өмірімен қоғамда бір жарқыраған жұлдыз іспеттес болған. Ұлы Алла оны ең жақсы түрде тәрбиеледі. Кәміл ахлақ және ерекшеліктер сыйлады. Өйткені адамзаттың құтылуы үшін оған (болашақта) пайғамбарлық міндеті берілетін еді.

СҰРАҚТАР

- 1) Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) балалық және жастық шағында қай жерлерге саяхат жасаған?
- 2) Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) қашан және кіммен үйленді?
- 3) Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) қанша баласы болды?
- 4) Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) Қағбаның жөнделуі кезіндегі төреші болуы жайында айтып беріңіз.
- 5) Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) “Мұхаммедүл-әмин” есімі неге берілген?



ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) ПАЙҒАМБАР БОЛУЫ және ЖАСЫРЫН (ДІНГЕ) ШАҚЫРУ

Тақырыптар:

- Алғашқы уахидың келуі
- Аралық уақыт (Фәтрәт)
- Исламға шақырудың басталуы
- Алғашқы мұсылмандар
- Хабәшістанға жасалған алғашқы хижрет (көш)
- Хабәшістан патшасы Нәжашидың мұсылмандарға қамқорлығы

АЛҒАШҚЫ УАХИДЫҢ КЕЛУІ (М. 610 ЖЫЛ)

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) 40 жасқа келгенде, оның бойынан кейбір өзгерістер байқала бастады. Азық-түлігін алып Мекке қаласына жақын Хира тауындағы бір үңгірге кетіп қалатын. Сонда бірнеше күнді жалғыз өткеретін. Үнемі әлемді жаратқан Алланың ұлылығын ойлады. Түсінде көргендері өңінде де айна-қатесіз орындалып жататын. Ешкім көре алмайтын жағдайларға куә болды. Бұл жағдай алты ай бойы жалғасты. Ұлы Алла Тағала оны рухани тәрбиелей отырып, пайғамбарлыққа дайындап жатқан еді.

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) милади жыл санауы бойынша 610 жылдың Рамазан айының дүйсенбі күні тағы да сол Хира тауындағы үңгірінде жападан жалғыз бар болмысымен беріліп, тек қана Алланы ойлаумен болды. Сол кезде періште Жәбірейіл (а.с.) оған көрініп, “Оқы!” дейді.

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.):

“Мен оқу білмеймін”, – деді.

Жәбірейіл (а.с.) екінші рет “Оқы” деді. Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) тағы да оқу білмейтінін айтты.

Жәбірейіл (а.с.) үшінші рет “Оқы” дегенде, Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) **“Не оқиын?”** – деп сұрады.

Сол кезде Жәбірейіл (а.с.) Құран Кәрімдегі “Алақ” сүресінің басындағы төмендегідей мағынаны білдіретін аяттарды оқытады:

“Жаратқан Раббыңның атымен оқы,

Ол адамды ұйыған қаннан жаратты.

Оқы! Ол Раббың аса ардақты,

Қаламмен жазуды үйретті,

Адамға білмегенін үйретті”.

Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) алғашқы уахи (Алладан аян) осылай келді. Осыдан бастап үздік-үздік Құранның аяттары түсе бастады. Содан кейін періште кезден ғайып болды. Оқылған аяттар пайғамбарымыздың жүрегіне жазылып қалғандай әсермен оны өз-өзінен оқи бастады.

Алғашқы уахидің ауырлығынан өзіне алған міндеттің ұлылығы мен жауапкершілік сезімінің әсерімен үйіне оралады. Басынан өткен оқиғаларды Хазірет Хадишаға айтып береді. Хадиша оны жұбатып:

“Мынау қуанышты хабар ғой, сабыр ет. Ант етейін, сен осы үмбеттің пайғамбары боласың. Ұлы Алла сені еш уақытта жалғыз қалдырмайды. Өйткені туысқандармен араластығың жақсы, уәдеңде тұрасын, адал, шыншылсың, қиындықтарға төзіп, қонақтарды құрметтеп күтесін. Басына күн туған адамдарға жәрдем бересің. Мұндай құлын Алла жалғыз тастамайды”, – деді.

АРАЛЫҚ УАҚЫТ (ФӘТРӘТ)

“Алақ” сүресінің алғашқы бес аяты түскеннен кейін уахи біраз уақыт үзіліп, Жәбірейіл (а.с.) көрінбеді. Бұл аралық уақыт Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) уахиді қарсы алуға жақсылап дайындалу үшін берілген еді. Дегендей-ақ пайғамбарымыз иләһи (тәңірлік) уахидың қайта келуін шын көңілден қалап, оны қабылдауға іштей дайындығын пысықтады.

Сол кезде Жәбірейіл (а.с.) оған көрініп, “Муддассир” сүресінің алғашқы аяттарын жеткізді. Ол аяттардың мағыналары мынандай:

“Уа, жамылғысына орнаған (Мұхаммед)

Тұр енді! Адамдарға ескерт!

Раббыңды ұлықта!

Киімінді таза ұста!

Әр түрлі лас істерден аулақ бол!”

Осыдан кейін уахидің келуі үзілместен келе бастады және Құран Кәрім 23 жылда толық түсіп бітті.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, алғашқы уахиден кейінгі уақытша аралық мерзім, яғни уахи уақытша келмей қалған уақыт “Фәтрәт уақыты” деп аталады.

ИСЛАМҒА ШАҚЫРУДЫҢ БАСТАЛУЫ

Уахидің келуімен пайғамбарлық міндет жүктелгені белгілі болды. Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарлығы жайында ең әуелі сенетін адамдарына айтты әрі оларды Исламға шақырды. Алғашқы мұсылмандар ғибадаттарын жасырын түрде жасады. Бұл жағдай үш жылға созылды. Осы уақыт ішінде мұсылмандықты қабылдағандардың саны отыздан асты.

АЛҒАШҚЫ МҰСЫЛМАНДАР

Хазірет пайғамбарымызға ең алдымен ардақты жұбайы Хазірет Хадиша сенді, одан кейін балалардан Хазірет Әли, құл болып жүргенде азат қылған Зәйт, ересектерден жанашыр досы Хазірет Әбу Бәкір иман етіп мұсылман болды.

ХАБӘШІСТАНҒА ЖАСАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ХИЖРЕТ (КӨШ)

Мүшріктердің мұсылмандарға көрсеткен зорлық-зомбылығы күн өткен сайын арта түсті. Мұсылмандар ғибадаттарын еркін жасай алмады, ашық түрде дауыстап Құран оқи алмайды. Сондықтан Хазірет Мұхаммед мұсылмандарға сенімдірек орын болып табылатын Хабәшістанға (Эфиопия, Аббиссиния) хижрет жасауға (көшуге) рұқсат берді.

Он бір ер және төрт әйелден тұратын алғашқы көш Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) пайғамбарлығының бесінші жылы Мекке қаласынан жасырын шығып, Қызыл теңіз жолымен Хабәшістанға барады. Араларында Хазірет Осман мен зайыбы, пайғамбарымыздың қызы Рүкия да

бар еді. Ол жерде жылы қарсы алынған мұсылмандар тыныш, бақытты өмір сүре бастады.

Алғаш кеткен топтың тыныш өмір сүріп жатқанын естіген мұсылмандардан 80 кісілік екінші топ бір жылдан кейін сонда қоныс аударды. Көштің басында Хазірет Әлидің бауыры Жағфар Тайяр болған еді.

ХАБӘШІСТАН ПАТШАСЫ НӘЖАШИДІҢ МҰСЫЛМАНДАРҒА ЖАСАҒАН ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Меккелік мүшріктер мұсылмандардың Хабәшістанда рахат, тыныш өмір сүріп жатқанына ызаланып, көре алмады. Оларды кері қайтару үшін Хабәшістан патшасы Нәжашиге көп тарту-таралғымен, екі елші жіберді. Елшілер Нәжашиден мұсылмандарды кері қайтаруды сұрады. Өзі христиан болған Нәжаши мұсылмандарды шақырып, Ислам діні жайында мағлұмат алды. Екі жақты да тыңдағаннан кейін мұсылмандардың дінін дұрыс деп тауып, елшілерді кері қайтарып жіберді.

Осыдан кейін Нәжаши мұсылмандарға бұрынғыдан да көбірек қамқорлық жасады. Мұсылмандар мен Хабәшістанның тұрғылықты халқы тату-тәтті өмір сүрді.

СҰРАҚТАР:

- 1) Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) алғашқы уахи қанша жасында, қашан және қай жерде келді?
- 2) Аралық уақыт деген не?
- 3) Исламға алғаш рет шақыру қалай басталды?
- 4) Алғашқы мұсылмандар кімдер?
- 5) Мұсылмандар Хабәшістанға неге көшті?
- 6) Мұсылмандарды Хабәшістанда қалай қарсы алды?

Тақырыптар:

- Исламға шақырудың ашық түрде жүргізілуі
 - Мүшріктердің мұсылмандарға көрсеткен қысымы
 - Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) ең көп дұшпандық жасағандар
 - Құрайыштың Исламға жауласуының себептері
 - Мүшріктердің Әбу Талибке шағынуы және пайғамбарымыздың жауабы
 - Хазірет Хамза мен Хазірет Омардың мұсылмандықты қабылдауы
-

ИСЛАМҒА ШАҚЫРУДЫҢ АШЫҚ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУІ

Пайғамбарымыз Исламға шақыруды алғашқы үш жыл жасырын түрде жүргізді. Кейіннен мынадай мағынадағы аяттардың түсуімен халықты ашық түрде Ислам дініне шақыра бастады.

“Сен ең жақын туыстарыңды шақыр, мүминдерден саған ергендерге қанатыңды жайып, хақ жолын көрсет. Егер саған қарсы келетіндер болса, оларға “Мен сендердің істеп жүргендеріңнен аулақпын де.”¹

“Енді саған қандай әмір берілсе, ашық түрде жеткіз. Серік қосушылардан теріс айнал.”²

Осыдан кейін пайғамбарымыз (с.а.у.) алдымен жақын туыстарын үйіне жинап, құрмет көрсетіп күтті. Алладан келген бұйрықты баяндай отырып, Ислам дініне шақырды. Немере ағасы Әбу Ләһаб пайғамбарымызға қарсы шығып, жиналғандарды таратып жіберді.

Біраз уақыт өткеннен кейін пайғамбарымыз (с.а.у.) шақыру тәсілін кеңейту үшін Сафа жотасына шықты. Осы жерден Меккенің халқына жар салды. Дауысын естіген жұрт төңірегіне жиналды.

1 Шуара сүресі, 214-216 аяттар

2 Хижр сүресі, 94-аят

Пайғамбар (с.а.у.) жиналғандарға:

“Мына төбенің артында дұшпан әскері келе жатыр десем, маған сенесіздер ме?” – деп сұрады.

Бәрі бірауыздан:

“Иә, сенеміз. Өйткені сенің өтірік айтқаныңды ешқашан естіген емеспіз”, – деп жауап берді.

Сол кезде пайғамбарымыз оларға:

“Ендеше, біліп қойыңыздар, Алла мені пайғамбар етіп таңдады. Маған періштесі арқылы Өзінің сөзін жеткізді. Адамдарды өзінің ақиқат діні Исламға шақыруыма бұйрық берді. Алла жалғыз, Одан басқа тәңір жоқ. Ал мен – сіздерге және бүкіл адамзатқа жіберілген пайғамбармын”.

Сол кезде Әбу Ләһаб орнынан атып тұрып, пайғамбарымыздың көңіліне тиетін сөздер айтты. Содан кейін жиынға келгендер тарап кетті. Осылайша бұл жиыннан да нәтиже шықпады.

МҮШРІКТЕРДІҢ МҰСЫЛМАНДАРҒА КӨРСЕТКЕН ҚЫСЫМЫ

Мүшріктер мұсылман болғандарды сенімінен бас тартқызу үшін әр түрлі қысым жасай бастады.

Исламның ең үлкен дұшпандары Үмәйя ибн Халаф Біләл Хабашиді ыстық құмға жатқызып, денесін таспен бастырып, бірнеше сағат күннің астына тастап қойып:

– *Егер мұсылмандықтан бас тартпасаң, сені осылай өлтіреміз*, – деді. Мұнысынан ешқандай нәтиже шығара алмаған соң Біләлдің мойнынан жіп тағып, Меккенің бір басынан екінші басына дейін сүйреді. Мұндай жан түршігерлік зорлыққа қарамастан, Хазірет Біләл: *“Алла бір. Алла бір”* деп айтқанынан қайтпайды. Ақырында Хазірет Әбу Бәкір Біләлді сатып алып, бас бостандығын береді де, залым Үмәйяның қолынан құтқарады.

Алғашқы мұсылмандардан Аммар бин Ясирды де мүшріктен қызып тұрған құмға жатқызып, есінен танғанша ұратын. Анасы Сүмәйяны Әбу Жаһил найзамен шаншып өлтірді. Әкесін де қинап өлтірді.

Ясир мен зайыбы Сүмәйя “*Алғашқы Ислам шейіттері*” деген дәрежеге ие болды.

Мүшріктер Хаббаб бин Әрәтті жанып тұрып қып-қызыл көмірдің үстіне жатқызып, Әбу Фукайханың аяғына жіп байлап, қызып тұрған топырақтың үстімен сүйрелеп, сенімдері үшін адам шыдап болмайтын неше түрлі жапа шектіріп, зорлық-зомбылық көрсетті. Бұлардан басқа көптеген мұсылмандар мүшріктердің зұлымдықтарына ұшырады. Соған қарамастан ешқайсысы сенімдерінен бас тартпады.

Хазірет Әбу Бәкірдің Исламға деген ұлы қызметтерінің бірі мұсылмандықты қабылдағаны үшін зұлымдық көрген құлдар мен күндерді сатып алып, құтқаруы еді.

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДКЕ (с.а.у.) ЕҢ КӨП ДҰШПАНДЫҚ ЖАСАҒАНДАР

Мүшріктер пайғамбарымызға да, мұсылмандарға да зорлық-зомбылық көрсетуден бір тынбады.

Пайғамбарымызға ең көп дұшпандық жасағандар мыналар:

Әбу Ләһаб – пайғамбарымыздың туған немере ағасы болғанына қарамастан Исламның ең үлкен дұшпаны еді. Сонау алғашқы күннен бастап пайғамбарымызға қарсы шықты. Әйелі де пайғамбарымыз өтетін жолға қолынан келгенше тікен тастайтын. “Тәббәт” сүресі осы екеуі жайында түсті. Әбу Ләһаб Бәдір соғысында мұсылмандар жеңгенін естіп ашу-ызадан өлді.

Әбу Ләһабтың баласы Ұтайба бір сапарында пайғамбарымызға жармасып, жағасын жыртып жіберді. Пайғамбарымыз оның бұл әрекетінен қатты көңілі қалып: “Раббым! Ұтайбаға хайуандарыңның біреуін жібер” деп дұға қылды. Алла сүйікті елшісінің дұғасын қабыл алды. Ұтайба Шамға кетіп бара жатқан кезінде жолда бір арыстан шығып, оның парша-паршасын шығарды. Пайғамбарымызға жасаған зұлымдығының жазасын осылай тартты.

Әбу Жаһил – пайғамбарымызға ең көп дұшпандық жасағандардың басшысы. Мұсылмандарға көп зорлық көрсетті. Аммар бин Ясирдің анасын осы Әбу Жаһил өлтірді. Ол да Бәдір соғысында өліп, жазасын тартты.

1) Ас бин Уайыл – пайғамбарымызға дұшпандық жасағандардың бірі. Пайғамбарымыздың ұлы Қасым шетінегенде “Мұхаммедтің тұқымы құрыды” деп мазақтап, баласының өлімінен қайғырып, жүрегі қарсы айрылған пайғамбарымызды табалаған.

“Кәусар” сүресіндегі “Негізінде тұқымы құрып, есімі ұмытылған, саған кек тұтып, дұшпандық істеген адамның өзі” деген аят сол жайында түскен. Ас бин Уайыл Мекке төңірегіндегі бір тау өткелінен өтіп бара жатқан жерінен астындағы аты оны жерге құлатып, аяғын тістеп алады. Ажалы сол жарадан болады.

2) Уәлид бин Мұғира

3) Үмәйя ибн Халаф

4) Ұтбә бин Рәбиалар да пайғамбарымызға дұшпандық жасағандардың қатарында болатын.

ҚҰРАЙЫШТЫҢ ИСЛАМҒА ДҰШПАН БОЛУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

1) Ислам діні қоғамдағы таптар арасындағы ерекшеліктерді жойып, адамдардың бір тарақтың тісіндей тең екендігін, құл мен байдың Алла алдында бір екенін айтатын. Құрайыштың төрелері бұл теңдікке разы болмай, орындарынан айырылып қалудан қорыққаны үшін Исламға жауласты.

2) Арабтардың сауда орталығы Мекке болатын. Меккедегі Қағбаның ішінде үш жүз алпыстай пұт бар болатын. Арабтардың назарын ол жерге тартатын сол пұттар болғандықтан, Ислам пұттары жойып жіберген кезде, енді Меккеге ешкім келмейді, олай болса, күнкөрістерінің көзі болып отырған сауда да тоқтап қалады деп санады.

3) Араб түбегінде ғасырлар бойы пұттарға табыну тамырын терең жайған еді. Жақсыны жаманнан айыра алмайтын халық аталарынан мұра болып қалған дәстүрлерінен оңай бас тарта қоймады. Ал Ислам арабтар үйреніп қалған пұтқа табынушылықтың тамырына балта шауып, бір ғана Аллаға деген сенімді дәріптеді.

4) Арабтар халыққа басшы болу үшін лайықтылық, адамгершілік қасиет ақыл-парасат сияқты қасиеттерге мән бермейтін, тіпті мұндай қасиеттерді басшы болатын адамдардың бойынан іздемейтін.

Оларда тек қана екі нәрсеге мән берілетін: байлық және көп балалы болғандықтары.

Хазірет Мұхаммедте (с.а.у.) бұлардың бірі де жоқ еді. Сол себепті оны өзімізге басшы ете алмаймыз дейтін. Бұдан басқа Хашимилер мен Әмәуилер арасындағы ертеден келе жатқан тайпаға бас болу бақталастығы бар еді. Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) Құрайыштың Хашим руынан болғандықтан, оған дұшпандық етушілердің көбі Әмәуилерден болатын.

МҮШРІКТЕРДІҢ ӘБУ ТАЛИБКЕ ШАҒЫМДАНУЫ

Немере ағасы Әбу Талиб пайғамбарымызды жанындай жақсы көретін. Исламның жайылып, таралуына үнемі жәрдем етіп, оған қамқор болатын. Мүшріктердің басшылары Әбу Тәлибке шағым айтып, “Сен ініңді исламға шақырудан бас тартқыз немесе оны қорғаудан өзің бас тарт” деп қорқытты.

Әбу Талиб жағдайды інісіне айтып көріп еді, Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) оған: **“Хақ дінін жеткізу үшін Алла Тағала маған міндет жүктеді. Мен өз бетіммен ештеңе істеп жүргенім жоқ. Мен – Алланың елшісімін. Әй, немере ағам, бұл істен бас тартуым үшін оң қолыма Күнді, сол қолыма Айды берсе де, бұл жолдан бас тартпаймын”**, – деп жауап берді.

Әбу Тәлиб бұл жауапты естіген соң “Сен ініңді тоқтатпа, інім, көзімнің тірісінде олар саған ештеңе де істей алмайды”, – деп, пайғамбарымызды қамқорлығына алатынына кепілдік берді.

ХАЗІРЕТ ХАМЗАНЫҢ МҰСЫЛМАН БОЛУЫ

Пайғамбарымыз (с.а.у.) қиыншылықтарға қарамастан ісін жалғастыра берді. Мұсылмандардың саны күннен-күнге арта түсті.

Пайғамбарлығының алтыншы жылы еді. Бір күні Сафа төбесінде отырған кезде сол жерден өтіп бара жатқан Әбу Жаһил пайғамбарымызды ешбір себепсіз балағаттады. Оның бұл тәрбиесіз әрекеттеріне пайғамбарымыз жауап қайтармады. Мұны естіген бір әйел бұл жағдайды пайғамбарымыздың немере ағасы Хамзаға айтады. Хамза әлі мұсылман болмаған еді. Бірақ бауырына істелген бұл қылыққа қатты

ашуланды. Дереву Құрайыш мүшріктері жиналатын жерге барып, Әбу Жәһилге:

“Менің бауырымның ұлын балағаттап, ренжіткен сен бе?” – деп сұрайды да, садағымен Әбу Жәһилдің басынан ұрады.

Осы оқиғадан кейін Хазірет Хамза мұсылмандықты қабылдап, пайғамбарымыздың қасында болды.

ХАЗІРЕТ ОМАРДЫҢ МҰСЫЛМАН БОЛУЫ

Хазірет Хамзаның мұсылман болуы және мұсылмандардың күннен күнге күшеюі Құрайыш мүшріктерін састыра бастады. Бұл жағдайдан шығар жол табу үшін *“Дарун-нәдуа”* деп аталатын жерге жиналды. Жағдайды айтып, бір шолып өткеннен кейін Әбу Жәһилдің ұсынысы бойынша Хазірет Мұхаммедті (с.а.у.) өлтіруге бел буады. Бұл қорқынышты шешімді жүзеге асыру үшін аралығындағы ең батылы Омарға келіп тоқтады. Сол кезде отыз үш жастағы Омар қылышын алып, Хазірет Мұхаммедті (с.а.у.) өлтірмек болып жолға шықты.

Сол кезде мұсылмандар Әкрамның үйінде жиналып отыр еді. Пайғамбарымыз да сол жерде болатын. Омар жолда Нуаймға кездесті. Нуайм: *“Омар, қайда кетіп барасың?”* – деп сұрады. Омар:

“Халықты бір-біріне айдап салып жүрген Мұхаммедтің көзін жоюға кетіп бара жатырмын”, – деп жауап берді. Нуайм: *“Қиын бір іске кірісіпсің”*, – дегенде, Омар оған *“Сен де Мұхаммедтің жағындасың ба?”* – деп даусын көтерді. Нуайм:

“Омар, сен мені не қыласың, әуелі өз отбасыңа қара. Күйеу балаң Саид пен қарындасың Фатима да мұсылман болды ғой”, – дегенде, Омар:

“Олай болса, әуелі солардың ісін бітірейін”, – деп, жолынан бұрылып, қарындасының үйіне барып, есігін тоқпақтады. Ол кезде қарындасы мен күйеу баласы пайғамбарымызға (с.а.у.) жаңа түскен *“Таһа”* сүресіндегі аяттарды оқып жатады. Омардың қаруланып келгенін көргенде қорқып, Құранның беттерін тыға қояды.

Омар ішке кіріп не оқығандарын сұрады. Олар: *“Ештеңе”*, – деді. Омар одан сайын ашуланды. *“Демек, естігенім рас екен”* деп, күйеу баласының жағасынан ұстап, жерге алып ұрып төмпештей бастады.

Күйеуін құтқармақ болған қарындасы Фатиманың бетінен де тартып жіберді. Бейшара әйел аузы-мұрнынан қан кеткен күйі жерге құлады.

Фатима иманның берген батылдығымен Омарға былай деді:

“Алладан қорық. Қарындасыңа істегеніңе қара. Мен де, күйеу балаң да мұсылман болдық. Басымызды кесіп алсаң да, алған бетімізден қайтпаймыз”.

Омар:

“Оқыған нәрселеріңді әкеліңдер”, – деді. Қарындасы шығарып берді. Омар мұқият оқи бастады, оқыған сайын жүрегіне жылылық кіре берді. Құран Кәрімнің теңдесі жоқ әуені, ұйқасы, мағынасындағы ұлылық, оқылуындағы көркемдік Омардың жүрегін баурап алды. Омардың жүрегі Исламды қабылдауға дайын еді. Хазірет пайғамбардың қасына барды. Оның алдында тізе бүгіп, кәлима-и шәһадатты айтып, мұсылман болды. Ол жердегілер бұған қатты қуанды. Бәрі бірге кәлима-и шәһадатты айтты.

Омардың Исламды қабылдауымен мұсылмандық күшейді. Омар:

“Бәріміз қанша кісіміз?” – деп сұрады.

“Сенімен қырық болдық”, – деп жауап берді.

Омардың қалауымен пайғамбарымыз бастап, барлық мұсылман Қағбаға қарай қозғалды. Ол жерде топ болып, ашықтан-ашық намаз оқыды. Ал мүшріктер пайғамбарды өлтіруге жіберген Омардың мұсылман болғанын естігенде таңқалысады.

Пайғамбарымызды өлтірмек болып жолға шыққан Омардың мейірімсіз, тастан да бетер қатты жүрегін қарындасының үйінде оқыған Құран аяттары жұмсарып, қараңғы көңілін нұрға бөлеп, пайғамбарға деген дұшпандық сезімдерін достыққа айналдырған еді.

СҰРАҚТАР:

- 1) Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) адамдарды неге және қалай ашық түрде Исламға шақырды?
- 2) Мүшріктердің мұсылмандарға көрсеткен зорлық-зомбылықтары және мұсылмандардың бұған қалай қарсы тұрғаны жайында айтып беріңіз?

- 3) Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) ең көп дұшпандық еткендер кімдер?
- 4) Құрайыштың Хазірет Мұхаммедке (с.а.у.) дұшпан болуының себептері не?
- 5) Әбу Талиб кім? Хазірет Мұхаммедті (с.а.у.) қалай қорғаған?
- 6) Хазірет Хамза мен Хазірет Омар қалай мұсылман болды?

Тақырыптар:

- Мүшріктердің мұсылмандарға бойкот жариялауы
- Әбу Тәлиб пен Хазірет Хадишаның қайтыс болуы
- Тайф сапары
- Ақаба анттары
- Миғраж мұғжизасы
- Намаз – миғраждың тартуы.

МҮШРІКТЕРДІҢ МҰСЫЛМАНДАРМЕН АРАЛАСТЫҚҚА ТЫЙЫМ САЛУЫ

Хазірет Хамза мен Омардың мұсылман болуы және Исламның күннен-күнге жайылып, тамырын тереңге салуы мүшріктерге үрей салды. Сондықтан жиналып мұсылмандарға қарсы байланысты үзуге қатысты тыйым жариялауға шешім қабылдайды:

“Бұдан былай мұсылмандармен және оларға қамқор болғандармен, Мұхаммедтің туысы – Хашым ұлдарымен барлық байланыс түрлерін үземіз. Олармен ешкім сөйлеспейді, сауда жасамайды, қыз алып, қыз бермейді”.

Мүшріктерден Мансұр бин Икрима бұл шешімді жазды, сонан соң оны Қағбаның қабырғасына ілді.

Бұл тыйым туралы шешім үш жылға дейін созылды. Осы уақыт ішінде мұсылмандар өте көп қиыншылық көрді. Мүшріктер қаланың мұсылмандар тұратын аймағында тамақ, киім жібермеу үшін қолдарынан келгенше тырысып бақты. Мұсылмандар ислам үшін әр түрлі қиыншылыққа, аштыққа және шөлге де шыдады. Ағаш жапырақтарын азық етіп, өмір сүруге тура келеді. Ал, аштықтан жылаған балалардың жағдайы тіптен аянышты болып жүректерді сыздататын.

Адамгершілікке жат мұндай қылықтарынан да мүшріктер ештеңе шығара алмады. Ислам нұрының жайылуына тосқауыл бола алмады. Қағбаның қабырғасында ілулі тұрған келіссөзді күйе жеп, “Алла”

дегеннен басқа барлық жазудың көзін құртты. Және де Мансұр бин Икриманың келіссөз жазған қолы тартылып, шолақ болып қалды. Ол кезде “Бисмилләһ” орнына “Бисмикәллаһүммә” қолданылатын.

Ақыр соңында мүшріктерден бірнеше кісі ынсапқа келіп, шешімді алып, жыртып тастады. Сөйтіп келіссөз өз күшін жойып, мұсылмандар қиыншылықтан құтылды. Мұсылмандарға жасалған бұл шешім пайғамбарлықтың жетінші жылынан оныншы жылына дейін үш жылға созылды.

ӘБУ ТАЛИБ ПЕН ХАЗІРЕТ ХАДИШАНЫҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫ

Шешім өз күшін жойғаннан кейін пайғамбарымыз да, мұсылмандар да еркін тыныс ала бастады. Бірақ көп ұзамай пайғамбарымыздың немере ағасы Әбу Талиб, бірнеше күн өткеннен кейін жұбайы Хазірет Хадиша қайтыс болды.

Әбу Талиб пайғамбарымызды өз баласындай жақсы көріп, қорғайтын. Хазірет Хадиша болса пайғамбарымызға ең алғаш иман еткен, қиын шақтарда оны жұбатып, сүйеніш болған адал жары еді. Пайғамбарымыз үнемі өзіне сүйеу болған бұл екі қымбатты жақынынан айырылып, қайғырды. Сондықтан бұл жыл “*қасірет жылы*” деп аталды.

Әбу Талиб пен Хазірет Хадишаның өлімінен кейін мүшріктер пайғамбарымызға көрсеткен зорлық-зомбылықтарын арттыра түсті. Бір күні пайғамбарымыз көшеден өтіп бара жатқанында мүшріктердің біреуі басына топырақ шашты. Хазірет пайғамбар (с.а.у.) сол күйі үйіне келгенде қызы Хазірет Фатима әкесін бұл күйде көргенде іші сыздап, жүрегі ауырды. Үстіндегі топырақты тазартып тұрып жылады. Қызының жылағанын көрген пайғамбарымыз (с.а.у.) “**Жылама, балам, Алла Тағала әкеңді қорғайды**” деп, Аллаға деген сенімін тілге тиек етті.

ТАЙФ САПАРЫ

Әбу Талиб пен Хазірет Хадиша қайтыс болғаннан кейін мүшріктердің көрсеткен зорлық-зомбылығының артуына байланысты пайғамбарымыз Тайф халқын Исламға шақыру үшін алғашқы мұсылмандардан Зәйд ибни Харисаны қасына алып, Тайфқа кетті. Тайфтықтар

Исламды қабылдамағанымен қоймай, пайғамбарымыздың ол жерден кетуін қалайды. Мұнымен қоймай, пайғамбарымызға тас жаудырды. Бұл тастардан тағы жарақаттанып, қан кетеді, жүре алмайтындай халге келеді. Зәйд денесімен пайғамбарымызға жауған тастардан оны қорғауға тырысады.

Жол шетіндегі бір бақты паналаған пайғамбарымыз ол жерде біраз уақыт тыныққан соң қайғырып, Меккеге оралды. Пайғамбарымыз **ең көп** осы сапар кезінде жәбір көрген еді. Бірақ сонда да үмітсіздікке бой алдырмайды. Алған бетінен қайтпайды. Міндетін атқара береді.

АҚАБА АНТТАРЫ

Пайғамбарымыз көптеген жылдар Мекке халқын Исламға шақырып, бірақ Меккеліктердің қырсықтығынан үлкен қиыншылық көрді. Дегенмен, олардың бұл қыңыр мінезі оны міндетінен бас тартқыза алмайтыны анық еді. Исламның нұрының адамзатқа жол сілтеуі жалғаса берді. Осы үшін Алла Тағала жаңа бір мүмкіндік ашты. Бұл Мәдина қаласы еді.

Пайғамбарлықтың он бірінші жылы Қажылық уақытында Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) Меккенің сыртына шықты. Мәдинадан келе жатқан алты кісілік бір топпен кездесті. Оларға пайғамбар болғаны жайында айтып берді. Құран оқыды. Алла Тағаланың әмірлері жайында айтты. Оларды мұсылман болуға шақырды.

Мәдиналықтар ойы түзу адамдар болатын. Пайғамбарымыздың айтқандарының қисынды және дұрыс екендігін мойындап, мұсылмандықты қабылдады. Олар Мәдинаға қайта оралған соң, Ислам дінін таратуға күш салды.

1) Ақаба анты: (Пайғамбарлықтың 12-жылы)

Келесі жылы Меккеге келген Мәдиналық он екі кісілік топ Меккеге жақын Ақаба деген жерде пайғамбарымызбен кездесті. Басшылары Әсат бин Зурара еді. Олардың араларында бір жыл бұрын мұсылман болған бес кісі де бар еді. Олар *“Аллаға серік қоспау, ұрлық қылмау, зина жасамау, өтірік және жала жабудан аулақ болу. Пайғамбарға қарсы келмеу”* жөнінде пайғамбарымызға серт берді. Бұл *“Бірінші Ақаба анты”* деп аталды.

Мәдиналықтар өздеріне Исламды үйрететін біреуді сұрады. Пайғамбарымыз бұл міндетті Мұсабаға жүктеп, соны жіберді. Мұсаба Мәдинада Ислам негіздерін үйретіп, оның кең тарауына үлкен еңбек сіңірді.

2) Ақаба анты (Пайғамбарлықтың 13-жылы)

Бұл жылы Мәдинадағы мұсылмандардан 75 кісілік бір топ Меккеге келді. Олардың екеуі әйел еді. Ақаба деген жерде пайғамбарымызбен кездескеннен кейін екінші Ақаба анты жүзеге асты. Ол ант бойынша, Мәдиналықтар әйелдерін, қыздарын қалай қорғайтын болса, пайғамбарымызды да тура солай қорғайтындарын айтып, уәде берді. Бәрі пайғамбарымызға қол беріп ант етті.

Содан кейін пайғамбарымыз араларынан 12 кісіні уәкіл қылып сайлауды сұрады. Олар 12 кісіні уәкіл етіп сайлады. Бәрі де Хазірет пайғамбарға *“Қиыншылықта болсын, қуанышта болсын, кез келген жағдайда тек қана шындықты айтуға және Алла жолында еш нәрседен қорықпауға”* уәде берді.

Ақаба анттары – Исламның таралуындағы маңызды бір белес болған еді.

МИҒРАЖ МҰҒЖИЗАСЫ

“Миғраж” сөздікте “жоғары көтерілу” ал “Исра” болса “түнде жүру” деген сөз. Пайғамбарымыз (с.а.у.) хижреттен бір жарым жыл бұрын Режеп айының 27-түні Меккедегі Мәсжид-Харамнан Құдыстағы Мәсжид-Ақсаға барып, ол жерден көкке көтеріліп, періштелер әлемін тамашалаған.

Алланың шексіз құдіретінің белгісі әрі пайғамбарымыздың ең үлкен мұғжизаларының бірі Миғраж оқиғасына мүшріктер сенбеді. Өйткені олардың Алланың ұлылығын, құдіретінің кеңдігін түсінуге ақылы жетпеді. Ойлары шектеулі, сенімдері жалған болғандықтан, Миғраж мұғжизасын түсінетіндей шамада емес еді.

Мұсылмандар еш шүбә келтірместен Миғражды мойындайды және оған сенеді. Хазірет Әбу Бәкірге миғраж оқиғасын айтып бергенде, ол: “Мұны Мұхаммед айтса күмәні жоқ” дейді де пайғамбарымызды құптайды. Осыдан кейін оған “құптаушы (адал)” деген мағынаны білдіретін “Сыддық” деген лақап ат тағылды.

НАМАЗ – МИҒРАЖ СЫЙЫ

Саяхаттан оралған кез-келген жанның жақындарына сыйлық ала келетіні сияқты пайғамбарымыз да қасиетті Миғраж сапарынан маңызды сүйіншілермен және өзіндік сый-тартумен оралды.

Миғраж түні пайғамбарымыз (с.а.у) биік мәртебеде Алламен кездесіп, арада ешқандай дәнекерсіз иләһи (тәңірлік) уахиды естиді. Бұл деңгейде оған үш нәрсе берілді:

- 1) “Бақара” сүресінің соңғы екі аяты (әмәнәр-расулу)
- 2) Үмбетінің Аллаға серік қоспағандары жәннатқа кіретіндігі жайындағы қуанышты хабар.

- 3) **Миғраж** сыйы ретінде бес уақыт намаз.

Ислам шарттарының бірі әрі діннің тірегі болып табылатын намаз Миғраж түнінде парыз болды.

СҰРАҚТАР :

- 1) Мүшріктер мұсылмандарға қарсы қандай шешім қабылдады? Ол тыйым қанша жылға созылды?
- 2) Әбу Талиб пен Хазірет Хадиша қашан қайтыс болды? Бұл жай қалай аталады?
- 3) Пайғамбарымыздың Тайф сапары жайында айтып беріңіз.
- 4) Бірінші және екінші ақаба анттары жайында айтып беріңіз.
- 5) Пайғамбарымыз Миғражға қашан шықты?
- 6) Миғраждың сыйлықтары нелер?



ХИЖРЕТ және МӘДИНАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАР

Тақырыптар:

- Пайғамбарымыздың Меккеден Мәдинаға хижреті
- Пайғамбардың Мәдинаға жетуі
- Мәжид-и Нәбәуидің салынуы
- Ансар мен Мұһажирлер арасындағы бауырластық
- Пайғамбар мектебі және Асхаб-ы суффа

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ МЕККЕДЕН МӘДИНАҒА ХИЖРЕТІ (М.622Ж.)

Ислам тарихында пайғамбарымыздың Меккеден Мәдинаға көшуі “хижрет” деп аталды.

Мүшріктердің қысымы толастамағандықтан, пайғамбарымыз мұсылмандарға Мекке қаласынан Мәдина қаласына көшуге рұқсат берді. Мұсылмандар топ-топ болып, Мәдинаға көше бастады. Дін жолында, дін үшін туып-өскен, кіндік қаны тамған жерлерін дүние-мүліктерін тастады.

Меккеде пайғамбарымызбен Хазірет Әбу Бәкір, Хазірет Әли және бірнеше мұсылманнан басқа ешкім қалмады. Расулалла қанша қиын болса да өз міндетін атқарып, пайғамбарлықтың 13 жылын Меккеде өткізді.

Мүшріктер Мәдиналықтардың мұсылман болуы, Меккедегі мұсылмандардың да Мәдинаға көшуі Исламды күшейте ме деп қорықты. Исламды түп-тамырымен жойып жіберу үшін “Дарун-нәдуа” деп аталатын мәжіліске жиналды. Әбу Жаһилдің ақылымен пайғамбарымызды өлтіруге шешім қабылдады. Бұл қорқынышты шешімді орындау үшін әр тайпадан бір-бірден жас жігіт сайлады. Таңдалған бұл жас жігіттер пайғамбарымыздың үйін қоршап алады да, оның сыртқа шығуын күтеді.

Мүшріктердің жасырын қабылдаған бұл шешімін Алла Жәбірейіл арқылы пайғамбарымызға жеткізді де, хижрет етуіне рұқсат берді.

Пайғамбарымыз (с.а.у) төсегіне Хазірет Әлиді жатқызып, үйін қоршап тұрған мүшріктердің арасынан шығып, Хазірет Әбу Бәкірдің үйіне барды. Алла Тағала пайғамбарын қорғады. Қолында қаруы бар мүшріктер оны көрмеді.

Жолға дайындалып болған соң, пайғамбарымыз Хазірет Әбу Бәкірмен бірге түнде Меккеден бір жарым сағат қашықтағы Сәуір тауына барады да, сол жерде бір үңгірді паналайды. Таң атысымен пайғамбарымыздың үйден шығып кеткені белгілі болады. Осыдан кейін мүшріктер шартарапқа сабылып іздеуді бастады. Мұхаммедті кім тапса, сол адамға жүз түйе сыйға береміз деп жар салды.

Пайғамбарымызды іздегендер жолдағы іздердің соңына түсе отырып, үңгірдің аузына дейін келді. Бірақ үңгірдің кіре берісінде бір өрмекшінің тор құрғанын көрді. Үңгірдің ішіне кірмекші болғанда, араларынан біреуі “ішке адам кірсе, бұл жерде өрмекшінің торы, көгершіннің ұясы болмас еді” деген соң қайтып кетті.

Мүшріктер үңгірдің аузына келген кезде Хазірет Әбу Бәкір қорқып:

– Бізді көріп қоятын болды, уа, Расулалла! – деді. Пайғамбарымыз: – **Қам жеме, Алла бізбен бірге,** – деп жауап қатты.

Үңгірдің аузына өрмекшілердің тор құруы, сол жердегі ағаштардың біріне көгершіннің ұя салып, жұмыртқа тастауы мұғжиза еді. Алла Тағала сүйікті пайғамбарын осы мұғжизаларымен қорғап, үңгірдің аузына дейін келген дұшпанды жасырын бір күшпен кері қайтарды. Пайғамбарымыз бен Әбу Бәкір үңгірде үш күн жатқаннан кейін, Мәдинаны бетке алып жолға шықты. Олардың ізіне түскен Сұрақа деген бір палуан қиналмай-ақ іздерін тапты. Атын тебініп, өкшелеп қуып берді. Дәл сол кезде атының аяғы сүрініп кетіп, өзі жерге омақаса құлады. Қайтадан орнынан тұрып атымен шаба жөнелді. Бірақ бұл жолы атының аяғы тізесіне дейін құмға батып, жүре алмай қалды. Жасырын бір күш атын жүргізбей қойды. Сұрақа мұны көргенде қатты қорқып кетті. Өкшелеп қуғанына өкінді. Дауыстап пайғамбарымыздан кешірім сұрады. Сөйтті де сол жерден кері қайтты. Артынан келгендерге “Мен бұл жақтарды қарап таппадым” деп оларды кері қайтарды. Өзі кейіннен мұсылман болды.

Сүйікті пайғамбарымыз бір аптаға созылған тарихи сапарын аяқтап, дүйсенбі күні Мәдинаға жақын Құба ауылына жетті. Бұл жерде жұрт оны қуана қарсы алды.

Пайғамбарымыз бұл жерде он күннен артық аялдады. Құба мешітін салғызды. Мешіт салынып жатқанда, өз қолымен тас тасыды. Ислам тарихында салынған алғашқы мешіт – осы Құба мешіті. Пайғамбарымыздан үш күннен кейін Меккеден шыққан Хазірет Әли де осы жерде пайғамбарымызға келіп жетті.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ МӘДИНАҒА ЖЕТУІ

Қасындағы мұсылмандармен бірге пайғамбарымыз (с.а.у.) Жұма күні Құбадан шығып Мәдинаға бағыт түзеді. Салимұлдарының еліне жеткенде, уақыт түс мезгілі болған еді. Пайғамбарымыз Жұма намазын оқудың парыз етілгенін мұсылмандарға жариялап, сол жерде алғаш рет намаз оқытты. Намаздан кейін Мәдинаға қарай жолын жалғастырды.

Мәдиналықтар мерекелік қуанышпен бұл құрметті қонақты қарсы алу үшін жолдың екі жағын алып, тізіліп тұрды. Пайғамбарымыз өтіп бара жатқанда “Қош келдің, уа, Расулалла!” деп дауыстап, кішкентай сәбилерге дейін “Алланың елшісі келді” деп қуанғаны байқалды.

Мәдинаға жеткенде зор ілтипат көрген пайғамбарымыз Халид бин Зәйд, яғни Әбу Әйюб әл-Ансаридың үйіне қонақ болып түсті. Осы үйде жеті айдай тұрды.

МӘСЖИД-И НӘБӘУИДІҢ САЛЫНУЫ

Әбу Әйюб әл-Ансаридың үйінің жанында бос жер бар болатын. Пайғамбарымыз сол жерді сатып алып, мешіт тұрғызып, қасынан өзі тұру үшін бөлмелер салғызады. Кейін қонақ болып тұрған үйінен осы жерге көшті.

Қазірде мұсылмандар зиярат ететін Мәдинадағы “Мәсжид-и Нәбәуи” міне осы жер. Бұл мешіт салынып жатқан кезде де пайғамбарымыз кірпіш тасып, өзі де жұмыс істеді.

АНСАР МЕН МҰҢАЖИРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ БАУЫРЛАСТЫҚ

Меккеден көшіп, Мәдинаға қоныстанған мұсылмандар “Мұһажир”, ал Мәдинаның жергілікті халқы мұһажирлерге жәрдем еткендіктен “Ансар” деп аталып кетті.

Дүние-мүлкін тастап келген мұһажирлерге Мәдиналықтар қолдан келгенше көмек жасады. Оларды бауырға басып, үйлеріне қонақ етіп, не бар бәрін бөлісті.

Әлем тарихында бір-бірін осылай шынайы жақсы көрген, бір-біріне сүйіспеншілікпен байланған басқа қауым кездеспейді. Бұл әлемге үлгі боларлық ерекше оқиға, ислам бауырластығының ең тамаша көрінісі.

Пайғамбарымыз мұһажирлердің әрбірін ансардың біреуіне бауыр етті. Бұл бауырластық қан бауырластығынан да күшті еді. Ислам тарихында әрдайым құрметпен еске алынатын ансар мен мұһажирлер дінімізге көп еңбек сіңірген.

ПАЙҒАМБАР МЕКТЕБІ ЖӘНЕ АСХАБ-Ы СУФФА

Мәсжид-и Нәбәуидің бір жағына жапсарлас үсті жабулы жасалған орын “*Суффа*”, ал ол жердегілер “*Асхаб-ы суффа*” деп аталды.

Бұл жерде үйі жоқ тақыр кедейлер, ешкімі жоқтар тұратын. Олар табылған жұмысты істеп күн көретін. Жұмыс таба алмаған кездері пайғамбарымыз бен сахабалардың ауқаттылары жәрдемдесетін. Бұл топтан үйленгендер, басқа бір үйге шығып, өз алдына отау тігетін.

Бұл жердегілер пайғамбарымызбен бірге болды. Күндерін ғибадат және ілім үйренумен өткізетін. Исламда алғашқы оқу-тәрбие және білім беру мекемесі Суффа мектебі, білім алған сахабалардың ұстазы – Хазірет пайғамбардың өзі болды. Пайғамбарымыздан ең көп хадис риуаят еткен Әбу Хұрайра осы мектепте тәлім алған еді.

Суффа мектебінде оқып-тәрбиеленгендердің арасынан Ислам дінін, Құран Кәрім мен хадистерді жан-жақты меңгерген, олардың мән-мағынасын ашып, түсіндіріп беретін көптеген ғалымдар шықты. Басқа жерлерге Исламды түсіндіру үшін әуелгі кезекте солар жіберілетін.

Осы себепті Суффа деп аталатын бұл жер – Ислам тарихындағы алғашқы ашылған мектеп болып саналады. Бұл мектепте тәрбиеленгендер Исламның таралып, дінді үйретуде маңызды істер атқарды.

СҰРАҚТАР:

- 1) Хижрет деген не?
- 2) Пайғамбарымыздың және мұсылмандардың хижрет етуінің себебі не?
- 3) Хижрет оқиғасын және хижрет кезінде пайғамбарымыз көрсеткен мұғжизаларды айтып беріңіз.
- 4) Ислам тарихында алғаш қай мешіт салынды?
- 5) Жұрт пайғамбарымызды Мәдинада қалай қарсы алды және ол алғаш кімнің үйінде қонақ болды?
- 6) Мәсжид-и Нәбәуи деген не? Ол қай жерге салынған?
- 7) Ансар және мұһажир дегендер кімдер?
- 8) Асхаб-ы суффа деген кімдер, олар Исламға қалай қызмет етті?



Тақырыптар:

- Бәдір соғысының себептері
 - Бәдір соғысы және нәтижесі
 - Ұхұд соғысының себептері
 - Ұхұд соғысы және нәтижесі
 - Хәндәк соғысының себептері
 - Хәндәк соғысы және нәтижесі
 - Хұдайбия келіссөзі
 - Хұдайбия келіссөзінің нәтижесі
 - Көршілес елдердің басшыларына жолданған Исламға шақыру хаттары
 - Хайбардың алынуы
 - Қағба зияраты (Қаза ұмрасы)
-

БӘДІР СОҒЫСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Пайғамбарымыз мұһажирлермен бірге Мәдинаға қоныстанғаннан кейін де Меккелік мүшріктер дұшпандықтарын қоймады. Мәдинаға жақын жерлерге дейін келіп мұсылмандардың өрісте жайылып жүрген түйелерін алып кетті. Мүшріктер Абдуллаһ ибни Үбәйға хабар салып, Мұхаммедті өлтір немесе Мәдинадан шығарып жіберуді талап етті. Егер оны орындамаса, Мәдинаға шабуыл жасайтындарын айтты. Екінші жақтан мұсылмандармен жасалатын соғысқа дайындалу үшін үлкен сауда керуенін Шамға бағыттады.

Мұсылмандар бұл төніп тұрған қауіптің алдын алып, әзір тұруы керек еді. Керуеннің алдын алу үшін хижреттің екінші жылы Рамазан айында пайғамбарымыз 305 кісілік әскермен жолға шықты. Мұны естіген Меккелік мүшріктер 1000 кісілік қолмен Мәдинаға қарай жылжыды. Бәдір деген жерге келгенде тоқтап, сол жердегі суды бақылауға алды.

Мұсылмандар Мәдинадан соғыс үшін емес, мүшріктердің керуенінің алдын алу үшін шыққан болатын.

Мекке жақтан орасан дұшпан әскерінің келе жатқаны жайында хабар жетті. Осыдан кейін пайғамбарымыз сахабаларымен кеңесіп, жаудың алдынан шығуға шешім қабылдады.

Бәдірге келген Ислам әскері құмдауыт бір алаңға тап келді, бұдан басқа шара болмады. Ол жерде су жоқ екен. Өйткені, олардан бұрын келген мүшріктер суы бар өңірді алып қойыпты. Бірақ мұсылмандар Алладан жәрдем көрді. Сол күні түні бойы жаңбыр жауып, мұсылмандар жағы су тапшылығынан құтылды.

Пайғамбарымыз Ислам дінін көркем мәміле және ілім жолымен таратуға тырысты, ешкімді мәжбүрлемеді. Бірақ шабуылдаған мүшріктерден қорғану үшін Алла Тағала мұсылмандарға қару алып қарсы тұруға рұқсат етті.

БӘДІР СОҒЫСЫ және НӘТИЖЕСІ (h .2-M.624)

Мүшріктер әскер саны мен қару-жарақ жағынан мұсылмандардан басым болатын. Осы себепті соғыста жеңіске жететіндеріне кәміл сенді. Мұсылмандардың рухани күшін есепке алмады. Бұл хақ пен батил, яғни ақиқат пен жалған, иман мен күпір арасындағы күрес еді. Исламның болашағы да осы соғыстың нәтижесіне байланысты болды.

Ертеңіне таңертең екі жақтың әскері қарсыласып, соғыс басталды. Осы кезде пайғамбарымыз қолын көкке көтеріп :

“Уа, Раббым маған уәде еткен жәрдемінді бүгін бер” деп дұға етті. Содан кейін басын сәждеге қойып, Алла Тағалаға былай деп жалбарынды:

“Уа, Раббым, мына бір уыс мұсылман бүгін жойылса, жер бетінде саған құлшылық жасайтын ешкім қалмайды” .

Алла Тағала пайғамбарының дұғасын қабыл алды.

Мұсылмандар иманнан алған күшпен, ерлікпен күресті. Алланың жәрдемімен өздерінен бірнеше есе көп жау әскерін жер жастандырды. Жау жағы тым-тырақай қашты. Олардан соғыс алаңында жетпіс өлген адам, жетпіс тұтқын қалды. Исламның ең үлкен жауы Әбу Жаһил де өлгендердің арасында жатты. Соғыс мұсылмандардың түпкілікті жеңіске жетуімен аяқталды. Бұл соғыста мұсылмандардан он төрт кісі шейіт болды.

Ислам әскері жеңіс қуанышымен Мәдинаға оралды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) тұтқындарға жақсы қарауға бұйрық берді. Тұтқындардың бір бөлігі фидия (белгілі бір мөлшерде қаражат) төлегені үшін босатылады.

Мұндай ақшасы жоқ бірақ хат танитын тұтқындардың әрқайсысы он мұсылманға оқу-жазу үйреткеннен кейін босатылды. Пайғамбарымыздың бұл әрекеті Ислам дінінің оқу-жазуға, білімді болуға қаншалықты мән бергенін көрсетеді.

ҰХҰД СОҒЫСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Мүшріктердің Бәдір соғысында жеңіліске ұшырауы Меккеге үлкен қайғы бұлтын үйірді. Мүшріктер қайғырды. Пайғамбарымызға ең көп дұшпандық жасаған Әбу Ләхаб осы қайғыдан өлді.

Мүшріктер Бәдірдегі ауыр жеңілістің өшін алу үшін мың кісілік әскер дайындады. Бәдір соғысында жақындары өлген бірнеше әйел де әскер қатарына қосылды. Әбу Суфиян басшылығындағы бұл әскер Меккеден шығып, Мәдинаға жақын жердегі Ұхұд тауына барып бекініс құрды.

Пайғамбарымыздың немере ағасы Аббас ол кезде әлі мұсылман емес еді, бірақ Меккеде болатын. Мүшріктердің Мәдинаға қарай кетіп бара жатқанын хатпен жазып, жасырын түрде пайғамбарымызға білдірді. (Пайғамбарымызды өте жақсы көретін немере ағасы Аббас кейін мұсылман болған)

ҰХҰД СОҒЫСЫ және НӘТИЖЕСІ (h.3-M.625)

Хатта жазылғандай шындығында да жау әскерінің Ұхұд тауына дейін келіп, сол жерге бекініс құрғаны белгілі болды. Осыдан кейін пайғамбарымыз сахабаларымен кеңесіп мың кісілік бір жасақпен жау әскері тұрған Ұхұд тауына қарай қозғалды. Жолда бір бармағы бүгулі үш жүз мұнафық (екіжүзділер) жасақтан шығып, мұсылмандардың санын жеті жүзге түсірді.

Мұсылмандар жау тұрған жерге барысымен, арт жағын Ұхұд тауына беріп, соғысқа әзірленді. Ислам жасағының сол жағында бір сай бар еді. Сол жерден жау келмесін деп пайғамбарымыз ол жерге елу кісіден тұратын садақшыларды орналастырды. Оларға былай деп әмір

берді: **“Жау жеңсін, я жеңілсін, мен бұйрық бермейінше бұл жерден қозғалмандар. Жаудың атты әскерлері келмей оқ атпаңдар”**.

Мұсылмандардың ерлікпен күрескеніне төтеп бере алмай, жау әскері жеңіле бастады. Жасақтағы әйелдер де тауға қарай ығысып барады. Бірақ соғыс әлі толықтай біте қоймаған кез. Мұсылмандар жеңіске толық жете қойған жоқ. Сондықтан жаудың соңына түсіп, нәтижені дәл біліп алу керек еді.

Бірақ мұсылмандар жеңдік деп ойлап, жаудың қалдырып кеткен олжаларын жинай бастады. Бұларды көрген елу кісілік садақшылар да басшыларының айтқанына құлақ аспай, бірнешеуінен басқасы орындарын тастап олжа жинауға тұра жүгірді. Әйтпесе, пайғамбарымыз оларға бұйрық бермейінше, орындарынан қозғалмауды әбден тапсырған болатын.

Садақшылардың орындарынан кетіп қалуы мүшріктердің кәдесіне жарады. Дереу жиналып, садақшылар тастап кеткен сай арқылы шабуылға кірісті. Бұл шабуылдан мұсылмандар ауыр жағдайға тап болды. Мұсылмандардың осы абайсыздықтары жеңіп тұрған жерде жеңісті қолдан беруге, бұған қоса, пайғамбарымыздың немере ағасы Хазірет Хамзамен бірге көптеген мұсылман ерлердің қазаға ұшырауына әкеп соқты. Пайғамбарымыздың тісі сынып, беті жараланды, тіпті соғыстың ең қызған шағында да пайғамбарымыз жүзінен аққан қанын сүртіп тұрып, былай дұға етті: **“Уа, Раббым, халқымды кеше гөр... олар не істегендерін білмейді”**.

Міне, пайғамбарымыздың жүрегіндегі мейірімділік пен сүйіспеншілік...

Ұхұд соғысында мұсылмандардан жетпіс кісі шәйіт болды. Ал мүшріктерден жиырма екі адам өлді. Соғыс кезінде Ислам әскеріндегі әйелдер де өз жандарын аямай қызмет етіп, әскерлерге су таратып, жараларын байлап, қызмет көрсетті.

Пайғамбарымыз көп жылдан кейін Ұхұд соғысы болған жерден өтіп бара жатқанда, сол қайғылы күнді еске алып, қасындағыларға былай дейді: **“Мұсылмандар, енді қайта пұтқа табынуларың мүмкін емес. Бұған еш күмәнім жоқ. Мен тек сендер дүниеге табынып кетесіңдер ме деп қорқамын”**.

Бұл соғыста мүшріктер жеңгенімен, жеңіске түбегейлі жете алмай кейін шегінді. Қайтадан күшін жинаған мұсылмандар біршама уақыт

жаудың ізіне түсті. Бірақ жау қайтадан соғысқа беттемей, Меккесіне қайтты. Мұсылмандар болса Мәдинаға оралды.

ҰХҰД СОҒЫСЫНАН АЛЫНАТЫН САБАҚ

Соғыстың басында мұсылмандар жеңіске жеткенімен, соңында неге жеңіліске ұшырады? Мұнда мұсылмандар үшін алатын маңызды сабақтар бар:

Үлкендердің сөзін тыңдамау, басшыларға бағынбау, қасиетті қызмет болып саналатын күзету және сақшылықты тастап, жеке басының қамын ойлап кету бір қол әскердің жеңіліске ұшырауына себеп болды. Бұдан тек қана осы қателіктерді жасаушылар ғана емес, бүкіл халық зардап шекті.

Ұхұд соғысында осылай болған еді. Сайға орналастырылған садақшылардың пайғамбарымыздың әміріне бағынбауы және күзет орындарын тастап, олжа жинауға кетіп қалуы – Ислам әскерінің жеңіліске ұшырауына және мұсылмандардың зардап шегуіне себеп болды.

Бұл тарихи оқиға – мұсылмандар үшін үлкен сабақ.

ХӘНДӘК СОҒЫСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Пайғамбарымыз Мәдина қаласына көшкеннен кейін, сол жердегі иудейлермен келіссөз жасады. Құбаға жақын тұратын Надирұлдары деп аталатын иудейлер Ұхұд соғысынан кейін мұсылмандардың мазасын ала бастады. Мұсылмандармен жасасқан келіссөздерін бұза бастады. Мұнымен де қоймай пайғамбарымызды өлтіру үшін қастандық та әзірледі. Сондықтан иудейлер мекендерінен қуылып, жер аударылды.

Иудейлердің басшысы мұны сылтау етіп, Меккеге барды. Ол жерде мүшріктермен келісім жасады. Ұхұд соғысынан екі жылдан кейін мүшріктер Әбу Суфиян бастаған он мың кісілік жасақпен Мәдинаға шабуыл жасау үшін Меккеден қозғалды. Бұл жағдайдан хабардар болған пайғамбарымыз әдеттегідей сахабаларымен ақылдасып, жауға қарсы соғыс тәсілін өзгерте отырып, Мәдинаны қорғауды ұйғарды.

ХӘНДӘК СОҒЫСЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕСІ (Һ.5 – М. 626)

Мүшріктердің үлкен жасақпен Мәдинаға келе жатқанын естіген Пайғамбарымыз дереу сахабаларымен кеңесті. Мәдинаны ішінен қорғап, жаудың ішіне кіруіне тосқауыл болу үшін қаланың айналасына ор қазуды ұйғарды (“хәндәк” - ор деген сөз). Пайғамбарымыз басылық еткен мұсылмандардың тоқтаусыз, тынбастан жұмыс жасауының нәтижесінде ор алты күнде қазылып бітті.

Жау әскері Мәдинаға келген кезде орды көріп абдырап қалды. Өтетін өткел іздеді, бірақ таба алмады. Мұсылмандар күндіз-түні күзетте тұрып, жауға шабуылдауға мүмкіндік бермеді. Пайғамбарымыздың өзі де таңға дейін күзетте тұрды.

Жау әскерінің қоршауы ұзаққа созылған сайын Мәдинада таршылық, ашаршылық бола бастады. Мұсылмандар қатты қиналды. Мезгіл қыс болғандықтан суық пен аштық әбден титықтатты.

Қоршаудың басталғанына жиырма жеті күн болды. Пайғамбарымыз Аллаға былай деп жалбарынды:

“Уа, Алла! Құран жіберген Раббым... жаумен тез есептесетін Раббым, мынау жаудың көзін жоя көр... Оларды жеңіліске ұшырат... Жігерлерін құм қыла гөр, Алла!...”

Дұғасын бітіргенде, жүзінен қуаныш сезімі байқалды. Дұғасы қабыл болған еді.

Мұсылман сарбаздарға Алладан жәрдем болатынын қуана хабарлады.

Кешке қарай жау жағында қатты жел тұрды. Аз ғана уақыттың ішінде дауылға ұласып кеткен бұл жел құм-топырақты болып, жаудың бетін, көзін басып, шатырларын құлатып, қиратты. Тамақ істейтін қазандарын төңкеріп, оттарын сөндіріп тастады. Табиғаттың күші жаумен соғысып жатқандай еді. Бұл жағдай жаудың зәресін ұшырды. Көп шыдай алмады. Он мың кісілік жасақтың күл-талқаны шықты. Сол күні түнде қатты қорыққан жау әскерінің есі шығып, тағамдары мен дүние-мүлкін тастап қаша жөнелді.

Таңертең дауыл басылды. Мәдинаның маңайында дұшпан қалмапты. Мұсылмандар өздерін құтқарғаны үшін Аллаға шүкір етті. Бәдір, Ұхұд және Хәндәк соғыстарынан ешқандай нәтиже шығара алмаған Меккелік мүшріктер Ислам нұрын сөндіре алмайтындарына көз жеткізді. Содан кейін мұсылмандарға шабуылдауын доғарды.

ХҰДАЙБИЯ КЕЛІССӨЗІ (h.6-M.628)

Меккеден Мәдинаға көшіп келген мұсылмандар кіндік қаны тамған жерлерін сағынды. Меккедегі қасиетті Қағбаны зиярат еткілері келді. Хазірет пайғамбарымыз хижреттің алтыншы жылы Қағбаны зиярат ету мақсатымен бір мың төрт жүз кісімен Меккеге бару үшін жолға шықты. Меккеліктер мұны естісімен мұсылмандарды Меккеге кіргізбеуді ұйғарды.

Сондықтан мұсылмандар Хұдайбия деген жерге тоқтады. Пайғамбарымыз Хазірет Османды елші етіп Меккеге жіберіп, Қағбаға зиярат еткісі келетіндіктерін жеткіз деді. Меккеліктер мұсылмандардың Қағбаны зиярат етуіне рұқсат бермеді, мұны келесі жылға қалдырыңдар деді. Ұзақ кеңескеннен кейін мұсылмандар мен мүшріктер арасында келіссөз жасалды.

Бұл келіссөздің шарттары мынадай еді :

- 1) Мұсылмандар биыл Қағбаны зиярат етпей Мәдинаға кері қайтады.
- 2) Келесі жылы Меккеге келеді, бірақ үш күннен артық қалмайды.
- 3) Мұсылмандар Меккеге қарусыз келеді.
- 4) Мұсылмандар Меккедегі мұсылмандардың ешқайсысын Мәдинаға алып кетпейтін болады. Мәдиналықтардан Меккеде қалғысы келгендер болса, қалуларына болады.
- 5) Меккелік мұсылмандардан және мүшріктерден біреуі Мәдинаға баратын болса, кері қайтарылады. Мұсылмандардың біреуі Құрайыш жағына өтетін болса, ол кері қайтарылмайды.
- 6) Араб тайпалары қалаған жағына қосылады.
- 7) Келіссөзден кейін пайғамбарымыз бен сахабалары Қағбаны зиярат етпестен кері қайтады.

ХҰДАЙБИЯ КЕЛІССӨЗІНІҢ НӘТИЖЕСІ

Келіссөздің шарттары бір қарағанда мұсылмандар үшін өте ауыр сияқты болып көрінді. Соған қарамастан пайғамбарымыз бұл шарттарға келісті. Өйткені, бұл келіссөздің алдағы уақытта мұсылмандар үшін өте пайдалы болатынын білді. Шынында да солай болды. Мә-

динаға қайтар жолда “Фатх” сүресі түсті. Бұл сүреде Алла Тағала мұсылмандарға үлкен жеңістің қуанышты хабарын жеткізді. Меккеде мүшріктер қол қойған бұл келіссөз арқылы алғаш рет мұсылмандарды мойындады.

Арадан көп уақыт өтпей Меккеліктерден кейбір кісілер мұсылман болып, Мәдинаға келді. Бірақ келіссөздегідей мүшріктер олардың кері қайтарылуын талап етті. Осыдан кейін мұсылман болып Меккеден қашқандар Мәдинаға бара алмағандықтан, Мекке мен Мәдина арасындағы бір жерге жинала бастады. Бұл жер – Меккеліктердің керуені өтетін маңызды жер еді.

Уақыт өте келе, бұл жерде мұсылмандар өз алдына күшті бір топты құрады. Меккеліктер бұл жағдайдан сауда жолдарына қауіп төнетіндігін ойлап, қорқа бастады. Пайғамбарымызға елші жіберіп, қалаған Меккелік мұсылмандардың Мәдинаға келуіне болатынын айтып, келіссөздің бұл бабын өзгертуін сұрады. Пайғамбарымыз бұл тілектерін қабыл алды. Осылай бастапқыда мұсылмандар үшін зиянды болып көрінген келіссөздің бір бабы мүшріктердің қалауымен өзгертілді.

Хұдайбия келісімі бойынша мұсылмандар мен мүшріктер арасында араздық біраз азайды. Мұсылмандар тыныш өмір сүре бастады. Исламның үні жарқын естіле бастады. Меккедегі беделді адамдар Мәдинаға келіп, мұсылмандықты қабылдап жатты. Бұл келісім мұсылмандардың көбеюіне әрі күшеюіне себеп болды. Нәтижеде Ислам қанатын кең жая түсті.

КӨРШІЛЕС ЕЛДЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫНА ЖОЛДАНҒАН ИСЛАМҒА ШАҚЫРУ ХАТТАРЫ

Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) бүкіл адамзатқа пайғамбар болып жіберілді. Сол себепті Хұдайбия келіссөзінен кейін Ислам дінін дүние жүзіне жеткізу міндетін жүзеге асыруға кірісті. Византия, Иран, Мысыр, Эфиопия, Омман және Бахрейн елдерінің басшыларына елшілер жіберілді. Исламға шақырып, хат жолдады. Пайғамбарымыз күмістен мөр жасатып, үстіне **“Мұхаммәдур-расуллұллаһ”** деп жаздырды. Жазған хаттардың асты осымен мөрленді.

Хабәшістан билеушісі Исламға шақыру хатын алысымен мұсылмандықты қабылдады. Византия мен Мысыр билеушісі пайғамбарымыздың елшілерін жақсылап күтті. Бірақ мұсылмандықты қабылдама-

ды. Ал Иран билеушісі пайғамбарымыздың хатын оқығанда әдепсіздік көрсетті. Қатты ашуланып хатты жыртып тастады. Бұл билеуші көп ұзамай-ақ өз ұлының қолынан өліп, пайғамбарымызға көрсеткен тәрбиесіздігінің жазасын тартты.

ХАЙБАРДЫҢ АЛЫНУЫ (h.6-M.628)

Хайбар – Сирия жолының үстіндегі иудейлердің тұратын жері болатын. Бұл жерде жеті камал бар еді. Мәдинадан қуылған иудейлердің бір бөлігі осы жерде мекендеп жатты. Хайбар иудейлері Мәдинаға шабуылдау үшін әскер құрды. Пайғамбарымыз оларға елші жіберіп, келіссөзге келуге шақырды. Иудейлер ол ұсынысты қабылдамады. Мұсылмандарға шабуыл жасау үшін Ғатафан арабтарымен келісті. Олар шабуылды бастамай тұрып, мұсылмандар олардан бұрын әрекет етіп, бір мың алты жүз кісілік жасақпен аттанды. Үш күнде Хайбарға жеткен мұсылмандарды көріп иудейлер камалдарына тығылды. Сол арада пайғамбарымыз былайша дұға етті:

“Уа, Раббым, біз сенен бұл елдің, осы өңірдің халқының, осы елдегі барлық нәрсенің жақсылығын ғана тілейміз. Оның халқы мен барлық жаманшылығынан өзін сақта”.

Алдымен пайғамбарымыз келісімге келуді ұсынды, бірақ иудейлер ұсынысты қабылдамады. Нәтижеде соғыс басталды. Он күнге созылған, кескіліскен соғыстың нәтижесінде камалдар бірінің артынан бірі алынды. Хазірет Әли бұл соғыста ерен ерлік көрсетті. Бір сәт қалқаны қолынан ұшып кеткенде, бекіністің есігін жұлып алып, өзіне қалқан етіп, шайқасуын тоқтатпады. Соғыста мұсылмандардан он кісі шейіт болды. Ал иудейлерден тоқсан үш адам өлді.

Кейбір мұсылман әйелдер тоқыма тоқып, өздерінің тапқан-таянғандарымен әскерлерге көмектесіп, жаралыларға дәрі беріп, соғыс алаңында жауынгерлерге су таратып, соғысқа белсене қатысты. Шарасы таусылған иудейлер келісімге келуді сұрады. Өз жерлерінде қалып, шаруашылықпен айналысып, тапқан өнімдерінің жартысын мұсылмандарға беріп отыруға ұсыныс жасады. Осындай ұсыныстары қабыл болады. Пайғамбарымыз иудейлерге жақсылық жасады. Соған қарамастан, олар ас беріп, қонаққа шақырып, Расулды уламақшы болды. Алла пайғамбарымызға тамаққа у қосылғанын білдірді. Сөйтіп ауызға салған тамағын қайта шығарып, бір уланудан аман қалды.

ҚАҒБА ЗИЯРАТЫ (Қаза ұмрасы) (h.7-M.629)

Бір жыл бұрын жасалған Хұдайбия келісіміне байланысты бұл жылы мұсылмандар Меккеге барып, Қағбаны зиярат етпекке ниеттенді. Пайғамбарымыз екі мың мұсылманмен бірге Мәдинадан Меккеге келді. Қағбаны көрген кезде бәрі бірден “Аллаһу әкбар” деп тәкбір айтты. Қағидаларына сай Қағбаны зиярат етіп, ихрамнан шықты. Ертесі күні пайғамбарымыз Қағбаға кірді. Түскі намаздың уақыты кірісімен Біләл Хабаши ашық әрі әдемі дауыспен азан оқыды. Екі мың мұсылман жамағатпен Бесін намазын оқыды.

Мұсылмандар Меккеде үш күн болып кері қайтты. Осы зиярат кезінде Меккеліктер мұсылмандарды мұқият қадағалады. Мұсылмандардың тазалығы, көркем мінезі оларға қатты әсер қалдырды. Исламға деген сүйіспеншіліктері ояна бастағандай. Көп өтпей Құрайыш басшыларынан Халид бин Уәлид пен Амр бин Ас Мәдинаға барып мұсылмандықты қабылдады.

СҰРАҚТАР:

- 1) Бәдір соғысы қашан және кімдер арасында болды?
- 2) Бәдір соғысының себептері мен нәтижелері.
- 3) Ұхұд соғысы қашан және қалай болды?
- 4) Ұхұд соғысының себептері мен нәтижелері.
- 5) Бұл соғыстан мұсылмандар қандай сабақ алуы керек?
- 6) Хәндәк соғысы қашан болды, себептері мен нәтижелері.
- 7) Хұдайбия келіссөзі қашан, кімдер арасында болған және оның нәтижелері?
- 8) Пайғамбарымыз қандай елдердің басшыларына Исламға шақыру хаттарын жіберген?
- 9) Хайбар қашан және қалай алынды?
- 10) Қағба зияраты қашан болды?

Тақырыптар:

- Меккенің азат етілуі
- Хүнәйн соғысы
- Өутас соғысы және Тайфтың қоршауға алынуы
- Тәбүк сапары
- Дырар мешітінің жығылуы
- Пайғамбарымыздың соғыстарының ерекшеліктері
- Хазірет Әбу Бәкірдің қажылыққа бас болуы
- Қоштасу қажылығы
- Қоштасу құтпасы
- Пайғамбарымыздың тарихи қоштасу құтпасынан үзінділер
- Пайғамбарымыздың науқастануы және қайтыс болуы
- Пайғамбарымыздың қайтыс болғанынан кейінгі оқиғалар
- Пайғамбарымыздан балалары
- Ашара-и Мүбәшшара
- Пайғамбарымыздың сахабалары
- Пайғамбарымыздың адамзатқа үлгі болған адамгершілік қасиеттері

МЕККЕНІҢ АЗАТ ЕТІЛУІ (h.8-M.630)

Меккеліктер Хұдайбия келісімін бұзды. Пайғамбарымыз оларға хабар жібере отырып, келіссөздердің шарттарына мойынсұнуды сұрады. Меккеліктер шарттарға мойынсұнудан бас тартты. Қанша келіссөз жүргізсе де, ешқандай нәтиже шығара алмаған соң, пайғамбарымыз (с.а.у.) Мекке қаласын азат етуді ұйғарды. 10000 әскер жинап, хижреттің 8-жылы Рамазан айында Меккеге аттанды.

Меккеліктердің мұсылмандарға қарсы тұратындай күші жоқ еді. Ислам әскері Меккеге төрт жақтан кірді. Пайғамбарымыз Меккені қан төкпей алғысы келді. Сондықтан жауынгерлерге былай деді:

“Қан төгуші болмандар, қару көтермендер!”

Бәрі де пайғамбарымыздың айтқанындай болды. Мекке қаласы бейбіт түрде азат етілді. Пайғамбарымыз Харам-Шарифке барып, пұттардан тазартып, ол жердегі жиналып тұрған жамағатқа құтпа оқыды. Құтпасында Алланың бір, адамдардың бір-бірімен тең екендігін, өткен-кеткен қан дауларының біткендігін айта келіп, мынадай мағынаны білдіретін аятты оқыды:

“Уа, адамдар, біз сендерді бір ер және әйелден жараттық. Өзара танысарсыңдар деп сендерді ұлтқа, қауымға бөлдік. Араларында кім Алладан қатты қорықса, сол Алланың жанында мәртебеге ие болады, Алла толық білуші, барлық нәрседен хабар алушы.”¹

Меккеліктер кезінде пайғамбарымызды өлтіруге талпынып, алғашқы мұсылмандарға адам төзе алмайтындай зорлық-зомбылық көрсетіп, Исламды жөргегінде тұншықтырмақ болған болатын. Енді бастары салбырап, өздеріне берілетін үкімді күтіп тұрды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) олардан былай деп сұрады:

– **“Ей, Құрайыш қауымы, сендерге не істейтінімді білесіңдер ме?”**

– “Сен текті әрі қадірменді бір бауырымызсың”, – десті олар.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) осы жерде де ұлылығын көрсетіп:

– **“Бүгін сендерді айыптамаймыз, бәрің де азатсыңдар”**, – деп, мүшріктердің бәрін кешірді.

Меккені азат еткен пайғамбар аса мейірімді әрі өте кешірімділігімен көптің көңілінен шықты. Жұртқа тамаша адамгершілік қасиеттерімен өнеге болды. Мекке азат етілген күні Хазірет Біләл Хабаши Бесін азанын Қағбаның төбесіне шығып шақырды. Намаз оқылғаннан кейін пайғамбарымыз Сафа төбесіне шықты. Жаңадан мұсылман болғандар да сол жерге жиналды. Алдымен ерлер, кейін әйелдер серт берді (яғни пайғамбарға бағынуға уәде берді).

ХҮНӘЙН СОҒЫСЫ (h.8-M.630)

Меккені азат еткеннен кейін Қағба пұттардан тазартылып, мүшріктердің көбі мұсылман болды. Ислам нұры шартарапқа жылдам тарала бастады.

1 Хужурат сүресі, 13-аят

Меккеге жақын тұратын Хауазин деген тайпа бар еді. Олар пұтқа табынатын. Меккедегі пұттар қиратылғаннан кейін кезек өз пұттарына келетіндігін ойлаған олар мұсылмандармен соғысуға шешім қабылдады. Мұсылмандарға шабуыл жасау үшін Мекке мен Тайф арасындағы Хүнәйн деген жерге 20.000 әскерден тұратын қалың қол жинады.

Пайғамбарымыз әлі Меккеден Мәдинаға оралмаған еді. Дұшпандардың бұл дайындығын естіп, 12 мың кісілік әскер жинап, жау орналасқан Хүнәйн деген жерге аттанды.

Жау тар бір сайда тұзақ құрып жатты. Мұсылмандар көптіктеріне сеніп, дұшпанды менсінбей, қажетті алдын алу шараларын жасамады. Танертең ерте Ислам әскері сайдан өтіп бара жатқан кезде аңдып отырған жау әскерінің шабуылына ұшырады. Мұсылман әскерінің қатары бұзылып, жан-жаққа бытырады. Бұл жағдай Исламның келешегі үшін аса қауіпті еді.

Жау әскерінің күшті соққысына батылдықпен қарсы тұрып, соғыс алаңында орнынан тапжылмаған бір-ақ ер қалды. Ол Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) еді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) тым-тырақай қашқан мұсылмандарды қасына шақырды. Оның даусын естіген Ислам әскері қайтадан жинала бастады. Дереву ес жиып, жауға лап қойды. Бұл күтпеген шабуылдан жау әскері неге тап болғандарын түсінбей әбіржіп қалды. Іле шегінулері басталды. Мұсылмандар соғыстың басында бір сәт жеңілгенімен, кейін жеңіске жетті. Қуаныштарында шек болмады. Жау әскері соғыс майданына көптеген тұтқын, мыңдаған түйе, қой және көп мөлшерде күміс тастап қашқан екен. Мұсылмандар көп олжаға кенелді.

Мұсылман сарбаздар бұл жеңіске пайғамбарымыздың (с.а.у.) батылдығы, шыдамдылығы және табандылығының арқасында қол жеткізді.

ӘУТАС СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ТАЙФТЫҢ ҚОРШАУҒА АЛЫНУЫ (h. 8-M.630)

Мұсылмандар Хүнәйннен қашқан жауды Әутас деген жерге дейін түре қуды. Ол жерде жиналмақшы болып жатқан жаудың үстінен түсіп, оларды да жермен-жексен етіп, толық жеңіске жетті. Жау осыдан кейін ес жия алмады. Бұл соғыста мұсылмандардан төрт кісі шейіт болды, ал жаудан жетпіс кісі өлді.

Тайфтың қоршауға алынуы

Хүнәйн соғысында мүшріктерді бастаған Мәлік бин Ауф қашып барып, Тайф қамалын паналады. Сондықтан Ислам әскері Тайф қамалын қоршауға алды. Тайфтықтар қамалға тығылып, қорғанды. Қоршау бір айға дейін созылды. Бірақ қамал өте берік болғандықтан алынбады. Мұсылмандар қоршауды тастап, кейін қайтты. Тайфтықтар кейін пұтқа табынудан бас тартып, мұсылмандықты қабылдады.

Пайғамбарымыз жаңадан мұсылман болған Меккеліктерге Құран Кәрім мен Ислам дінін үйрету үшін Муаз бин Жәбәлді Меккеге қалдырып, өзге сахабаларымен Мәдинаға оралды.

ТӘБҮК САПАРЫ (h. 9-М.630)

Тәбүк – Мәдина мен Шамның арасындағы жер. Мекке азат етілгеннен кейін Ислам діні жылдам тарай бастады.

Византия патшалығы Исламның таралуын тежеу үшін соғысқа дайындала бастады. Христиан арабтар соларға барып қосылды.

Мұны естіген мұсылмандар ерікті әскер жинауға көшті. Хазірет Әбу Бәкір мен Хазірет Осман жасақты қару-жарақ, азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін көп көмектесті. Әйелдер де әшекей бұйымдарын беріп, үлес қосты. Жауды тойтару үшін пайғамбарымыз отыз мың кісілік әскермен Мәдинадан жолға шықты. Жаздың ыстық күндерінде жүздеген шақырымдық шөлді басып, Тәбүкке жетті. Жау соғыстан қашып, қамалдарына тығылды. Мұсылмандар өздеріне ешкім қарсы шықпаған соң соғыспай кері қайтты. Дұшпанның бетін осылай қайтарған бұл сапар нәтижелі болды.

Оқу мәтіні:

Дырар мешітінің құлатылуы...

Мұнафықтар Құба мешітінің жамағатын бөліп, мұсылмандардың арасына іріткі салуды көздеді. Басшылары Әбу Әмір Ұхұд және Хүнәйн соғыстарында мұсылмандармен соғысып, ешқандай нәтиже болмаған соң Шамға қашып кеткен еді. Шамда жүріп мұнафықтарға мынадай хабар жолдайды: **“Қаруларыңды сақадай сай етіп әзірленіңдер, дереу бір ғибадатхана тұрғызыңдар. Мен Византия пат-**

шалығына кетіп бара жатырмын. Үлкен жасақпен Мұхаммед пен сахабаларын Мәдинадан айдап шығарамын”.

Осы кісінің қолдауымен мұнафықтар жабылып Дырар мешітін салды. Сөйтті де әр нені сылтауратып пайғамбар мешітіне бара алмайтынын айтып, осы мешітке жиналғылары келді. Сыртқы көрінісі мешіт сияқты болғанымен, бұл негізінде мұсылмандарды бөлу үшін, араға іріткі салу үшін салынған бүліктің ошағы еді.

Мұнафықтар пайғамбарымызды шақырып, мешітті ашып беруді сұрады. Бұл кезде Алла Тағала Жәбірейілді жіберіп, мешіттің мұсылмандарды бөлу мақсатында салынғанын білдіреді. Сондықтан пайғамбарымыз Тәбүк жорығынан келе жатқанда арнайы соғып бұл мешітті қиратты. Сөйтіп мұнафықтардың арам ойы іске аспады. Ал Әбу Әмір болса Шам қаласында жүріп ит қорлықпен өлді.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ СОҒЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Пайғамбарымыз жұртты жылы сөзбен Исламға шақыратын, ешкімнің көңілін қалдырмайтын, ренжітпейтін. Солай бола тұрса да, мүшріктер пайғамбарымызға және оған сенгендерге неше түрлі жамандықтар жасайтын. Діни сеніміне бола көптеген мұсылманды қинап, зорлықпен өлтірді.

Мұсылмандар өздеріне жасалған қатігездіктерге тура он үш жыл бойы төзді. Ақырында туып-өскен жерін тастап, Мәдинаға көшуге мәжбүр болды. Бірақ Мәдинада да оларға тыныштық болмады. Мұндай жағдайларда мұсылмандар өздерін қорғау үшін соғысудан басқа шара таппады. Сол себепті хижреттің екінші жылы соғысуға рұқсат еткен аяттар түсті. Ол аяттардың мағынасы мынандай:

“(Шынында өздеріне шабуыл жасалып) Зұлымдыққа ұшырағандарға соғысуға рұқсат берілді. Аллаһтың оларға жәрдем беруге күдіреті жететіні шүбәсіз.”²

“Өздеріңмен соғысқандармен Алла жолында сендер де соғысыңдар, бірақ тым артық кетпеңдер. Алла тым артық кетіп, зорлық-зомбылық көрсеткендерді жақсы көрмейді”

2 Хаж сүрес, 39-аят

Осы аяттарға қарасақ та, пайғамбарымыздың соғыстарына қарасақ та мынадай ерекшеліктерді байқаймыз :

1) Пайғамбарымыздың соғыстары өздері бастап шабуылдау, басып алу мақсатында емес. Өйткені, Ислам – бейбітшілік діні.

2) Бұл соғыстар – жаудың шабуылын тойтау, оларға жол бермеу, Алланың атын ұлықтау, мұсылмандардың діндерін, мал-жанын қорғау үшін жасалған. Өйткені әділетсіздік пен зорлық-зомбылыққа ұшырағандар өздерін қорғауға құқылы.

ХАЗІРЕТ ӘБУ БӘКІРДІҢ ҚАЖЫЛЫҚҚА БАС БОЛУЫ (h.9 – M.631)

Хижреттің тоғызыншы жылы, қажылық уақытында пайғамбарымыз (с.а.у.) қажыға бару үшін жиналған үш жүз кісіге Хазірет Әбу Бәкірді басшы етіп тағайындап, Меккеге жолға салды. Артынан Хазірет Әлиді жіберді.

Хазірет Әли қажылықтың қалай орындалатынын түсіндіріп, мынаны ескертті:

“Бұдан былай пұтқа табынатындардың қажылық жасауына және Қағбаны жалаңаш күйде тауап етуге тыйым салынды”.

Ислам тарихында алғаш рет осы жылы діни негіздерге сүйене отырып, қажылық міндеті өз деңгейінде орындалды.

ҚОШТАСУ ҚАЖЫЛЫҒЫ (h.10 – M. 632)

Мекке азат етілгеннен кейін Ислам діні жылдам тарады. Алла бір деген сенім жүректерге нық бекіді. Құтылу жолының Исламда екеніне көзі жеткен адамдар өз қалауымен топ-тобымен келіп мұсылман бола бастады. Жиырма үш жылдық қасиетті күрестің қайырлы, тамаша жемісін көрген пайғамбарымыз (с.а.у.) хижреттің оныншы жылы жүз мыңнан астам мұсылманмен бірге қажылыққа барды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Арафатта шамамен жүз жиырма төрт мың мұсылманға үн қатып, әйгілі құтпасын оқиды. Бұл құтпа **“Қоштасу құтпасы”** деп аталды. Бұл құтпадан кейін мынандай мағынаны білдіретін аят түсті:

“Бүгін сендердің діндерінді кемеліне келтірдім. Нығметтерімді тәмамдадым. Және сендерге дін етіп Исламды таңдадым”³

Пайғамбарымыз (с.а.у.) ақырет сапарына жақындағанын және осыдан кейін қажылық жасай алмайтынын түсінгендіктен, сол жерде мұсылмандармен қоштасты. Сондықтан бұл қажылық **“Қоштасу қажылығы”** деп аталды.

Пайғамбарымыз қажылық міндетін орындаған соң, бірге келген мұсылмандармен бірге Мәдина қаласына оралды.

ҚОШТАСУ ҚҰТПАСЫ

Бұл құтпада адамдардың өзара теңдігі айтылып, шын мәнінде бақытты әрі тыныш өмірдің іргетасы қаланды. Ол кезде дауысты алысқа жеткізетін құрал болмағандықтан, пайғамбарымыздың аузынан шыққан әр сөзді басқа біреу қайталап, бүкіл жиналғандар бір-біріне естіртті. Бұл құтпа адамның құқығын қорғайтын маңызды үкімдер жинағын қамтыды.

Қоштасу құтпасында айтылған үкімдер:

Исламнан бұрынғы қараңғылық дәуірінің нашар әдет-ғұрыптары жойылды.

Барлық адам тең. Біреудің басқадан артықшылығы Аллаға құрмет көрсетуіне (тақуалығына) байланысты.

1) Жан, мал-мүлік және ар-намыс қасиетті, әр түрлі зорлық-зомбылықтан қорғалған.

2) Аманат иесіне берілуі керек.

3) Өсімнің (пайыздың) барлық түрі харам.

4) Қан дауы (қанға – қан) жойылды.

5) Ер кісілер әйелдердің құқын қорғайды, әйелдер де ер кісілердің құқына құрмет көрсетеді. Әйел де, ер де зинадан бойын аулақ ұстауы керек.

6) Барлық мұсылман бір-бірімен бауыр. Діни бауырластық құқына қиянат жасау – харам.

7) Қызметшілерге жақсы қарау керек.

³ Мәйдә сүресі, 3-аят

Пайғамбарымыздың тарихи қоштасу құтпасынан үзінділер:

Уа, жарандар!

Сөзімді мұқият тыңдаңдар. Сірә, енді сендермен бұл жерде қайта кездесе алмаспын.

Уа, халайық! Бұл күндерің қандай қасиетті болса, мынау айларың қандай қасиетті болса, мына қала (Мекке) қандай қасиетті болса, жандарың, малдарың, намыстарың да сондай қасиетті, әр түрлі зорлық-зомбылықтан қорғалған.

Сахабаларым! Ертең Раббыларыңа қауышасыңдар және бүгінгі барлық іс-әрекеттеріңнен сұралатындарың анық. Меннен кейін ескі қалыптарыңа түсіп, жолдарыңнан адаспағайсыңдар, тіпті ол өткендеріңе мойын бұрып та қарамаңдар. Бұл өсиетімді осы жердегілер бұл жерге келе алмағандарға естіртсін. Бәлкім, ол адам осы жерде тұрып өз құлағымен естіген адамнан да жақсы түсініп, орындар.

Сахабаларым! Кімде аманат болса, иесіне берсін. Өсімнің барлық түрі жойылды. Бірақ негізгі борыштарыңды өтендер. Жәбір жасамаңдар, жәбірге ұшырай көрмеңдер де. Алланың әмірі бойынша өсімқорлыққа (пайызға беру, алу) тыйым салынды. Қараңғылық дәуірінің сарқыншағы болып табылатын бұл жаман әдеттің барлық түрі менің аяғымның астында.

Сахабаларым! Қараңғылық дәуіріндегі қан даулары да түп-тамырымен жойылды.

Уа, халайық! Бүгін шайтан сендерге билік жүргізе алатындай күшін жоғалтты. Бірақ мен жойған нәрселерден басқа елеусіз болып көрінген істерде оның тілін алсаңдар, осының өзі оны қуантуға жеткілікті. Діндеріңді қорғау үшін бұлардан аулақ жүріңдер.

Уа, әлеумет! Әйелдердің құқықтарына құрметпен қарауға және бұл тұрғыда Алладан қорқуға кеңес беремін. Сендер әйелдерге тәңірінің аманаты деп қараңдар. Олардың ар-намысын, ұятын Алла атынан уәде беріп өздеріне адал етіндер. Сендердің әйелдеріңнің алдында, әйелдердің де сендердің алдарыңда құқықтары бар. Әйелдердің алдындағы құқыларың олардың жар төсегін былғатпауы.

Уа, мүминдер! Сендерге аманат қалдырып барамын. Содан айырымдаспаңдар, еш уақытта адаспайсыңдар. Ол аманат – Алланың кітабы Құран.

Мүминдер! Сөзімді мұқият тыңдаңдар және ұғыңдар. Мұсылман –мұсылманның бауыры, бүкіл мұсылман бір-біріне бауыр. Дін бауырластарыңның құқына қиянат ету – харам.

Сахабаларым! Өздеріңе қиянат жасамандар. Өздеріңе тиесілі де ақыларың бар.

Уа, адамдар! Алла Тағала құқы бардың бәріне өз құқын (Құранда) берген. Ендеше, мұрагерлерге өсиет етудің керегі жоқ.

Уа, халайық! Раббыларың – біреу. Әкелерің – біреу. Бәрің Адамның ұрпағысыңдар. Ал адам топырақтан жаратылған. Кімде-кім Аллаға құрмет көрсетсе, Алланың жанында сол адам құрметке бөленеді. Алла алдындағы тақуалығынан басқа арабтың араб еместен ешқандай артықшылығы жоқ.

Уа, халайық! Ертең сендерден мені сұрайды. Сонда не дейсіңдер?

Сол жердегілер:

“Елшілік міндетінді кәміл атқардың, бәрімізге өсиет айтып, үгіт-насихат жүргіздің деп куә боламыз”, – деді. (Сол кезде Алланың расулы сұқ саусағын жоғары көтеріп жамағатты үстінен ишара жасап былай деді: **Куә бол, Аллаһ. Куә бол, Аллаһ. Куә бол, Аллаһ.**

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ НАУҚАСТАНУЫ және ҚАЙТЫС БОЛУЫ (h.10 – M.632)

Пайғамбарымыз қоштасу қажылығын жасап, Мәдинаға оралды. Осы міндетінің аяқталып, бұл дүниеден көшетін уақытының келгенін түсінді. Ауруы күннен-күнге үдей берді. Науқас болса да азан оқылғанда мешітке барып намаздарын оқитын. Бірақ бақиға аттанарының алдында үш күн халі нашарлайды. Мешітке бара алмады. Хазірет Әбу Бәкірге жамағатқа имамдық етіп, намаз оқытуды тапсырды.

Қызы Хазірет Фатима күн сайын әкесіне барып тұрды. Ажал аузында жатса да қызына былай деп үгіт-насихат айтты:

“Әй, пайғамбардың қызы Фатима, өзінді ақырет күні құтқаратындай қайырлы істер жасауға тырыс. Пайғамбар қызы болу саған ештеңе бермейді. Мен сені сол күннің азабынан құтқара алмаймын”.

Ауруы күшейіп, халі әбден нашарлаған күндердің бірінде сахабаларына былай деді: **“Сендер қайтадан маған қауышасыңдар. Кездесетін жеріміз – Кәусар хауызының жағасы. Кімде-кім менімен кездескісі келсе, қолы мен тілін керексіз істен, сөзден аулақ ұстасын. Бұл дүниеден көшуім таяу, хабары келді. Аллаға қауышатыныма қуанамын. Бірақ үмбетімнен айырылатын болғандықтан бір жағынан мұңаймын. Мен хабарымды алдым. Аллаға кетіп бара жатырмын”**.

Ажалынан екі күн бұрын сахабаларының жәрдемімен мешітке барды. Жайлап мінбеге көтерілді. Жүзін жамағатқа бұрып былай деді:

“Уа, мұсылмандар! Егер біреулеріңе жамандық істеген болсам, жазасын тартуға әзірмін. Кімде-кімді ұрған болсам, міне арқам, келсін ұрсын. Кімнің менде ақысы кеткен болса, міне малым, келіп ақысын алсын”.

8-маусым, Дүйсенбі күні танертең науқасы біраз жеңілдеген соң мешітке барды. Отырған жерінде Хазірет Әбу Бәкірге ұйып, таңғы намазын жамағатпен оқыды. Мешіттен үйіне қайтып келгенде халі нашарлап кетті. Сол күні күн арқан бойы көтерілген уақытта: **“Уа, Алла, өлім қиындығына шыдайтындай жеңілдік бере гөр. Жанымды қинамай ала гөр”** деп дұға етті. Қасында бір ыдыста суық су тұр еді. Басын суға батырып, жүзін салқындатты.

Түске таман басын көтерді. Сұқ саусағын жоғары көтеріп: **“Рафиқы ағлаға – Ұлы досқа қауышуды қалаймын”** деді. Соңғы сөзі осы болды.

63 жасында қасиетті рухын тәсілім етті. (12-Рабиул-әууал, Дүйсенбі, h. 10 / М. 8 Маусым, 632 жыл).

Мүбәрак денесі қайтыс болған жерге жерленді. Мәдинада оның қабірі орналасқан жер **“Рауза-и Мұтаххара”** деп аталды. Сүйікті расулдың (с.а.у.) пайғамбарлығының 13 жылы Меккеде, 10 жылы Мәдинада өтті. Өмір бойы адамзаттың бақыты үшін тер төкті. Соңғы пайғамбар ретінде міндетін абыроймен орындап, бұл дүниеден өтті.

ҚАЙТЫС БОЛҒАННАН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Пайғамбарымыздың қайтыс болуы мұсылмандардың жанына қатты батты, қайғыдан қабырғалары қайысты. Мәдина қаласының халқы аза

тұтты. Сахабалардың кейбірі оның ажал құшқанына сенгісі келмеді. Осы кезде Хазірет Әбу Бәкір келді. Пайғамбарымыздың бетін ашып сүйді де жылады. Содан кішкене сөз сөйлеп сахабаларды жұбатты.

Сол күні кеңестен кейін Хазірет Әбу Бәкір алғашқы халифа болып сайланды. Ертеңінде, яғни Сейсенбі күні мұсылмандар мешітке жиналып, Хазірет Әбу Бәкірге мойынсұнуға серт берді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайтыс болған күннің ертеңіне, яғни Сейсенбі күні қайтыс болған бөлмесіне жерленді.

Соңғы ауырған кезде Расулалланың қолында жеті дирхам ақшасы бар болатын. Сол ақшаны садақа етіп кедейлерге таратты.

Қайтыс болғанда қолында ешқандай ақша қалмады, артына ақшалай ешқандай мирас та қалдырмады.

Ол қалдырған ұлы мұра – әлемді қараңғы түнектен шығарып, жарық нұрға бөлеген Исламның сәулесі мен адамдарды шын мәніндегі бақытқа кенелткен адамгершілік қасиеттер, ахлақ (парасаттылық) ұстанымдары.

Құран көрсеткен және пайғамбарымыз салып кеткен жолмен жүргендер қандай бақытты!

БАЛАЛАРЫ

Пайғамбарымыздың жеті баласы болды: үшеуі ұл, төртеуі қыз.

Ұлдары: Қасым, Абдуллаһ және Ибраһим.

Қыздары: Зәйнәп, Рүқия, Үммүгүлсім мен Фатима.

Олардың алтауы Хазірет Хадишадан, ал ұлы Ибраһим Мәриядан туған.

Қасым мен Абдуллаһ пайғамбарлық келмей тұрып кішкентай кездерінде шетінеген. Ұлдарының өліміне қатты қайғырды. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тағы бір аты “Әбу-Қасым”. Яғни Қасымның әкесі деген сөз. Өзі осы есіммен аталғанды жақсы көретін. Кішкентай кезде шетінеп кеткен ұлының есімімен аталу көңіліне жұбаныш еді.

Үшінші ұлы Ибраһим хижреттен кейін Мәдинада дүниеге келді. Ол да кішкентай кезінде шетінеді. Ұлы шетінегенде көз жасын төгіп былай дейді:

“Көзім жасаурап, жүрегім қайғыдан қарс айырылды. Тағдырға мойынсұнғаннан басқа ештеңе айта алмаймыз. Әй, Ибраһим, сені жоғалтып алып, қайғыдан қабырғамыз қайысуда”.

Ибраһим шетінеген күні Күн тұтылғаны бар. Кейбіреулер “Күн Ибраһимның қайғысына тұтылды” дегенде, пайғамбарымыз мұның қате екенін айтып былай деген:

“Күн мен ай Алланың аяттарының екі белгісі екені күмәнсіз. Олар ешкімнің өміріне немесе өліміне байланысты тұтылмайды”.

Қыздарының бәрі өсіп, бой жетіп тұрмысқа шыққан. Хазірет Фатимадан басқа үш қызы пайғамбарымыздан бұрын қайтыс болған. Кенже қызы Фатима Хазірет Әлиге тұрмысқа шықты. Пайғамбарымыздың ұрпағы сол қызынан тарады.

АШАРА–И МУБӘШШАРА

Пайғамбарымыз (с.а.у.) он кісінің жәннатқа баратынын сахабаларының көзі тірі кезінде-ақ айтқан. Олар “*Ашара-и мүбәшшара*” деп аталды. Ол сөз “тірісінде жәннатпен сүйіншіленген он кісі” деген мағынаны білдірді.

Он кісі мыналар:

1 - Хазірет Әбу Бәкір , 2 – Хазірет Омар, 3- Хазірет Осман, 4- Хазірет Әли, 5- Талһа , 6- Зүбәйр, 7- Әбдірахман бин Ауф, 8 – Сағад бин Әби Уақкас, 9 – Саид бин Зәйд , 10 – Әбу Үбәйда бин Жәррах.

САХАБАЛАРЫ

Пайғамбарымызды (с.а.у.) көзбен көріп, мұсылман болып өмірден озғандар “сахабалар” деп аталған.

Сахабалар екіге бөлінеді:

1. Мұһажирлер – мүшріктердің зорлық-зомбылығынан қашып, діни еркіндік үшін Меккеден Мәдинаға көшкен мұсылмандар.

2. Ансар – Меккеден келген мұсылмандарға шын көңілмен көмек берген сол кездегі Мәдина халқы. Мұһажирлерге жәрдем бергендер осылай аталған.

ХАЗІРЕТ МҰХАММЕДТІҢ (с.а.у.) АДАМЗАТҚА ӨНЕГЕ БОЛҒАН ЖОҒАРЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ

Алланың ең сүйікті құлы, соңғы әрі ең ұлы пайғамбар – Хазірет Мұхаммед (с.а.у.) дүниеге бақыт ала келді. Құрғақ жер сумен қалай жанданса, Алла Тағала пайғамбарымыз арқылы дүниеге солай жаңа жан салды.

Исламның арқасында жалған сенімдер жойылды. Надандықтың орынын ілім, зұлымдықтың орнын адамға деген сүйіспеншілік басты. Шынайы мағынада Ислам бауырластығы орнады. Отбасында да, қоғамда да әйел лайықты орнын тапты.

Сүйікті пайғамбарымыз адамдарға дүниеде және ақыретте бақытты болудың жолдарын көрсетті. Үйреткен адамгершілік ұстанымдарын ең әуелі өзі орындап, үлгі көрсетті.

Жүрегі адамға деген сүйіспеншілікке толы еді. Мейірімділігі сондай, қолындағысын кедейлерге беріп, өзі аш қалатын кезі де болатын. Тек адамдарға ғана емес, жан-жануарларға да мейірімді еді. Шөлдеген мысыққа өз қолымен су беріп, жан-жануарларға жақсы қарауға әмір еткен.

Балаларды өте жақсы көретін, оларды құшақтап, еркелететін.

Бір кісі пайғамбарымыздың бір баланы сүйіп тұрғанын көріп: “Менің он балам бар, солардың біреуін де сүйген емеспін” деді. Сонда Пайғамбарымыз оған: “**Мейірімді болмағанға мейірім көрсетілмейді**”, – деді.

Тіпті намаз оқып жатқанда ойнап, иықтарына шығып кететін немерелері Хасан мен Хүсейінге кешіріммен қарап, ойындарының бітуін күтетін.

Өте кішіпейіл еді. Бай-кедей деп бөлмейтін. Қызметші шақырса да баратын. Кедей, ешкімі жоқ, ештеңесі жоқтармен де бірге отырып, тамақ жеп, сіңірі шыққан кедейдің үйіне барып қал сұрайтын.

Аурулардың жағдайын сұрап, олардың жазылып кетуі үшін дұға ететін. Жиынға барған кезде табылған бос орынға отырып, аяғын ешкімге қарата созбай жинап отыратын.

Бір күні бір кісі пайғамбарымыздың үйіне келіп, алдында отырғанда дірілдей бастады. Сол кезде пайғамбарымыз оған: **“Достым, бұның не? Мен билеуші емеспін. Қатқан нан жеген құрайыштық бір әйелдің баласымын”**, – деді.

Киімін өзі жамап, аяқ киімін өзі жөндеп, базарға өзі барып, қажет заттарын сатып алып, өзі көтеріп әкелетін. Ешкімге ауыртпалық салмайтын.

Өнегелі отағасы болатын. Әйелдерге өте сыпайы, жұмсақ еді. Үй шаруасында оларға көмектесетін. Өзі былай дейтін:

“Араларындағы ең жақсыларың – әйеліне жақсы қарағаның”.

Қонақжай еді. Қонақтарға өзі қызмет етіп, өзі күтетін. Мұсылман болмаса да өзіне келгендерді де солай күтетін.

Ешкімге жаман сөз айтпайтын, ренжітпейтін, өмірінде ешкімге ұрыспаған.

Он жыл қызметінде болған Әнас былай дейді: “Пайғамбарымыз маған ешқашан кейімеді. Бір нәрсе істеп қойсам, неге мұны істедің деп, бір нәрсені істемей қойсам, неге істемедің деп ұрыспайтын”.

Жылы жүзді, жұмсақ тілді болатын. Басқамен сөйлесіп жатқанда олардың сөзін болмей тыңдайтын. Біреудің кемшілігін көрсе, бетіне баспайтын.

Тұрмысы өте қарапайым, таза еді. Тәнін үнемі таза ұстайтын, киімдерінің таза болуына баса назар аударатын. Тісін тазарту үшін мисуак қолданатын. Кірді жаны сүймейтін. Сахабаларына мешітке таза болып келуді бұйыратын.

Бір жолы үсті-басы лас кейіпте мешітке келгендерге: **“Жуынып келгендерің жақсырақ болар еді”**, – деген.

Сөзге шыншыл еді. Айтқан сөзінен қайтпайтын, берген сөзінде тұратын. Өтірікшіні жаны сүймейтін. Өзі жұртқа шыншыл әрі сенімді болғандықтан “Мұхаммәдүл-әмин”, яғни “Сенімді Мұхаммед” деп аталған болатын.

Жұрттың арасындағы ең жомарты еді. Бір нәрсе сұраған адамды бос қайтармайтын. **“Мен тек таратушымын, беріп тұрған Алла”** дейтін. Бірақ қайыр сұрағанды жек көретін. Одан құтылу үшін адамдарға еңбектеніп, табыс табудың жолдарын көрсететін.

Ешкімнен өш алмайтын, кешіргенді жақсы көретін. Өзіне жамандық жасағандарды да кешіріп, оларға жақсылық жасайтын. Өзіне жасалған жақсылықтарды еш ұмытпайтын, оларды үнемі еске алып отыратын. Қарт адамдарға көмек көрсетіп, кішіге қамқор болатын. Сүт бауырларын көргенде орнынан тұрып, сыртындағы кеудешесін төсеп, орын беретін.

Жалқаулықты, қолы бос отырғанды ұнатпайтын. Мешіт салынған кезде өз қолымен тас тасып, ел қатарлы еңбектенетін. Сахабалар тынығып, дем алуын өтінсе де, ол жұмыс жасауын тоқтатпаған.

Бір сапарда дем алу үшін сахабаларымен бір жерге түнемекші болады. Сахабалар тамақ әзірлеу үшін жұмыстарды бөлісе бастайды.

Сонда пайғамбарымыз: **“Онда мен барып отын жинайын”** деп, жолдастары жұмыс жасап жатқанда бос отырғысы келмеген.

Сүйікті пайғамбарымыз қарапайым өмір сүріп, қолына не түссе де кедейлерге таратып жіберетін. Осындай іс-әрекеттерімен қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті тек сөзбен емес, ісімен де көрсетіп, адамзатқа өнеге болған.

Расулалланың ізінен жаңылмағандар қандай бақытты...

СҰРАҚТАР:

- 1) Мекке қаласы қашан азат етілді? Пайғамбарымыз (с.а.у.) мүшріктерге не істеді?
- 2) Хүнәйн соғысы қайда болды? Себебі не еді, нәтижесі қандай болды?
- 3) Өутас соғысы мен Тайфтың қоршауға алынуының нәтижесі не болды?
- 4) Пайғамбарымыз Меккеден Мәдинаға қашан оралды?
- 5) Пайғамбарымыздың соғыстарының ерекшеліктері неде?
- 6) Хазірет Әбу Бәкірдің қажылыққа басшы болуын әңгімеле.
- 7) Қоштасу қажылығы қашан болды?
- 8) Қоштасу құтпасында қандай ұстанымдар сөз етілді?
- 9) Пайғамбарымыз (с.а.у.) қашан және қай жерде қайтыс болды?

- 10) Пайғамбарымыз қай жерге жерленді? Қабірі қалай аталады?
- 11) Пайғамбарымыздың қанша баласы болды?
- 12) Ашара-и Мүбәшшара дегендер кімдер?
- 13) Сахаба дегендер кімдер?
- 14) Пайғамбарымыздың жоғары адамгершілік қасиеттері жайында айтып беріңіз.

ДӘРЕТ АЛҒАНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

1) Дәретке бастағанда “Әғузу” және “Бисмилләһтан” кейін мына дұға оқылады:

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي جَعَلَ الْمَاءَ طَهُورًا وَجَعَلَ الْإِسْلَامَ نُورًا

Оқылуы: Әл-хамду лилләһилләзи жаәләл-маә тахурән уа жаәләл – исламә нуран.

Мағынасы: Суды тазалаушы қылған, Исламды нұр еткен Аллаға шүкір.

2) Ауызға су алғанда:

اللَّهُمَّ اسْقِنِي مِنْ حَوْضِ نَبِيِّكَ كَأَسَا لَا أَظْمَأُ بَعْدَهُ أَبَدًا

Оқылуы: Аллаһүммә-сқини мин хауди нәбийикә кәсән лә әзмә-у ба’дәһу әбәдә

Мағынасы: Уа Алла! Маған одан кейін ешқашан шөлдемейтін пайғамбарымның қауызынан бір кесе су ішкізе гөр!

3) Мұрынға су алғанда:

اللَّهُمَّ لَا تَحْرِمْنِي رَائِحَةَ نَعِيمِكَ وَجَنَاتِكَ

Оқылуы: Аллаһүммә лә тахримний райихатә на’имикә уә жәннатик.

Мағынасы: Уа Алла! Мені нығметтеріңнен және жәннатыңның иісінен мақұрым етпе.

4) Бет жуарда:

اللَّهُمَّ بَيِّضْ وَجْهِي بِنُورِكَ يَوْمَ تَبْيِضُ وُجُوهُ وَتَسْوَدُّ وُجُوهُ

Оқылуы: Аллаһүммә бәйид уәжһи бинурикә йәумә тәбйәдду ужуһун уә тәсуадду ужһ.

Мағынасы: Уа, Алла! Кейбіреулерінің жүзі қарайып, кейбіреулерінің жүзі ағаратын күні менің жүзімді ағарта гөр.

5) Оң қолын жуып жатқанда:

اَللّٰهُمَّ اَعْطِنِيْ كِتٰبِيْ يَمِيْنِيْ وَحٰسِبِيْ حِسَابًا يَّسِيْرًا

Оқылуы: Аллаһуммә а'тыни китәби бийәмини уә хасибни хисәбән йәсира.

Мағынасы: Уа, Алла! Маған кітабымды оң жағымнан беріп, есебімді жеңілдете гөр.

6) Сол қолын жуып жатқанда:

اَللّٰهُمَّ لَا تُعْطِ كِتٰبِيْ بِشِمَالِيْ وَلَا مِنْ وَّرَآءِ ظَهْرِيْ وَلَا تُحَاسِبْنِيْ حِسَابًا شَدِيْدًا

Оқылуы: Аллаһуммә лә ту'тый китәби бишимәли уә лә мин уәраи заһри уә лә тұхасибни хисәбән шәдидә.

Мағынасы: Уа, Алла! Маған кітабымды сол жақтан және артымнан бере көрме және менің есебімді қиындата көрме!

7) Басқа мәсіх тартқанда:

اَللّٰهُمَّ غَشِّنِيْ بِرَحْمَتِكَ وَاَنْزِلْ عَلَيَّ مِنْ بَرَكَاتِكَ

Оқылуы: Аллаһуммә ғашшини бирахматикә уә әнзил аләййә мин бәракатик.

Мағынасы: Уа, Алла! Мені мейіріміңмен қорғап, берекетінді жаудыра көр!

8) Құлаққа мәсіх тартқанда:

اَللّٰهُمَّ اجْعَلْنِيْ مِنَ الَّذِيْنَ يَسْتَمِعُوْنَ الْقَوْلَ فَيَتَّبِعُوْنَ اَحْسَنَهُ

Оқылуы: Аллаһуммәж ални минәлләзинә йәстәми ұнәл қаулә фәйәттәбиунә ахсәнәһ.

Мағынасы: Уа, Алла! Мені шын сөз естіп, сөздің ең тамашасына мойынсұнғандардан ете көр!

9) Мойнына мәсіх тартқанда:

اَللّٰهُمَّ اَغْتِقْ رَقَبَتِيْ مِنَ النَّارِ

Оқылуы: Аллаһуммә әтик рақәбәти минән нәр.

Мағынасы: Уа, Алла! Денемді жәһәннам отынан азат ете көр!

10) Аяқ жуып жатқанда:

اللَّهُمَّ تَبِّثْ قَدَمَيَّ عَلَى الصِّرَاطِ يَوْمَ تَزُلُّ فِيهِ الْأَقْدَامُ

Оқылуы: Аллаһуммә сәббит кадамәййә аләссирати йәумә тәзиллу фиһил ақдәм.

Мағынасы: Уа, Алла! Аяқтар таятын күні менің екі аяғымды сырат (көпір) үстінен тайдырма.

НАМАЗДАРДА ОҚЫЛАТЫН ДУҒАЛАР

Субханәкә

– намазда тік тұрғанда оқылады.

Оқылатын жерлері:

- 1) Әр намаздың алғашқы рәкағатында ифтитах тәкбірінен кейін;
- 2) Екінті намазының сүннетінің үшінші рәкағатында тұрғанда “Фатихадан” бұрын;
- 3) Құптан намазының алғашқы сүннетінде үшінші рәкағатта “Фатихадан” бұрын;
- 4) Егер Тарауих намазы төрт рәкағаттан оқылса, үшінші рәкағатқа тұрғанда “Фатихадан” бұрын.
- 5) Жаназа намазында бірінші тәкбірден кейін.

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ وَجَلَّ ثَنَّاؤُكَ وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ

Оқылуы: Субханәкә Аллаһуммә уә бихамдик. Уә тәбәракә-смук. Уә тәғалә жәддук (уә жәллә сәнәәук – бұл тек қана жаназа намазында оқылады) уә лә иләһә ғайрук.

Мағынасы: Уа, Алла! Сені мінсіз деп ұлықтаймын. Мақтауға лайықсың, Сенің атың мүбәрак, сен өте ұлысың, Сенен басқа тәңір жоқ.

Өттәхияту:

Оқылатын жерлері – намаздардың әр отырысында оқылады.

التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

Оқылуы: Өттәхийәту лилләһи уәс саләуәту уәт тайбәт. Әссәләму аләйкә айю һәннәбийю уә рахмәтуллаһи уә бәрәкәтуһ. Әссәләму аләйнә уә алә ғибәдилләһис саалиһиин. Әшһәду әл лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһ.

Мағынасы: Тілмен, тәнмен және мал арқылы жасалған барлық ғибадаттар – Аллаға тән. Уа, пайғамбар! Алланың сәлемі, игілігі әрі берекеті болсын! Сәлем бізге және Алланың барлық ізгі құлдарына болсын. Алладан басқа ешбір тәңір жоқ екендігіне және шын мәнінде Мұхаммед Алланың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін.

Аллаһуммә салли және аллаһуммә бәрик:

Оқылатын жерлері:

- 1) Барлық намаздардың соңғы отырыстарында “өттәхийәтудан” кейін;
- 2) Екінті намазының сүннеті мен құптан намазының алғашқы сүннетінің бірінші отырысында “Өттәхийәтудан” кейін;
- 3) Төрт рәқағаттан оқылатын Тарауих намазының екінші рәқағатының отырысында “Өттәхийәтудан” кейін;
- 4) Жаназа намазында екінші тәкбірінен кейін.

اَللّٰهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى اِبْرَاهِيْمَ وَعَلَى آلِ اِبْرَاهِيْمَ
اِنَّكَ حَمِيْدٌ مَّجِيْدٌ

Оқылуы: Аллаһуммә салли алә Мұхаммәдин уә алә әли Мұхаммәд. Кәмә салләйтә алә Ибраһимә уә алә әли Ибраһим. Иннәкә хамидум мәжиид.

Мағынасы: Уа, Алла! Ибраһимге және ұрпақтарына игілік еткенің сияқты Мұхаммед пен ұрпақтарына да игілік ет. Шын мәнінде Сен аса мақтаулы әрі өте ұлысың.

اَللّٰهُمَّ بَارِكْ عَلٰى مُحَمَّدٍ وَعَلٰى اٰلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلٰى اِبْرٰهِيْمَ وَعَلٰى اٰلِ اِبْرٰهِيْمَ
اِنَّكَ حَمِيْدٌ مَّجِيْدٌ

Оқылуы: Аллаһуммә бәрик алә Мұхаммәдин уә алә әли Мұхаммәд. Кәмәә бәрактә алә Ибраһимә уә аләә әәли Ибраһим. Иннәкә хамидум-мажид.

Мағынасы: Уа, Алла! Ибраһимге және ұрпақтарына береке бергенің сияқты Мұхаммед пен ұрпақтарына да береке бер. Шын мәнінде Сен аса мақтаулы әрі өте ұлықсың.

Раббанә әтинә және раббәнәғфирли

Оқылатын жерлер:

- 1) Намаздардағы отырыстарда “Аллаһуммә салли мен Аллаһуммә бәриктен” кейін;
- 2) Құныт дұғасын білмейтіндер Үтір намазында оның орнына осы “Раббәнә әтинәны” оқиды.
- 3) Жаназа намазында үшінші тәкбірден кейін оқылатын дұғаны білмегендер оның орнына “Раббәнә әтинәны” дұға етіп оқуына болады.

رَبَّنَا اٰتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْاٰخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ بِرَحْمَتِكَ
يَا اَرْحَمَ الرَّاحِمِيْنَ

Оқылуы: Раббәнә әтинә фиддунйә хасәнәтән уә фил аахирати хасәнәтән уә қинә азәбән нәр.

Мағынасы: Уа, Раббымыз! Біздерге дүниеде де, ақыретте де жақсылық бер және бізді тозақ отынан сақтай гөр!

رَبَّنَا اغْفِرْ لِيْ وَلِوَالِدَيَّ وَلِلْمُؤْمِنِيْنَ يَوْمَ يَقُوْمُ الْحِسَابُ

Оқылуы: Раббәнәғфирли уә ли уалидәйә уәлил мүмининә йәумә йәкумул хисәб.

Мағынасы: Уа, Раббымыз! Мені, ата-анамды және барлық мүминдерді есеп күнінде (барлығы жауапқа тартылатын күні) кешіре гөр.

Құныт дұғалары

Үтір намазының үшінші рәкағатында “Фатиха” мен бір сүре оқығаннан кейін қолдарын жоғары көтеріп, тәкбір айтады да, қолдарын қайтадан байлап, құныт дұғалары оқылады.

اَللّٰهُمَّ اِنَّا نَسْتَغِيْثُكَ وَنَسْتَغْفِرُكَ وَنَسْتَغْثِيْكَ وَنَسْتَغْفِرِيْكَ ۝ وَنُؤْمِنُ بِكَ وَنُتُوْبُ اِلَيْكَ ۝ وَنَتَوَكَّلُ عَلَيْكَ ۝ وَنُثْنِيْ عَلَيْكَ الْخَيْرَ كُلَّهُ نَشْكُرُكَ وَلَا نَكْفُرُكَ ۝ وَنَخْلَعُ وَنَتْرُكُ مَنْ يَفْجُرُكَ ۝

Оқылуы: Аллаһуммә иннәә нәстәғинука уә нәстәғфирука уәнәстәһ-диик уә нумину бикә уә нәтуубу иләййк, уә нәтәуәккәлуәләййк, уә нус-нии аләйкәл хайра кулләһу нәшкурукә уә ләәнәкфурук, уә нәхләғу уә нәтруку мәйәфжурук.

Мағынасы: Уа, Алла! Шын мәнінде біз Сенен жәрдем тілейміз. Күнәларымызды кешіріп, тура жолыңа салуыңды тілейміз. Саған иман келтіреміз, Саған тәубе қыламыз, Саған тәуекел етеміз, Сені мадақтаймыз, Саған шүкір етеміз, Саған қарсы келмейміз, қарсы келгендерге жуымай, олардан бойымызды аулақ ұстаймыз.

اَللّٰهُمَّ اِيَّاكَ نَعْبُدُ وَلَكَ نُصَلِّيْ وَنَسْجُدُ وَآلَيْكَ نَسْعٰى وَنَخْفِدُ نَرْجُو رَحْمَتَكَ وَنَخْشٰى عَذَابَكَ اِنَّ عَذَابَكَ بِالْكَفَّارِ مُلْحِقٌ ۝

Оқылуы: Аллаһуммә ийәкә нәғбуду уә ләкә нусаллии уә нәсжу-ду уә иләйкә нәсғәә уә нахфиду нәржуурахмәтәкә уә нәхшәә азәәбәк. Иннә азәәбәкә билкуффәри мулхик.

Мағынасы: Уа, Алла! Саған ғана құлшылық етеміз және Сен үшін намаз оқимыз әрі Саған ғана сәжде етеміз. Өзің жаққа асығамыз. Мейіріміңнен үміт етеміз әрі азабыңнан қорқамыз. Шын мәнінде азабың кәпірлерге және имансыздарға жететіндігі сөзсіз.

НАМАЗДА ОҚЫЛАТЫН КЕЙБІР СҮРЕЛЕР

“Фатиха” сүресі

Әрбір намазда түрегеп тұрғанда оқылады:

اَلْحَمْدُ لِلّٰهِ رَبِّ الْعَالَمِيْنَ ﴿١﴾ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيْمِ ﴿٢﴾ مٰلِكِ يَوْمِ الدِّيْنِ ﴿٣﴾ اِيَّاكَ نَعْبُدُ
وَ اِيَّاكَ نَسْتَعِيْنُ ﴿٤﴾ اِهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيْمَ ﴿٥﴾ صِرَاطَ الَّذِيْنَ اَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ
الْمَغْضُوْبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّيْنَ ﴿٦﴾

Оқылуы: (1) Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим.(2) Әлхамдулилләһи раббил әләмиин. (3) Әррахмаанир-рахиим.(4) Мәәлики иәумиддиин. (5) Ийәкә нағбуду уә ийәкә нәстәғиин.(6) Иһдинәс-сираатал мустәқи-им. (7) Сираатал-ләзинә әнғамтәләйһим ғайрил мағдууби әләйһим уә ләддаал-лиин.

Мағынасы: 1. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 2. Барлық мақтау бүкіл әлемдердің Раббы Аллаға тән.3. Аса қамқор, ерекше мейірімді. 4. Қиямет күнінің иесі. 5. (Уа, Алла!) Өзіңе ғана құлшылық етеміз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз. 6. Бізді тура жолға сала гөр! 7. Ашуыңа ұшырағандар мен адасқандардың жолына емес, Өзің жарылқап, нығметке бөленгендердің жолына бастай гөр! (Әмин).

“Фил” сүресі

Бұл сүре және осыдан кейінгі сүрелер намазда түрегеп тұрғанда және “Фатихадан” кейін оқылады.

اَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِاَصْحَابِ الْفِيلِ ﴿١﴾ اَلَمْ يَجْعَلْ كَيْدَهُمْ فِي تَضْلِيلٍ ﴿٢﴾ وَاَرْسَلَ
عَلَيْهِمْ طَيْرًا اَبَابِيْلَ ﴿٣﴾ تَرْمِيهِمْ بِحِجَارَةٍ مِّنْ سِجِّيلٍ ﴿٤﴾ فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَّاكُوْلٍ ﴿٥﴾

Оқылуы: Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим.1. Әләм тәра кәйфә фәғалә раббуқә би әсхаабил фиил. (2) Әләм яжғал кәйдәһум фи тәдли-ил. (3) Уә әрсәлә ғаләйһим тайран әбәәбиил. (4) Тәрмиийһим бихижаа-ратим мин сижжиил. (5) Фәжәғаләһум кәғасфим мә-куул.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастай-мын. 1. Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе? 2. Олар-дың айлакерліктерін босқа жібермеді ме? 3. Оларға топ-топ құстарды

жіберді. 4. Құстар оларға балшықтан жасалған тастар атты. 5. Сөйтіп оларды желінген топан тәрізді қылды.

“Құрайыш” сүресі¹

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

لَا يَلَافُ قُرَيْشٌ ۖ إِيْلَافِهِمْ رِحْلَةَ الشِّتَاءِ وَالصَّيْفِ ۚ فَلْيَعْبُدُوا رَبَّ هَذَا الْبَيْتِ ۚ
الَّذِي أَطْعَمَهُمْ مِنْ جُوعٍ وَآمَنَهُمْ مِنْ خَوْفٍ

Оқылуы: Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим.(1) Ли иләәфи құрайш. (2) Иләәфиһим рихләтәшшитәә и уәссайиф.(3) Фәләғбуду раббә һәәзәл бәйит. (4) Әлләзии әтғамәһум минжуғиу уә әмәнәһум мин хаууф.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын. 1. Құрайыштарға берілген бейбітшілік үшін. 2. Олардың қыстық-жаздық жолшылықтарындағы жеңілдігі үшін. 3. Олар осы үйдің(Қағбаның) Раббысына құлшылық етсін. 4. Раббылары оларды ашаршылықта тамақтандырды және қауіп-қатерден қорғады.

“Мағун” сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَرَأَيْتَ الَّذِي يُكَذِّبُ بِالْإِيمَانِ ۚ فَذَلِكَ الَّذِي يَدْعُ الْيَتِيمَ ۚ وَلَا يُخْضُ عَلَى طَعَامِ
الْمُسْكِينِ ۚ فَوَيْلٌ لِلْمُصَلِّينَ ۚ الَّذِينَ هُمْ عَنْ صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ ۚ الَّذِينَ هُمْ
يُرَاؤُونَ ۚ وَيَمْنَعُونَ الْمَاعُونَ ۚ

Оқылуы: Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим.(1) Әра әйтәллә-зии юкәззибу биддиин. (2) Фәзәәликәлләзи ядуғ-ғул ятиим.(3) Уә лә яхудду аләә тағаамил мискиин. (4) Фәуәйлул лил мусаллиин. (5) Әл-

1 Құрайыш руы бүкіл арабтар тарапынан қасиетті деп саналатын Қағбаны бақылау және басқару міндетін атқарғандықтан бүкіл рулар оларды құрметтейтін, сондықтан олар жазда Тайф аймағының жайлауларында, қыста Иемен өлкесінің жылы аймақтарына еркін бара алатын. Міне осы жағдай Аллаһтың оларға деген бір игілігі еді. Және олар осы игіліктің арқасында еркін көшіп-қонып, сауда істеп үлкен табысқа жететін.

ләзинә һум ған саләәтиһим сәәһуун. (6) Әлләзинә һум юраауун. (7) Уәямнәғуунәл мәәғуун.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 1. (Әй, Мұхаммед!) Дінді өтірікке шығарғанды көрдің бе? 2. Ол сондай бір жан, жетімді жәбірлейді. 3. Жоқ-жітікті тамақтандыруға құлық танытпайды. 4. Сондай намаз оқитындарға нендей өкініш! 5. Олар намаздарын немқұрайлы оқиды. 6. Көрер көзге атақ үшін оқиды. 7. Ұсақ-түйек (түкке тұрмайтын тұтыным) заттарды (мысалы, балта, пышақ, күрек, ыдыс-аяқ, ине, жіп т.б.) бір-біріне бермейді.

“Кәусәр” сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ ۝ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَانْحَرْ ۝ إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ ۝

Оқылуы: Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим. (1) Иннәә ағтайнәәкәл-кәусәр. (2) Фәсалли лираббикә уәнхар. (3) Иннә шәәни әкә һуәл әбтәр.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 1. (Әй, Мұхаммед!) Шын мәнінде саған Кәусәрді бердік. 2. Сондықтан Раббың үшін намаз оқы, құрбан шал. 3. Расында дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады.

“Кәфирун” сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ ۝ لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ ۝ وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ۝ وَلَا إِنَّا عَابِدُ مَا عَبَدْتُمْ ۝ وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ۝ لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ ۝

Оқылуы: Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим. (1) Құл иәә әйюһәл кәәфируун.

(2) Ләә ағбуду мәә тағбудуун. (3) Уә ләә әнтум ғаабидуунә мәә ағбуд. (4) Уә ләә әнә ғаабидум мәә ғабадтум. (5) Уә ләә әнтум ғаабидуунә мәә ағбуд. (6) Ләкум диинукум уә лиә диин.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 1.

(Әй, Мұхаммед!) Оларға айт: Әй, кәпірлер! 2. Сендердің табыңғандарына табынбаймын. 3. Әрі сендер де менің құлшылық жасағаныма құлшылық етпейсіңдер. 4. Сірә, мен де сендердің табыңғандарына табынушы емеспін. 5. Сондай-ақ сендер де менің құлшылық жасағаныма құлшылық етуші емессіңдер. 6. Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме.

“Насыр” сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ ۖ وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ اللَّهِ أَفْوَاجًا ۚ فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا

Оқылуы: Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим. (1) Изәә жәәа насруллаһи уәл фәтх. (2) Уә раәйтәннәәсә ядхулунә фиһи диинилләәһи әфуәәжәә. (3) Фәсәббихбихамди раббикә уәстәғфирһ. Иннәһуу кәәнә тәууәәбәә.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 1. (Әй, Мұхаммед!) Алланың жәрдемі мен жеңіс күні келген кезде. 2. Адамдардың Алланың дініне топ-тобымен кіргенін көресің. 3. Енді Раббыңды мадақтап дәріпте және одан жарылқау тіле. Негізінен Алла – тәубені көп қабыл етуші.

“Тәббәт” сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

تَبَّتْ يُدَا أَيْ لَهَبٍ وَتَبَّ ۚ مَا أَغْنَىٰ عَنْهُ مَالُهُ وَمَا كَسَبَ ۚ سَيَصْلَىٰ نَارًا ذَاتَ لَهَبٍ ۚ وَامْرَأَتُهُ حَمَّالَةَ الْحَطَبِ ۚ فِي جِيدِهَا حَبْلٌ مِّن مَّسَدٍ

Оқылуы: Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим. (1) Тәббәт йәдәә әби ләһәбиу уә тәбб. (2) Мә ағнә анһу мә луһу, уә мә кәсәб. (3) Сәясләә

нәэран зәэтә ләһаб. (4) Уәмра әтуһу хаммәә ләтәл хатаб. (5) Фии жиидиһә хаблум мим мәсәд.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 1. Әбу Ләһабтың екі қолы құрысын! Құрыды да. 2. Оның малы да, кәсібі де өзіне пайда бермеді. 3. Ол жалындаған отқа тасталады. 4. Әйелі отын көтеріп кіреді. 5. Оның мойнында есілген арқан болады.

“Ықылас” сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ۝ اللَّهُ الصَّمَدُ ۝ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ۝ وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ ۝

Оқылуы: Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим. (1) Құл һуаллааһу аһад. (2) Аллааһус самәд. (3) Ләм ялид уәләм юләд. (4) Уә ләм якул ләһу куфу ән әһад.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 1. (Әй, Мұхаммед!) Оларға айт: Ол Алла біреу. 2. Ол – Самад (Ол еш нәрсеге мұқтаж емес). 3. Ол тумады да туылмады. 4. Әрі Оған еш нәрсе тең емес.

“Фәләқ” сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ ۝ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ ۝ وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ ۝ وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ ۝ وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ ۝

Оқылуы: Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим. (1) Құл әғуузу бираббил фәләқ. (2) Мин шәрри мәә халәқ. (3) Уә мин шәрри ғаасикин изәә уәқаб. (4) Уә мин шәррин нәффәәсәәти фил ғуқад. (5) Уә мин шәрри хаасидин изәә хасәд.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 1.(Әй, Мұхаммед!) Арайлы таңның Раббына. 2. Жаратқан мақлұқтарыңның кесірінен. 3. Қараңғылық басқан сәтте түннің кесірі-

нен. 4. Түйіншектерге дем салатын жәдігөйлердің кесірінен. 5. Күншілдердің күндеген кездегі кесірінен (Аллаға) сиынамын де.

“Нас” сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ ۝ (1) مَلِكِ النَّاسِ ۝ (2) إِلَهِ النَّاسِ ۝ (3) مِنْ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ ۝ (4) الَّذِي يُوَسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ ۝ (5) مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ ۝ (6)

Оқылуы: Бисмилләһир- рахмаанир- рахиим. (1) Қул әгузу бираббин нәес. (2) Мәликин нәес. (3) Иләһин нәес. (4) Мин шәррил уәес уәсил ханнәес. (5) Әлләзи юәс уису фи судуриннәес. (6) Минәл жиннәти уәннәес.

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 1. (Әй, Мұхаммед!) Адамдардың Раббысына. 2. Адамдардың патшасына. 3. Адамдардың тәңіріне. 4. Сыбырлап азғырушының (шайтанның) кесірінен (сақта деп). 5. Ол адамдардың көкірегіне уәсуәсә салады. 6. Ол мейлі жыннан, мейлі адамзаттан болсын (ондай азғырушылардың кесірінен сақта деп Аллаға сиынамын) де.

ДӘРЕТ АЛУДЫҢ СУРЕТТЕРМЕН БЕРІЛУІ



1- Сурет

1) Әуелі жеңдер шынтаққа дейін түріледі, содан кейін “Ниет еттім Алла разылығы үшін дәрет алуға” деп ниет етіледі және “Әузу билләһи минәш шайтанир-ражим, Бисмилләһир рахманир рахим” делінеді.

(1- Сурет)

2) Қолдар білекке дейін үш рет жуылады. Саусақтың араларының жуылуына назар аудару керек. Егер саусақта жүзік болса, оны қозғап, астын жуған жөн.

(2- Сурет)



2- Сурет

3) Оң қолмен үш рет бөлек-бөлек ауызға су алып, әр ретінде жақсылап шайылады.


(3- Сурет)



3- Сурет

4) Оң қолмен үш рет бөлек-бөлек мұрынға су жүгіртеді.

(4- Сурет)



4- Сурет

5) Сол қолмен сіңбіре отырып, мұрын тазартылады.

(5- Сурет)



5- Сурет

6) Маңдай шаштың бітетін жерінен бастап, құлаққа және иектің астына дейін бет үш рет жуылады.

(6- Сурет)



6- Сурет

7) Оң қол шынтақпен қоса үш рет жуылады. Жуынып жатқанда құрғақ жер қалмайтындай жақсылап ысқыланып жуылуы керек.

(7- Сурет)



7- Сурет

8) Сол қол шынтақпен қоса үш рет жуылады. Жуылып жатқанда құрғақ жер қалмайтындай жақсылап ысқыланып жуылуы керек.

(8- Сурет)



8- Сурет

9) Қолға тағы да су алып, суланады. Оң қолдың саусақтарымен басқа бір рет мәсіх тартылады.

(9- Сурет)



9- Сурет

10) Қол қайтадан суланып, оң қолдың сұқ саусағымен оң құлақтың іші, бас бармақпен құлақтың сыртына; Сол қолдың сұқ саусағымен сол құлақтың іші, ал бас бармағымен сол құлақтың сыртына мәсіх тартылады.

(10- Сурет)



10- Сурет

11) Қолды суламастан, сол күйінше қалған үш саусақтың сыртымен мойынға мәсіх тартылады.

(11- Сурет)



11- Сурет



12- Сурет

12) Оң аяқ тобықпен қоса үш рет жуылады. Жуылғанда башпайлардан басталып, аралары жақсылап тазартылады.

(12- Сурет)

13) Сол аяқ тобықпен қоса үш рет жуылады. Жуылғанда башпайлардан басталып, аралары жақсылап жуылды.

(13- Сурет)



13- Сурет

Дәрет біткенде орнынан тұрып, құбылаға қарап “Кәлима-и шәһадатты” айтып сүргінеді.

НАМАЗДЫҢ ОҚЫЛУ ТӘРТІБІНІҢ СУРЕТТЕРМЕН БЕРІЛУІ

Мысал ретінде таң намазының екі рәкағат парызының оқылу тәртібі суреттермен түсіндіріліп, әйелдер мен ер адамдардың қимылдары жеке-жеке көрсетілді. Екі рәкағаттық намаз бен басқа намаздар арасында қимыл-әрекет жағынан айырмашылық болмағандықтан, оларды суреттермен беруді қажет деп таппадық.

Таңғы намаздың парызының оқылу тәртібі:

Бірінші рәкағат

1) Аяқтардың арасы төрт саусақ сиятындай ашық болып, башпайлар құбылаға қарайтындай бұрылып тұрады.



1- Сурет

Ер кісілер тәкбір алғанда алақандары құбылаға қарап, саусақтар жай ғана ашық болады. Бас бармақтар құлақтың жұмсақ жеріне сәйкес келетіндей қол жоғары көтеріледі (1-сурет)

Әйел тәкбір алғанда алақаны құбылаға қарап, саусақтар жай ғана ашылып, саусақтың ұштары иық деңгейіне келетіндей жоғары көтеріледі.

(2-сурет)

2) Қамат айтылады (Ер кісілер үшін)

Ниет:

3) «Ниет еттім Алла разылығы үшін бүгінгі таң намазының парызын оқуға» деп ниет етіледі

Ифтитах тәкбірі:

4) «Аллаһу әкбар» деп ифтитах тәкбірі айтылады.



2- Сурет

Қиям (Тік тұру)

5) Тәкбірден кейін қол байланып, түрегеп тұрады. Түрегеп тұрғанда сәжде ететін жерге қарау керек.

6) Тұрып тұрғанда рет-ретімен:

а) Субханәкә

ә) Әғузу бисмилләһ

б) Фатиха сүресі

в) Құраннан бір сүре оқылады.



3- Сурет

Әйелдер оң қолды сол қолдың үстіне қойып, қолдарын кеуде үстіне қояды. Ер адамдардағыдай оң қолдың сау-сақтарымен сол қолдың білегін қапсырмайды.

(4-сурет)

Ер кісілер оң қол, сол қолдың үстінде, оң қолдың бас және кішкене бармақтары сол қолдың білегін қапсыратындай қолдарын кіндік астына байлайды.

(3 сурет)



4- Сурет

Рүкуғ

7) “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа еңкейеді, бұл жерде “Субханә раббийәл азим” делінеді. Рүкуғда аяқтың ұшына қаралады.



5- Сурет

Ер адамдар рүкуғда саусақтары ашық күйде қолдарымен тізесін ұстап, арқасын түп-түзу ұстайды. Тізелері мен шынтактарын да түзу ұстайды.

(5 сурет)

Әйел кісілер рүкуғда арқаларын біраз иіп, ер кісілерге қарағанда аздау еңкейеді. Қолдарын саусақтарын ашпай тізелерінің үстіне қойып, тізелерін біраз бүгіп тұрады.

(6 сурет)



6- Сурет

Рүкуғдан тұру

8) “Сами аллаһу лимән хамидәһ” деп рүкуғдан тұрады. Тік тұрып “Раббәнә ләкәл хамд” делінеді.



7- Сурет

Ер кісілердің рукуғдан тұруы.

(7 сурет)

Әйелдердің рукуғдан тұруы.

(8-сурет)



8- Сурет

Сәжде

9) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге жығылады. Сәждеге бара жатқанда әуелі тізе, содан кейін маңдай мен мұрын қойылады. Сәждеде аяқтың ұшы көтерілмейді. Сәждеде мұрынның ұшына қаралады. Бұл жерде үш рет “Субхана раббил-ағлә” делінеді.



9- Сурет

Ер кісілер сәждеде шын-тақтарын көтеріп, денелерінен қашық ұстайды.

Оң аяқ башпайдың үстінде тік ұсталып, башпайдың ұштары құбылаға қарайды.

(9 сурет)

Әйелдер сәждеде қолдарын денелеріне жабыстырып ұстайды.

Аяқ башпайлардың үстінде тік ұсталады және башпайлардың ұштары құбылаға қарайды.

(10 сурет)



10- Сурет

Екі сәжде арасындағы отырыс

10) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден бас көтеріліп, тізерлеп отырады. Отырғанда саусақтар тізенің үстіне қойылады да, кеудесіне қарайды. Бұл жерде “Субханаллаһ” деп айтылатындай қысқа бір уақыт отырады.



11- Сурет

Ер кісілер сол аяғын жазып, соның үстіне отырады да, оң аяғының башпайларын құбылаға қаратып, тік ұстайды.

(11 сурет)

Әйелдер аяқтарын төсеп, оң жаққа қарай шығарып отырады.

(12 сурет)



12- Сурет

11) “Аллаһу әкбар” деп екінші рет сәждеге барады да үш рет “Субхана раббил-ағлә” делінеді.

12) “Аллаһу әкбар” деп сәждеден екінші рәкағат үшін тұрып, қолдар байланады.

(3-4 суреттерде)

Сәждеден тұрып бара жатқанда әуелі бас, содан кейін қол, ең соңынан қол тізеге қойылып, тізе жерден көтеріледі.

Ифтитах тәкбірінен бастап осы жерге дейін жасалғандар “бір рәкағат” болып есептеледі.

Екінші рәкәғат

1) Түрегеп тұрғанда рет-ретімен:

а) Әғузу, бисмилләһ

ә) Фатиха сүресі

б) Құраннан бір сүре оқылады.

2) Бірінші рәкәғаттағыдай “Аллаһу әкбар” деп рүкуғқа еңкейіп, үш рет “Субхана раббил-азим” делінеді.

(5-6 суреттер)

3) “Сами аллаһу лимән хамидах” деп орнынан тұрады. Тік тұрып “Раббәнә ләкәл хамд” делінеді.

(7-8 суреттер)

4) “Аллаһу әкбар” деп сәждеге барады. Ол жерде үш рет “Субхана раббил ағлә” делінеді.

(9-10 суреттер)

5) “Аллаһу әкбар” деп отырылады. Бұл жерде “Субханаллаһ” деп айтылатындай қысқа бір уақыт отырады.

(11-12 суреттер)

6) “Аллаһу әкбар” деп екінші сәждеге бұрылып, үш рет “Субхана раббил –ағлә” делінеді.

7) Қадә-и ахира (соңғы отырыс)

8) Аллаһу әкбар деп сәждеден бас көтеріп, отырады. Отырғанда саусақтар тізенің деңгейіне келетіндей санның үстіне қойылып, кеудесіне қарайды.

9) Отырғанда рет-ретімен

а) Әттәхияту

ә) Аллаһуммә салли

б) Аллаһуммә бәрик

в) Раббәнә әтинә... дұғалары оқылады.



13- Сурет



14- Сурет

Ер кісілер сол аяғын жерге төсеп, соған отырады, оң аяғының башпайлары құбылаға қаратылып, тік ұсталады (13-14 суреттер)

Әйелдер аяқтарын төсеп, оң жаққа шығарып отырады.

(15 сурет)



15- Сурет



16- Сурет

Оң жаққа сәлем беру

10) Әуелі басты оңға бұрып “Әссәләму алейкум уә рахматуллаһ” делінеді. Сәлем бергенде иыққа қарайды.

Ер кісілердің оң жаққа сәлем беруі

(16- сурет)

Әйелдердің оң жаққа сәлем беруі
(17-сурет)



17- Сурет



18- Сурет

Сол жаққа сәлем беру

11) Содан кейін солға бұрылып, “Әссәләму алейкум уә рахматуллаһ” делінеді. Осылай екі рәкағат намаз бітеді.

Ер кісілердің сол жаққа сәлем беруі

(18-сурет)

Әйелдердің сол жаққа сәлем беруі
(19-сурет)



19- Сурет

Дұға

Дұға жасағанда қолдар кеуде тұсына көтеріліп, көкке қарай ашылып, алақан адамның бетіне қарай ұсталып, екі қолдың арасы ашық болады. (20-21 суреттер)



20- Сурет

Дұға жасап отырған ер бала.

(20-сурет)

Дұға жасап отырған қыз бала
(21-сурет)



21- Сурет

